

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі  
Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы



**ӨЗГЕ ТІЛДЕ ОҚЫТАТЫН МЕКТЕПТЕРДЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН  
МЕҢГЕРТУДІ ДЕҢГЕЙЛІК ТАПСЫРМАЛАР АРҚЫЛЫ ЖҮЗЕГЕ  
АСЫРУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

Астана, 2024

Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды (2024 жылғы 5 қыркүйектегі № 6 хаттама)

**Өзге тілде оқытатын мектептерде қазақ тілін меңгертуді деңгейлік тапсырмалар арқылы жүзеге асыру бойынша әдістемелік ұсынымдар.** – Астана: Б. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2024. – 320 б.

Өзге тілде оқытатын мектептерде қазақ тілін меңгертуді деңгейлік тапсырмалар оны жүзеге асыруға негізделген тапсырма түрлері, тапсырманы орындаудың критерийлері, дескрипторы туралы айтылып, қалай орындау керектігінің үлгілері беріледі.

Өзге тілде оқытатын мектептерде қазақ тілін меңгертуді деңгейлік тапсырмалар арқылы жүзеге асыру бойынша әдістемелік ұсынымдары жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне, әдіскерлерге, сондай-ақ білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне арналады.

## КІРІСПЕ

Деңгейлік оқытуда міндетті және мүмкіндік деңгейлердің өзара сабақтастығы ескеріледі, Блум жүйесі негізге алынады. Деңгейлік оқыту технологиясы арқылы оқушылар берілетін алгоритмдік тапсырмаларды мұғалімнің бағыт-бағдар беруімен орындайды. Деңгейлік оқытудың жоғарғы сатысы – шығармашылық тапсырмаларды орындауда оқушылардың өзіндік-даралық ерекшеліктері ашыла түседі. Бұл ретте әр оқушының тұлғалық дамуы оның алған білімі мен шығармашылық қабілетіне қарай бағаланады.

*Деңгейлеп саралап оқыту технологиясы* дегеніміз – әр оқушыны оның қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне қарай оқыту, тәрбиелеу бағытында жүзеге асатын технологияның түрі. В.П.Беспалько деңгейлеп, саралап оқытудың жаңа жолдарын ұсынып, оны төмендегідей деңгейлерге жіктеді:

*Біріншісі* - оқушылық деңгей. Аталған деңгейде ұсынылатын тапсырмалар бағдарлама талабына сәйкес беріледі.

*Екіншісі* - алгоритмдік деңгей. Бұл деңгейде тапсырмалардың мазмұны күрделендіріле ұсынылады.

*Үшіншісі* - ізденушілік деңгей. Аты айтып тұрғандай, бұл деңгейде ұсынылатын тапсырмалар оқушыны ізденушілікке жетелейтіндей болуы шарт. Олар өзара сабақтастыққа, жүйелілікке негізделіп, оқушылардың танымдық қабілетін мен танымдық құзіреттілігін жетілдіруге бағытталады.

*Төртіншісі* – шығармашылық деңгей. Бұл деңгей оқушының шығармашылық қабілетін, дарындылығын, талантын ұштауға, оның жеке қабілетін дамытуға көмектесетін тапсырмалардан тұрады. Аталған деңгей тапсырмалары оқушының бүкіл қабілетін дамытып, жетілдіруге ықпал етеді.

Деңгейлеп оқытуда мұғалім ақпарат беруші және ұйымдастырушы, кеңес айтушы қызметін атқарады. Деңгейлеп саралап оқыту технологиясының алдына қойған мақсаты – оқытуды оқушының әр түрлі топтарына, ерекшеліктеріне сай бейімдеу, ыңғайлау. Оқушылардың өзіне деген сенімділіктерін қалыптастыра отыра, деңгейлік шығармашылық тапсырмалар және жазба жұмыстарын орындау арқылы шығармашылық деңгейге көтерілуін анықтау.

Деңгейлеп оқыту технологиясын қолдана отырып жетістіктерге жету үшін ең алдымен оқушылардың білім дәрежесін, ынтасын, ақыл-ой, еңбек дағдысын, өз жұмысына деген жауапкершілігін назарға ұстау қажет. Оқушыларға баға деңгейлік тапсырмаларды орындай алу біліміне қарай қойылады.

Деңгейлік тапсырмалар дегеніміз – балаға шамадан тыс жүктеме беру емес, керісінше оқушының біліміне, мүмкіндігіне, сұранысы мен қабілетіне сәйкес дайындалған сатылы жұмыстар жүйесі. Деңгейлік әдістің маңыздылығы – оқушының шығармашылықпен белсенді жұмыс істеуін дамытады, әр оқушыны өздігінен үйренуге баулиды, тақырыптарды жүйелі игеруге дағдыландырады, ой еңбегімен айналысуға жетелейді, яғни оқу - танымдық құзіреттілігі қалыптасады.

# 1. ҚАЗАҚ ТІЛІН МЕНГЕРТУДІ ДЕҢГЕЙЛІК ТАПСЫРМАЛАР АРҚЫЛЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ

Елімізде оқыту үрдісінде Ж.А. Қараев, Ш.Т. Таубаева, Қ.Қ. Қабдықайыров, М.М. Жанпейісовалардың және басқа да ғалымдардың оқытудың жаңа технологиялары белсенді түрде қолданылуда.

XX ғасырдың аяқ кезіндегі педагогикалық ой –тұжырымдардағы гуманизм идеялары, еркін білім беру, оқушының жеке тұлғалық күшін дамыту үшін мектептің алдында оқытудың және тәрбиелеудің жаңа технологияларын қолдана отырып, жеке тұлғаның дамуына мектеп ортасында қолайлы жағдай жасау қажеттілігі туындайды. Мектептің педагогикалық құрылымында негізгі құндылық – оқушы және оның жеке тұлғасы.

Педагогика ғылымының докторы Ж. Қараевтың деңгейлік оқыту жүйесі туралы іліміне сүйеніп, әр пән бойынша деңгейлік тапсырмалар дайындауға болады. Өйткені қазіргі экономикалық жағдай оқушының жаңа үрдістерін талап етуде. Сондықтан ғылыми ізденіс барысында педагогика саласында оқытудың деңгейлік жүйесі оқушыларға ғылым негізін меңгертудің негізгі тиімді жолы болып табылады. Деңгейлік оқытудың ерекшелігі – оқушылардың сабақ барысында бірнеше деңгейде жұмыс жасай алатындығында. Сонымен бірге қазіргі жаңа технологиямен оқыту барысында компьютерлер мен оларды басқарушы алгоритмдер біздің қоғаммыздың маңызды бөлігіне айналды. Олай дейтініміз , бүгінгі таңдағы жаңадан шығып жатқан электронды оқулықтар оқушыны жаңаша оқытудың , жаңа оқу әдістерін , жаңа мазмұнды қажет етеді.

Оқытудың жаңа технологиясының бірі – жалпы білім беретін мектептерде әр пәнді деңгейлік тапсырмалар арқылы оқыту болып табылады. Оқушыларды деңгейге бөліп оқытуға бола ма, оның қандай тиімді жолдары бар , деңгейге бөліп оқытудың өзіндік ерекшелігі қандай және жеке тұлға тәрбиелеуде қандай көмегі бар деген сауалдарға тоқталсақ , деңгейге бөліп оқытудың кезінде оқушылардың тәжірибелік- теориялық дайындығын, оқуға деген ынтасын, дара қасиетін элеуметтік- психологиялық танымал, сұранымын ескеру талап етеді. Сондықтан да тиімді дәрежеге жету үшін оқушының білім мен деңгейіне байланысты жұмысты ғылыми түрде ұйымдастыру қажет.

Қазіргі базалық білім беру – жеткілікті білімнің төменгі шегі. Мұғалім баланы оқыту барысында оқушыға тақпақ жаттатып, ережелерді оқытып, жаттығулар орындатып әр түрлі жұмыстар жүргізеді. Оны талап етеді. Ол мұғалім үшін қиын жұмыс емес . Оқушы мұғалімнің айтқанын кітаптан оқып, тақпақты жаттап (тіпті оларды қызықтырмаса да), ережені айтып беруі мүмкін.

Мектеп оқушыларының білім деңгейінің көрсеткішін төмендегідей бағалауға болады:

1-деңгей (төмен) –эпизодтық. Білімді жаңа жағдайға көшіру мұғалім көмегімен жүзеге асырылады;

2-деңгей –түсініктерді жүйелеу деңгейі . 70% ғылыми ұғымдарды саналы түрде анықтайды.;

3-деңгей (жоғары) бастапқы ғылыми ұғымға өту (ауысу) деңгейі деп белгілейді.



Деңгейлік оқыту технологиясы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыруға мүмкіндік береді. Оқушылар *оқушылық, алгоритмдік, ізденімдік және шығармашылық* деңгейдегі тапсырмаларды орындау арқылы белгілі бір жетістіктерге жетеді. Деңгейлік тапсырмалар оқушылардың білімге деген ынтасын арттыруға ықпал етеді.

Оқушыларға үш деңгейлік тапсырмалар ұсынылады.

1-деңгей (репродуктивтік) – стандартты ең аз қажетті көлемін қамтиды.

2-деңгей (алгоритмдік) – 1-деңгей тапсырмаларын тереңдетіп олардың нәтижелерінің себеп-салдарын анықтайтын тапсырмалар.

3-деңгей (эвристикалық) – 2-деңгейдің нәтижелерінің басын қосып, жалпылауға, қорытынды шығаруға арналған тапсырмалар.

Деңгейлеп оқыту технологиясының ұтымдылығы бұл технология оқушының да, мұғалімнің де белсенді шығармашылық қызметін дамытуға арналған. Бірінші деңгейдегі тапсырма мемлекеттік стандарттық деңгей болғандықтан мұны оқушылардың барлығы орындауға міндетті. Екінші-үшінші деңгей бірте-бірте күрделене түсетіндіктен оқушылар бұл тапсырмаларды құқылы, ал төртінші деңгей тапсырмаларын шығармашылықпен жұмыс істей алатын оқушылар ғана орындайды. Әрине, барлық оқушы 4-деңгейді түгел орындап шыға алмауы мүмкін.

Бірақ 1-2-деңгейлерді оқушылардың барлығы дерлік орындай алады, ал білімді, алғыр оқушылар 3-4-деңгей тапсырмаларын орындап алға шығуы ықтимал. Олай болса, деңгейлік оқыту білім алушылардың мүмкіндік және міндетті деңгейін анықтай отырып, оқу жетістіктерін, нәтижесін тексеруде ұтымды деп танылған педагогикалық әдістердің бірі ретінде қолданылады.

*Міндетті деңгей* – оқушылардың білім беру стандарты, бағдарлама бойынша оқу материалдарын меңгере алуы. Ал, *мүмкіндік деңгей* - білім беру стандарты, бағдарлама берілген оқу материалдарын ғана емес, сонымен қатар білім алушылардың өздігінен ізденіп, тапсырмаларды шығармашылықпен орындай алу құзыреттілігімен сипатталады.

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Жауынбай Амантұрұлы Қараевтың деңгейлеп оқыту педагогикалық технологиясының мақсаты – жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру.

Мұнда баланың таным қабілетіне сай төрт деңгейлік тапсырмалар даярлауда жеке тұлғаны жаңалыққа ұмтылуға итермелейтін жаңа қабілеттерін ашуға болатындығы ескеріледі.

В.П. Беспалько деңгейлік технологиясы төртке бөлінеді:

1. «Міндетті», «оқушылық».
2. Алгоритмдік .
3. Эвристикалық .
4. Шығармашылық.

Ж.А. Қараевтың технологиясында да төрт деңгейлік тапсырмалар кездеседі. Онда:

1. Жаңа өтілген тақырыпты қайталау, пысықтау, ереже жаттау.
2. Ойлау қабілеттерін жетілдіру.
3. Танымдық іздену.

4. Ұғым, түсінік, қиялын тәжірибеде қолдану талаптарын қояды.

Деңгейлік оқыту технологиясының төрт деңгейлік тапсырмаларын барлық оқушылардың толық орындауы талап етіліп, әр деңгей ұпаймен белгіленіп, рейтингті жүйелеп есептелінеді, мониторинг бойынша баға қойылады. Деңгейлеп оқыту технологиясы әр оқушының қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне орай оқытуды көздейді. Яғни мықтылар өз қабілеті мен икемдігін бекіте түседі. Әлсіздер өзіне сыни көзбен қарауға дағдыланып сенімсіздіктен арылып, белсенділігі артады. Күшті топтарда оқуға деген құлшыныс ұлғайып, білім дәрежесі деңгейлес топтарда оқу жеңілдейді. [4]

Бірінші деңгей тапсырмаларды білімнің мимималдық шегі, мемлекеттік стандарт талабына сәйкес бағдарлама мөлшерінен аспайтын, оқушының жас ерекшелігіне сай болады. Сынып бағдарламасына байланысты лексикалық тақырыптар мен грамматикалық тапсырмалар, тілдік ережелер, жазба жұмыстарын орындайды. Кейіннен жоғарғы сыныптарда оқыған кезде де есінде тұрақты қалатындай бағытта сөздік минимумдарды меңгереді. Тындап, түсініп оқу, аударып, жаза алады. Айналадағы адамдардың айтқанын түсінеді, естігені бойынша сұрақтарға жауап береді. Естігенін қайталап айтады. Жеңіл ережелерді жаттап алады. Фонетиканы толық меңгереді. Грамматикалық, лексикалық тапсырмалар орындайды. Мәтін мен жұмыс жасайды.

Екінші деңгей тапсырмалары түрленіп, күрделене түседі, сынып бағдарламасына сай лингвистиканың барлық бағдарламасымен жұмыс істейді. Оқушы өз бетімен керегінше қызмет етеді. Оқу мотивтерді қанағаттанарлық дәрежеде. Ықыласы жоғары. Оқушының сөйлеуі, хабарды түсінуі, қабылдауы, жазба жұмыстарын орындау көрсеткіштері міндетті деңгейден әлде қайда жоғары болады. Бірінші деңгейден бастау алған сөйлеу үшінші деңгей оқушылардың шығармашылыққа деген мотивтердің айқын көрінуімен логикалық ойлау дәрежесінен жоғары болумен, өз жеке басының белсенділігімен, ісіне талдау жасай білуімен, білімді жаңа жағдайда пайдаланумен сипатталады. Хабарлау, суреттеу, бейнелеу тапсырмаларын орындайды. Ситуацияға байланысты әр түрлі нұсқада диалог құрады. Мәтін бойынша сұрақ қояды. Талдау, жинақтау, салыстыру жұмыстарын жүргізеді. Танымдық-іздену (эвристикалық) түрдегі жұмыстарды ізденіп өз бетімен орындайды.

Төртінші деңгей дарынды, іздеп, қабілеті жоғары, талапты балаларға арналады. Оқушыларға мұғалім тек тақырыбын ғана береді, оқушының өз мақсатын қояды, әдістерін іздейді, нәтижеге жетеді. Жазба жұмыстарын орындайды.

Оқыту практикасында деңгейлеп оқыту технологиясын енгізуге оқу ақпараттарының көлемінің ұлғаюы, оқушыларға түсетін «салмақтың» артуы басты себеп болады.

Деңгейлеп оқыту – оқылатын ақпараттың асауы арқылы емес, оқушыларға қойылатын талаптардың әртүрлілігі арқылы жүзеге асырылады.

Деңгейлеп оқыту технологиясының мақсаты - әрбір оқушы өзінің

**Деңгейлеп оқыту ерекшелігі:**

1. Деңгейлеп оқыту әр оқушыға өз мүмкіндіктерін барынша пайдалана отырып білім алуына жағдай жасап, мүмкіндік береді.

2. Деңгейлеп оқыту әртүрлі категориялардағы балаларға бірдей зейін аударып, олармен саралай жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

3. Деңгейлеп - саралап оқыту құрылымында білімді игерудің негізгі үш деңгейі қарастырылады: ең төменгі деңгей (минималды базалық), бағдарламалық, күрделенген деңгей.

Базалық деңгей – мемлекеттік стандарт бойынша анықталған ең төменгі шек. Сондықтан оны әрбір оқушы меңгеруі тиіс. Бұл деңгей оқушыға өзінің қызығушылығы мен қабілетін ескере отырып уақыты мен күшін дұрыс пайдалануына мүмкіндік береді.

4. Оқушының жеке тәжірибесіне негізделген оқыту технологиясы тиімді де нәтижелі болу үшін :

\* жеке тұлға ерекшеліктеріне;

\* психикалық даму ерекшеліктеріне (есте сақтау қабілетінің ерекшелігі, ойлау, қабылдау, зейін ерекшелігі, өзінің эмоциясын басқара білуі);

\* пән бойынша білімді игеру деңгейіне /оқушының білімімен іс-әрекет тәсіліне назар аудару керек.

Деңгейлік оқыту барысында оқушы мен мұғалім іс әрекетінің жүйесі

Кезеңдер	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті
Дайындық кезең	Оқушыларды оқу материалын базалық , бағдарламалық күрделенген деңгейлер бойынша игеруін анықтау.	
Диагностикалық кезең.	Білімді меңгеру деңгейін анықтайтын тапсырмаларды дайындау. Оқушылардың білімді меңгеру деңгейін диагностикалау . Оқушылардан сауалнама алу.Сынып жетекшілерімен оқушылар және олардың ата-аналарымен әңгімелесу.	Диагностика нәтижелері мен өз қызығушылықтары негізінде пәнді оқу деңгейі таңдалады.Оқушы өзіндік таңдау жасайды.
Оқушыларды топтарға бөлу кезеңі	Оқушыларды топқа бөлуді ұйымдастыру : әр топ үшін оқу мазмұнын анықтау . Әр деңгейде оқытуға қойылатын нақты талаптарды дайындау Дайындалған талаптарды оқушыларға ұсыну.	Белгілі топты оқушының таңдауы. Топтардағы оқыту талаптарының жобасын талқылауға қатысу.
Деңгейлеп оқыту жүзеге асырылу кезеңі.	Оқушылардың топтардағы жұмысын ұйымдастыру.	Таңдалған топта өзінің оқу іс-әрекетін ұйымдастыру.
Деңгейлеп оқыту жағдайына білімді меңгеру нәтижелерін бағалау кезеңі.	Атқарылған жұмыстар нәтижесі бойынша оқушыларды бағалау. /Кері байланыстың дұрыс орнауы , жүзеге асыру/.	Жеткен нәтижелер бойынша өзара бағалауды және өзін-өзі бағалауды жүзеге асыру.

Бастапқы ғылыми идеялар :

- деңгейлеп оқыту әр оқушыға өз мүмкіндіктерін барынша пайдалана отырып білім алуына жағдай жасап, мүмкіндік береді .

- деңгейлеп оқыту әр түрлі категориядағы балаларға бірдей зейін аударып, олармен саралай жұмыс істеуге мүмкіндік береді .

- деңгейлеп-саралап жұмыс істеуге мүмкіндік береді Деңгейлеп оқыту құрылымында білімді игерудің негізгі үш деңгейі қарастырылады: ең төменгі деңгей бағдарламалық және күрделенген деңгей. Базалық деңгей – мемлекеттік стандарт бойынша анықталған ең төменгі шек.

Сондықтан оны әрбір оқушы меңгеруі тиіс . Бұл деңгей оқушыға өзінің қызығушылығы мен қабілетін ескере отырып, уақыты мен күшін дұрыс пайдалануына мүмкіндік береді.

-оқушының жеке тәжірибесінде негізделген деңгейлеп оқыту технологиясы тиімді де нәтижелі болу үшін:

-жеке тұлға ерекшеліктеріне;

-психикалық даму ерекшеліктеріне (есте сақтау қабілетінің ерекшелігіне, ойлау, қабылдау, зейін ерекшелігіне , өзінің эмоциясын басқара білуіне );

-пән бойынша білімді игеру деңгейіне (оқушының білімі мен іс әрекет тәсіліне назар аударып, көңіл бөлу керек ).

Әрбір тақырып бойынша өткізілетін сабақтар кезектесіп келетін бес типтен құралады.

Бірінші – тақырыпты жалпы талдау сабақтары (оларды лекциялар деп атайды).

Екінші – қиыстырылған семинар сабақтарда оқушылардың өзіндік жұмысының процесінде оқу материалдарының тереңдей талдануы.

Үшінші – материалды пән аралық қорытындылау сабақтары.

Төртінші – материалды қорытындылау және білімді жүйелеу сабақтары (тақырыптық сынақтар деп аталады).

Бесінші – практикум сабақтар.Балалардың даму деңгейінің бірыңғай болмауына , жеке қабілеттеріндегі айырмашылықтармен басқада себептерге байланысты сыныпта оқу үздіктерімен үлгермеушілер пайда болатыны белгілі.

Сондықтан мұғалім сабақтың барлық кезеңдерінде : жаңа материалды беру, бекіту, қайталау, білім, білік дағдыны бағалау кезінде деңгейлеп саралап оқытуды ұйымдастырады .

Білім беру ұйымдастырудағы қайта құрулармен оқытудың жаңа мазмұны мұғалімдер қауымына жаңаша іскерлікпен пәндерді оқытудың жаңаша технологиясын ендіру міндеттерін шешуді талап етуде.

Кеңестік педагогика мен дидактиканың озық шеберлері В.Шаталовтың , В.Шейманның, Е.Ильиннің тәжірибелерінің мақсаты – оқушының оқу танымдық қызметін дұрыс ұйымдастыра отырып түпкі нәтижеге жету яғни оқушының сабақ үстінде бағдарламалық талаптар (міндетті және мүмкіндік ) деңгейінде жан-жақты терең біліммен саналы тәрбие алуы еді. XX ғасырдың соңында адамдар жаңа технологиялық зерттеулер (В.Беспалько, В.Монахов) жаңартылған әдістемелік жүйенің оқыту үрдісінде іске асуы үшін оны технологияландырудың қажет екенін дәлелдеп отыр.

Педагогикалық технология мынадай төрт негізгі шартты қанағаттандыруы тиіс (В.Беспалько).

-педагогикалық технология оқытудағы педагогикалық экспромптарды жоюы қажет.

-оқушының танымдық қызметінің құрылымы мен мазмұнын анықтайтын оқу тәрбие үрдісінің табысына негізделуі қажет.

-оқу мақсатын диагностикалық түрде анықтап, оның меңгерілуі сапасын дәл тексеріліп, базалау қажет.

-іс жүзінде оқу-үрдісінің толықтығын қамтамасыз етуі тиіс.

Қазіргі заман талабы әр оқушының сабақ кезінде жаңа білім қосып қана қоймай, соны өзі игеріп, ізденіп, талап – пікір таластыру деңгейіне жетіп, даму үстінде. Осындай өздігімен дамуды қалыптастыратын Ж.Қараевтың «Деңгейлеп- саралап оқыту» технологиясының тиімділігі мен маңыздылығы қажетті. Бұл технология оқу үрдісінде:

-оқушыға сенімділік білдіру;

-пәнге қызығушылығын арттыру;

-оқушы біліміне сеніп, әрі дамыту;

-өзіндік шығармашылық деңгейге көтерілу көзделген.

Профессор Ж. Қараевтың технологиясының тиімділігі сол жаңа тақырыпты балаларға шығармашылық ізденіс үстінде өздігінен меңгеруі тиіс. Сондықтан мұндай сабақтарда оқушылардың ынтасын белсенділігін арттыру үшін мәселелік сұрақтар қойып отыру. Тақырып бойынша жасалған деңгейлік тапсырмалар жүйесі сабақта қарастырылды.

Сабақ үш кезеңмен жүргізіледі және оның мынадай тиімділіктері бар.

### **1-кезең. Тірек тапсырмалар мен жұмыс.**

Мұнда жаңа тақырыпты меңгеруге қажетті бұрын өтілген материалдарды қайталау. Бұл үйде орындалып келетін тапсырма болғандықтан, үй жұмысын талдауға барлық оқушыларды қатыстыруға және уақыт үнемдеуге мүмкіндік береді. Осы кезеңде әңгімелесу, көрнекілік мәселелік оқыту әдістерін қолдана отырып, оқушылардың бұрын алған білімін ескере сабаққа қызығушылығын арттыру және білімін қадағалау жүзеге асырылады. Осы жұмыстар арқылы оқушының сабаққа зейіні ауып, жаңа тақырыпты өздігінен меңгеруге дайындалады.

### **2- кезең. Жаңа тақырыпты өздігінен меңгеру.**

Бұл кезеңде оқушыларға тақырыпты меңгеру жұмыстар беріледі. Алдымен оқулықпен жұмыс істеп тақырыптан керекті мәліметтерді таба білуге, ізденімпаздыққа үйренеді, әр оқушының танымдық қызметіндегі дербестікті дамытуға мүмкіндік туады. Оқытудағы іздену көзқарасы оқушының өнімді іс - әрекетіне негізделеді. Мұнда оқушы жаңа тәжірибені мүмкіндігінше өз бетімен меңгеруі тиіс. Оқу барысында оқушы өзін-өзі жетілдіреді. Одан кейінгі кезеңде оқушы тақырыпты оқып үйреніп топ болып талдауға уақыт беріледі. Оқушы тақырыпты оқып болған кезде мұғалімнің үй тапсырмасын тексеруге немесе жеке оқушылармен жұмыс істеуге уақыты бар. Мұнда оқушылардың барлығы қатысады. Тақырып тақтада талданады. Оқушылар жартылай ізденіс, мәселелік және зерттеу әдістерін қолданады.

### **3-кезең. Деңгейлік тапсырмалар тиімділігі.**

Оқушылар білімін бағалау мен бақылау жүйесі арасындағы байланыс. Қоюшы әр сабақта жинаған ұпайларын «Даму мониторинг» кестесінде белгілеп отыру арқылы талдау жасалады.

Деңгейлік тапсырмалардың мақсаты:

- жеңілден қиынға, қарапайымнан күрделіге қарай сатылы түрде орындалатын жұмыстар.
- оқушы ізденіске, шығармашылыққа бөленеді.
- дарынды оқушылар мүмкіндігі анықталды.
- әр оқушы өзін -өзі бағалайды, өз білімін жоғары деңгейге жеткізе алады, материалды толық меңгереді.
- жаңа тақырыпты жаңа әдіспен түсіндіріледі.
- тест, диктант арқылы тақырып меңгеріледі.
- өзіндік жұмыстар жүргізіледі.
- бақылау жұмысы алынады.
- бақылау парағы жасалады.

Деңгейлеп оқыту - оқылатын ақпараттың азаюы арқылы емес, оқушыларға қойылатын талаптардың әртүрлілігі арқылы жүзеге асырылады. Қазіргі заман талабы әр оқушының сабақ кезінде жаңа білім қосып қана қоймай, соны игеріп, ізденіп, талап – пікір таластыру деңгейіне жету мақсатын көздейді.

Профессор Ж.А.Қараевтың жұмыстарында еліміздің көптеген мектептерінде қолданылып жүрген:

- оқытуды дербестендіру мен деңгейлік дифференциалдау;
- білім беруді демократияландыру мен ізгілендіру.

Принциптеріне негізделген жаңа педагогикалық компьютерлік технология алғаш рет зерттелген. Егер осы жұмыстарда қарастырылған оқытудың педагогикалық технологиясын оқу-тәрбие процесіне, оқытудың жаңартылған жүйесінің жобасы ретінде енгізетін болсақ, онда:

- білімді демократияландыруға және ізгілендіруге;
- оқыту сапасын арттыруға;
- басқару тиімділігін жетілдіруге;
- оқушылардың дамуына бақылау жасауға;
- оған сәйкес бағалауға болатыны дәлелденіп отыр.


Бұл жағдайда педагогикалық технология- компьютерлік техниканың тиімді пайдаланылуына мүмкіндік туғызады. Сондықтан да, бірқатар мектептерде жүргізіліп жатқан біздің тәжірибелік –сынақ жұмыстарымыздың басты міндеті дәл осындай оқытудың жаңа педагогикалық технологиясын оқыту процесіне енгізу болып табылады. Педагогикалық технология дегеніміз- тәжірибеде жүзеге асырылатын, (В.П. Беспалько), белгілі бір педагогикалық жүйенің жобасы.

### **Педагогикалық технология**

Педагогикалық технология

Тәжірибеде  
жүзеге асыру

Педагогикалық жүйеде



+

Бұл жерде: Әдістемелік жүйе {Мақсат ,мазмұн, әдіс, сабақ түрі, құралдар}Дпр {Ы+Әбн+Оә+Түз.ә.+Бә+Басқ.}

Тқ

Қайда: Мақсат- өздігінен білім алу мақсаты (жаңа мақсат) . Ол дәстүр оқытудағы мазмұнды, әдісті, сабақтың түрін, құралдарын жаңа мақсатқа сай өзгеруін талап етеді.

Тқ –оқушының танымдық қызметі; Ол төмендегі іс-әрекеттерден тұрады

Әбн - әрекеттің бағдарлық негіздері (өткен материалдар);

Оә - орындаушылық әрекеттер, мысалы, өздігімен деңгейлік тапсырмаларды орындау.

Түз.ж. –түзету әрекеттері (бақылау жұмыстары);

Бә -бақылау әрекеттері (бақылау жұмыстары);

Басқ . –педагогтік басқару, болашақта (жоғарырақ деңгейлерді оқушылар өзін -өзі басқарады)

Педагогика ғылымында баланы оқыту мен тәрбиелеудің мақсаты –жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылғандықтан бұл жерде де, жаңа технология бойынша, әдістемелік жүйенің басты компоненті- оқыту мақсаты болып қалады. Бірақ бұл мақсат - өздігіне дамуға ұмтылатын жеке тұлғаны қалыптастыру, сондықтан оның өзіндік танымдылық іс -әрекеті белгілі бір дәрежеде белсендірілуі қажет. Жаңа мақсат оқытудың әдістемелік жүйесінің қалған бөліктерінің (мазмұны, әдісі оқыту түрі мен құралдарының) олардың өзара байланыстағы қалыптармен өзгерулерін талап етеді.

Осы талапты орындау үшін төмендегі төрт ұсынысты қажет деп санаймыз.Жаңаша өзгерген мақсат оқушылардың өздігінен танып, іздену іс-әрекетінің әдістерін меңгерулерін талап етеді. Бұл әдістердің мұғалімдердің күнделікті жұмысына пайдаланып жүрген оқыту әдістерінен айырмашылығы бар. Демек, біздің жағдайымыздағы «оқыту әдістемесі» деп отырғанымыз «оқушы-мұғалім» деген өзара тығыз байланыстағы қатынасты қарастырады. Бұл жағдайда бірінші орында оқушы тұрады және оның өз бетімен білім алудағы белсенділігіне аса назар аударылады.

Жаңаша оқытудың негізгі түрлері болып, оқытудың дербес және топтық түрлері табылады. Оқытудың бұл түрлеріндегі ең бастысы оқушыға деген сенім, оның өз ісіне жауап беру мүмкіндігіне сүйене отырып өз беделі мен қадір-қасиет сезімін дамыту.

Оқытудың фронтальды түрі, көбінесе, бағыт беру, талқылау және түзету енгізуде ғана пайдалынылады.

Жаңа технологияның жаңа мақсаты бойынша «оқытуды ізгілендіру» қажет деп отырмыз ғой. Ол –оқыту құралдарына деген көзқарасты да өзгеруді талап

етеді. Бұл өзгерістер бойынша оқу құралдары оқушылардың өздігінен танымдық іс-әрекетін жүргізе алатындай құралдар болуы керек

Бұрынғы дәстүрлі оқулықтар мұндай талапты қанағаттандыра алмайды сондықтан оқушылардың өз бетімен білім алуына аса бейімделген жаңа типтегі оқулықтар қажет. Ол оқулықтардың қандай болуы керек екендігі төменде айтылады. Осы жерде компьютерлік техниканың да функциональды мүмкіндіктерінің мол екендігін ескере кету қажет, себебі компьютерлік техника-оқушыға, ол ізденіс және зерттеу жұмыстарын жүргізе алатындай оқытушы орта құруына мүмкіндік береді. Жаңа мақсат талап ететін жаңа оқулықтарда –оқу материалдарының мазмұны жаңаша баяндалуы қажет [29].

Оқытудың басты мақсаты өздігімен білім алып дами алатын жеке тұлға қалыптастыру болғандықтан, теориялық материалдардың мазмұны оқулықтарда беріліп, оқушының өздігімен жаңа тақырыпты меңгеруіне қолайлы және қызықты мазмұндалуы керек. Мұндай талаптарды қанағаттандыру үшін оқулықта келтірілген тапсырмалар «сұрақ-жауап» диалогы түрінде беріледі, оқушылардың өздігімен танымдық іс-әрекетін дамытуға бағытталады. Бұл тапсырмалар, негізінен, жаңа тақырып бойынша заңдар мен ережелерді өздігімен шығаруға және анықтамаларды өздігінен құрастыруға жетелейді. Жаңа меңгерген тақырыптарды бекіту үшін, қарапайым мысалдар келтірсе жеткілікті. Осындай әңгімелесуші- оқулықтардың мазмұны, бұл жағдайда, білім алу құралына айналады.

Біздің педагогикалық технологияны құруға қажетті тұжырымдама, С.Л. Рубинштейннің еңбектерінде айтылған, «ойлау барысында ойлау берік объектісін жаңа байланыстарға қосуға педагогикалық, психологиялық негіз бар»-деген ойыннан алынған. Ол бойынша өнертапқыштық пен жаңалықтар ашуға жетелейтін баланың жаңа қасиеттерін ашуға болады екен.

Технологиямыздың тағы бір психологиялық негізі болып табылатын теория

- Л.С. Выготскийдің «оқыту процесінде оқушының ақыл –ойының дамуы «актуальды даму»аймағынан «жақын арадағы даму» аймағына ауысуы» туралы теориясы. Бұл ауысу- тапсырмаларды қайталап орындауға ғана арналған 1-ші деңгейден өнімді іс-әрекетті қажет ететін жоғарғы деңгейлерге ауысу негізіндегі іс-әрекет арқылы жүзеге асады.

Осындай іс-әрекет деңгейлері арқылы оқушылар оқу материалдарын әртүрлі деңгейде қабылдайды.

В.П.Беспалько бұл деңгейлерді төртке бөледі: Бірінші деңгей- «міндетті, оқушылық», екінші –алгоритмдік, үшінші-эвристикалық және төртінші – шығармашылық деңгейлердегі қабылдау [4].

Сондықтан да, оқушылардың білім, білік, дағдыларын жетілдіру үшін, оқытудың жаңа технологиясы бойынша, дифференциалды және дербес деңгейлік принциптерінің талаптарына сәйкес өткізілетін әртүрлі сабақ түрлеріне арналған жаңа тұрпаттағы оқулықтар мен оқу құралдары қажет. Бұлар әңгімелесуші-оқулықтар және оларға қосымша төрт деңгейдегі тапсырмалар берілген жұмыс дәптерлері.



Әңгімелесуші –оқулық бойынша оқушылар жаңа тақырыпты өз бетімен меңгеріп, анықтама, ережелерін өзі шығарады. Қарапайым жаттығу мысалдармен оларды бекіткеннен кейін, жұмыс дәптерлеріндегі деңгейлік тапсырмаларды орындауға көшеді. Деңгейлік тапсырмаларға, мысалы математика пәнінен, төмендегідей талаптар қойылады.

Бірінші деңгейдегі тапсырмаларға:

- 1) жаттап алуға лайықталған болуы керек;
- 2) алдыңғы сабақта жаңадан меңгерілген білімнің өңін өзгертпей қайталап, пысықтануына мүмкіндік беруі тиіс;
- 3) тапсырмалар жаңа тақырып үшін типті және өмірмен байланысты болуы керек.

Математика пәнінде мұндай талаптар жаңа тақырыпты игеру соңында шығарған есептерге ұқсас тапсырмалар құру арқылы орындалады және олар оқушының өзі шығарған ереже, анықтама, заңдарын бекітуге арналады. Мұндай тапсырмаларды құрастырған кезде олардың танымдылығы мен қызықтылық жақтарына ерекше көңіл аударған жөн.

Екінші деңгейдегі тапсырмаларға:

- 1) Өтіп кеткен материалдарды реттеуге және жүйелеуге берілген тапсырмалар. Бұлар өзгертілген жағдайлардағы тапсырмалар, яғни бұрынғы тапсырмаларға ұқсас, бірақ оларды орындау үшін алғашқы алған білімдерін түрлендіріп пайдалану қажет болады.

Математика мұндай іс-әрекетке келтіретін тапсырмалар: мәтінмен берілген кері есептер; кері байланыс функциясын атқаратын тексеру тапсырмалары т.с. с.

- 2) Оқушының ойлау қабылетін жетілдіруге берілетін тапсырмалар. Оларда біздің ұлттық ерекшеліктеріміз ескеріліп, танымдық және үйретімділік маңызы болуы қажет болады. Бұлар : логикалық есептер, ребустар мен сөзжұмбақтар.

Үшінші эвристикалық деңгейдегі тапсырмаларды біз төмендегінше топтастырдық:

- 1) танымдық-іздену (эвристикалық) түрдегі тапсырмаларды орындау барысында оқушылар жаңа тақырып бойынша меңгерген алғашқы қарапайым білімдерін (заңдылықтар шығару, анықтамалар, формулаларды жаттау, т.с. с. жетілдіріп, терендетумен қатар, ол тағы да жаңа білімді меңгеріп, өзі үшін жаналық ашуы тиіс. Эврика! Мұндай жұмыс –анализ бен синтез және салыстыру арқылы негізгісін анықтау, қорытындылау сияқты ой жұмыстарын қажет етеді. Мұндай есептерді шешу барысын оқушылар жаңа есептерге тап болады да, проблемалық жағдай туындайды. Оны шешу үшін оқушы жаңа әдістер іздеуі керек.

- 2) Әртүрлі әдіс, тәсілдермен шешілетін есептер.

- 3) Өздігінен мысалдар мен есептер құрастыру және оны өздігінен шығару өмірден алынған мәліметтер негізінде диаграмма графиктер салу, жергілікті жағдайда өлшеу жұмыстарын шығару, көрнекі құралдар дайындау берілетін тапсырмаларға берілген тапсырмалар.

Төртінші шығармашылық деңгей тапсырмалары:

1) Оқушылардың жинағын өмірлік тәжірибесі мен қалыптастырған ұғым түсініктерінің, қиялы мен белсенді ой еңбегінің нәтижесінде жаңаша, бұған дейін болмаған, белгілі бір дәрежеде олардың жеке басының икемділігін байқататын дүние жасап шығуына негізделген теорема дәлелдеген заңдылықтарды оқулыққа сүйенбей мұғалімнің көмегінсіз қорытып шығарды.

2) Олимпиадалық есептер.

3) Берілген тақырыпқа өз бетінше реферат, баяндамалар дайындау.

Демек, бұл тапсырмалар – оқушылардың біліктілігі мен дағдысын қалыптастыру және оны бағалау деңгейі болады [19].

Бірінші деңгей үшін-игерілгенді пысықтау мен қайталауға, ережелері мен анықтамаларды, формулаларды жаттауға арналған.

Жоғары деңгейлер үшін-алған білімдерін өз бетімен қорыту мен жүйелеуге және тәжірибеде қолдануға арналған тапсырмалар.

Технология бойынша жүргізілетін оқушылардың өз бетімен білім алу процесі «басқаруға ыңғайсыз»-делініп, сыналып жатады. Сонда айтатындары: «оқушы осы кезеңде өз білгенін істейді, оның іс-әрекеті көбінесе, қате болады»-дейді.

Мүмкін, дәстүрлі оқу процесінде оқушыларды дәстүрлі оқулықтар бойынша өздігінен оқытуға тырысып, осыған ұқсас өздік жұмыстарды жүргізген кезде солай болса, болған шығар.

Бірақ, оқытудың жаңа технологиясы жағдайында:

-оқушылардың өздігінен жүргізетін танымдық іс-әрекеті үшін тапсырмалар күрделілігі төрт деңгей бойынша құрастырылып;

-Оқыту проблемалық принциптер бойынша жүргізіліп;

- барлық деңгейдегі тапсырмалар қызғылықты мазмұндалған болса, оқушыларда ынталану пайда болады. Сондықтан да, жаңа технология бойынша сабақ беруші мұғалімдер, үзіліс кезінде де оқушылардың сабақтан бас алмайтындығын байқаған. Олар өзара бәсекелесе отырып жұмбақ, сөзжұмбақ, ребус, математикалық басқатырғыштар сияқты әр деңгейдегі тапсырмаларды шешіп, өтіп жатқан тақырыптан барынша көп ұпай алуға тырысқан, себебі, ертең жаңа тақырып басталады. Нәтижесінде «екіліктер жойылумен қатар, «үштік» алып жүрудің өзі де ұят саналатын болған [29].

Осы жерде, «үлгерімі кейіндеп қалып, өз құрбыларын, белгілі бір себептермен, қуып жете алмайтын оқушылармен қалай жұмыс істеуі қажет?»-деген сұрақ туады. Бұл мәселенің де шешуі қарастырылған.

- Мұндай жағдайда, барлық тапсырмаларды мезгілінде орындаған оқушылар үлгермеушілерге көмектеседі;

- Сыныптың басқа оқушылары өздігінен жұмыс істеп жатқан кезде мұғалімнің де үлгерімі төмен оқушыларға дербес көмек көрсетуіне уақыты болады. Ол сынып оқушыларының өздік жұмыс іс-әрекеттерін ұйымдастырып, басқару, жалпы бақылау жасау және балалардың өз-өзін бағалауын бақылау функциясын атқарады.

- Бұл қалайша жүзеге асырылады? Бізге үйреншікті бақылау мен бағалауға қарағанда деңгейлеп оқыту барысындағы бақылау мен бағалаудың ерекшелігі неде?

- Деңгейлік тапсырмаларды енгізгендегі басты мақсат-сынып оқушыларын «қабілетті» және «қабілетсіз» деп жасанды түрде әр түрлі жіктерге бөлуді болдырмау. Осы арқылы деңгейлік және дербес оқыту принциптерімен қатар, барлық оқушыға қатысты, ізгілендіру принципі де сақталады.

Деңгейлеп оқыту барысында оқушының бірінші деңгейдегі тапсырмаларды дұрыс орындағаны есепке алынып отырылады.

Қандай оқушы болмасын, мысалы өзінің жақсы оқитынына қарамастан, жұмысын «оқушылық», «міндетті», 1-ші деңгейдің , ол үшін жеңіл болса да, тапсырмаларын орындаудан бастайды.

Барлық оқушылар жұмысын бір мезгілде бастап: әрқайсысы, білім игерудегі өз қабілетіне қарай, өз биігіне жетеді. Бұл барлық оқушыларды тірек білімімен қамтамасыз етеді және Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңының талаптарына сай келеді. Нақтырақ айтсақ :

- барлық оқушылардың оқу мақсатында 100% қол жеткізуінің кепілі болады және оқу пәндерінің барлық тақырыбы бойынша ең болмағанда міндетті бірінші деңгейді игеруін толық жүзеге асырады. Бұл өз кезегінде, мемлекеттік стандарттың тіп-талаптарының орындалуына кепілдік береді.

«Есепке алу» жүйесін жүргізу нәтижесінде үлгерімі нашар оқушылар да, кем дегенде, «оқушылық» деңгейге сәйкес білімді толық меңгеріп алатынын өз тәжірибемізден байқадық. Себебі ,ол осы деңгейдің тапсырмаларын толық және дұрыс орындап, өткізбегенінше, келесі деңгейге көшпейді. «Міндетті» деңгейде толық меңгергеннен кейін оқушы әрі қарай ілгері ұмтылады; өзіне өзінің сенімі артады.

Олардың әрқайсысы 1-ші деңгейлік тапсырмаларды орындауға міндетті және жоғары деңгейлік тапсырмаларды орындауға міндетті және жоғары деңгейлік тапсырмаларды орындауға құқылы.

Осылайша , бір деңгейден бір деңгейге, өз білімін біртіндеп толықтыра отырып, өз қабылетін де жетілдіреді. Бұл жағдайда жоғары деңгейлік тапсырмаларды орындау әр оқушының мақсатына айналды. Біз дайындаған жұмыс дәптерлерінде тапсырмалар үш деңгейде ғана берілген. Төртінші деңгей тапсырмаларын құрастыру мүмкіншілігін ұстаздарға қалдырдық [19].

Деңгейлік тапсырмаларды дұрыс орындағаны үшін оқушылар сол деңгейді игергеніне сәйкес ұпай алады: бірінші деңгей үшін-5 ұпай, екінші деңгей үшін-10 ұпай, үшінші деңгей үшін-15 ұпай.

Біздің жағдайда, әр жаңа тақырып бойынша жасалған деңгейлік жұмыстардың үш деңгейге бөлінуі, үй жұмысын жақсы ұйымдастыруға және реттеуге мүмкіндік береді. Себебі, тақырыпты меңгерудегі төрт деңгейлік тапсырмалар үлгерімі өте жақсы оқушыға есептеліп, соған сәйкес құрылғандықтан, бұл жұмыстарды толық, сабақ үстінде орындап бітіруге, барлық оқушылардың мүмкіндігі жете бермейді. Сондықтан да олар үйде өз бетімен немесе сабақтан тыс уақытта мұғалімнің көмегімен аяқтауға беріледі:

- бірінші деңгейдің тапсырмаларын орындап үлгерген оқушыларға екінші деңгейдің тапсырмалары;

- екінші деңгейдің тапсырмаларын орындаған оқушыларға одан да жоғары деңгейлік тапсырмалар беріледі;

- т. с. с. деңгейден деңгейге көтеріле береді.

Ең жоғары деңгейдегі шығармашылықты қажет ететін тапсырмаларды, әрине, дарынды да, еңбекқор оқушы орындай алады.

Осылайша , әр тақырып бойынша оқушыларға, сыныптан тыс уақытта, жоғары деңгейлік тапсырмаларды орындау арқылы көбірек ұпай жинап көтеріңкі баға алуға мүмкіндік беріледі және дамыта оқыту принципі орындалады. Нәтижесінде оқушылардың табиғи қабілеттері мен дарындылық қасиеттерінің ашылуына жақсы жағдай жасалады.

Сонымен, әр деңгейдегі тапсырмаларды оқушылар (дұрыс орындалғандығын мұғалімге тексеріп алып) тақта жанында ілулі тұратын жалпы ведомоста және өздеріндегі арнайы деңгейлік жұмыс дәптерлерінің соңындағы ведомоста (+)- пен белгілеп отырады.

Бұл оқушылар арасында, олардың бір-бірінің үлгерім деңгейлерін бақылай отыра алатындықтарынан, өзара жарыс тудырады. Бірақ , оқушылардың өзара көмегіне және мұғалім тарапынан жасалатын демеп жіберуге жол беріледі. Сондықтан бақылау мен бағалау ішкі бақылау мен ішкі бағалау болып табылады. Сабақ дұрыс орындалған барлық тапсырмалар жиналған ұпайларды есептеумен аяқталады.

Жинаған ұпайларын оқушылар әр сабақтың соңында нүктемен белгілеп отырады. Осы нүктелердің арасын түзу сызықтармен біртіндеп қосса, график шығады. Ол – оқушының даму мониторингі деп аталады. Мониторинг бойынша мұғалім кезекті тақырыптық бақылау жұмысының алдында әр оқушының өткен материалды қандай деңгеймен меңгергенін қадағалап, үлгермеушілермен қосымша жұмыс жүргізеді.

Тақырыптық бақылау жұмысы да әр деңгейлі тапсырмалармен беріледі. Бұл жағдайда ол бөгде біреудің көмегінсіз орындалады және мұғалім тарапынан оқушылар қатаң бақыланып, өздерінің нақты алған білімдерін тиісті ұпайларын алады. Осындай бақылау мен бағалауды біз сыртқы бақылау біз сыртқы бағалау ретінде қарастырамыз. Бұл ұпайлар , оқушылардың даму моторингтерінде белгіленеді.

Оқушының даму моторингі, оның жеке басының қабілетіне қарай тақырып бойынша игерген білім сапасының объективті сипатын көрсетеді. Осы жағдайда оқушының даму деңгейі – басқалармен емес, уақыт өткен сайын, өзімен -өзін салыстыру арқылы анықталғандықтан, ол оқушыларға деген ізгілік қатынасты көрсетеді.

Сонымен , оқытудың педагогикалық технологиясын қолдану жағдайында бағалау процесі арнайы қосу әдісімен жүзеге асырылады. Бағалау жүйесі негізі болып оқушы білімінің ең төменгі деңгейі алынады және ол деңгей мемлекеттік стандарттың ең төменгі талабына сәйкес келеді. Бұл деңгейдегі тапсырмаларды дарындылығына да, бейімділігіне де, жоғары даму деңгейіне де қарамастан оқушылардың барлығының дұрыс орындауы міндетті.

Бірінші деңгейдегі барлық дұрыс және мезгілінде орындалған тапсырмалар «есеп -зачетқа» алынып отырады дедік қой. «Зачеттің» «екілікте»

айырмашылығы: осы бірінші деңгейдің «есепке алынбаған» тапсырмаларын қашан «есепке алғанша», міндетті түрде, қайта-қайта тапсырыла береді.

Өзін-өзі бағалау «қосу» әдісімен жүргізілетіндіктен оқушы бұрынғыдай «екілік» аламын деп қорықпайды. Оқушыда жоғары ұпай жинауда ұмтылушылық пайда болады. Бұл дұрыс орындалған тапсырмалардың саны тікелей тәуелді.

Сонымен :

- технологияның принциптері – оқытуды ізгілендіру мен демократияландыру жағдайында, өздігінен даму бағдарын анықтап, дамитын және өздігінен дұрыс шешім қабылдай алатын, өзін-өзі жетілдіріп өсіруші, өзін-өзі тәрбиелеуші тұлға қалыптастыруға болады екен;

- өздігінен оқытудың осындай мақсаттары жүзеге асыру үшін, білім беру жүйесінің алдында тұрған басты мақсат- жаңа технологиясының талаптарына сай жаңа оқулықтар буынын жазу болып табылады. Жаңа оқулықтар мен дидактикалық құралдардың ерекшелігі-қысқа мерзімді ешқандай бейімдеусіз –ақ олардың мазмұнын компьютерге кіргізуге болады себебі, бұл құралдардың құрылымы электрондық оқулық құрылымдарына ұқсас.

Осылардың ішінде барлық деңгейдегі тапсырмалар қызғылықты мазмұндалған болса, оқушыларда ынталану пайда болады. Сондықтанда жаңа технология бойынша сабақтан бас алмайтындығы байқалған. Олар өзара бәсекелесе отырып жұмбақ , сөзжұмбақ , ребустар сияқты әртүрлі тапсырмаларды шешіп , өтіп жатқан тақырыптан барынша көп ұпай алуға тырысқан, себебі, ертең жаңа тақырып басталады. Нәтижесінде оқушылардың ынтасы артып, сонымен қатар даму мониторингі де күннен –күнге жоғарылай түседі. Демек , мұғалім берген тапсырмалар оқушылардың біліктілігі мен дағдысын қалыптастыру отырып және бағалау деңгейі жоғарылай түседі. Сонымен қатар , тапсырмалар ауқымы да өсіп , шығармашылыққа ұласады.

Қазіргі заман талабы бойынша оқытудың басты мақсаты өздігінен білім алып дами алатын жеке тұлғаны қалыптастыру болғандықтан , біздің бастауыш сынып бірлестігі Ж.А.Қараевтың деңгейлеп оқыту технологиясын өз сабақтарында кеңінен қолданып жүрміз . Бұл технология оқушының білімдеңгейіне сәйкес жеңілден қиынға қарай оқытылады. Деңгейлеп оқыту төрт бөліктен тұратыны барлық ұстаздарға белгілі .

1. Оқушылық деңгей. Бұл міндетті деңгей боғандықтан барлық оқушы тапсырманы толық орындауы тиіс.

2. Алгоритмдік деңгей. Бұл деңгейде өтіп кеткен материалды талдап , бұрынғы тапсырмаларға ұқсас орындайды. Бірақ бұларды орындау үшін алған білімдерін түрлендіріп пайдалану керек.

3.Эвристикалық деңгей. Өз бетіндік жұмысты қалыптастыру мақсатында оқушылар жаңа тақырып бойынша меңгерген қарапайым білімдерін жетілдіріп тереңдетеді. Тағы жаңа білімдерін меңгеріп, өзі үшін жаңалық ашады. Анализ бен синтез , салыстыру арқылы анықтау , қорытындылау. Бұл деңгейде ребус , сөзжұмбақ , анаграмма құрастыру , зертханалық жұмыс жүргізу , эвристикалық сұрақтар болуы қажет.

4. Шығармашылық деңгей. Бұл деңгейде берілген тақырыпқа өз бетімен реферат, баяндама, эссе, өлең, жұмбақ, жаңылтпаш құрастыра білу қажет.

Оқушылардың жаңа тақырыпты өз беттерімен меңгерілуі үшін қолайлы әдіс – тәсіл: тапсырмаларды сұрақ – жауап, диалог түрінде беріп, оқушылардың танымдық іс - әрекетін дамытуға бағыт – бағдар беру. Бұл тапсырмалар негізінен жаңа тақырып бойынша заңдар мен ережелерді оқушылар өз бетімен шығаруға және анықтамаларды өздігінен құрастыруға жетелейді. Жаңа меңгерген тақырыптарды бекіту үшін қарапайым ойындар, схемалар, тіректермен жұмыс жасаған тиімді. Соңынан оқушылар жұмыс дәптерлеріндегі деңгейлік тапсырмаларды орындау арқылы алғаш алған білімдерін тереңдетіп, бойындағы жеке қабілетін дамыта алады. Деңгейлік тапсырмаларға төмендегі талаптар қойылды.

Бірінші, оқулық деңгейдегі тапсырмалар:

-жаттап алуға лайықты болу керек;

-жаңа тақырыпта меңгерілген білімнің өңін өзгертпей қайталап, пысықтауына мүмкіндік беруі тиіс;

-тапсырмалар жаңа тақырып үшін типті және өмірмен байланысты болуы тиіс;

Екінші, алгоритмдік деңгейдегі тапсырмалар:

Өтіп кеткен материалды реттеуге және жүйелеуге берілген тапсырмалар. Бұлар өзгертілген жағдайда тапсырмаларды талдап, бұрынғы тапсырмаларға ұқсас, бірақ оларды орындау үшін алғашқы алған білімдерін түрлендіріп пайдалануын қажет ететіндей нұсқа беру.

Үшінші, эвристикалық деңгейдегі тапсырмаларды орындау барысында оқушылардың жаңа тақырып бойынша меңгерген алғашқы қарапайым білімдерін (заңдылықтар шығару, анықтамалар, формулалар жаттау, т.с.с.) жетілдіріп, тереңдетумен қатар, ол тағы да жаңа білімді меңгеріп, ол үшін жаңалық ашуы тиіс: Эврика – анализ бен синтез және салыстыру арқылы негізгісін анықтау, қорытындылау сияқты ой жұмыстарын қажет етеді. Мұндай тапсырмаларды орындау барысында оқушылар үшін жаңа проблемалық жағдай туындайды. Оны шешу үшін оқушы өзі жаңа әдістер іздеуі керек.

Төртінші шығармашылық деңгей тапсырмалары: берілген тақырыпта өз бетімен баяндама, реферат дайындау.

Сонымен қорыта айтқанда, бірінші деңгей үшін – игерілгенді пысықтау мен қайталауға, ережелер мен анықтамаларды, формулаларды жаттауға арналған. Жоғарғы деңгей үшін - алған білімдерін өз бетімен тереңдетіп қорытуға, жүйелеуге және тәжірибеде қолдануға арналған тапсырмалар. Ж. Қараев технологиясы бойынша деңгейлік тапсырмалар:

**Зат есім тақырыбына байланысты берілген тапсырмалар:**

**I-деңгей тапсырмасы.**

1. Зат есім дегеніміз не?

2. Зат есім түрлерін ата.

3. Негізгі зат есім дегеніміз не?

4. Туынды зат есім дегеніміз не?

**II- деңгей тапсырмасы.**

1. Зат есімнің жалпы және жалқы есім түрлері бар. Мысал келтір.

2. 1. Мәтінді түсініп оқы .

2. Зат есімнің астын сыз.

Қайсысы жалпы есім, қайсысы жалқы есім екенін айт.

Ауылдағы үлгілі отбасының бірі – Омаровтар әулеті. Өйткені Омаров Әділ – озат жұмысшы . Балалары тәртіпті, сабақты жақсы оқиды. Үлкен ұлы Қазақстан Қарулы күштері қатарында адал қызмет атқарады.

**3. Ребусты шеш.**

**III- деңгей тапсырмасы .**

1. Қала атауы: Алматы, ....., ....., ....., .....

2. Зат есімді тәуелде .

Мысалы: қарындаш., әке.

**IV- деңгей тапсырмасы .**

Өз қалаң немесе ауылың туралы эссе жаз

*Осы деңгейлік тапсырма бойынша үлгі нұсқа.*

**1- деңгейлік тапсырма .**

1. **Зат есім дегеніміз** заттың атын білдіретін сөздерді айамыз. Зат есімдерге **кім ? не? Кімдер ? нелер ?** деген сұрақтар қойылады.

2. Зат есім түрлері: негізгі және туынды болып бөлінеді.

3. Негізгі түбірден болған зат есімді **негізгі зат есім** дейміз.

Мысалы: ана , жер, көз.

4. Түбір сөзге жұрнақ жалғану арқылы жасалған зат есімді **туынды зат есім** дейміз. Мысалы: іскер, байлық, кезекші.

**II- деңгей тапсырмасы.**

1. Кісінің аты – жөні , жер – су аттары жан – жануарға қойылатын атаулар **жалқы есім** деп аталады.

Жалқы есім әр уақытта бас әріппен жазылады: Сәуле, Тараз, Ақтөс.

2. Жалқы есімдерден басқа зат есімдерді жалпы есімдер дейміз. Жалпы есімдер кіші әріппен жазылады.: көген , қазына , өзен , аққу, оқытушы.

**3. Ребус шешуі: оқулық.**

**III- деңгей тапсырмасы .**

1. Қала атауы: Алматы , Тараз , Астана , Арқалық, Атырау.

2. Зат есімді тәуелде. Мысалы : қарындаш , әке.

I. Менің қарындашым, әкем.

II. Сенің қарындашың , әкең.

Сіздің қарындашыңыз, әкеңіз.

III. Оның қарындашы, әкесі.

I. Біздің қарындашымыз, әкеміз.

II. Сендердің қарындаштарың, әкелерің.

Сіздердің қарындаштарыңыз, әкелеріңіз.

III. Олардың қарындаштары, әкелерер.

**IV- деңгей тапсырмасы .**

**Менің туған жерім**

Менің туып өскен жерім Тараз қаласы Байзақ ауданы Абай аулы . Мен ауылда оқып білім алдым . Біздің ауыл өте әдемі , айнала қоршаған жасыл- желек

, биік ағаштар мен бақтар. Сонымен қатар мұражай мен мәдениет үйі бар. Біз ол жерлерге мейрам, мерекелерде барып демалып қайтамыз. Өзімнің туып өскен жерім әр уақытта маған ыстық.

**Етістік тақырыбына байланысты берілген деңгейлік тапсырма :**

**1- деңгей тапсырмасы .**

1. Етістік дегеніміз не?
2. Етістік түрлерін ата.
3. Дара , күрделі етістік дегеніміз не?

**4. Жұмбақтың шешуін тап.**

1. Күн күледі, жер түледі.
2. Қалың киімді ұнатады,  
Шешіндірсең жылатады.

**II- деңгей тапсырмасы .**

**1. Берілген сөздерден сөйлем құрап жаз.**


- а) Жанында , бір мал, қораның, шөп, тұр.
- ә) Малдан , шықты, тауық.
- б) Ол , салыпты , ұя , маяға.
- в) Жүсіп , маяның , шықты , үстіне,
- г) Ол, алды, ұядан , жұмыртқа.

**2. Көп нүктенің орнына тиісті зат есімдерді қойып, сөйлемді көшіріп**

**жаз.**

.....кісінейді, ..... мөңірейді, .....  
ызыңдайды,  
.....үреді,.....қыңсылдайды,.....шықылықтайды.

**3. Тірек сызбаны толтыр.**



**III-деңгей тапсырмасы**

**1. Сөзжұмбақты шеш**

1. Ата – анаға қызының баласы кім болады?
2. Апан – апан , ескі шапан.  
Иір қобыз, жарық жұлдыз.
3. Иесі – сәби, өзі әрі төсек, әрі оған үй.
4. Қазақ халқы қыста жейтін етін не деп атайды.
5. Сұйық заттар құятын теріден жасалған ыдыс.
6. Жанұяға жаңадан мүше болып келген адам.



7.Тілі бар, үні жоқ,  
Өзін адам түсінген .  
Жүрегі бар да қаны жоқ,  
Сөйлеп тұрған ішінен .

**2. Жұмбақты шешіп , жаттап ал.**

Жерде жатып желіндейді,  
Күз түскенше желінбейді.  
Үндеместен төлдеп жатыр ,  
Су беріңдер шөлдеп жатыр.

**IV- деңгей тапсырмасы .**

Суретке қара. Сурет бойынша сөйлем құрастыр.

**«Әжейдің шеберлігі»**

.....  
.....  
.....

**Сын есім тақырыбына байланысты берілген деңгейлік тапсырма:**

**1- деңгей тапсырмасы .**

1. Сын есім дегеніміз не?

2.Мысал келтір.

3.Көп нүктенің орнына тиісті сын есімді қойып жаз.

..... бәтеңке , ..... тон, .....сай, .....айран,  
.....шие, ..... көше.

**Керекті сөздер:** қалың , жылы, ащы, терең, кең, тәтті.

4. Мақалды жатқа жаз.

1.Жақсы адам – елдің ырысы,

Жақсы жер – жанның тынысы.

2.Адам адамның аты арып , тоны тозбас.

1. Сын есімді тауып , оның қай сөзбен байланысып тұрғаныны сызбамен көрсет.

**II-деңгей тапсырмасы .**


1.Бір зат есімге қатысты бірнеше сын есім тауып жаз.

Мысалы : тақтай , көше , жылқы , кесе.

Үлгі : жалпақ

қалың

тегіс



тақтай

2. а) Жұмбақты оқы , шешуін тап.

ә) Сын есімнің астын ирек сызықпен, зат есімді түзу сызық сыз.

Үстіне тігін көк шатыр ,

Астында қызғылт дәу жатыр.

**3.Сөзжұмбақты шеш.**

1.Зат атауы.

2.Кітап қандай?

3.Сенім синонимі.

4..... ертеңі бітпес.

5.Өзен аты.

6. Бір аптада неше күн бар.

7.Қазақтың қос жұлдызы.

### **III-деңгей тапсырмасы.**

#### **Сын есім**

Жазық, арық, биік

Ашық, бойшаң, қысқа ,

Ащы, дәмді, сұр , жуас

Сын есімдерді тиісті зат есімдермен тіркестіріп көшіріп жаз.

#### **Зат есім.**

аспан, түйе, дала,

қымыз, қыз, сорпа ,

жіп, қой, тау, қоян.

### **2. Жаңылтпашты жатқа жаз.**

Үшкір тұмсық ,

Сұр шымшық .

Сордан ұшты,

Құрт шымшып.

1. Сын есімдердің астын ирек сызықпен сыз.

2. Олар заттың қандай белгісін білдіріп тұр?

### **IV-деңгей тапсырмасы .**

Ормандағы жан – жануарлар туралы қысқаша әңгіме жаз.

(олардың түсін , түрін сипатта).

Мысалы мына тақырыпта «**Ормандағы айлакер түлкі.**»

### **Сан есім тақырыбына байланысты берілген деңгейлік тапсырмалар:**

#### **1- деңгей тапсырмасы .**

1. Сан есім денегіміз не?

2. Мысал келтір.

3. Сөйлемді көшіріп жаз. Сан есімнің астын сыз . Оларға сұрақ қой.

Біз үшінші сыныпта оқимыз. Сыныпта жиырма бес оқушы бар.

Әр партада екі оқушы отырады. Мен екінші қатарда, бірінші партада отырамын.

4. Сан есімдерге **-ыншы , -інші** жұрнағының тиістісін жалға . Сонда оларға қандай сұрақ қойылады. Сөздерді қатыстырып сөйлем құра .

#### **Үш күн, екі үй, алты бала, жеті ата , тоғыз пәтер.**

Үлгі : үш күн – үшінші күн.

### **II-деңгей тапсырмасы .**

1. Санды сөзбен жаз. Оларды қатыстырып сөйлем құра.

5 , 6, 7 , 10, 20, 90.

18, 23, 54, 66, 77.

Үлгі : Мен бесінші сыныпта оқимын .

2. Көп нүктенің орнына тиісті сан есімдерді қойып көшіріп жаз. Сан есімдердің астын сыз.

Асқар ..... жаста. Ол ..... сыныпта оқиды. Ағасы оған ұнтаспа сыйлады. Ұнтаспа ..... теңге тұрады. Асқардың ағасы шопан. Ол ..... рет бәйге алды.

\* Сан есімлерді тап. Олардың астын сыз.

\* **Шопан, бәйге** сөздернің мағынасын түсіндір.

3.Мақалды жатқа жаз.

\*Ер бір рет өледі.

\* Қырық кісі бір жақ

Қорқақ мың рет өледі.

Қыңыр кісі бір жақ.

1.Сан есімді тап .

2.Мақалдың мағынасын ауызша түсіндір

3. **Қыңыр деген** сөздің мағынасын түсіндір.

**III- деңгейлік тапсырма .**

1.Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, көшіріп жаз.

Неше ? Қанша ?

Нешеу?

Бір

біреу

.....

.....

**Керекті сөздер:**

екі , үш, төрт , алты , жеті, екеу, үшеу, төртеу, бесеу, алтау, жетеу.

2. **Кел , ойнайық!**

Шифр : «е»- екі сөзінің бірінші әрпі , демек

Мысалы : е= 2 -1 (екі) ж =7 -1(жеті) і= 8-4 (сегіз) б = 5 – 1(бес)

**Тапсырма:**

2-2 7-4 3-2 7-4 5-1 6-1 6-2 6-1 10-2

9-4 1000-3 ұя 4-1 30-3 10-2 13-3 6-2 2-2

2-1 10-2 5-1 6-1 6-2 6-1 6-2 2-2 4-2

30-2 5-2 20-4 5-2 20-4.

\*Ребусты шешсең , мақал сөз шығады.

.....

**IV-деңгей.**

Зат есімдерді қатыстырып «**Біздің сынып**» тақырыбына эссе жаз.

**Қазақ тілі . 3 «а»- сынып .**

**Сабақтың тақырыбы:**

**Етістік .**

**Сабақтың мақсаты :**

<b>Білімділік :</b> Етістік сөз табы туралы толық теориялық білім беру.
Етістіктің негізгі лексикалық мағынасы мен қызметі туралы ұғымдарын кеңейту.
<b>Дамытушылық:</b> сөйлемді жүйелі құруға , өзінен қорытынды шығара білугі дағдыландыру , ойлау жүйесін дамыту , сөздік қорын молайту.
<b>Тәрбиелілік :</b> әдемі жазуға , мәнерлі сөйлеуге тәрбиелеу . Ұлттық ойын арқылы адамгершілікке тәрбиелеу.
<b>Сабақтың түрі :</b> аралас сабақ.
<b>Сабақтың әдісі :</b> әңгімелеу , түсіндіру , сұрақ – жауап , жазбаша жазу жұмыстары . Деңгейлеп оқыту технологиясы , «Қыз қуу» ойыны .
<b>Көрнекі құралдар :</b> тақырыпқа байланысты суреттер , ойын , деңгейлік тапсырма , тиым сөздер .

## С а б а қ т ы ң б а р ы с ы :

### I. Ұйымдастыру кезеңі.

Оқушыларды қазақ тілі сабағына даярлаймын.

Қазақ тілім -өз тілім- ана тілім,

Абай , Мұхтар сөйлеген дана тілім .

Қастерлейді ұл қызың мәңгі сені .

Болашағым , бақытым , дара тілім !

-міне , балалар кемеңгер , ғұлама ақындарымыз тілі – туған тіліміз қазақ тілі .

### II.Өткенді пысықтау.

а)Үй тапсырмасын тексеру .

ә)Өтілген материалды пысықтау.

-Ал, балалар үйге қандай тапсырма берілді ?

а)Үйге 350 – жаттығу , ереже жаттауға берілді .

#### 350 – жаттығу.

/Көп нүктенің орнына **асықпа** болымсыз етістігін өзгертіп жаз/.

Мен асықпадым.

Мен асықпаймын.

Сен .....

Сен .....

Сіз .....

Сіз .....

Ол .....

Ол .....

ә) «Қыз қуу » ойыны .

- Кәне , балалар ойын ойнайық . Ойын «қыз қуу » деп аталады. Ол жайында кім не біледі?

-«Қыз қуу» бұл үлкен тойларда ойналатын ойын түрі . Ержігіт қызды қуып жетіп бетінен сүйюі керек , ал жете алмаса қамшы жейді . Бұл ойын көбіне қазақтың кең даласында ойналады және «Наурыз мерекесінде » көптеп ойналады.

-Ал , енді осы ойынды біз сыныбымызда да ойнап көрейік!

- Балалар сендер қыздарды қуып жетер ме екенсіңдер , әлде қамшы жейсіңдерме осыны тамашалайық.

*Ойын шарты :*

Тақтадағы плакка салынған «Қыз қуу» ойынының суреті . Суреттің (атың үстінде қыз бен бала) астында конвертте тапсырмалар. Берілген тапсырмаларды алып , осыған жауап береміз. Егер жауап бере алмасақ, сіздің атыңыз жылжымай қалып отырады . **Іске сәт!**

**1- тапсырма .**

*Жаңылтпашты жатқа айт.*

**Ұл балаларға:**

Біздің ел күрішті

Күрішті оруға

Рысты - күрішті

Рысты кірісті.

**Қыздарға :**

Шежіреші кісі шежіре айтты,

Ішіндегі шежіресін шешіле айтты.

**2 – тапсырма.**

**Қыздарға:** Батыр туралы 3- мақал айт.

Батыр туса ел ырысы,  
Жаңбыр жауса жер ырысы.

**Ұл балаларға:** Қыздарға байланысты 3- мақал айт.  
Қыз өссе елдің көркі ,  
Гүл өссе жердің көркі.

**3- тапсырма.**

**Қыздарға:**

- 1.Етістік дегеніміз не?
- 2.Зат есім дегеніміз не?

**Ұл балаларға:**

- 1.Етістік негізгі және туынды болып бөлінеді . Ережесін айт.
- 2.Етістік болымды және болымсыз болып бөлінеді Ережесін айт.

**Ш.Жаңа сабақ .**

- Ал, балалар енді етістік туралы біз қаншалықты игергенімізді ары қарай жаттығулар және түрлі сұрақтар арқылы білеміз.

**\* Кітаппен жұмыс.**

*354 – жаттығу.*

- 1.Өлеңді мәнерлеп оқы. Етістіктерді тап , олардың болымды , болымсыз екенін айт. Өлеңнің болымсыз етістігі бар шумағын көшіріп жаз.

Ойыншықты шашпаймын,

Терезені ашпаймын.

Сыртқа шығып ойнасақ,

Қаздан қорқып қашпаймын.

• **Өздік жұмыс.**

Берілген етістіктерге тиісті жұрнақтарды жалғап болымсыз етістік жаса.

**Жібер, шақыр, ал, жап, төк, шық.**

**\*Есіңде болсын! Тиым сөздер.**

Көргенді жас , пәк бала,

Дастарханнан аттама!

Жоқ әдетті шығарма.

Түнде көлден су алма.

Мәнді сөзді тыңда

Малдың басын ұрма .

**Деңгейлік тапсырма.**

**1-деңгей.**

- 1.Етістік дегеніміз не?
- 2.Етістік түрлерін ата.
- 3.Негізгі және туынды етістік дегеніміз не?
- 4.Болымды және болымсыз етістік дегеніміз не ?

**2-деңгей.**

- 1.Сөйлемді көшіріп жаз. Етістік пен зат есімнің астын сыз.

**Үйректер көлге қонды.**

Олар жүзіп жүр. Болат үйректерге жақын келді.Үйректер оны көріп ұшып кетті.

2. Көп нүктенің орына **ы, і** әріптерінің тиістісін қойып , көшіріп жаз.  
Жұмбақтың шешуін тап .

Көтеріліп тең ..зден,  
Аспанға бес...к барам... н.  
Би... ктеп қайта түскенде,  
Өң... к...рер далан ... ң .

3. Болымды етістіктен , болымсыз етістік жаса.

Жаз – жазба	айт- .....
Ойна- .....	бар-.....
Күл -.....	кел-.....

### **3- деңгей.**

1. Берілген сөздерден 4- сөйлем құрап жаз.

Адамға , шыдамды , шөлге , түйе , өте, пайдалы , шипалы , шұбат , ол,  
сусын , ыстықта , суықта , жүре береді.

2. Ребусты шеш.

### **4- деңгей.**

Берілген сурет бойынша әңгіме құра., тақырып қой.

### **IV. Сабақты бекіту .**

Сөзжұмбақ шешіп көрейік **«Етістік».**

1. 9 –мамыр қандай күн.

2.Біреуді қарату мағынасында айтылған сөз.

3. Сөздің одан әрі бөлінбейтін бөлігі .

4.Бастауыш та, баяндауышта зат есімнен болса не қойылады?

5.Кім ? не? Деген сұраққа жауап беретін сөйлем мүшесі.

6.Зат есім түрі.

7.Дина Нұрпейісова кім?

### **V.Сабақты қорыту .**

Оқушылардың білімін бағалау.

### **VI. Үйге тапсырма .**

## 2. ҚАЗАҚ ТІЛІН МЕНГЕРТУДІ ДЕҢГЕЙЛІК ТАПСЫРМАЛАР АРҚЫЛЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

### 1-сынып

**Бөлім тақырыбы: Менің отбасым**

**Бөлімше тақырыбы: Бұл менің отбасым**

**Оқу мақсаты:** 1.2.1.1\* сөйлеу барысында танысу, өзі туралы айту және затты сипаттау үшін сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс қолдану


**Бағалау критерийі:**

-отбасы туралы айту және затты сипаттау үшін сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс қолданады.

**1-тапсырма. «Фразаларды аяқта»**



Мынау -менің отбасым. Мынау-менің әкем.Оның аты-Қайрат.Ол қамқоршы.Бұл-менің анам.Оның аты-Сәуле.Ол мейірімді. Бұл-менің ағам.Оның аты-Жандос. Ол ақылды.Бұл менің қарындасым-Айсұлу.Ол сүйкімді.



**2-тапсырма.Жұмбақты тыңда.**

Онда ата-анам тұрады,  
Ата-әже, бауырым.  
Бәрі бірге қосылып,  
Бір ұғымды құрады.

О					Ы
---	--	--	--	--	---

**Дескриптор:**


- мәтінді оқиды;
- сұраққа жауап береді;
- жұмбақтың шешуін табады.

**3-тапсырма. Тиісті әріпті қойып, отбасын толықтырыңыз.**

О...басы: ...та, ...же, ...к..., ...е...е, а...а, ...па, ...ні, с...ңл..., ш...бе...е.



**4-тапсырма.** Отбасында бір адамды сипатта.



**Дескриптор:**

- тиісті әріпті қойып, сөздерді толықтырады;
- отбасы мүшесін сипаттап айтады;
- сөздерді дұрыс қолданады.

**Бөлім тақырыбы:** Дені саудың-жаны сау

**Бөлімше тақырыбы:** Оң қолымда бес саусақ

**Оқу мақсаты:** 1.2.5.1\* оқыған/тыңдаған материал туралы "дұрыс/дұрыс емес", "ұнайды/ұнамайды" үлгісінде қарапайым пікір білдіру

1.4.5.1\* мұғалімнің қолдауымен ә, ө, ү, ұ, і, н, қ, ғ, һ әріптер кездесетін сөздерді анықтап, дұрыс жазу

**Бағалау критерийі:**

- тыңдаған материал бойынша «дұрыс/дұрыс емес» пікірін білдіреді;
- қазақ тіліне тән дыбыстар кездесетін сөздерді дұрыс жазады.

**1-тапсырма.** «Суреттен тап» әдісі бойынша дене мүшелерін суреттен көрсетеді.

	<p>Мынау – оң қолым. Мынау менің – сол қолым. Мынау- менің оң аяғым. Мынау – менің сол аяғым.</p>
--	---



**Дескриптор:**

- мәтінді оқиды;
- сөздерді қайталайды.

**2-тапсырма.** «Дұрыс-бұрыс» әдісі. Тыңда. Суреттегі заттарды анықта.

Оң қолымда күрек – *дұрыс!*

Сол қолымда кітап - *бұрыс!*

Оң қолымда доп – *бұрыс!*

Сол қолымда балта – *дұрыс!*

**Дескриптор:**

- мәтінді тыңдайды;
- дұрыс/бұрыс заттарды анықтайды.



**3-тапсырма.** «Аяқталмаған сөйлем» әдісі. «Қол, бес, саусақ» сөздерімен толықтыр.

- Алмабек, мынау қай қол?
- Оң қол.
- Мынау қай қол?
- сол \_\_\_\_\_
- Оң қолыңда неше саусақ бар?
- \_\_\_\_\_ саусақ.
- Сол қолыңда неше \_\_\_\_\_ бар?
- \_\_\_\_\_ саусақ.



**Дескриптор:**

- сөздерді бос орынға жазады;

**4-тапсырма.** «SMS хабарлама» әдісі

Хабарламаны оқы. Сөздерге түсіп қалған әріптерді жаз.

**К\_з,**  
**\_ол,**  
**Сауса\_**  
**Ая\_**

**Дескриптор:**

- әріптерді анықтайды;
- сөздерді толықтырып жазады

**Бөлім тақырыбы:** Дені саудың-жаны сау

**Бөлімше тақырыбы:** Менің шашым қара

**Оқу мақсаты:** 1.2.1.1 Сөйлеу барысында танысу, өзі туралы айту және затты сипаттау үшін сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс қолдану

**Бағалау критерийі:**

- Сөйлеу барысында сипаттау сөздері мен сөз тіркестерін орынды қолданады

### 1-тапсырма.

Іздермен жүріп отырып, өзін туралы айт.



### Дескриптор:

- ✓ өзін таныстыруда сипаттау сөздерді қолданады;
- ✓ сөйлеу барысында грамматикалық нормаларды сақтайды.

### 2-тапсырма. Мәтінді оқы.

Бұл – менің досым Әнел. Әнелдің шашы ұзын. Оның шашы қара. Мынау – менің ағам Қанат. Оның шашы қысқа. Қанаттың шашы қоңыр. Менің шашым ұзын. *Сенің шашың ұзын ба, қысқа ма?*

### 3-тапсырма. «Оның шашы қандай?» деген сұраққа жауап бер.



### 4-тапсырма. Жұбыңа қара. Сұрақтарға жауап бер.

- Оның көзінің түсі қандай?
- Оның шашының түсі қандай?
- Оның шашы ұзын ба, қысқа ма?
- Оның шашы қалың ба, жұқа ма?
- Оның мұрны үлкен бе, кішкентай ма?
- Оның беті таза ма, кір ме?
- Оның саусағы ұзын ба, қысқа ма?

### Дескриптор:

- ✓ мәтінді түсініп оқиды;

✓ сұраққа жауап береді.

**Бөлім тақырыбы:** Дені саудың-жаны сау

**Бөлімше тақырыбы:** Сен не істейсің?

**Оқу мақсаты:** 1.1.1.1\* хабарлау, сұрау мақсатында баяу және анық айтылған сөзді зейін қойып тыңдау, түсіну және тиісінше іс-әрекет жасау (қимыл, ым ишараны қолдану)

1.4.1.1\* мұғалімнің қолдауымен тақырыпқа қатысты сөздер, сөзбалар, суреттерді қолданып, постер/сөйлемді суретпен толықтырып жазу


**Бағалау критерийі:**

- анық айтылған сөзді зейін қойып тыңдайды;
- іс-әрекетті білдіретін сөздерді орынды қолданады;
- сөйлемді суретпен толықтырып жазады.

**1-тапсырма.** Суретке қара. Сұраққа жауап бер.



**2-тапсырма.** Суретке қара. Жаттығудың пайдасы туралы айт.




**Дескриптор:**

- ✓ сурет бойынша сұраққа жауап береді;
- ✓ жаттығудың пайдасы туралы айтады.

**3-тапсырма.** Іс-әрекетті білдіретін сөйлемдерді көрсет.

1. Мен билеймін.
2. Сен кітап оқисың.
3. Ол сурет салады.
4. Мен-оқушымын.
5. Айдос- менің досым.

**4-тапсырма.** Суретке қара. Іс-әрекетке қарап, сөйлем құрастырып жаз.



**Дескриптор:**

- ✓ іс-әрекетті білдіретін сөйлемдерді анықтайды;
- ✓ сурет бойынша сөйлем құрайды.

**Бөлім тақырыбы: Өзім туралы**

**Бөлімше тақырыбы: Неше?**

**Оқу мақсаты:** 1.5.1.1\* мұғалімнің қолдауымен заттың атын/сынын/санын/іс-қимылын білдіретін сөздерді ауызша тілде қолдану

**Бағалау критерийі:**

-заттың санын білдіретін сөздерді ауызша орынды қолданады.

**1-тапсырма.** Тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

Ертеде бір атаның жеті ұлы болыпты. Атаның жеті ұлы болыпты. Олар санауды білмейді екен. Атасы торкөздегі сандарды ретімен орнына қойыңдар,- деп тапсырма беріпті.


- ✓ Атаның неше ұлы болды?
- ✓ Атаның ұлдары нені білмеді?
- ✓ Ата ұлдарына қандай тапсырма берді?

бес	
жеті	
үш	
он	
сегіз	
бір	1
алты	
төрт	
екі	
тоғыз	

**2-тапсырма.** Оқы. Жылдам сана.

**Санамақ ойыны**

Кел, санайық, санайық  
 Санайық та табайық.  
 Ойын аты санамақ  
 Жаңылмай біз санайық.




**Дескриптор:**

- ✓ мәтін бойынша сұраққа
- ✓ жұмбақтың шешуін табады.

жауап береді;



### 3-тапсырма. Сандарды сәйкестендір.



1
2
3
4
5
6
7
8
9
10



4-тапсырма. Суретке қара.

Диалог құра.

Сенің неше

Менің бар?

бар.

1		— Ң
2		— Ң
3		— іҢ
4		— ыҢ
5		— ыҢ
6		— ыҢ
7		— ыҢ
8		— ыҢ
9		— ыҢ
10		— Ң

### Дескриптор:

- ✓ сандарды сәйкестендіреді;
- ✓ жұбымен диалог құрады.

**Бөлім тақырыбы: Тағам мен сусын**

**Бөлімше тақырыбы: Мен тамақ жеймін**

**Оқу мақсаты:** 1.2.5.1\* оқыған/тыңдаған материал туралы "дұрыс/дұрыс емес", "ұнайды/ұнамайды" үлгісінде қарапайым пікір білдіру

1.5.1.2\* мұғалімнің қолдауымен көптік/тәуелдік/жіктік/септік жалғауларын ауызша тілде қолдану

**Бағалау критерийі:**

\*тыңдаған материал туралы "жеймін/жемеймін" үлгісінде қарапайым пікір білдіреді;

\* мұғалімнің қолдауымен септік жалғауларын ауызша орынды қолданады.

## Тапсырма

**1-тапсырма.** Тағамдарды анықта.

Саяға тағамдарды себетке салуға көмектес. Тағамдарды қай себетке саласың?  
Ойынды түсіндір.

нан, айран, қуырдақ, тоқаш, қияр, ірімшік, орамжапырақ, май, бәліш, қаймақ, сәбіз, қазы, бауырсақ, қызанақ, шұжық, сүт, құрт.

			
көкөністер	сүт тағамдары	ет тағамдары	ұн тағамдары

**2-тапсырма.** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойып жаз.

Таңғы асқа ... -ні, ... -н жеймін.

Түскі асқа ... -ны ішемін, ... -н жеймін.

Кешкі асқа ...-ты, ... -ны жеймін.

*Қажетті сөздер:* сорпа, картоп езбесі, жұмыртқа, шұжық, сүзбе, күріш ботқасы.

**Дескриптор:**

- ✓ тағамдарды анықтайды;
- ✓ көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойып жазады.

**3-тапсырма.** Суретке қара. Диалог құрастыр.



**4-тапсырма.** Суретке қара. Сөйлем құра.

Сен таңғы асқа не жейсің?



**Дескриптор:**

- ✓ жұбымен сөйлеседі;
- ✓ сурет бойынша 2-3 сөйлем құрастырады;

**Бөлім тақырыбы: Тағам мен сусын**

**Бөлімше тақырыбы: Мен жеміс жеймін**

**Оқу мақсаты:** 1.2.6.1 Мұғалімнің қолдауымен ә, ө, ү, ұ, і, н, қ, ғ, һ дыбыстарын артикуляциялау.

**Бағалау критерийі:**

- Төл дыбыстары бар сөздерді дұрыс айтады;
- Төл дыбыстары бар сөздерді жазады.

**1-тапсырма**

Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып жаз. Сөздерді оқы.



алм... рт



та... құрай



с...біз



...рік



ж...зім



қызана...



жаң...ақ



жүгер...

**Дескриптор:**

- көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қояды;
- төл дыбыстарды дұрыс айтады;
- сөздерді қатесіз жазады.

**2-тапсырма.** Суреттегі заттардың атын қатыстырып, «Қандай тамаша ....!» деп айт.





**3-тапсырма.** Сұраққа жауап бер.

Денің сау болсын десен не істеу керек?  
Хотите быть здоровыми? А что для этого нужно делать?



**Дескриптор:**

- суреттегі заттардың атын қатыстырып жауап береді;
- сұраққа жауап береді.

**Бөлім тақырыбы: Тағам мен сусын**



**Бөлімше тақырыбы: Мен шырын ішемін**

**Оқу мақсаты:** 1.2.5.1\* оқыған/тыңдаған материал туралы "дұрыс/дұрыс емес", "ұнайды/ұнамайды" үлгісінде қарапайым пікір білдіру

**Бағалау критерийі:**

- тыңдаған материал бойынша «дұрыс/дұрыс емес» пікірін білдіреді;

**1-тапсырма.** Суретке қара. Қажетті сөзді қойып айт.



**2-тапсырма.** Суретке қара. Жауап бер.

**ОЛ НЕ ІШЕДІ?**





**Дескриптор:**

- сурет бойынша қажетті сөздерді табады ;
- сұраққа жауап береді.

**3-тапсырма.** Сызба бойынша сөйлемдер құрап жаз.



- ЫСТЫҚ
- САЛҚЫН
- ҚАРА
- КӨК

ішемін

ішпеймін



**4-тапсырма.** Суретке қарап әңгімеле.



**Дескриптор:**

- сызба бойынша сөйлемдер құрап жазады;
- сурет бойынша әңгімелейді.

**Бөлім тақырыбы: Дені саудың жаны сау**

**Бөлімше тақырыбы: Киімдер**

**Оқу мақсаты:** 1.2.5.1\* оқыған/тыңдаған материал туралы "дұрыс/дұрыс емес", "ұнайды/ұнамайды" үлгісінде қарапайым пікірін білдіру.

**Бағалау критерийі:**

- \* тыңдаған материал туралы "дұрыс/дұрыс емес" анықтайды;
- \* "ұнайды/ұнамайды" үлгісінде өз пікірін білдіреді.

**1-тапсырма.** Ойлан! Суретке қара.

Ақылбек мектепке жиналды.


Ол қандай киім кию керек?

Ақылбекке көмектес.

*Тірек сөздер:* белдік, күрте, шалбар, көйлек



**2-тапсырма.** Мәтінді тыңда. Тапсырманың дұрыс, бұрыстығын анықта.



- |   |               |
|---|---------------|
| ✚ Олар анасымен киім дүкеніне келді.    | (дұрыс/бұрыс) |
| ✚ Анасы Маратқа шалбарды кигізіп көрді. | (дұрыс/бұрыс) |
| ✚ Маратқа жейде ұнады.                  | (дұрыс/бұрыс) |
| ✚ Сатушы оған жарасатынын айтты.        | (дұрыс/бұрыс) |

**Дескриптор:**

- сұраққа жауап береді;
- сөйлемнің "дұрыс/дұрыс емес" анықтайды.

**3-тапсырма.** «Сымсыз телефон» ойыны. Суретке қара.

Қандай киім ұнайтынын бір-біріңе сыбырлап айтыңдар.





**4-тапсырма.** Оқы. Өлеңдегі киімдерді ата.

Қыс келді ғой, алақай!  
 Жүр ойнайық, балақай!  
 Қорқасың ба суықтан?  
 Басыңа ки малақай!  
 Қолыңа ки қолғапты,  
 Қолың сонда тоңбайды.  
 Етік болса аяқта,  
 Аяз қауіп болмайды.

*Б.Кәпбосынов*



**Дескриптор:**

- жұбымен диалог құрады;
- мәтіндегі киімдерді атайды.

**Бөлім тақырыбы:** Саяхат

**Бөлімше тақырыбы:** Ол қайда барады?

**Оқу мақсаты:** 1.4.1.1\* мұғалімнің қолдауымен тақырыпқа қатысты сөздер, сызбалар, суреттерді қолданып, постер/сөйлемді суретпен толықтырып жазу

**Бағалау критерийі:**

- \* тақырыпқа қатысты сөздерді орынды қолданады;
- \* сөйлемді суретпен толықтырып жазады.

**1-тапсырма.** Суретке қара. Демалысты қалай өткіземіз?

Демалысты тауда өткіземіз.

Табиғатқа шығайық!

Тамаша! Маған ұнайды.



**2-тапсырма.** Сен сөйлес.

Тауды суретке түсіремін.

келісесің бе? Жұбыңмен

- Демалысты отбасымен өткізу керек.
- Табиғатқа шығу керек.
- Табиғатта қоқыс тастауға болады.



**Дескриптор:**

- үлгі бойынша сұраққа жауап береді;
- жұбымен сөйлеседі.

**3-тапсырма.** Анықта. Үлгі бойынша жаз.

*Саяхатта заттардың қайсысы қажет?*



*Үлгі.* Маған арақапшық керек.

**4-тапсырма.** Ойлан. Жасырынған сөзді анықта.



М	Т	Е	Ң	І	З	О
С	А	К	Е	Е	Р	Р
А	У	С	Н	О	Н	М
Ф	У	М	Д	А	Л	А
О	Р	К	А	М	Р	Н
Т	Т	Ө	А	Т	Р	Л
Т	М	Л	А	Р	Р	С

**Дескриптор:**

- үлгі бойынша сөйлем құрап жазады;
- жасырынған сөздерді табады.

**Бөлім тақырыбы:** Қоршаған әлем

**Бөлімше тақырыбы:** Сурет саламын


**Оқу мақсаты:** 1.4.2.1 Оқыған / аудио/ бейнематериалдарда кездескен таныс атауларды жазу.

**Бағалау критерийі:**

- тыңдаған/ оқыған/ көрген материалдардың негізінде заттардың атауларын жазады.

**1-тапсырма**

Ертегі кейіпкерлерінің атауын жаз. Оларды боя.



**Дескриптор:**

- ертегі кейіпкерлерінің атауын дұрыс жазады;
- сөздерді сауатты, көркем жазады.



**2-тапсырма.** Суретке қара. Сөйлем құрап жаз.



### 3-тапсырма. «Қуыршақ театры» ойыны.

Үйден өзің қалаған екі кейіпкердің суретін салып, оны қиып алып кел. Осы екі кейіпкерді өзара сөйлестір. Олар бірі-бірімен сәлемдессін, таныссын. Бір-бірінен ненің суретін салғанын сұрасын.

### 4-тапсырма. Сөзді суретпен сәйкестендір.



бұлт

гүл

арыстан

тау

#### Дескриптор:

- сөйлем құрап жазады;
- жұбымен сөйлеседі;
- сөзді суретпен сәйкестендіреді.

**Бөлім тақырыбы: Менің мектебім**

**Бөлімше тақырыбы: Мектепте**

**Оқу мақсаты:** 1.2.3.1 сұхбаттасының не туралы айтқанын түсіну және үлгі бойынша жауап беру

1.5.1.3\* сөйлеу барысында мұғалімнің қолдауымен етістіктің шақтарын, бұйрық рай, болымды/болымсыз етістікті қолдану

#### Бағалау критерийі:

- жұбының сұрағына жауап береді;
- бұйрық рай, болымды/болымсыз етістікті қолданады.

**1-тапсырма.** Сұраққа жауап бер.

*Сен мектепте не істейсің?*




сөйлеймін

тыңдаймын

жазамын

оқимын

**2-тапсырма.** Көршіңен суреттегі заттарды қаламсауытқа салуға бұйрық бер.



**Дескриптор:**

-сұраққа жауап береді;

-суреттегі заттарды бұйыру мағынасында қолданады.

**3-тапсырма.** Сөйлемдерді оқы. Өзіңе қатысын белгіле.

- ✚ Үзіліс –демалатын уақыт.
- ✚ Үзіліс-асханаға баратын уақыт.
- ✚ Үзіліс-ойнайтын уақыт.
- ✚ Үзіліс-сабақ қайталайтын уақыт.
- ✚ Үзіліс-анама хабарласатын уақыт.
- ✚ Үзіліс-кітапханаға баратын уақыт.

**4-тапсырма.** Суретке қара. Сөйлем құрап жаз.

**Қажетті сөздер:** тебемін, ойнаймын, жүгіремін, секіремін.

*Үлгі:* Мен велосипед тебемін.



**Дескриптор:**

- өзіне қатысты сөйлемді оқиды;
- сурет бойынша сөйлем құрайды.

**Бөлім тақырыбы: Менің мектебім**

**Бөлімше тақырыбы: Қызыл қарындаш**

**Оқу мақсаты:** 1.1.1.1\* хабарлау, сұрау мақсатында баяу және анық айтылған сөзді зейін қойып тыңдау, түсіну және тиісінше іс-әрекет жасау (қимыл, ым-ишараны қолдану);

1.2.1.1\* сөйлеу барысында танысу, өзі туралы айту және затты сипаттау үшін сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс қолдану;

**Бағалау критерийі:**

- түстерді атай алады;
- затты сипаттау үшін сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс қолданады.

**1-тапсырма.** Суретке қара. Сұраққа жауап бер.

**Бұл қандай қарындаш?**



**2-тапсырма.** Суреттегі балалардың әрқайсысына екі қарындаш керек. Кімге қандай қарындаш керек екенін айт.

**Үлгі:** Әнелге жасыл және сұр қарындаш керек.




**Дескриптор:**

- сұраққа жауап береді;
- жұбына не керек екенін түсіндіреді.

**3-тапсырма.** «Кемпірқосақ» әдісі. Түстерді кима қағаздар көмегімен сәйкестендіріп, кемпірқосақты құрастырады.





**Дескриптор:**

- түстерді біледі
- түстерді ажыратады
- кемпіркосақ түстерін ретімен орналастырады.

**4-тапсырма. «Бұл кімнің қаламы?» ойыны.**

Аты жазылған бірнеше қалам мен қарындаш үстел үстінде жатады. Екі оқушы ортаға шығады. Бірінші оқушы «Бұл не? Оның түсі қандай? Бұл кімнің қаламы?» деп сұрайды. Екінші оқушы заттың аты мен түсін атап, кімнің қарындашы екенін айтады. Қаламдардың ішінде міндетті түрде тақтаға шыққан екі оқушының қаламы болуы керек. Оқушы өзінікін айтқанда «менің», досының қаламын көрсеткенде «сенің», үшінші бір баланың қаламын көрсеткенде «оның» сөздерін қолданып айтуы тиіс.

2-сынып  
№1

Тақырыбы:	Мәтін дегеніміз не?
Бөлім	Оқылым, жазылым
Оқу мақсаты:	2.2.3.1 мәтін мазмұнын анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру 2.3.3.1* оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша мұғалімнің көмегімен жоспар құру және тірек сөздерді пайдалана отырып, шағын мәтін жазу
Сабақ мақсаты: (бағалау критерийі)	Мәтін мазмұнын анықтауға бағытталған сұрақтар құрастырады және жауап береді. Оқыған ертегісі бойынша мұғалімнің көмегімен жоспар құрады және тірек сөздерді қолданып, шағын мәтін жазады

Деңгейлік тапсырма



**Жұпттық жұмыс. «Сұрақтар тізбегі» әдісі.**

Жалқау айдаһар.

Айдаһар бүгін ұйықтап қалды. Сабақтан кешікті. Түнде телефон ойнаған. Анасы айдаһарға ақыл айтты. Кітап оқы, жалқау болма!-деді. Таңертең айдаһар тағы ұйықтап қалды. Әкесі қаһарлы дауыспен: «Телефонды әкел»-деді. Айдаһар жерге қарады. Мен енді жалқау болмаймын деді.

1-тапсырма

**Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар құрастырындар және жауап беріндер.**

Дескриптор

Ертегі бойынша сұрақ құрастырады

Сұрақтарға жауап береді

2-тапсырма

**Берілген жоспар бойынша және тірек сөздерді пайдаланып, шағын мәтін жазындар**

Тірек сөздер: айдаһар, телефон, ойын, анасы,әкесі, ұйықтап қалу

Жоспар

Шағын мәтін жаз

Айдаһар сабақтан не үшін кешікті?

Анасы қандай ақыл айтты?

Әкесі неге қаһарланды?

Айдаһар қандай уәде берді?

Дескриптор

Тірек сөздерді қолданады

Сөйлемдер құрастырады

Сөйлемдерді бір-бірімен байланыстырады

3-тапсырма

**Ертегі бойынша өз беттеріңше жоспар құрындар. Тірек сөздерді пайдаланып, шағын мәтін жазындар.**

Тірек сөздер: айдаһар, телефон, ойын, анасы,әкесі, ұйықтап қалу

Дескриптор

Ертегі бойынша өз бетінше жоспар құрады

Тірек сөздерді қолданады

Сөйлемдер құрайды

Сөйлемдерді бір-бірімен байланыстырады

Қалыптастырушы бағалау: Өзін-өзі бағалау



**Педагогке әдістемелік көмек:**

Лексикалық тақырып «Мәтін дегеніміз не?» болғандықтан және қазақ тілі пәнінің ерекшелігін ескеріп ұзақ мерзімді жоспардан «2.2.3.1 мәтін мазмұнын анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру беру, 2.3.3.1\* оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша мұғалімнің көмегімен жоспар құру және тірек сөздерді пайдалана отырып, шағын мәтін жазу» оқылым және жазылым оқу мақсаттары таңдалып алынды. Оқу мақсатына қол жеткізу үшін мақсатқа сәйкес дағдыларды игерту мақсатында тапсырманы оқушылардың жеке қажеттіліктерін ескеріп құрдым. Мәтіннің мазмұны құндылықтарға бағытталған. Оқушы мәтінді оқи отырып, кітап оқудың пайдалы екенін, еріншектік жаман әдет екенін түсінеді. Мәтін мазмұны бойынша сұрақ құрастыру арқылы, тірек сөздермен шағын мәтін жазу барысында мәтіндегі ақпаратпен жұмыс жасау дағдысы қалыптасады. Жоспар

құра отырып, мәтіндегі ақпараттарды интерпретациялау дағдысы дамиды. Тапсырманы орындауға қызықтыру мақсатында жұптасып орындау үшін «Сұрақтар тізбегі» әдісін таңдадым. Себебі, оқу мақсатында оқушының сұрақ құрастыру оған жауап беру дағдысын дамыту көзделіп отыр. Сұрақ құрастыру, мәтін құрау, жоспар құру күрделі дағдылар болғандықтан, бірлесіп жұпта орындау жұмысты жеңілдетеді. Дескриптор тапсырманы орындау алгоритімі. Әрбір дескрипторды тапсырманың орындалу қадамдарын ескере отырып құрдым. Бұл оқушының өзін-өзі нақты әрі әділ бағалауына ықпал етеді.

## №2

Тақырыбы:	Мәтіннің тақырыбы және мәтіндегі негізгі ой дегеніміз не?
Бөлім	Оқылым, тыңдалым мен айтылым
Оқу мақсаты:	2.2.4.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтау 2.3.5.1 жіберілген пунктуациялық, орфографиялық қателерді мұғалімнің көмегімен тауып түзету және құрастырған сөйлемін толықтыру
Сабақ мақсаты: (бағалау критерийі)	Мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтап айтады. Сөйлемдегі тыныс белгілеріндегі қателерді мұғалімнің көмегімен тауып түзетеді және сөйлемді толықтырады

Деңгейлік тапсырма



### Жеке жұмыс. «Анықта» әдісі.

Бірде орманда жарық өшіп қалыпты. Барлық аңдар қараңғыдан қорқады. Маймыл «Қорықпаңдар жарық сымдары үзілген болар», - дейді. Бағанаға шығып сымды жалғайды. Орман жап-жарық болады. Аңдардың барлығы қуанады. Монтёр маймылға алғыс айтады.

Маймыл қандай жанашыр жануар!

1-тапсырма

**Мәтін мазмұнына сәйкес келетінін тақырыпты тап. Мәтіннен негізгі ойды білдіретін сөйлемді қоршап сыз.**

Орманда



Монтёр маймыл



Қорқақ маймыл

Дескриптор

Сәйкес тақырыпты табады

Негізгі ойды білдіретін қатарды қоршайды

2-тапсырма



### Жұптық жұмыс. «Қате қайда?» ойыны

**Сөйлемдегі тыныс белгілерін түзетіндер және сөйлемді толықтырып жазыңдар**

Аңдардың барлығы қуанады, Монтёр маймылға   ?

Дескриптор

Нүктені қояды

Сөйлемді толықтырып жазады

3-тапсырма



**Топтық жұмыс. Мәтінге тақырып қойындар. Негізгі ойын тауып айтындар.**

Дескриптор

Мәтіннің мазмұны бойынша тақырыбын қояды

Мәтіннің мазмұны бойынша негізгі ойды анықтап айтады

Қалыптастырушы бағалау: Өзін-өзі бағалау



**Педагогке әдістемелік көмек:**

Мәтіннің тақырыбы және мәтіндегі негізгі ой дегеніміз не? лексикалық тақырыбына негіздеп, оқылым және тыңдалым мен айтылым бөлімінен «2.2.4.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтау. 2.3.5.1 жіберілген пунктуациялық, орфографиялық қателерді мұғалімнің көмегімен тауып түзету және құрастырған сөйлемін толықтыру» оқу мақсаттарын таңдадым. Бұл мақсаттарды таңдау себебім, оқу мақсатында көрсетілген дағдыларын қалыптастырып дамыту. Мақсатқа жету үшін құндылыққа негізделген қызықты, шағын мәтін таңдадым. Бұл мәтіннен білім алушылар жанашырлық, бір-біріне көмек беру сияқты адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіреді. Алдымен «Анықта» әдісі арқылы жеке жұмыс ұйымдастырдым. Білім алушылардың қажеттілігін ескеріп мәтінге дайын тақырыптар бере отырып, мәтін мазмұнына сәйкес тақырыпты табуды және негізгі ойын қоршап сызуын жоспарладым. Мұнда тапсырманы оқу мақсатына негіздей отырып, барлық оқушы жасай алатындай жеңілдетіп бердім. Келесі тапсырмада «Қате қайда?» ойынын жұпта орындауға, яғни, тапсырманың күрделілік деңгейін ескере отырып, сөйлемдегі тыныс белгілерінде жіберілген қателерді бірлесіп түзетуге тапсырма жоспарладым. Топтық тапсырманы мұғалімнің көмегін қажет етпейтін оқушылар үшін жоспарладым. Олар өз беттерінше мәтінге тақырып қояды, негізгі ойын мұғалімнің көмегінсіз өздері анықтап айтады. Жоспарланған тапсырмаларда білім алушылар мәтінмен жұмыс жасау арқылы ақпаратты табу, оны ықпалдастыру дағдылары дамиды. Яғни, бұл дағдылар оқу сауаттылық дағдыларының дамуына ықпал етеді. Дескрипторды әр тапсырмаға құрадым. Себебі, дескриптор тапсырманың орындалу қадамы болып табылады. Нақты құрылған дескриптор тапсырманың нәтижелі орындалуына ықпал етеді. Бұл тапсырмада білім алушы өзін-өзі бағалайды.

### №3

Тақырыбы:

Мәтіннің құрылымдық бөліктері

Бөлім

Оқылым, жазылым

Оқу мақсаты:

2.2.1.1\* сұрақ қою арқылы (не істеді? қандай? неліктен?) мәтін түрлерін (әңгімелеу/сипаттау/пайымдау) және құрылымдық бөліктерін (басы, негізгі бөлім, соңы) анықтау  
2.3.4.1 мұғалімнің көмегімен тірек сөздерді, сөйлем, суреттерді пайдаланып, қарапайым постер, құттықтау,

нұсқаулық (бұйым жасау нұсқаулығы, қауіпсіздік ережесі)  
құрастыру

Сабақ мақсаты:  
(бағалау критерийі)

Мәтіннің құрылымдық бөліктері басы, негізгі бөлім, соңын анықтап айтады. Мұғалімнің көмегімен сөйлемдерді және суреттерді пайдаланып, туған күнге құттықтау құрастырып жазады

Деңгейлік тапсырма



**Жұптық жұмыс. «Ретін көрсет» әдісі.**

Ақылды дельфин.

Теңізде кеме келе жатты.

Бір уақытта кеме жолдан адасты. Кеме командирі қатты қорықты. Сол кезде кеме алдынан дельфин шыға келді. «Менің артымнан жүр», - дегендей дельфин алға жүзе жөнелді. Кемедегі адамдар қатты қуанады. Дельфин оларға жол тауып берді.

Қандай ақылды дельфин!

1-тапсырма

**Жұпта ертегінің құрылымдық бөліктерін анықтап, ретімен орналастыр.**

Қандай ақылды дельфин!

Бір уақытта кеме жолдан адасты. Кеме командирі қатты қорықты. Сол кезде кеме алдынан дельфин шыға келді. «Менің артымнан жүр», - дегендей дельфин алға жүзе жөнелді. Кемедегі адамдар қатты қуанады. Дельфин оларға жол тауып берді.

Теңізде кеме келе жатты.

Қалыптастырушы бағалау: Өзін-өзі бағалау

Дескриптор

Ертегінің басын табады

Негізгі бөлімін табады

Соңын анықтап табады

Бөліктерін ретімен орналастырады

2-тапсырма

**Жеке жұмыс. «Құрастыр» әдісі**

**Үлгіге қарап, досыңа құттықтау хат құрастырып жаз.**

Досым Айбек!  
Туған күніңмен құттықтаймын!  
Саған денсаулық тілеймін!  
Досың Самат

Дескриптор

Құттықтау хаттың басын жазады

Негізгі бөлімін жазады

Соңын жазады



[www.pinterest.com](http://www.pinterest.com)

3-тапсырма

**Суретке қарап досыңа құттықтау хат құрастырып жаз. Құттықтау хаттың басы, негізгі бөлім, соңын тауып айтыңдар.**

Дескриптор

Сурет бойынша құттықтау хат жазады

Құттықтау хаттың басы табады

Негізгі бөлімін табады

Соңын тауып айтады

Қалыптастырушы бағалау: Өзін-өзі бағалау



**Педагогке әдістемелік көмек:**

«Мәтіннің құрылымдық бөліктері» лексикалық тақырыбын және қазақ тілі пәнінің ерекшелігін ескеріп, оқылым, жазылым бөлімдерінен «2.2.1.1\* сұрақ қою арқылы (не істеді? қандай? неліктен?) мәтін түрлерін (әңгімелеу/сипаттау/пайымдау) және құрылымдық бөліктерін (басы, негізгі бөлім, соңы) анықтау. 2.3.4.1 мұғалімнің көмегімен тірек сөздерді, сөйлем, суреттерді пайдаланып, қарапайым постер, құттықтау, нұсқаулық (бұйым жасау нұсқаулығы, қауіпсіздік ережесі) құрастыру» оқу мақсаттарын таңдап алдым. Бүгін білім алушы мәтіннің құрылымдық бөліктерін анықтауды үйренуі тиіс, сондықтан дәл осы мақсаттар таңдалды. Мақсатқа жету үшін алдымен білім алушылардың әртүрлі қажеттіліктерін ескеріп тапсырма құруды жоспарладым. Жұптар «Ретін көрсет» әдісін қолданып, берілген мәтін бөліктерін мәтін мазмұнына қарай реттестіріп қояды. Мәтіннің құрылымдық бөлігін анықтау күрделі процесс болғандықтан, тапсырманы бірлесіп жұпта орындауды жоспарладым. Мәтіннің мазмұны құндылыққа бағытталған. Мейірімділік, жанашырлық тек адамдарда ғана емес, жануарлардың бойынан да табылатынын түсінеді және тәлім алады. Мәтінмен жұмыста ақпаратты іздеу дағдысы қалыптасады. Мысалы, дәл осы тапсырмада мәтіннің құрылымдық бөліктерін табады және оны ретімен орналастырады. Ретімен орналастыру оқу сауаттылық дағдыларының ақпаратты интегралдау яғни, біріктіру дағдысын дамытуды көздейді. Келесі тапсырманы жеке орындатуды жоспарладым. Бұл шығармашылық тапсырма, сондықтан әр оқушы өзінің шығармашылық қабілетін дамытуы тиіс. Білім алушылардың қажеттілігін ескеріп, алдымен құттықтау хатты жазу үшін «Құрастыр» әдісі арқылы үлгі ұсынуды жоспарладым. Үлгіге қарап, досына құттықтау жазады. Ал, келесі тапсырманы мұғалімнің көмегін қажет етпейтін білім алушылар үшін құттықтау хатты сурет бойынша өз беттерінше құрастырып жазуға тапсырма жоспарладым.

Дескрипторды әр тапсырмаға жеке-жеке құрап жаздым. Себебі, әр тапсырма қажеттілігі әртүрлі оқушыларға арналған. Білім алушылар өзін-өзі бағалайды.

#### №4

Тақырыбы:	Мәтіннің құрылымдық бөліктері
Бөлім	Оқылым
Оқу мақсаты:	2.2.1.1* сұрақ қою арқылы (не істеді? қандай? неліктен?) мәтін түрлерін (әңгімелеу/сипаттау/пайымдау) және құрылымдық бөліктерін (басы, негізгі бөлім, соңы) анықтау
Сабақ мақсаты: (бағалау критерийі)	Мәтіннің құрылымдық бөліктері басы, негізгі бөлім, соңын анықтап айтады.

Деңгейлік тапсырма



#### Топтық жұмыс. «Орнын тап» ойыны

Велосипед мінген пингвин.

Анасы бала пингвинге велосипед сатып әперді.

«Абайла, арнайы велосипед жолымен жүр»,-деді. Пингвин бар сақтықты ұмытты. Жолда келе жатқан автобус, трамвайдан қорықпады. Бағдаршамның түстеріне де қарамады. Бір кезде жолдан өтіп жатқан балапандарды көрді. Тоқтағысы келді, бірақ қатты жылдамдықпен тоқтай алмады. Үлкен ағашқа соғылды. Велосипеді сынып қалды. Анасы оны дәрігерге апарды.

Үлкендерді тыңдау керек.

1-тапсырма



#### Топта мәтіннің басы, негізгі бөлімін, соңын сандарды қою арқылы ретін анықта.

○	○	○
Үлкендерді тыңдау керек.	«Абайла, арнайы велосипед жолымен жүр»,-деді. Пингвин бар сақтықты ұмытты. Жолда келе жатқан автобус, трамвайдан қорықпады. Бағдаршамның түстеріне де қарамады. Бір кезде жолдан өтіп жатқан балапандарды көрді. Тоқтағысы келді, бірақ қатты жылдамдықпен тоқтай алмады. Үлкен ағашқа соғылды. Велосипеді сынып қалды. Анасы оны дәрігерге апарды.	Анасы бала пингвинге велосипед сатып әперді.

Дескриптор

Мәтіннің басын табады

Негізгі бөлімін табады

Соңын табады

Сандарды ретімен қойып орналастырады

2-тапсырма



#### Жұптық жұмыс «Карта» ойыны.



**Жұптасып берілген карталардағы мәтін бөліктерін оқы. Мәтіннің басы, негізгі бөлімі, соңын анықтап ретімен қойыңдар.**

Дескриптор

Картадан мәтіннің басын табады

Негізгі бөлімін табады

Соңын анықтап табады

Мәтінді ретімен қояды



3-тапсырма.

**Жеке жұмыс. «Араласқан оқиғалар» әдісі.**

**Араласқан мәтін бөліктерін оқи отырып мазмұнына қарай өз орындарына орналастыр.**

Дескриптор

Мәтіннің басын табады

Негізгі бөлімін табады

Соңын анықтап табады

Мазмұнына қарай өз орындарына қояды

Қалыптастырушы бағалау: Өзін-өзі бағалау



**Педагогке әдістемелік көмек:**

Қазақ тілі пәнінінде «Мәтіннің құрылымдық бөліктері» тақырыбы күрделі лексикалық тақырыптардың бірі. Сондықтан оқылым бөлімінен бір ғана «2.2.1.1\* сұрақ қою арқылы (не істеді? қандай? неліктен?) мәтін түрлерін (әңгімелеу/сипаттау/пайымдау) және құрылымдық бөліктерін (басы, негізгі бөлім, соңы) анықтау» оқу мақсатын таңдадым. Бұл мақсат білім алушылардың мәтіннің құрылымдық бөліктерін анықтау дағдыларын дамытуды көздейді. Мәтін мазмұны құндылыққа бағытталған. Үлкендерді тыңдау, жол қауіпсіздігін сақтау. Мәтінді оқи отырып үлкендерді тыңдау қауіпсіз болуға әкелетінін түсінеді. Функционалдық сауаттылық тұрғысынан қарастырсақ, мәтінмен жұмыс жасау барысында білім алушыларда ақпарат бірлігін байланыстыру, олардың жалпы мәтіндегі рөлін анықтау дағдылары яғни, мәтіннің жеке хабарламаларын біртұтас етіп байланыстыру немесе интегралдау дағдысы қалыптасады. Бірінші тапсырманы топтық жұмыс ретінде «Орнын тап» ойыны арқылы жоспарладым. Себебі, ойын бастауыш сынып оқушысын дамытатын ең негізгі әдіс. Кез-келген күрделі тапсырманы алдымен топта берген тиімді. Себебі, олар бір-бірінен ойын арқылы үйренеді. Білім алушылардың қажеттілігі мен қызығушылығын ескеріп тапсырманы кесте арқылы беруді жоспарладым. Кесте арқылы мәтін бөліктері бөлініп көрінеді, сондықтан бөліктерін анықтау жеңілрек болады. Келесі жұптық тапсырманы «Карта» ойыны арқылы жоспарладым. Мұнда мәтін бөліктерін білім алушылар екі-екіден жұптасып таратылған карталарды біріктіру арқылы анықтайды. Мұғалімнің көмегін аса қажет етпейтін білім алушылар үшін «Араласқан оқиғалар» әдісін жеке жұмыс ретінде жоспарладым. Бұл тапсырмада мәтін бөліктері қайшымен қиылып-қиылып беріледі. Қиылған бөліктерді мәтіннің бөліктерін оқи отырып, мазмұнына қарай біріктіріп қояды. Дескриптор әр тапсырмаға нақты етіп қадам-қадамымен құрылды. Білім алушылар бұл тапсырмаларда өзін-өзі бағалайды.

## №5

Тақырыбы:	Мәтін және оның түрлері
Бөлім	Жазылым
Оқу мақсаты:	2.3.1.1 мұғалім көмегімен жеке сурет/сюжетті суреттер арқылы шағын сипаттау/әңгімелеу мәтіндерін құрап жазу
Сабақ мақсаты: (бағалау критерийі)	Мұғалім көмегімен жеке және сюжетті сурет арқылы шағын сипаттау және әңгімелеу мәтіндерін құрап жазады.
Деңгейлік тапсырма	





## Жеке жұмыс. «Суретті сөйлет» әдісі



1-тапсырма

**Мұғалім көмегімен суретке қарап шағын сипаттау мәтінін құрап жаз.**

Дескриптор

Мұғалімнің көмегімен сөйлемдер құрастырады

Сөйлемдерді бір-бірімен байланыстырады

2-тапсырма

**Жеке жұмыс. «Реттілікті сақта» әдісі**

**Сюжетті сурет арқылы өз бетіңше шағын әңгімелеу мәтінін құрап жаз.**



[darminaopel.ru](http://darminaopel.ru)

Дескриптор

Сөйлемдер құрастырады

Сөйлемдерді бір-бірімен байланыстырады

3-тапсырма

**Үштік жұмыс. «Өзара жазу» әдісі**

**Берілген тақырыпты қолданып топта шағын сипаттау және әңгімелеу мәтіндерін құрап жазыңдар.**

Қоян Әңгімелеу	Алма Сипаттау	Пияз Сипаттау

Дескриптор

Тақырып бойынша сөйлемдер құрастырады

Сөйлемдерді бір-бірімен байланыстырады

Қалыптастырушы бағалау: Өзара бағалау



### Педагогке әдістемелік көмек:

Лексикалық тақырып пен пәннің ерекшелігіне орай «2.3.1.1 мұғалім көмегімен жеке сурет/сюжетті суреттер арқылы шағын сипаттау/әңгімелеу мәтіндерін құрап жазу» оқу мақсатын таңдадым. Бұл тапсырмада бір ғана жазылым мақсатын алдым, себебі, мәтін құрап жазу күрделі процесс. Бұл мақсат білім алушының мәтін және оның түрлерін жазу дағдыларын дамыту үшін таңдалынды. Барлық үш тапсырманы жеке жұмыс ретінде жоспарладым. Дегенмен де, әр тапсырмада білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері ескерілген. Бірінші тапсырмада жеке сурет арқылы «Суретті сөйлет» әдісін таңдадым. Екінші тапсырманы «Реттілікті сақта» әдісі

арқылы сюжетті суреттің реттілігін сақтап мәтін құру деп күрделендірдім, ал, үшінші тапсырманы үштік жұмыс ретінде «Өзара жазу» әдісін қолданып кестені қолданып әртүрлі мәтін түрлерін құрастыруын жоспарладым. Әр тапсырмада мәтін түрлері бір-бірлеп жеңілден күрделіге ауысып отырады. «Өзара жазу» әдісінің ерекшелігі мұнда білім алушылар мәтінді жеке өздері бастап жазады да, мұғалімнің нұсқауымен 1-2 минуттан кейін тоқтап, алдыңғы оқушының жазғанын оқып, сол ойды ары қарай жазуды келесі оқушы жалғастырады. Осылайша белгіленген уақытта үш оқушы мәтінді бірлесіп жазып аяқтайды. Бұл әдіс білім алушылардың үйлесімді жазбаша сөйлеуін дамыту тақырыпты ұғыныу, материал жинау, тіл құралдарын пайдалану, жазуды түзету, жетілдіру, жақсарту сияқты нақты дағдыларды үйретуге ықпал етеді. Тапсырмалардың деңгейі әртүрлі болғандықтан дескриптор сәйкесінше әр тапсырмаға жеке-жеке нақты қадамдар арқылы құрылды. Білім алушылар жеке жұмыста өзін-өзі бағалайды, үштік жұмыста қара бір-бірін бағалайды.

## №6

Тақырыбы:	Мәтін және оның түрлері
Бөлім	Оқылым, жазылым
Оқу мақсаты:	2.2.1.1* сұрақ қою арқылы (не істеді? қандай? неліктен?) мәтін түрлерін (әңгімелеу/сипаттау/пайымдау) және құрылымдық бөліктерін (басы, негізгі бөлім, соңы) анықтау 2.3.1.1 мұғалім көмегімен жеке сурет/сюжетті суреттер арқылы шағын сипаттау/әңгімелеу мәтіндерін құрап жазу
Сабақ мақсаты: (бағалау критерийі)	Не істеді? қандай? неліктен? сұрақтарын қою арқылы әңгімелеу, сипаттау, пайымдау мәтіндерін анықтайды. Мұғалім көмегімен сюжетті суреттер арқылы шағын сипаттау, әңгімелеу, пайымдау мәтіндерін құрап жазады.

Деңгейлік тапсырма



### Жеке жұмыс. «Сұрақтар ілмегі» әдісі

Түлкі – сұлу аң. Ол таулы жерде жүреді. Түлкі қызыл түсті болады. Құйрығы ұзын. Оның терісі бағалы. Жүні жұмсақ.

kk.wikipedia

1-тапсырма

### Сұрақтарға жауап беріңдер. Қандай мәтін екенін айтыңдар

1. Түлкі қандай аң??

2. Түлкі қайда жүреді?

А) тауда

Б) ағашта

В) суда

3. Түлкінің түсі қандай?

А) сары

Б) сұр

В) қызыл

Дескриптор


Сұрақтарға жауап береді

Мәтіннің қай түрі екенін айтады

2-тапсырма

### Жеке жұмыс. «Әңгімеле» әдісі

Суретке қарап не істеді? сұрағын қолданып шағын әңгімелеу мәтінін құрап жазыңдар.



[polinka.top](http://polinka.top)

Дескриптор

Не істеді? сұрағын қолданып сөйлемдер жазады

Сөйлемдерді бір-бірімен байланыстырады

3-тапсырма



**Жеке жұмыс. «Екі жақты күнделік» әдісі**

**Кестедегі сұраққа жауап бере отырып пайымдау мәтінін жаз.**

Футбол

Аңдар мен құстар футбол ойнады. Аю мен қоян команда капитаны болды. Қаз қақпаға тұрды. Аюдың командасы алда келеді. Бір кезде түлкі кулыққа басты. Қарсы қақпада тұрған қазға барып, «Шаршаған шығарсың, кофе ішесің бе?», - деді. Аңқау қаз кофені алды. Осы кезде аю қақпаға доп салды. Қаз өкініштен жылап жіберді.

Мәтінде не ұнамады? (жаз)

Неліктен ұнамады?

(Себебін жаз)

Дескриптор

Сұрақтарға жауап береді

Сөйлемдер құрастырады

Сөйлемдерді бір-бірімен байланыстырады

Қалыптастырушы бағалау: Өзін-өзі бағалау



**Педагогке әдістемелік көмек:**

Бұл тапсырмада білім алушылар мәтін түрлерін ажыратып, анықтау дағдыларын дамыту көзделеді. Сол себепті оқылым, жазылым бөлімінен осы оқу мақсаты тандалып алынды. «2.2.1.1\* сұрақ қою арқылы (не істеді? қандай? неліктен?) мәтін түрлерін (әңгімелеу/сипаттау/пайымдау) және құрылымдық бөліктерін (басы, негізгі бөлім, соңы) анықтау 2.3.1.1 мұғалім көмегімен жеке сурет/сюжетті суреттер арқылы шағын сипаттау/әңгімелеу мәтіндерін құрап жазу». Шағын, қызықты, құндылықтарға бағытталған мәтіндер алынды. Бұл мәтіннен білім алушылар өтірік сөйлеу, кулық жасау жаман қасиеттер екенін түсінеді. Мәтінмен жұмыс жасай отырып мәтіннен қажетті ақпаратты табу, тапқан ақпараттарын өз ойларында жаңғырту арқылы қандай мәтін екенін анықтап айту дағдылары қалыптасады. «Оқу сауаттылығы» ұғымына кіретін негізгі оқу дағдылары «табу және меңгеру», «ұғыну және бағалау» дағдылары дамиды. Қазақ тілі сабақтарында білім алушылардың жазбаша сөйлеуін үш әдіс тобының көмегімен дамытуға болады: имитациялық, коммуникативтік және дизайн әдісі. Мәтіннің құрылымын модельдеу және осы модельдің жеке құрылымын ұсыну дизайн әдісінің іске асуы. Бірінші тапсырманы «Сұрақтар ілмегі» әдісі арқылы жеке жұмыс ретінде «бір дұрыс жауапты табу» жабық тапсырма етіп жоспарладым. Сұрақтардың жауабын белгілей отырып, дайын жауаптар арқылы мәтіннің түрін тауып айтады. Екінші тапсырманы «Әңгімелеу» әдісі арқылы орындауды жоспарладым. Не істеді? Сұрағы мен жеке суретті қолданып әңгімелеу мәтінін жазады. Үшінші тапсырманы «Екі жақты күнделік» әдісімен жоспарладым. Мұнда білім алушы кестедегі сұрақтарға жауап бере отырып, пайымдау мәтінін жазады. Яғни, бірінші бағанға мәтіндегі ұнамаған ойды жазады, келесі бағанға сол ой неліктен ұнамады өз пікірін жазады. Сонда не істеді, неліктен сұрақтарына жауап беру арқылы пайымдау мәтіні шығады. Тапсырмалар білім алушылардың жеке қажеттіліктерін ескеріп жеке жұмыс ретінде құрылды. Әр тапсырмаға тапсырманың орындалу қадамдарын нақты көрсете

отырып дескрипторлар құрылды. Дескриптор білім алушының өзін нақты және әділ бағалауына көмектеседі.

## №7

Тақырыбы:	Сөйлем дегеніміз не?
Бөлім	Оқылым, жазылым
Оқу мақсаты:	2.2.4.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтау 2.3.7.1 сөйлем түрлерін айтылу мақсатына сәйкес тыныс белгілерін (нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі) қою
Сабақ мақсаты: (бағалау критерийі)	Мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтайды. Сөйлем түрлерін айтылу мақсатына сәйкес нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі тыныс белгілерін қояды

Деңгейлік тапсырма



### Жұптық жұмыс. «Тауып көр» ойыны

Қарлығаш ұя салды. Бірақ ұяға торғай орналасып алды.  
Бұл қандай құс?-деп қарлығаш таң қалды. Қарлығаш басқа қарлығаштарды көмекке шақырды. Көмекке көп қарлығаш келді. Олар ұядағы торғайды қуып шықты. Рахмет достарым!- деді қарлығаш. Қарлығаш ұясына орналасты. Достарына рахмет айтты.

Достық – үлкен күш.

1-тапсырма

А) Мәтінді оқы. Қай сурет мәтіннің тақырыбына сәйкес келетінін айт.



Б) Негізгі ойды білдіріп тұрған сөйлемді тап

Қарлығаш ұясына орналасты. Достық – үлкен күш. Достарына рахмет айтты.

Дескриптор

Мәтіннің тақырыбын суретке қарап табады

Негізгі ойды білдіріп тұрған сөйлемді айтады

2-тапсырма.

Жұптық жұмыс. «Қай белгі?» ойыны

Берілген сөйлемдердің соңына тиісті тыныс белгілерін қойып жаз.

Қарлығаш ұя салды Бұл қандай құс -деп қарлығаш таң қалды Рахмет достарым- деді қарлығаш

Дескриптор

Нүкте қояды

Леп белгісін қояды

Сұрақ белгісін қояды

3-тапсырма

Жеке жұмыс. «Жалғастыр» ойыны

Сөйлемдерді аяқтап, соңына тиісті тыныс белгісін қойып жаз.

Қарлығаш адамның ...

Ұяға қандай құс ....

Рахмет достарым деді ...

Дескриптор  
 Сөйлемді аяқтап жазады  
 Нүкте қояды  
 Леп белгісін қояды  
 Сұрақ белгісін қояды  
 Қалыптастырушы бағалау: Өзара бағалау



**Педагогке әдістемелік көмек:**

Сөйлем дегеніміз не? лесикалық тақырыбын меңгерту үшін «2.2.4.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтау. 2.3.7.1 сөйлем түрлерін айтылу мақсатына сәйкес тыныс белгілерін (нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі) қою» оқу мақсаттарын таңдадым. Бұл оқу мақсаттарын таңдау себебім, мәтіндегі сөйлем түрлерін анықтау және мәтіндегі негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді табу дағдысын дамыту. Мәтін мазмұны құндылыққа бағытталған. Мәтінді оқи отырып, жақсылық жасау, көмек беру сияқты адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіреді. Тапсырмалар білім алушылардың жеке және ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында құрылды. Бірінші тапсырманы «Тауып көр» ойыны арқылы жұпта орындатуды жоспарлады. Мұнда олар суретке қарап мәтіннің мазмұнына қай сурет сәйкес келетінін анықтап, мәтінге тақырып қояды. Тақырыпты дайын сурет арқылы табу жеңілрек іске асады. Сонымен қатар, мәтіннің негізгі ойын табу үшін мүмкін сөйлемдерді оқи отырып негізгі ойды табу да жеңіл болады деп шештім. Екінші тапсырманы мәтіндегі сөйлемдерді бере отырып, «Қай белгі?» ойынымен жоспарлады. Сөйлем соңына тиісті тыныс белгісін мәтінді оқи отырып тауып қояды. Үшінші тапсырманы «Жалғастыр» ойыны арқылы жоспарлады. Сөйлемді өз беттерінше аяқтап, соңына тиісті тыныс белгісін қояды. Әр тапсырмада жеңілден күрделіге қарай жоспарланып, алғашқы екі тапсырма жұпта берілді. Жұпта бірлескен жұмыс жақсы нәтиже береді. Соңғы тапсырма жеке берілді. Бұл тапсырманы мұғалімнің көмегін қажет етпейтін білім алушылар орындайды. Дескрипторды білім алушылар өзін нақты бағалай алатындай қадам-қадамымен құрдым.

№8

Тақырыбы:	Хабарлы сөйлем
Бөлім	Оқылым, жазылым
Оқу мақсаты:	2.1.2.1 мәтіннің тақырыбы мен тірек сөздердің негізінде мәтіннің мазмұнын болжау 2.3.7.1 сөйлем түрлерін айтылу мақсатына сәйкес тыныс белгілерін (нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі) қою
Сабақ мақсаты: (бағалау критерийі)	Мәтіннің тақырыбы мен тірек сөздердің негізінде мәтіннің мазмұнын болжап айтады. Сөйлем түрлерін айтылу мақсатына сәйкес нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі тыныс белгілерін қояды.

Деңгейлік тапсырма



**Топтық жұмыс. «Болжау» әдісі**

1-тапсырма

**а) Суретке қарап мәтіннің тақырыбын анықтап айт.**



### б) Тірек сөздерді, суреттерді қолданып, мәтіннің мазмұнын болжап айт

**Тірек сөздер:**  
Ит, мысық, өзен, құлады, көмектесті



Дескриптор

Суретке қарап тақырыпты айтады

Тірек сөздерді, суреттерді қолданып сөйлемдер құрайды

Сөйлемдерді бір-бірімен байланыстырады

2-тапсырма



**Жеке жұмыс. «Жылдам тап» ойыны.**

Берілген сөйлемдердің ішінен хабарлы сөйлемді тауып, көшіріп жаз.

Қандай қызық кітап!

Пингвин дұрыс жасады ма?

Сенің жасың қаншада?

Үлкендерді тыңдау керек.

Велосипеді сынып қалды.

Дескриптор

Сөйлемнің соңына нүкте қояды

3 -тапсырма



**Жеке жұмыс. «Нүкте қайда?» ойыны.**

Сөйлемдерді көшіріп жазып, соңына тиісті тыныс белгісін қой.

Мысық өзенге құлады ит мысықты құтқарды мысық рахмет айтты

Дескриптор

Хабарлы сөйлемді табады

Көшіріп жазады

Қалыптастырушы бағалау: Өзін-өзі бағалау



**Педагогке әдістемелік көмек:**

Мәтінмен жұмыс жасата отырып, сөйлем түрлерін, оның ішінде хабарлы сөйлемді анықтау дағдыларын қалыптастыру мақсатында «Хабарлы сөйлем» тақырыбын оқылым, жазылым бөлімінен «2.1.2.1 мәтіннің тақырыбы мен тірек сөздердің негізінде мәтіннің мазмұнын болжау. 2.3.7.1 сөйлем түрлерін айтылу мақсатына сәйкес тыныс белгілерін (нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі) қою» оқу мақсаттарын таңдадым. Мақсатқа жету үшін тапсырманы білім алушылардың жеке және ерекше қажеттіліктерін ескеріп құрдым. «2.1.2.1 мәтіннің тақырыбы мен тірек сөздердің негізінде мәтіннің мазмұнын болжау» оқу мақсатына сәйкес «Болжау» әдісі арқылы топтық жұмыс жоспарладым. Берілген суретке қарап мәтіннің тақырыбын және суреттер, тірек сөздерді қолданып мазмұнын болжап айтады. Топта олар бірлесіп бір-бірінен үйренеді, біріне-бірі



үйретеді, осы жағы тиімді. Келесі екі тапсырманы білім алушылардың қызығушылығын оятып, сөйлем туралы білімдерін дамыту үшін «Жылдам тап», «Нүкте қайда?» ойындарымен жеке жұмыс ретінде жоспарладым. Әр тапсырмаға тапсырманың орындалу қадамдарын нақты көрсете отырып дескрипторлар құрылды. Дескриптор білім алушының өзін нақты және әділ бағалауына көмектеседі. Бұл тапсырмада оқушылар өзін-өзі бағалайды.

## №9

Тақырыбы:	Хабарлы сөйлем
Бөлім	Жазылым
Оқу мақсаты:	2.3.7.1 сөйлем түрлерін айтылу мақсатына сәйкес тыныс белгілерін (нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі) қою 2.3.5.1 жіберілген пунктуациялық, орфографиялық қателерді мұғалімнің көмегімен тауып түзету және құраған сөйлемін толықтыру
Сабақ мақсаты: (бағалау критерийі)	Сөйлем түрлеріне сәйкес нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі тыныс белгілерін қояды. Сөйлемдердегі пунктуациялық, орфографиялық қателерді мұғалімнің көмегімен тауып түзетеді және құраған сөйлемін толықтырады

Деңгейлік тапсырма

1-тапсырма



**Жеке жұмыс. «Бір жауапты тап» әдісі**

**Дұрыс жауапты белгіле**

1.Хабарлап айту үшін қолданатын тыныс белгіні белгіле

А)Нүкте

Ә)Сұрақ белгісі

Б)Леп белгісі

2.Сұраулы сөйлемді белгіле

А)Азамат сабақ оқыды.

Ә)Мағжан қанша жаста?

Б)Табиғат қандай тамаша!


2-тапсырма



**Жұптық тапсырма. «Нүкте қайда?» ойыны**

**Сөйлемдерді оқы. Соңына нүкте қойып, сөйлемдерді бас әріппен бастап көшіріп жаз.**

**Суретті боя.**



Достар

Мысық ит екеуі дос еді атай итке сүйек тастады ит сүйекті үйшікке тықты мысық сүйекті ұрлап алды ит қатты ашуланды

Дескриптор

Сөйлемнің соңына нүкте қояды

Сөйлемді бас әріппен жазады

3-тапсырма



**Жеке жұмыс. «Айналма» ойыны**

**Сұраулы сөйлемдерді хабарлы сөйлемге айналдырып жаз.Тиісті тыныс белгісін қой**

**Сұраулы сөйлем**

Аю қайда мекендейді?  
 Қоянның құлағы қандай?  
 Сенің жасың нешеде?  
 Қай сыныпта оқисың?

**Хабарлы сөйлем****Дескриптор**

Сұраулы сөйлемді, хабарлы сөйлемге айналдырады

Қалыптастырушы бағалау: Өзін-өзі бағалау

**Педагогке әдістемелік көмек:**

Хабарлы сөйлемді анықтау және сөйлемде жіберілген пунктуациялық, орфографиялық қателерді түзету дағдыларын жақсарту үшін жазылым бөлімінен «2.3.7.1 сөйлем түрлерін айтылу мақсатына сәйкес тыныс белгілерін (нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі) қою. 2.3.5.1 жіберілген пунктуациялық, орфографиялық қателерді мұғалімнің көмегімен тауып түзету және құраған сөйлемін толықтыру» оқу мақсаттарын таңдап алдым. Тапсырмаларды білім алушылардың жеке және ерекше қажеттіліктерін ескеріп жеке және жұпта құрастырдым. Барлық оқушы мақсатқа жету үшін «Бір жауапты тап» әдісін қолданып, тапсырманы тест түрінде беруді жоспарладым. Мәтін өте шағын, қызықты, құндылыққа бағытталған. Мәтінді оқып отырып достық ұғымы жақсы екенін, ұрлықтың жаман екенін түсінеді. 2-3 тапсырмалар жазбаша сөйлеуді «имитациялық» басқаша айтқанда «үлгі бойынша» әдісі арқылы жоспарладым. Яғни, «Үлгі бойынша» әдістер жинағына кішігірім жекелеген жаттығулар кіреді: берілген немесе оқушылар құрастырған модельге қатысты мәтіннің сөйлемдерін немесе компоненттерін құрастыру. «Нүкте қайда?» ойынын қолданып, жұпта хабарлы сөйлемдерді анықтап, тыныс белгісін қояды. Келесі тапсырманы мұғалімнің көмегін қажет етпейтін кейбір оқушылар «Айналма ойыны арқылы кестедегі сұраулы сөйлемдерді жеке өз бетінше хабарлы сөйлемге айналдырып жазады. Дескрипторды білім алушылар өзін нақты бағалай алатындай қадам-қадамымен құрдым.

**№10**

Тақырыбы:	Сұраулы сөйлем
Бөлім	Тыңдалым мен айтылым, жазылым
Оқу мақсаты:	2.1.4.1 тірек сөздерді қатыстыра отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрау 2.3.7.1 сөйлем түрлерін айтылу мақсатына сәйкес тыныс белгілерін (нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі) қою
Сабақ мақсаты: (бағалау критерийі)	Тірек сөздерді қатыстыра отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрап айтады. Сөйлем түрлерін айтылу мақсатына сәйкес нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі тыныс белгілерін қояды.

**Деңгейлік тапсырма****1-тапсырма****Жеке жұмыс. «Сөйлемді бағытта» әдісі****Берілген хабарлы сөйлемдерді, сұраулы сөйлемге айналдыр.**

Азамат екінші сыныпта оқиды.




Айжан жеті жаста.



**Дескриптор**

Хабарлы сөйлемді сұраулы сөйлемге айналдырып жаз

**2-тапсырма****Жұптық жұмыс. «Сызба сөйлем» әдісі**



**Берілген сызбаларға сәйкес сөйлем құрастырып жаз.**

а) \_\_\_\_\_ .

ә) \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_ !

б) \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_ \_\_\_\_\_ ?

Дескриптор

Тыныс белгісіне сәйкес сөйлем құрап жазады

Сөйлемдерді бір-бірімен байланыстырады

3-тапсырма



**Жұптық жұмыс. «Көршіңе әңгімелеп бер» әдісі**

**Берілген тірек сөздерді қатыстырып мәтін құрап айтындар. Мәтіннің ішінде сұраулы сөйлемді қолданындар**

Тақырып: «Көктем»



Тірек сөздер: көктем, қар, ауа, жаңбыр, гүл, балалар, таза, еріді

Дескриптор

Тірек сөздерді қолданады

Сөйлем құрастырады

Сөйлемді бір-бірімен байланыстырады

Қалыптастырушы бағалау: Өзара бағалау



**Педагогке әдістемелік көмек:**

«Сұраулы сөйлем» лексикалық тақырыбын игерту мақсатында тірек сөздерді қатыстырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрау және айтылу мақсатына қарай сөйлем түрлерін анықтау джағдыларын қалыптастыру үшін тыңдалым мен айтылым, жазылым бөлімінен «2.1.4.1 тірек сөздерді қатыстыра отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрау. 2.3.7.1 сөйлем түрлерін айтылу мақсатына сәйкес тыныс белгілерін (нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі) қою» оқу мақсаттарын таңдадым. Оқу мақсатына жету үшін білім алушылардың жеке және ерекше қажеттілігін ескеріп, жеке және жұптық тапсырмалар құруды жоспарладым. 1-ші тапсырманы «Сөйлемді бағытта» әдісімен мұғалімнің көмегін көбірек қажет ететін білім алушылар үшін жеке орындауды жоспарладым. Ал, 2-ші тапсырманы мұғалімнің көмегін қажет ететін көпшілік оқушылар үшін жоспарладым. «Сызба сөйлем» әдісімен, тыныс белгілері мен сызбаны қолданып жұптасып сөйлемдер құрайды. 3-ші тапсырманы мұғалімнің көмегін қажет етпейтін кейбір оқушылар жұпта «Көршіңе әңгімелеп бер» әдісін арқылы орындауды жоспарладым. Сыныптағы білім алушылар жұптасып сурет, тақырып және тірек сөздерді қолданып бір-біріне мәтін құрап айтады және сөйлемдердің арасында сұраулы сөйлем де айтады. Әрбір дескрипторды тапсырманың орындалу қадамдарын ескере отырып құрдым. Бұл оқушының өзін-өзі нақты әрі әділ бағалауына ықпал етеді.

Тақырыбы:	Сұраулы сөйлем
Бөлім	Оқылым, жазылым
Оқу мақсаты:	2.2.4.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтау 2.3.7.1 сөйлем түрлерін айтылу мақсатына сәйкес тыныс белгілерін (нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі) қою
Сабақ мақсаты: (бағалау критерийі)	Мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтап айтады. Сөйлем түрлерін айтылу мақсатына сәйкес нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі тыныс белгілерін қояды.

Деңгейлік тапсырма



**Жұптық жұмыс. «Анықта» әдісі**

Бірде етік пен бәтеңке кездесіп қалды. Етік мақтанады. Айдос мені жақсы көреді, қарашы тазалап қойды. Бәтеңке ренжіп қалады. Айдос, сен неге мені тазалап қоймайсың? Кешірші бәтеңке, мен сені ұмытыппын. Сен керексің! Бәтеңкені майлап, тазалап қойды.

Бәтеңке риза болды.


1-тапсырма

**А) Мәтін мазмұнына сәйкес тақырыпты тап.**

Етік пен бәтеңке

Бәтеңке неге ренжіді?

Мақтаншақ етік



**Б) Негізгі ой болатын кестені анықта**

Негізгі ой болатын кестені анықта

Бәтеңке риза болды.	Айдос мені жақсы көреді, қарашы тазалап қойды. Бәтеңке ренжіп қалады. Айдос, сен неге мені тазалап қоймайсың? Кешірші бәтеңке, мен сені ұмытыппын. Сен керексің! Бәтеңкені майлап, тазалап қойды.	Бірде етік пен бәтеңке кездесіп қалды. Етік мақтанады.
---------------------	---	--

Дескриптор

Мәтіннің тақырыбын табады

Негізгі ойын айтады

2-тапсырма



**Жеке жұмыс. «Сиқырлы қалам» ойыны.**

**Берілген сөйлемге тыныс белгілерін дұрыс қой.**

Ерте-ерте, ертеде кемпір мен шал болыпты ( )

Қандай әдемі көйлек ( )

Мен ертең балабақшаға барамын ( )

Мені ешкім сағынбаған ба ( )

-Немене, тағы ренжіп қалдың ба ( )

Алақай, жаз келді ( )

Дескриптор

Нүкте қояды

Сұрақ белгісін қояды

Леп белгісін қояды

3-тапсырма



**Жұптық жұмыс. «Суреттен сұрақ» әдісі**

Суретке қарап хабарлы, сұраулы және лепті сөйлем сөйлем құрастырып жаз.



[narisyu.com](http://narisyu.com)

Дескриптор

Хабарлы сөйлем құрайды

Сұраулы сөйлем жазады

Лепті сөйлем құрайды

Сөйлемдегі сөздер бір-бірімен байланысады

Қалыптастырушы бағалау: Өзін-өзі бағалау



### Педагогке әдістемелік көмек:

«Сұраулы сөйлем» тақырыбын игерту мақсатында оқылым, жазылым бөлімінен «2.2.4.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтау. 2.3.7.1 сөйлем түрлерін айтылу мақсатына сәйкес тыныс белгілерін (нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі) қою» оқу мақсаттарын таңдап алдым. Бұл мақсаттарды алу себебім, бүгін білім алушының мәтінмен жұмыс жасау және сұраулы сөйлемді анықтау дағдыларын дамыту көзделеді. Мақсатқа жету үшін алдымен шағын, қызықты, құндылыққа бағытталған мәтін таңдадым. Бұл мәтінді оқу арқылы жаман әдеттен сақтануды үйренеді. Тазалық сақтауға қалыптасады. Мәтінмен жұмыс жасай отырып мәтіннен қажетті ақпаратты табу, тапқан ақпараттарын қайта жаңғырту арқылы ұғыну мен бағалау дағдылары қалыптасады. «Оқу сауаттылығы" ұғымына кіретін негізгі оқу дағдылары «табу және меңгеру», «ұғыну және бағалау» дағдылары дамиды. Білім алушылардың жеке және ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында «Сиқырлы қалам» ойынын жеке, «Суреттен сұрақ» әдісін жұпта орындатуды жоспарладым. Мұғалімнің көмегін қажет ететін білім алушылар сөйлемдердің соңына тиісті тыныс белгілерін қояды. Ал, мұғалімнің көмегін қажет етпейтін кейбір оқушылар сюжетті суретке қарап, хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдер құрастырып жазады. Дескрипторды әр тапсырмаға жеке-жеке құрап жаздым. Себебі, әр тапсырма қажеттілігі әртүрлі оқушыларға арналған. Білім алушылар өзін-өзі бағалайды.

## №12

Тақырыбы:	Лепті сөйлем
Бөлім	Тыңдалым мен айтылым, жазылым
Оқу мақсаты:	2.1.4.1 тірек сөздерді қатыстыра отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрау 2.3.7.1 сөйлем түрлерін айтылу мақсатына сәйкес тыныс белгілерін (нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі) қою
Сабақ мақсаты: (бағалау критерийі)	Тірек сөздерді қатыстыра отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрап айтады. Сөйлем түрлерін айтылу мақсатына сәйкес нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі тыныс белгілерін қояды.
Деңгейлік тапсырма	
1-тапсырма <b>Жұптық жұмыс. «Айналыр» ойыны</b> <b>Хабарлы сөйлемді лепті сөйлемге айналырып жаз</b>	

1. Балалар мектепке келді.
2. Айжан би үйірмесіне қатысты.
3. Самат боксқа барды.



Дескриптор

Хабарлы сөйлемді лепті сөйлемге айналдырып жазады

2-тапсырма



**Топтық жұмыс. «Сәйкестендір» әдісі**

**Лепті сөйлемдерді айтылу мақсатына қарай сәйкестендір**

Өкіну (Раскаяние)

Қазақстан жасасын!

Армандау (Мечтать)

Қап, бақшаның есігін жауып қоймағаным - ай!

Бұйрық (Приказ)

Қане, күнделігіңді берші!

Ұрандату (Девиз)

Шіркін, айға самғап ұшсам ғой!

Дескриптор

Сөйлемдерді сәйкестендіреді

Қалыптастырушы бағалау: Өзін-өзі бағалау

3-тапсырма




**Жеке жұмыс. «Құрастыр» ойыны.**

**Тірек сөздерді, суретті қатыстыра отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрап айт.**

**Суретті боя.**

Тірек сөздер: күшік, мысық, құлау, көмек, шақыру, өзен

Тақырып: «Көмек»



[sheremetievo-cargo.ru](http://sheremetievo-cargo.ru)

Дескриптор

Тірек сөздерді қолданады

Тақырып бойынша сөйлемдер құрайды

Сөйлемдерді бір-бірімен байланыстырады.



**Педагогке әдістемелік көмек:**

«2.1.4.1 тірек сөздерді қатыстыра отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрау

2.3.7.1 сөйлем түрлерін айтылу мақсатына сәйкес тыныс белгілерін (нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі) қою» оқу мақсаттары лепті сөйлемді анықтау және тірек сөздер мен тақырып бойынша әңгіме құрау дағдыларын дамыту үшін тыңдалым мен айтылым және жазылым бөлімінен тандалып алынды. Тапсырмаларды білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескеріп жеңілден күрделіге қарай мұғалімнің көмегін көбірек қажет ететін, мұғалімнің көмегін қажет ететін және мұғалімнің көмегін қажет етпейтін деп жеке, жұптық және топтық етіп құрастырдым. «Айналдыр» ойыны арқылы хабарлы сөйлемді лепті сөйлемге айналдырып жазады. «Сәйкестендір» әдісін топтық жұмыс ретінде жоспарладым. Адам бойындағы қуану, өкіну, ұрандату, бұйрық беру сияқты сезімдерді тиісті лепті сөйлемдермен сәйкестендіреді. Топта берген себебім, бұл тапсырманы орындаудағы күрделілік сезімді білдіретін сөздерді түсінуі қиындық тудырады ма деген ой болды. Тапсырманы топта орындау бір-бірін тыңдау арқылы жеңіл болуы

мүмкін. 3-ші тапсырмадағы «Құрастыр» ойынында балаларға суретті боята отырып қызықтырамын және бұл тапсырманы мұғалімнің көмегін қажет етпейтін білім алушылар орындауын жоспарладым. Тапсырмаларға дескрипторды жеке-жеке құрдым, себебі, әр тапсырманың орындалу деңгейі әртүрлі. Білім алушылар өздерін бағалау үшін дескрипторды қолданады.

### №13

Тақырыбы:	Лепті сөйлем
Бөлім	Тыңдалым мен айтылым, жазылым
Оқу мақсаты:	2.1.5.1 аудио-бейнежазба мазмұны бойынша өз ойын (ұнайды, ұнамайды, себебі ..., пайдалы болды, пайдасыз болды, себебі ...) білдіру 2.3.7.1 сөйлем түрлерін айтылу мақсатына сәйкес тыныс белгілерін (нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі) қою
Сабақ мақсаты: (бағалау критерийі)	Бейнежазба мазмұны бойынша өз ойын ұнайды, ұнамайды, себебі ...тіркестері арқылы білдіреді. Сөйлем түрлерін айтылу мақсатына сәйкес нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі тыныс белгілерін қояды.

Деңгейлік тапсырма



#### Жеке жұмыс.

1-тапсырма

#### Өлеңдегі лепті сөйлемді тауып көшіріп жаз.

Бақытым бар үшінші – Отан деген,

Құдай деген кім десе, Отан дер ем!

... Оты сөнген жалғанда жан барсың ба?

Ойланбай – ақ кел дағы от ал менен.

Дескриптор

Лепті сөйлемді тауып жазады

2-тапсырма



#### Жұптық жұмыс. «Суреттен сөйлем» әдісі

Суретте қай ертегі берілген? Лепті сөйлемдері бар шағын әңгіме жаз.



Дескриптор

Лепті сөйлемдер жазады

Леп белгісін қояды



#### Жеке жұмыс. «Дербес пікір» әдісі

3-тапсырма

«Ақылды қоян» аудио-бейнежазба <https://youtu.be/v0MzOI9pm1Y?si=dnCqKeC6PUcUpafR>

Бейнежазбаны тыңда. Мазмұны бойынша ойыңды ұнайды, ұнамайды, себебі... тіркестері арқылы айт.

Дескриптор

Ұнайды тіркесін қолданады

Ұнамайды тіркесін қолданады

Себебі тіркесін қолданып ойын айтады

Қалыптастырушы бағалау: Өзін-өзі бағалау



### Педагогке әдістемелік көмек:

Лексикалық тақырып «Лепті сөйлем» игерту мақсатында тыңдалым мен айтылым, жазылым бөлімінен «2.1.5.1 аудио-бейнежазба мазмұны бойынша өз ойын (ұнайды, ұнамайды, себебі ..., пайдалы болды, пайдасыз болды, себебі ...) білдіру. 2.3.7.1 сөйлем түрлерін айтылу мақсатына сәйкес тыныс белгілерін (нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі) қою» оқу мақсаттары таңдап алынды. Бұл мақсаттарды таңдау себебім, білім алушылардың аудио-бейнежазба мазмұны бойынша өз ойын айту, лепті сөйлемді анықтау дағдыларын дамыту болып табылады. Мақсатқа жету үшін тапсырмаларды барлық білім алушылар орындайды, көпшілік білім алушылар орындайды және кейбір білім алушылар орындайды деп білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып жоспарладым. Таңдалып алынған ресурстар өлең, ертегі сюжеттері, аудио-бейнежазба мазмұны құндылықтарға бағытталған. Отан туралы өлеңді оқи отырып өз еліне, туған жеріне деген құрметі артады. Бауырсақ ертегісімен жұмыс жасау арқылы жаман мен жақсыны ажыратады. «Ақылды қоян» аудио-бейнежазбасын тыңдап, талдағанда өзінің ойын білдіру, пікірін тұжырымдау сияқты функционалдық сауаттылық дағдылары дамиды. 1-ші тапсырмада өлеңнен лепті сөйлемді тауып көшіріп жазады. 2-ші тапсырмада «Суреттен сөйлем» әдісін қолданып, ертегінің сюжетті суреттері бойынша лепті сөйлемі бар шағын әңгіме жазуын жоспарладым. 3-ші тапсырмада «Дербес пікір» әдісін пайдаланып, аудио-бейнежазба мазмұны бойынша ұнайды, ұнамайды, себебі ... тіркестерін қолданып өзінің ой-пікірін, көзқарасын білдіруін жеке жұмыс ретінде жоспарладым. Себебі, бұл тапсырманы мұғалімнің көмегін қажет етпейтін кейбір оқушылар орындайды. Тапсырмалардың деңгейі әртүрлі болғандықтан дескриптор сәйкесінше әр тапсырмаға жеке-жеке нақты қадамдар арқылы құрылды. Білім алушылар жеке жұмыста өзін-өзі бағалайды, үштік жұмыста қара бір-бірін бағалайды.

## №14

Тақырыбы:	Лепті сөйлем
Бөлім	Оқылым, жазылым
Оқу мақсаты:	2.1.2.1 мәтіннің тақырыбы мен тірек сөздердің негізінде мәтіннің мазмұнын болжау 2.2.3.1 мәтін мазмұнын анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру
Сабақ мақсаты: (бағалау критерийі)	Сөйлем түрлерін айтылу мақсатына сәйкес нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі тыныс белгілерін қояды. Мәтін мазмұнын анықтауға бағытталған сұрақтар құрастырады және жауап береді

Деңгейлік тапсырма

1-тапсырма



**Жеке жұмыс. «Белгілермен ойнаймыз» ойыны**

**Әр сөйлемнің соңына тиісті тыныс белгісін қой.**

Әкем жұмыстан келді Ағаш жапырақтары әдемі болып сарғайған Алақай, Астанадан әкем келді

Жапырақтар қандай әдемі болып сарғайған

Дескриптор

Нүкте қояды

Леп белгісін қояды

2-тапсырма



**Жұптық жұмыс. «Сөйлемге айналдыр» ойыны**

**Берілген суреттерді пайдаланып хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдер жаз.**





Дескриптор

Хабарлы сөйлем жазады

Сұраулы сөйлем жазады

Лепті сөйлем жазады

3-тапсырма



**Топтық жұмыс. «Сұрақтар ілмегі» әдісі**

**Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар құрастыр және жауап бер.**

Шұңқырдағы күшік.

Құтжол ит кішкентай күшік туады. Күшік анасын тыңдамайды. Бір күні күшік үйден шығып ағаштардың арасына қашып кетті. Ағаштардың арасында үлкен шұңқыр бар еді. Күшік тамақ іздеп шұңқырдың ішіне түсіп кетеді. Оны көрген үлкен мысық құтқаруға келеді. Мысық күшікті аузына тістеп, шұңқырдан алып шығады. Мысық күшікке ақыл айтады:

-Енді үйден қашпайтын бол, үлкендерді тыңда!

Дескриптор

Сұрақтар құрастырады

Сұрақтарға жауап береді

Қалыптастырушы бағалау: Өзін-өзі бағалау



**Педагогке әдістемелік көмек:**

Оқылым және жазылым бөлімінен «2.1.2.1 мәтіннің тақырыбы мен тірек сөздердің негізінде мәтіннің мазмұнын болжау. 2.2.3.1 мәтін мазмұнын анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру» оқу мақсаттарын таңдауымның себебі, «Лепті сөйлем» дексикалық тақырыбын игерту үшін тақырып пен тірек сөздер бойынша мәтіннің мазмұнын болжау және лепті сөйлемді анықтау дағдыларын дамыту болып табылады. Оқу мақсатына жету үшін тапсырмаларды білім алушылардың қажеттілігіне қарай жеке, жұпта, топта жоспарладым. 1-ші тапсырма барлық оқушылар үшін «Белгілермен ойнаймыз» ойыны арқылы іске асады, сөйлемдердің соңына нүкте және леп белгісі тыныс белгілерін қояды. 2-ші тапсырмада «Сөйлемге айналдыр» ойынын қолданып, суретті сөйлем түрлеріне айналдырып жазады. Дескрипторды нақты қадамдар арқылы көрсеттім. Әр сөйлемді құрастырып, соңына тыныс белгісін қяды, өзін-өзі бағалайды. 3-ші тапсырмада шағын, қызықты, құндылыққа бағытталған мәтін таңдадым. Себебі, бұл тапсырмада білім алушылардың мәтін бойынша сұрақ құрастырып, оған жауап беру дағдылары дамытуды жоспарладым. Мәтінді оқу барысында балалар мейірімділік, жанашырлық қасиеттер туралы және үлкендерді тыңдамаса қиындыққа ұшырап қалатынын түсінеді. Мәтінді оқып оның негізінде өз түсінігін қалыптастыру үшін мәтіндік хабарламадан қорытынды шығару, белгілі бір пікірді тұжырымдау сияқты оқу сауаттылығын қалыптастыратын дағдыларды игереді. Тапсырманы топта «Сұрақтар ілмегі» әдісі арқылы іске асыруды жоспарладым. Бұл әдісті топтық жұмыс арқылы таңдау себебім, оқу мақсатында білім алушылардың сұрақ құрастыру және оған жауап беру дағдыларын дамыту көзделген. Сонымен қатар, білім алушылар топта бірлескенде бір-бірінен үйренеді. Әр тапсырмаға тапсырманың орындалу қадамдарын нақты көрсете отырып дескрипторлар құрылды. Дескриптор білім алушының өзін нақты және әділ бағалауына көмектеседі.

Тақырыбы:	Лепті сөйлем
Бөлім	Тыңдалым мен айтылым, жазылым
Оқу мақсаты:	2.1.5.1 аудио-бейнежазба мазмұны бойынша өз ойын (ұнайды, ұнамайды, себебі ..., пайдалы болды, пайдасыз болды, себебі ...) білдіру 2.3.7.1 сөйлем түрлерін айтылу мақсатына сәйкес тыныс белгілерін (нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі) қою
Сабақ мақсаты: (бағалау критерийі)	аудио-бейнежазба мазмұны бойынша өз ойын ұнайды, ұнамайды, себебі ... тіркестері арқылы білдіреді. Сөйлем түрлерін айтылу мақсатына сәйкес нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі тыныс белгілерін қояды.

Деңгейлік тапсырма

1-тапсырма



**Жеке жұмыс. «Қай белгі?» ойыны.**

**Көп нүктенің орнына тиісті тыныс белгісін қойып көшіріп жаз.**

Қандай әдемі гүл ...

Мына пілдің үлкенін-ай ...

Субұрқақ қандай тамаша ...

Неткен ақылдысың, балақай ...

Дескриптор

Леп белгісін қояды

2-тапсырма



**Жұптық жұмыс. «Адасқан белгілер» ойыны**

**Сөйлемді оқып, адасқан белгілерді орнына қойып жаз.**

Өте қызық кітап.

Балалар театрға барды?

Сенің жасың нешеде!

Алақай, Астанаға барамын.

Талғат дүкенге барды?

Ағаң нешінші сыныпта оқиды.

Дескриптор

Хабарлы сөйлемге нүкте қояды

Сұраулы сөйлемге сұрақ белгісін қояды

Лепті сөйлемге леп белгісін қояды.

3-тапсырма



**Жеке жұмыс. «Пікір білдір» ойыны**

**Аудио-бейнежазба мазмұны бойынша өз ойыңды ұнайды, ұнамайды, себебі ... тіркестері арқылы білдір**

«Үш аю» ертегісі» <https://youtu.be/YG99VsiQa4w?si=4nxXZJpTXzKrCetd>

Дескриптор

Ұнайды тіркесін қолданады

Ұнамайды тіркесін қолданады

Себебі ... тіркесін қолданады

Ойын жүйелі айтады




**Педагогке әдістемелік көмек:**

Тыңдалым мен айтылым, жазылым бөлімінен «2.1.5.1 аудио-бейнежазба мазмұны бойынша өз ойын (ұнайды, ұнамайды, себебі ..., пайдалы болды, пайдасыз болды, себебі ...) білдіру. 2.3.7.1 сөйлем түрлерін айтылу мақсатына сәйкес тыныс белгілерін (нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі) қою» оқу мақсаттарын таңдауымның себебі, «Лепті сөйлем» дексикалық тақырыбын игерту үшін аудио-бейнежазба мазмұны бойынша өз ойын білдіру, лепті сөйлемді анықтау, леп белгісін қолдану дағдыларын дамыту болып табылады. Оқу мақсатына жету үшін тапсырмаларды білім алушылардың қажеттілігіне қарай жеке, жұпта, жоспарладым. 1-ші тапсырма барлық оқушылар



үшін «Қай белгі?» ойынын жеке жұмыс ретінде жоспарладым. Көп нүктенің орнына тиісті тыныс белгісін қойып көшіріп жазады. 2-ші тапсырманы жұпта «Адасқан белгілер» ойыны арқылы жұпта орындауды жоспарладым. Бұл тапсырманы мұғалімнің көмегін қажет ететін білім алушылар орындайды. Сөйлемдердегі дұрыс қойылмаған тыныс белгілерді дұрыстап қояды. 3-ші тапсырманы «Пікір білдір» ойыны арқылы жеке орындауды іске асырады. Аудио-бейнежазбаны тыңдап, қарап мазмұны бойынша ұнайды, ұнамайды, себебі ... тіркестері арқылы өзінің ойын айтады. Бұл тапсырманы мұғалімнің көмегін қажет етпейтін кейбір оқушылар орындайды. Аудио-бейнежазба мазмұны құндылыққа бағытталған. Аудио-бейнежазбаны тыңдай отырып, балалар қатыгездік жаман қасиет екендігін түсінеді. Аудио-бейнежазбаны тыңдау барысында тыңдағаннан қорытынды шығару, белгілі бір пікірді тұжырымдау, жақсы мен жаманды ажырату сияқты оқу сауаттылығын қалыптастыратын дағдыларды игереді. Мұндай тапсырмаларды жеке орындатқан тиімді, себебі, әр білім алушының дербес пікірі қалыптасады. Өзінің ойын, пікірін айтуға үйренеді. Әр тапсырмаға тапсырманың орындалу қадамдарын нақты көрсете отырып дескрипторлар құрылды. Дескриптор білім алушының өзін нақты және әділ бағалауына көмектеседі.

## №17

Тақырыбы:	Сөйлемдегі сөздердің байланысы
Бөлім	Тілдік нормалардың қолданысы, оқылым
Оқу мақсаты:	2.2.3.1 мәтін мазмұнын анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру 2.4.2.6 сөйлемдегі бір-бірімен байланысып тұрған сөздерді табу
Сабақ мақсаты: (бағалау критерийі)	Сөйлемдегі бір-бірімен байланысып тұрған сөздерді табады. Мәтін мазмұнын анықтауға бағытталған сұрақтар құрастырады және жауап береді
<p>Деңгейлік тапсырма 1-тапсырма <b>Жұптық жұмыс. «Байланыстыр» ойыны</b> <b>Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып жаз. Сөйлемдегі сөздердің байланысын сызба арқылы көрсет.</b> Найзағай..... .Құстар жылы жаққа ..... Оқушылар мұражайға ..... Орманда бұлбұл .....</p> <p>Дескриптор Ойнады сөзін табады Ұшты сөзін табады Барды сөзін табады Сайрайды сөзін табады Байланысып тұрған сөздерді табады</p> <p>2-тапсырма <b>Жеке жұмыс. «Сызбамен сөйлем» әдісі</b> <b>Берілген сызбалар бойынша сөйлемдер құрастырып жаз.</b></p>  <p>Дескриптор Сызба бойынша сөйлем құрастырады</p>	

3-тапсырма

**Жұптық жұмыс. «Мен саған, сен маған» әдісі**

**Мәтін мазмұнын анықтауға бағытталған сұрақтар құрастырындар және жауап беріндер**  
Қу түлкі.

Ертеде қу түлкі қарны ашты. Ол қорадан үш тауық ұрлады. Тауықтар түлкіден қашады. Ақтөс аш түлкіні қуады. Түлкі қатты қорқып қашады. Тауықтар Ақтөске риза болды.

Дескриптор

Мәтін бойынша сұрақ құрастырады

Сұрақтарға жауап береді

Қалыптастырушы бағалау: Өзін-өзі бағалау



**Педагогке әдістемелік көмек:**

«Сөйлемдегі сөздердің байланысы» лесиқалық тақырыбын меңгерту үшін тілдік нормалардың қолданысы, оқылым бөлімінен «2.2.3.1 мәтін мазмұнын анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру. 2.4.2.6 сөйлемдегі бір-бірімен байланысып тұрған сөздерді табу» оқу мақсаттарын таңдадым. Бұл оқу мақсаттарын таңдау себебім, мәтін бойынша сұрақ құрастыру және жауап беру, сөйлемдегі байланысып тұрған сөздерді табу дағдысын дамыту. Мәтін мазмұны құндылыққа бағытталған. Мәтінді оқи отырып, жақсылық жасау, көмек беру сияқты адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіреді. Тапсырмалар білім алушылардың жеке және ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында құрылды. Бірінші тапсырманы «Байланыстыр» ойыны арқылы жұпта орындатуды жоспарладым. Екінші тапсырманы «Сызбамен сөйлем» әдісін жеке жұмыс етіп жоспарладым. Берілген сызбалар бойынша сөйлемдер құрастырып жазады. Үшінші тапсырманы «Мен саған, сен маған» әдісімен жұпта орындауын жоспарладым. Жұптар бір-біріне сұрақ қояды және жауап береді. Әр тапсырмада жеңілден күрделіге қарай жоспарланды, жұпта бірлескен жұмыс жақсы нәтиже береді. Соңғы тапсырма жеке берілді. Бұл тапсырманы мұғалімнің көмегін қажет етпейтін білім алушылар орындайды. Дескрипторды білім алушылар өзін нақты бағалай алатындай қадам-қадамымен құрдым.

### 3-сынып

**Бөлім тақырыбы: Жанды табиғат**

**Бөлімше тақырыбы: Күз келді**

**Оқу мақсаты:** 3.1.3.1 тыңдаған материалдың (ұзақтығы 1,5-2 мин) мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру және сюжеттің даму желісі бойынша иллюстрациялар орналастыру/кестетолтыру/мазмұндау

**Сабақтың мақсаты:** тыңдаған материалдың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, сюжеттің даму желісі бойынша иллюстрацияларға орналастырып, кесте толтырады, мазмұндайды.

**Бағалау критерийі:**

- мәтіннің мазмұны бойынша тақырыпқа қатысты сөздерді табады;
- тыңдаған материалдың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;
- сюжеттің даму желісі бойынша иллюстрациялар орналастырады;
- кесте толтырады, мазмұндайды.

**Күз келді**

Күз-жыл мезгілдерінің бірі.Күз айлары-қыркүйек,қазан,қараша.Күзде жапырақтар сарғаяды. Құстар да жылы жаққа ұшып кетеді. Жаңбыр жиі жауады.Жеміс-жидек жиналады. Күз-мезгілі тамаша!

**1-тапсырма.** Тыңдалған мәтіннің мазмұны бойынша берілген сөзтізбектен таныс сөздерді тауып айтыңыз.

ж	ы	л	ы	п	о
а	ж	е	м	і	с
п	н	д	ж	е	т
ы	қ	а	з	а	н
р	а	е	р	р	қ
а	у	б	д	и	ұ
қ	к	ү	з	е	с

**Дескрипторы:**

- мәтінде кездесетін таныс сөздерді сөзжұмбақтан тапты;
- тапқан сөздерді ауызша айтты.

**2-тапсырма.** «Желпуіш» әдісі бойынша желпуіштің бірінші бөлігінде жазылған сұрақтарға екінші бөлігіне жауабын жазыңыз.

1-сұрақ. Күз айларын ата.

2- сұрақ. Құстар қайда ұшып кеттеді?

3-сұрақ. Жапырақтар қандай болады?

4-сұрақ. Күзде не жинайды?

**Дескрипторы:**

- Сұрақтарға жауап жазады.

**3-тапсырма.** Берілген суреттерді мәтін мазмұны бойынша кестеге ретімен орналастырып, әңгімеле.



Мәтін мазмұны бойынша сурттердің реттілігі	Сурет бойынша әңгімеле

**Дескрипторы:**

- суреттерді мәтін мазмұны бойынша кестеге ретімен орналастырды;
- сурет бойынша әңгімеледі.

**Мұғалімге көмек**

Бөлім бойынша тақырып – Жанды табиғат

Сабақтың тақырыбы: Күз келді

**Оқу мақсаты:** 3.1.3.1\*тыңдаған материалдың (ұзақтығы 1,5-2 мин) мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру және сюжеттің даму желісі бойынша иллюстрациялар орналастыру/кестетолтыру/мазмұндау.

«Күз келді» лексикалық тақырыбын меңгерту үшін, оқушылардың деңгейіне қарай 3 тапсырма алдым.

1-тапсырмада оқушылардың мәтін ішінен қаншалықты таныс сөздерді білу және мәтінді қаншалықты түсінгендігін бақылау мақсатында оқушылардың барлығы орындай алатын тапсырмаға сөзтібектен таныс сөздерді табу ұсынылды. Бұл тапсырма оқушыларға қызық және ойлау қабілетін жақсы дамытады.

2-тапсырмаға оқушылардың көбі орындай алатын тапсырма жасалды. Ол «Желпуіш» әдісі арқылы жүзеге асады. Бұл тапсырманы жеке де топпен де орындауға болады. Жеке орындау кезінде мұғалім желпуіштің бірінші бөлігіне бірнеше сұрақ жазады. Оқушы жауап бере алатын сұрақтарына жауап жазады. Топпен орындау барысында бір топтың оқушылары екінші топқа сұрақ жазады, кейін бір-бірімен алмасу арқыла сұрақтарға жауап береді. Бұл тапсырманы оқушылардың көбі орындай алады. Оқушылар сұрақ қойып, оған жауап беруге дағдыланады.

3-тапсырмада оқушылардың кейбірі орындай алады. Тапсырмада суреттерді мәтін мазмұны бойынша кестеге ретімен орналастырып, әңгімелейді. Бұл тапсырма арқылы оқушылардың есте сақтау қабілеті артады. Суреттерді мәтін мазмұны бойынша орналастырып, оны әңгімелеу барысында суреттер арқылы мәтін мазмұнын есте сақтауға мүмкіндік болады.

**Бөлім тақырыбы: Жанды табиғат**

**Бөлімше тақырыбы:** Бұл-малдың төлі

**Оқу мақсаты:** 3.4.1.1\*тірек сөздер, сызбалар, суреттер, символдарды қолданып, постер/мәтін құрастыру

**Сабақтың мақсаты:** тірек сөздерді табады, сызбалар, суреттер, қолданады, мәтін құрастырады

**Бағалау критерийі:**

- мәтіннің мазмұны бойынша тақырыпқа қатысты сөздерді бес сөзді табады, екі сөзден сөз тіркесін құрастырады, бір сөзден сөйлем құрастырады;
- мәтін мазмұны бойынша «Тарсия» әдісімен төлдерді сипаты бойынша сәйкестендіреді;
- берілген суреттердің ішінен тақырыпқа сай суретті таңдап, мәтін құрастырады.

**Бұл-малдың төлі**

Біз малдың төлдерін жақсы көреміз. Маған құлын ұнайды. Оның түсі қоңыр. Ал ағама бота ұнайды. Ботаның түсі ақ, көздері үлкен. Ініме бұзау мен лақ ұнайды. Бұзау сүйкімді, лақ ақ, кішкентай. Төлдер ойнайды, секіреді.

**1-тапсырма.** Мәтіннің мазмұны бойынша тақырыпқа қатысты бес сөзді табыңыз, екі сөзден сөз тіркесін құрастырыңыз, бір сөзден сөйлем құрап айтыңыз.

**Бес сөз**

1. \_\_\_\_\_ 2. \_\_\_\_\_ 3. \_\_\_\_\_ 4. \_\_\_\_\_  
5. \_\_\_\_\_

### Екі сөз тірексі

1. \_\_\_\_\_ 2. \_\_\_\_\_

### Бір сөйлем


1. \_\_\_\_\_

### Дескрипторы:

- мәтіннің мазмұны бойынша тақырыпқа қатысты бес сөзді табады;
- екі сөзден сөз тіркесін құрастырады;
- бір сөзден сөйлем құрастырады;

**2-тапсырма.** Мәтін мазмұны бойынша «Тарсия» әдісімен төлдерді сипаты бойынша сәйкестендіріңіз


“Тарсия” әдісі бойынша төлдерді сипаты бойынша сәйкестендір



### Дескрипторы:

- мәтін мазмұны төлдерді сипаты бойынша сәйкестендіреді.

**3-тапсырма.** Берілген суреттің ішінен мәтін мазмұнына сәйкес келетін суретті тауып, мәтін құрастырыңыз.



### Дескрипторы:

- берілген суреттің ішінен мәтін мазмұнына сәйкес келетін суретті табады;
- мәтін құрастырады.

### Мұғалімге көмек

**Бөлім бойынша тақырып:** Жанды табиғат

**Сабақтың тақырыбы:** Бұл- малдың төлі

**Оқу мақсаты:** 3.4.1.1\*тірек сөздер, сызбалар, суреттер, символдарды қолданып, постер/мәтін құрастыру.

«Бұл-малдың төлі» лексикалық тақырыбын меңгерту үшін, оқушылардың деңгейіне қарай 3 тапсырма алдым.

1-тапсырмада мәтін мазмұны бойынша тақырыпқа қатысты бес сөз жазады, екі сөзден сөз тіркесін құрайды және бір сөйлем құрастырады. Бұл тапсырмада әр оқушы өз деңгейіне байланысты тапсырманы орындайды. Тапсырма орындау барысында оқушылар сөздерді бір бірімен байланыстырып сөз тіркестерін құрауды және сөз тіркестерінен сөйлем құрауды үйренеді.

2-тапсырмаға оқушылардың көбі орындай алатын тапсырма жасалды. Ол «Тарсия» әдісі арқылы жүзеге асады. Бұл тапсырманы жеке де топпен де орындауға болады. Бұл-әдіс арқылы оқушылар мәтін бойынша төлдердің сипатын есте сақтап, сипаты арқылы төлдерді анықтауға дағдыланады.

3-тапсырмада оқушылардың кейбірі орындай алады. Тапсырмада тақырыпқа қатысты сурет беріледі. Суреттің ішінен мәтінде аталған малдың төлдерін табады. Сурет бойынша төлдерді сипатап әңгіме құрастырады. мәтін мазмұны бойынша кестеге ретімен орналастырып, әңгімелейді. Бұл тапсырма арқылы оқушылардың есте сақтау қабілеті артады. Оны әңгімелеу барысында сөздер мен сөздерді байланыстырып, сөздердің орын тәртібін сақтауға дағдыланады.

**Бөлім тақырыбы: Жақсыдан үйрен жаманнан жирен**

**Бөлімше тақырыбы:** Еріншектің ертеңі бітпес

**Оқу мақсаты:** 3.1.4.1\*тыңдаған мәтіннің тақырыбын, жағымды және жағымсыз кейіпкерлерді, мұғалімнің қолдауымен оқиғалар ретін анықтау.


**Сабақтың мақсаты:** тыңдаған мәтіннің тақырыбын, жағымды және жағымсыз кейіпкерлерді табады, мұғалімнің қолдауымен оқиғалар ретін анықтайды.

**Бағалау критерийі:**

- Пазл» әдісі бойынша суретті құрайды, таныс сөздерді айтады, сөз тіркестерін құрайды, сөйлем құрап сабақтың тақырыбын табады.
- **0,Х ойыны** арқылы жағымды және жағымсыз кейіпкерлерді табыңыз,сөздерін ажыратады. Оқушылар алдындағы торкөздерге жағымды кейіпкердің сөзін 0 деген белгімен белгілейді, жағымсыз кейіпкердің сөзін Х деп белгілеп, жауабын мұғалімнің жауап парағымен тексереді.
- қиындыда жазылған сөйлемдерді оқиға ретімен орналастырады.

**Тыңдалым алды тапсырмасы**

«Пазл» әдісі бойынша суретті құраңыз, таныс сөздерді айтыңыз, сөз тіркестерін құраңыз, сөйлем құрап сабақтың тақырыбын табыңыз.



Дескрипторы:

- пазлды құрайды;
- суреттен таныс сөздерді табады;
- таныс сөздерден сөз тіркестерін құрайды;
- суретмен құраған сөз тіркес, сөйлемдерді байланыстырып, сабақтың тақырыбын табады.

**Тыңдалым тапсырмасы**

**1-тапсырма. Мәтінді екі рет тыңдау, түсіну. Қажет ақпараттарды еске сақтау.**

Анасы:

- Қадиша, гүлге су құйшы,-деді.

Қадиша:

- Ертең құямын,- деді.
- Қадиша,қуыршақтарыңды жинашы, - деді анасы.

Қадиша:

- Ертең жинаймын, - деді.

Қадиша анасына:

- Апа, тамақ ішемін. Қарным ашты! – деді.

Анасы:

- Тамақты ертең істеймін, - деді.
- Апа,теледидар қосшы, кино көремін, - деді Қадиша.
- Теледидарды ертең қосамын. Киноны ертең көресің, - деді анасы.
- Апа,«ертең-ертең» дейсіз. Бүгін тамақ ішпеймін бе? Киноны көрмеймін бе? – деп, Қадиша жылады.
- Неге жылайсың? Сен гүлге суды құясың. Қуыршақтарыңды ертең жинайсың. Менде сенен үйрендім. Ендеше, жұмысты ертеңге қалдырма,- деді анасы.

Қадиша ойланды.

**1-тапсырма. 0,Х ойыны** арқылы жағымды және жағымсыз кейіпкерлерді табыңыз,кейіпкерлердің сөздерін ажыратыңыз. Алдыңыздағы торкөздерге жағымды кейіпкердің сөзін 0 деген белгімен белгілеңіз жағымсыз кейіпкердің сөзін Х деп белгілеп, жауабын мұғалімнің жауап парағымен тексеріңіз.



1. Анасы жағымды кейіпкер
  2. Қадиша жағымсыз кейіпкер
  3. гүлге су құйшы
  4. Ертең жинаймын
  5. тамақ ішемін. Қарным ашты!
  6. Менде сенен үйрендім. Ендеше, жұмысты ертенге қалдырма.
- Енді жауабыңды мұғалімнің жауап парағымен жұмысыңды тексер.

1. 0	4. X
2. X	5. X
3. 0	6. 0

Дескрипторы:

- арқылы жағымды және жағымсыз кейіпкерлерді табады;
- кейіпкерлердің сөздерін ажыратады;
- торкөздерге жағымды кейіпкердің сөзін 0 деген белгімен белгілейді;
- жағымсыз кейіпкердің сөзін X деп белгілейді;
- жауабын мұғалімнің жауап парағымен тексереді.

**2-тапсырма.** Қиындыда жазылған сөйлемдерді оқиға ретімен орналастырыңыз.

Қадиша: - Ертең құямын,- деді. - Қадиша,қуыршақтарыңды жинашы, - деді анасы.
- Теледидарды ертең қосамын. Киноны ертең көресің, - деді анасы.
- Неге жылайсың? Сен гүлге суды құясың. Қуыршақтарыңды ертең жинайсың. Менде сенен үйрендім. Ендеше, жұмысты ертенге қалдырма,- деді анасы.
Анасы: - Қадиша, гүлге су құйшы,-деді.
- Қадиша,қуыршақтарыңды жинашы, - деді анасы.
- Апа,«ертең-ертең» дейсіз. Бүгін тамақ ішпеймін бе? Киноны көрмеймін бе? – деп, Қадиша жылады.
Қадиша: - Ертең жинаймын, - деді.
Қадиша ойланды.
Анасы: - Тамақты ертең істеймін, - деді
Теледидарды ертең қосамын. Киноны ертең көресің, - деді анасы

Дескрипторы:

- қиындыда жазылған сөйлемдерді оқиға ретімен орналастырады.

**Мұғалімге көмек**

**Бөлім тақырыбы: Жақсыдан үйрен жаманнан жирен**

**Бөлімше тақырыбы: Еріншектің ертеңі бітпес**

**Оқу мақсаты: 3.1.4.1\*** тыңдаған мәтіннің тақырыбын, жағымды және жағымсыз кейіпкерлерді, мұғалімнің қолдауымен оқиғалар ретін анықтау.

«Еріншектің ертеңі бітпес» лексикалық тақырыбын меңгерту үшін, оқушылардың деңгейіне қарай 3 тапсырма алдым. «Пазл» әдісі бойынша суретті



құрайды, шыққан суреттен таныс сөздерді барлық балалар табады, оқушылардың көбісі сөз тіркестерін құрайды. Кейбір оқушылар тапқан сөздер мен сөз тіркестерді байланыстырып, сабақтың тақырыбын табады.

2-тапсырма **0, X ойыны** арқылы жағымды және жағымсыз кейіпкерлерді табады. кейіпкерлердің сөздерін ажыратыңыз. Алдыңыздағы торкөздерге жағымды кейіпкердің сөзін 0 деген белгімен белгілейді, жағымсыз кейіпкердің сөзін X деп белгілеп, жауабын мұғалімнің жауап парағымен тексереді. Бұл әдісті оқушылар жеке орындайды. Бұл әдіс арқылы оқушылар жағымды және жағымсыз кейіпкердің сөзін ажырата алады. Бұл әдісті сабақты қорыту мақсатында қолдану тиімді.

3-тапсырмада оқушылардың кейбірі орындай алады. Тапсырмада тақырыпқа қатысты сурет беріледі. Суреттің ішінен мәтінде аталған малдың төлдерін табады. Сурет бойынша төлдерді сиппатап әңгіме құрастырады. мәтін мазмұны бойынша кестеге ретімен орналастырып, әңгімелейді. Бұл тапсырма арқылы оқушылардың есте сақтау қабілеті артады. Оны әңгімелеу барысында сөздер мен сөздерді байланыстырып, сөздердің орын тәртібін сақтауға дағдыланады. ([https://online-puzzle.ru/own\\_puzzle](https://online-puzzle.ru/own_puzzle) пазлды осы сілтеме арқылы құрастырып, жүктеп алуға болады.)

**Бөлім тақырыбы:** Су- тіршілік көзі

**Бөлімше тақырыбы:** Су денсаулыққа пайдалы

**Оқу мақсаты:** 3.3.5.1\* сөздіктер мен анықтамалықтардан қажетті ақпаратты табу және оны алу. 3.5.1.1\* мұғалімнің қолдауымен заттың атын/сынын/іс-қимылын білдіретін сөздер мен көмекші сөздердің мағынасын ажырату, ауызша/жазбаша сөйлеу тілінде қолдану.

**Сабақтың мақсаты:** сөздіктер мен анықтамалықтардан қажетті ақпаратты табады. Мұғалімнің қолдауымен заттың атын/сынын/іс-қимылын білдіретін сөздер мен көмекші сөздердің мағынасын ажыратады ауызша сөйлеу тілінде қолданады.

**Бағалау критерийі:**

- мәтінді оқиды, мәтіннің ішінен асты сызылған сөздерді сөздіктен табады;
- заттың атын/сынын/іс-қимылын білдіретін сөздер мен көмекші сөздерді постерге еңгізеді;
- берілген сурет бойынша есім сөздерді ажыратып, сурет бойынша сөйлем құрап айтады.

Оқылым тапсырмасы: Мәтінді мұқият оқып шығыңыздар.

Су денсаулыққа пайдалы

Су- түссіз, иіссіз сұйықтық. Ол денсаулыққа пайдалы. Ол адамдарға және басқа да тіршілік иелеріне өмір сыйлайды.

Мен күнде танертең су ішемін. Себебі мидан бастап асқазанға дейінгі барлық мүшелер суды қажет етеді. Суды қайнатып ішу керек.

**1-тапсырма.** Мәтінді оқып, мәтіннің ішінен асты сызылған сөздерді сөздіктен табыңыз.

Қазақша	Орысша
Түссіз	
Иіссіз	

Таңертең	
денсаулық	

Дескрипторы:

- мәтінді оқиды;
- мәтіннің ішінен асты сызылған сөздерді сөздіктен табады.

**2- тапсырма.** Заттың атын/сынын/іс-қимылын білдіретін сөздер сөздерді постерге еңгізіңіз.

Заттың атын білдіретін сөздер (зат есім)	Заттың сынын білдіретін сөздер (сын есім)	Іс-қимылды білдіретін сөздер (егістік)

Дескрипторы:

- заттың атынбілдіретін сөздер сөздерді кестеге теріп жазады;
- заттың сынын білдіретін сөздерді постерге еңгізеді;
- іс-қимылын білдіретін сөздер сөздерді кестеге теріп жазыңыз.

**3-тапсырма.** Берілген сурет бойынша есім сөздерді ажыратып, сурет бойынша сөйлем құрап айтыңыз.



Дескрипторы:

- берілген сурет бойынша есім сөздерді ажыратады;
- сурет бойынша сөйлем құрап айтады.

**Мұғалімге көмек**

**Бөлім тақырыбы:** Су- тіршілік көзі

**Бөлімше тақырыбы:** Су денсаулыққа пайдалы

**Оқу мақсаты:** 3.3.5.1\* сөздіктер мен анықтамалықтардан қажетті ақпаратты табу және оны алу. 3.5.1.1\* мұғалімнің қолдауымен заттың атын/сынын/іс-қимылын білдіретін сөздер мен көмекші сөздердің мағынасын ажырату, ауызша/жазбаша сөйлеу тілінде қолдану.

1-тапсырмада оқушылар мәтінде берілген сөздердің аудармасын сөздіктерден іздеп табады. Бұл тапсырманы барлық оқушылар орынадай алады. Тапсырманы орындау барысында оқушылар басқа ақпарат көздерінен (сөздіктерден) сөздерді іздеу арқылы өз бетінше жұмыс істеп үйренеді. Өздері тапқан сөздерді тез есте сақтайды.

2- тапсырмада заттың атын/сынын/іс-қимылын білдіретін сөздер сөздерді постерге еңгізу арқылы есім сөздерді тез есте сақтауға дағдыланады. мәліметтерді жинақтау, іріктеу арқылы постер жасау арқылы оқушы өзінің сабақта алған білімін шығармашылық тұрғыдан түрде көрсетіп, өз жұмысын

көпшілік алдында таныстыруға дағдылана бастайды. Бұл оқушыны еркін сөйлеуге бейімдейді.

3-тапсырмада берілген сурет бойынша есім сөздерді ажыратып, сурет бойынша сөйлем құрап айтады. Суреттен таныс сөздерді табу арқылы сөздік қорларын молайтады және есім сөздерді пайдаланып сөйлем құрау арқылы есім сөздердің орын тәртібін сақтап, сөйлеуге дағдыланады.

**Бөлім тақырыбы:** Өнер

**Бөлімше тақырыбы:** Тұңғыш ұстаз

**Оқу мақсаты:** 3.2.1.1 берілген тақырыпқа қатысты сөздерді табу және сөйлеу барысында қолдану

3.2.4.1\* жоспар (сурет, сызба түрінде) және тірек сөздер негізінде оқиға желісін сақтай отырып мазмұндау.

**Сабақтың мақсаты:** берілген тақырыпқа қатысты сөздерді табады және сөйлеу барысында қолданады. Сурет және тірек сөздер негізінде оқиға желісін сақтай отырып мазмұндайды.

**Бағалау критерийі:**

- тақырыпқа қатысты сөздері табады, тапқан сөздерімен сөз тіркестерін құрайды;
- суреттерді мәтіннің мазмұны бойынша лентаға орналастырып, мәтінді мазмұндап береді.

**Тұңғыш ұстаз**

Ыбырай Алтынсарин – қазақ балалар әдебиетінің атасы. Ол балаларға арнап көп әңгіме жазған. Ыбырай Алтынсарин қазақ даласына жаңалық әкелді. Ол мектеп ашты. А.Байтұрсынұлы, С. Көбеевтер сол мектепті бітірді. Ол орыс ғалымдары – В.В.Григорьев, Н.И.Ильминскиймен дос болған. Ыбырай Алтынсарин – ұлы ұстаз, дара тұлға.


**1-тапсырма.** «Артығын тап» әдісі арқылы тақырыпқа қатысты сөздері табады, тапқан сөздерімен сөз тіркестерін құрайды.



**Дескрипторы:**

- тақырыпқа қатысты сөздері табады;
- сөздерімен сөз тіркестерін құрайды.

**2-тапсырма.** «Кинолента» әдісі арқылы суреттерді мәтіннің мазмұны бойынша лентаға орналастырып, мәтінді мазмұндап беріңіз.



Дескрипторы:

- суреттерді мәтіннің мазмұны бойынша лентаға орналастырады;
- мәтінді мазмұндап береді.

**Мұғалімге көмек**

**Бөлім тақырыбы:** Өнер

**Бөлімше тақырыбы:** Тұңғыш ұстаз

**Оқу мақсаты:** 3.2.1.1 берілген тақырыпқа қатысты сөздерді табу және сөйлеу барысында қолдану. 3.2.4.1\* жоспар (сурет, сызба түрінде) және тірек сөздер негізінде оқиға желісін сақтай отырып мазмұндау.

1-тапсырмада «Артығын тап» әдісі арқылы тақырыпқа қатысты сөздері табады, тапқан сөздерімен сөз тіркестерін құрайды. Бұл тапсырманы оқушылардың барлығы және көпшілігі орындай алады. Тақырыпқа қатысы жоқ суретті табу арқылы оқушылардың мәтін не туралы екендігін түсінгендігін білуге болады. Мәтіннен естеріне сақтаған сөздерді атауға көмектеседі. Оқушылардың басым бөлігі сөздерді байланыстырып, сөз тіркесерін құрайды.

2-тапсырмада «Кинолента» әдісі арқылы суреттерді мәтіннің мазмұны бойынша лентаға орналастырып, мәтінді мазмұндап береді. Оқушылар суреттерді мәтіннің мазмұны бойынша лентаға орналастыру арқылы мәтіннің жүйесін сақтайды. Суреттер арқылы сөздерді, сөз тіркестерін байланыстырып, әңгімелеп береді. Бұл әдіс арқылы сөздік қорын байытып қана қоймай, оны тиімді қолдануға үйренеді.

**Менің мектебім**

Бөлім бойынша тақырып – Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен.

Сабақтың тақырыбы: Менің мектебім

**Оқу мақсаты:** 3.3.1.1\* мәтінді немесе оның бөлімдерін мәнерлеп оқу, шолып (танысу мақсатында) оқу/рөлге бөліп оқу

3.2.5.1\* оқыған/тындаған материал бойынша өз пікірін (менің ойымша ..., менің көзқарасым бойынша ..., себебі ...) дәлелдеу.

**Сабақтың мақсаты:** мәтінді мәнерлеп оқиды, жаңа сөздерді ережеге сәйкес жазады, оқыған материал бойынша өз пікірін дәлелдейді.

Бағалау критерийі:

- мәтінді мәнерлеп оқиды;
- жаңа сөздерді ережеге сәйкес жазады;
- мәтін мазмұны бойынша өз пікірін дәлелдейді.

**Менің мектебім**

Мен алтыншы орта мектепте оқимын. Мектеп Сейфуллин көшесінде орналасқан. Біздің мектеп үш қабатты. Мектепте әр пәннің кабинеті бар.

Мектепте бірінші қабатта асхана, дене шынықтыру залы, сынып бөлмелері орналасқан. Мектепте белгілі адамдармен кездесулер өтіп тұрады.

**1-тапсырма.** «Әуенді өрімдер» әдісі арқылы мәтінді мәнерлеп оқиды.

Дескрипторлар:

- мәнерлеп оқиды;
- сөздерді анық айтты.

**2-тапсырма.** «Алфавит» әдісін қолданып, жаңа сөздерді ретімен жазыңдар.

**Жаңа сөздер:** *өтіп тұрады, көше, қабат, пән, дене шынықтыру, белгілі адамдар, кездесулер.*

Дескрипторлар:

- жаңа сөздерді анықтады;
- сөздерді алфавит ретімен жазды.

**3-тапсырма.** «Әйнек арқылы сөйлесу» әдісімен өзінің жұбына мәтінді әңгімелеп береді.

**Үлгі:** *Мектебім өзіме ұнайды. Себебі, мектебім үлкен, жарық, әдемі.*

Дескрипторлар:

- өз пікірін айтты;
- пікірін дәлелдеді.

**Мұғалімге көмек**

Бөлім бойынша тақырып – Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен.

Сабактың тақырыбы: Менің мектебім

**Оқу мақсаты:** 3.3.1.1\* мәтінді немесе оның бөлімдерін мәнерлеп оқу, шолып (танысу мақсатында) оқу/рөлге бөліп оқу

3.2.5.1\* оқыған/тыңдаған материал бойынша өз пікірін (менің ойымша ..., менің көзқарасым бойынша ..., себебі ...) дәлелдеу.

1-тапсырмада «Әуенді өрімдер» әдісі арқылы мәтінді мәнерлеп оқиды. Қалған оқушылар мұқият тыңдап отырады. Қазақ тіліне тән дыбыстарды анық айтады. Оқып болған соң «Алфавит» әдісін қолданып жаңа сөздерді алфавит ретімен жазып шығады.

2-тапсырмада «Әйнек арқылы сөйлесу» әдісімен өзінің жұбына мәтінді әңгімелеп береді, өз пікірін қосып өз ойын дәлелдейді. Жұбы мәтінді мұқият тыңдап, қате айтқан сөздерін түзетуге көмектеді. Бұл арқылы оқушылар бір бірін тексереді. Бұл әдіс арқылы үй тапсырмасын да тексеруге болады.

**Бөлім тақырыбы: Уақыт**

**Бөлімше тақырыбы: Бөдене мен түлкі**

**Оқу мақсаты:** 3.3.1.1\* мәтінді немесе оның бөлімдерін мәнерлеп оқу, шолып (танысу мақсатында) оқу/рөлге бөліп оқу

3.2.3.1 белгілі тақырыптағы әңгімеге қатысу және сұхбаттасын түсіну және олардың ойын толықтыру.

**Сабактың мақсаты:** мәтінді мәнерлеп оқиды, әңгімеге қатысады, сұхбаттасының ойын толықтырады.

Бағалау критерийі:

- мәнерлеп оқиды;
- мәтінде кездескен таныс сөздердің суретін салады, сөз тіркесін құрайды.



- олардың ойын толықтырады.

### **Бөдене мен түлкі**

Орман ішімен түлкі келе жатты. Алаңқайлардан жүгіріп өтті. Қалың ағаштардың арасынан ептеп жүреді. Бір бұтаға да соқтықпайды. Кенет ол жер бауырлап жата қалды. Балапандарын ертіп бөдене келе жатыр екен. Сол арада сауысқан шық ете қалды. Бөдене мен балапандар пыр етіп ұша жөнелді. Түлкінің әрекеті зая кетті.

**1-тапсырма.** «Кейіпкерлер әлемі» әдісімен мәтінді мәнерлеп оқындар. Мәтінде кездескен таныс сөздердің суретін сал, сөз тіркесін құраңыз.

Дескрипторы:

- мәнерлеп оқиды;
- таныс сөздердің суретін сал, сөз тіркесін құрайды;
- мәтін мазмұны бойынша диалог құрайды.

**2-тапсырма.** Мәтін мазмұны бойынша мәліметтердің жалған шындық екендігін «Пойызға отыр» ойыны арқылы ойнаңыз.

<https://www.umapalata.com/zexpo/game.html?LANG=RU&idGames>

Дескрипторы:

- мәліметтердің жалған шындық екендігін ажыратыңыз.

**3-тапсырма.** «Еркін талқылау» әдісімен ертегі мазмұны бойынша диалог құрстырыңыз.

Дескрипторлар:

- мәтін мазмұны бойынша диалог құрайды.

**Бөлім тақырыбы: Уақыт**

**Бөлімше тақырыбы: Бөдене мен түлкі**

**Оқу мақсаты:** 3.3.1.1\* мәтінді немесе оның бөлімдерін мәнерлеп оқу, шолып (танысу мақсатында) оқу/рөлге бөліп оқу

3.2.3.1 белгілі тақырыптағы әңгімеге қатысу және сұхбаттасын түсіну және олардың ойын толықтыру.

**Сабақтың мақсаты:** мәтінді мәнерлеп оқиды, әңгімеге қатысады, сұхбаттасының ойын толықтырады.

1-тапсырмада Бұл тапсырманы барлық оқушылар орындай алады. «Кейіпкерлер әлемі» әдісімен мәтінді мәнерлеп оқиды. Мәтінде кездескен таныс сөздердің суретін салып, сөз тіркесін құрастырады. Бұл арқылы оқушылар сөздік қорды көбейту мақсатында орындайды.

2-тапсырманы оқушылардың көпшілігі орындай алады. Мәтін мазмұны бойынша мәліметтердің жалған шындық екендігін «Пойызға отыр» ойыны арқылы ойнайды.

Ойын сілтемесі <https://www.umapalata.com/zexpo/game.html?LANG=RU&idGames=116337&mygames=s&tk=657425b2a21847e592e3f4773f9192be691c3b7004512eda73a75e1c23594c72&lv=>

Ойынды құрастыру нұсқаулығын көру үшін мына сілтемеге өтіңіз. <https://www.youtube.com>

3-тапсырмада бұл тапсырмада оқушылардың кейбіреуі орындай алады. «Еркін талқылау» әдісімен ертегі мазмұны бойынша диалог құрстырыңыз.

Оқушылар бұл тапсырманы орындау барысында сұрақтар қойып, оған жауап беруге дағдыланады.

**Бөлім тақырыбы:** Өнер

**Бөлімше тақырыбы:** Құдықтың суы тұщы

**Оқу мақсаты:** 3.1.3.1\*тыңдаған материалдың (ұзақтығы 1,5-2 мин) мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру және сюжеттің даму желісі бойынша иллюстрациялар орналастыру/кесте толтыру/мазмұндау

**Сабақтың мақсаты:** тыңдаған материалдың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, сюжеттің даму желісі бойынша иллюстрациялар арқылы мазмұндайды.

**Бағалау критерийі:**

- берілген суреттерге қатысты сөздерді атайды, сөйлем құрап айтады;
- сұрақтарға сөзжұмбақты шешу арқылы жауап береді;
- сурет желісі бойынша мәтін құрайды.

**Құдықтың суы тұщы**

Біздің бақшада алма, алмұрт ағашы өседі. Әкем жерді қопсытады, Біз арамшөп жұламыз. Бақшаның иісі керемет. Бақшада құдық бар. Құдық терең, суы тұщы. Судың дәмі жоқ. Бақшаны құдық суымен суарамыз.

**1-тапсырма.** Берілген суреттерге қатысты сөздерді атаңыз, сөйлем құрап айтыңыз.




**Дескрипторы:**

- берілген суреттерге қатысты сөздерді атайды;
- сөйлем құрап айтады.

**2-тапсырма.** Сұрақтарға сөзжұмбақты шешу арқылы жауап беріңіз.


1. Бақшада не өседі?
2. Әкем нені қопсытады?
3. Біз нені жұламыз?
4. Бақшада не бар?
5. Құдықтың суы қандай?



### Дескрипторы:

- сұрақтарға сөзжұмбақты шешу арқылы жауап береді.

**3-тапсырма.** Сурет желісі бойынша мәтін құраңыз.



### Дескрипторы:

- сурет желісі бойынша мәтін құрайды.

**Бөлім тақырыбы:** Өнер

**Бөлімше тақырыбы:** Құдықтың суы тұщы

**Оқу мақсаты:** 3.1.3.1\*тыңдаған материалдың (ұзақтығы 1,5-2 мин) мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру және сюжеттің даму желісі бойынша иллюстрациялар орналастыру/кесте толтыру/мазмұндау

1-тапсырмада Берілген суреттерге қатысты сөздерді атаңыз, сөйлем құрап айтады. Тақырыпқа қатысты сөздерді айтады. Бұл арқылы оқушылар сөздік қорды көбейту мақсатында орындайды.

2-тапсырманы оқушылардың көпшілігі орындай алады. 2-тапсырмада оқушылар сұрақтарға сөзжұмбақ арқылы жауап береді. Бұл әдіс оқушылардың қызығушылығын тудыру үшін қолданылады. Тақырып анықталғаннан кейін тақырып атауымен қатысты негізгі сөзге «Сөзжұмбақ» берілуі, оқушының қызығушылығын тудырады әрі ойлау қабілетін арттырады.

3-тапсырмада оқушылардың кейбірі орындай алады. Тапсырмада суреттердің желісі бойынша әңгімелейді. Бұл тапсырма арқылы оқушылардың есте сақтау қабілеті артады. Суреттер арқылы мәтін мазмұнын есте сақтауға мүмкіндік болады.

**Бөлім тақырыбы:** Жанды табиғат

**Бөлімше тақырыбы:** Құстар біздің досымыз

**Оқу мақсаты:** 3.2.5.1\*оқыған/тыңдаған материал бойынша өз пікірін (менің ойымша ..., менің көзқарасым бойынша ..., себебі ...) дәлелдеу



**Сабақтың мақсаты:** оқыған/тыңдаған материал бойынша өз пікірін (менің ойымша ..., менің көзқарасым бойынша ..., себебі ...) дәлелдеу

**Бағалау критерийі:**

- суреттерді құстың атауымен сәйкестендіреді;
- сұрақтарға тест арқылы жауап береді;
- ПОПС формуласына салып, ойыңды айт.

**Құстар – біздің досымыз**

Құстардың пайдасы көп. Тоқылдақ ағашты қорғайды. Оны «орман дәрігері» деп атайды. Қарлығаш егінді қорғайды. Көгершіндер бұрын хат тасыған. Құстар жанды табиғатқа жатады.

1-тапсырма. Суреттерді құстар атауымен сәйкестендіріңіз.



көгершін



қарлығаш



тоқылдақ

Дескрипторы:

-мәтіндегі сөздерді суреттермен сәйкестендіред;

**2-тапсырма.** Тест сұрақтарына жауап береді.

1.«Орман дәрігері» деп қай құсты атайды?

- А) тоқылдақ
- Ә) қарлығаш
- Б) көгершін

2. Көгершіндер бұрын не істеген?

- А) су тасыған
- Ә) хат тасыған
- Б) шөп тасыған

3. Құстар қандай табиғатқа жатады?

- А) жансыз
- Ә) жанды

Дескрипторы:

-тест сұрақтарына жауап береді;

**3-тапсырма.** Құстардың пайдасы тақырыбын ПОПС формуласына салып, ойыңды айт.

П. Менің ойымша...

О. Себебі ...

П. Мысалы...

С. Қорыта айтқанда...

Дескрипторы:

-берілген тақырып бойынша ойын айтады.

## Мұғалімге көмек

**Бөлім тақырыбы:** Жанды табиғат

**Бөлімше тақырыбы:** Құстар біздің досымыз

**Оқу мақсаты:** 3.2.5.1\*оқыған/тыңдаған материал бойынша өз пікірін (менің ойымша ..., менің көзқарасым бойынша ..., себебі ...) дәлелдеу

1-тапсырмада Бұл тапсырманы барлық оқушылар орындай алады. Суреттерді құстар атауымен сәйкестендіреді. Бұл тапсырма арқылы құстардың сипатын таниды және атауын біледі.

2-тапсырманы оқушылардың көпшілігі орындай алады. Бұл тапсырмада оқушылар тақырып бойынша алған білімдерін қорыта алады. Нәтижесі осы тест сұрақтарына жауап беру кезінде белгілі болады.

3-тапсырмада бұл тапсырмада оқушылардың кейбіреуі мәтін мазмұны бойынша өз пікірін ПОПС формуласына салып өз пікірін айтады. Бұл арқылы оқушылар сөзбен сөзді байланыстырып, өз ойын дәлелдеуді үйренеді.

**Бөлім тақырыбы:** Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен

**Бөлімше тақырыбы:** «Жаман» деген немене?

**Оқу мақсаты:** 3.2.1.1 берілген тақырыпқа қатыстысөздерді табу және сөйлеу барысында қолдану.

**Сабақтың мақсаты:** берілген тақырыпқа қатыстысөздерді табады және сөйлеу барысында қолданады.

**Бағалау критерийі:**

- мәтінді мәнерлеп оқиды, мәтінде кездесетін сөздерді табады;
- мәтін мазмұны бойынша кластер құрастырады;
- Жалқаубек, Әлібек деген сөздерге синквейн құрастыру

**«Жаман» деген немене?**

Жалқаубек – жалқау бала. Ол сабақ оқымайды. Киімдерін шашып тастайды. Оның бөлмесі лас.

Әлібек жалқау емес. Ол сабақты жақсы оқиды. Оның бөлмесі таза. Ол еріншек емес.


**1-тапсырма.** Мәтінді мәнерлеп оқы. «Шашылған сөздер» ойыны арқылы мәтінде кездесетін сөздерді табыңыз.

**Ойынның сілтемесі:** <https://www.umapalata.com/zexpo/game.html?LANG>

**Дескрипторы:**

- мәтінді мәнерлеп оқиды;
- мәтінде кездесетін сөздерді табынады.

**2-тапсырма.** Мәтін бойынша кластер толтыру



**3-тапсырма.** Жалқаубек, Әлібек деген сөздерге синквейн құрастыру

1. Кім?
2. Қандай? 2 сын есім
3. Не істейді? 3 етістік
4. Сөйлем
5. Мәндес сөз немесе анықтама

Дескрипторы:

- синквейн құрастырады.

**Мұғалімге көмек**

**Бөлім тақырыбы:** Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен

**Бөлімше тақырыбы:** «Жаман» деген немене?

**Оқу мақсаты:** 3.2.1.1 берілген тақырыпқа қатысты сөздерді табу және сөйлеу барысында қолдану.

1-тапсырмада Бұл тапсырманы барлық оқушылар орындай алады. Мәтінді мәнерлеп оқы. «Шашылған сөздер» ойыны арқылы мәтінде кездесетін сөздерді табады. Бұл арқылы оқушылар сөздік қорды көбейту мақсатында орындайды.

2-тапсырманы оқушылардың көпшілігі орындай алады. Жалқаубек пен Әлібекке қатысты кластер құрастырады.

3-тапсырмада бұл тапсырмада оқушылардың кейбіреуі орындайды. Есім сөздерді орынды пайдалана алады. Сөздердің орын тәртібін сақтайды. Ойын еркін жеткізеді.

**Бөлім тақырыбы:** Су- тіршілік көзі

**Бөлімше тақырыбы:** Жағажайда

**Оқу мақсаты:** 3.4.1.1\*тірек сөздер, сызбалар, суреттер, символдарды қолданып, постер/мәтін құрастыру

**Сабақтың мақсаты:** тірек сөздер, суреттер, символдарды қолданып, постер құрастырады.

**Бағалау критерийі:**

- суретті бояп, білетін сөздерді атайды;
- мәтінде айтылмаған заттарды табады;
- мәтінде аталған суреттерді атап, сөй тіркесін құрастырады;
- көрсетілген суреттерді пайдаланып, постер құрайды.

**Жағажайда**

Мен жағажайға барамын. Жағажайда бала көп. Мен жақсы жүземін. Өзеннің суы тұщы. Бірақ терең. Сондықтан алысқа бармаймын. Жағажайда шөлдеймін. Әжем сусын қайнатып береді. Әжемнің сусыны дәмді.

**1-тапсырма.** Суретті бояп, білетін сөздерді атаңыз.



Дескрипторы:

- суретті бояйды;
- білетін сөздерді атайды.


**2-тапсырма.** «Артығын тап» ойыны арқылы мәтінде айтылмаған заттарды тап. Мәтінде аталған суреттерді атап, сөй тіркесін құрастырыңыз.



Дескрипторы:

- мәтінде айтылмаған суреттерді табады;
- мәтінде аталған суреттерді атап, сөйлем құрастырады.

**3-тапсырма.** Бағыттаушымен көрсетілген суреттерді пайдаланып, постер құраңыз.



**Мұғалімге көмек**

**Бөлім тақырыбы:** Су- тіршілік көзі

**Бөлімше тақырыбы:** Жағажайда

**Оқу мақсаты:** 3.4.1.1\*тірек сөздер, сызбалар, суреттер, символдарды қолданып, постер/мәтін құрастыру

1-тапсырмада Бұл тапсырманы барлық оқушылар орындай алады. Суретті бояп, білетін сөздерді атайды. Музей сөзінен өзі білетін сөздерді айтады. Бұл арқылы оқушылар сөздік қорды көбейту мақсатында орындайды.

2-тапсырманы оқушылардың көпшілігі орындай алады. «Артығын тап» ойыны арқылы мәтінде айтылмаған заттарды табады. Мәтінде аталған суреттерді атап, сөй тіркесін құрастырады. Бұл арқылы мәтінде айтылмаған затты атай отырып, мәтін мазмұнын түсінгендігін білуге болады.

3-тапсырмада бұл тапсырмада оқушылардың кейбіреуі мәтін мазмұны бойынша тақырып бойынша Бағыттаушымен көрсетілген суреттерді пайдаланып, постер құрайды. Бұл оқушыларды шығармашылыққа тәрбиелейді.

**Бөлім тақырыбы: Өнер**

**Бөлімше тақырыбы: Бұл- орталық музей**

**Оқу мақсаты:** 3.2.5.1\*оқыған/тыңдаған материал бойынша өз пікірін (менің ойымша ..., менің көзқарасым бойынша ..., себебі ...) дәлелдеу

**Сабақтың мақсаты:** оқыған/тыңдаған материал бойынша өз пікірін (менің ойымша ..., менің көзқарасым бойынша ..., себебі ...) дәлелдейді

**Бағалау критерийі:**

- тақырыпқа қатысты өзің білетін сөздерді айтады;
- суретте жазылған сөздерді кестедегі суреттермен сәйкестендіреді;
- сөйлем құрап айтады;
- өз пікірін ПОПС формуласына салып айтады.

**Бұл- орталық музей**

Бұл- орталық музей. Ол үлкен, әдемі. Орталық музейде көп экспонат бар. Олар: Алтын адам, атақты тұлғалардың жеке заттары, тастан жасалған құралдар, көне кітаптар. Маған музей ұнады.

**1-тапсырма.** Тақырыпқа қатысты өзің білетін сөздерді айт.

М

У

Зат

Е

Й

**Дескрипторы:**

- тақырыпқа қатысты өзің білетін сөздерді айтады.

**2-тапсырма.** Музейдің суретінде жазылған сөздерді кестедегі суреттермен сәйкестендіріп, сөйлем құрап айт.

**көне кітаптар**







**3-тапсырма.** Тақырып бойынша өз пікіріңізді ПОПС формуласына салыңыз.

1. менің ойымша ...,
2. менің көзқарасым бойынша ...,
3. себебі ....

Дескрипторы:

- тақырып бойынша өз пікірін айтады.

**Мұғалімге көмек**

**Бөлім тақырыбы: Өнер**

**Бөлімше тақырыбы: Бұл- орталық музей**

**Оқу мақсаты:** 3.2.5.1\*оқыған/тыңдаған материал бойынша өз пікірін (менің ойымша ..., менің көзқарасым бойынша ..., себебі ...) дәлелдеу

1-тапсырмада Бұл тапсырманы барлық оқушылар орындай алады. Музей сөзінен өзі білетін сөздерді айтады. Бұл арқылы оқушылар сөздік қорды көбейту мақсатында орындайды.

2-тапсырманы оқушылардың көпшілігі орындай алады. Музейдің суретінде жазылған сөздерді кестедегі суреттермен сәйкестендіріп, сөйлем құрап айтады. Тастан жасалған заттарды біледі, сәйкестендіреді. Суреттердің атауын пайдаланып мәтін мазмұны бойынша сөйлем құрап айтады.

3-тапсырмада бұл тапсырмада оқушылардың кейбіреуі мәтін мазмұны бойынша өз пікірін ПОПС формуласына салып өз пікірін айтады. Бұл арқылы оқушылар сөзбен сөзді байланыстырып, өз ойын дәлелдеуді үйренеді.

**Бөлім тақырыбы: Атақты тұлғалар**

**Бөлімше тақырыбы: Бұл кісі-суретші**

**Оқу мақсаты:** 3.3.4.1\*мәтін мазмұны мен кейіпкерлерінің іс-әрекеті туралы нақты сұрақтар (қандай? қай? қашан? қайда?) құрастыру және оған жауап беру

**Сабақтың мақсаты:** мәтін мазмұны мен кейіпкерлерінің іс-әрекеті туралы нақты құрастырады және оған жауап береді.

**Бағалау критерийі:**

- суреттердің атын атайды;
- тастан және ағаштан жасалған мүсіндер мен қылқаламнан салынған суреттерін ажыратып, кестеге толтырады;
- нақты сұрақтардан сұраулы сөйлем құрап, жауап береді.

**Бұл кісі-суретші**

Әбілхан бала кезінен сурет салуды жақсы көрді. Ол талантты суретші. Бала кезінде ағаштан, тастан адамдармен жануарлардың суретін салған. Ол таудың, жайлаудың, жануарлардың мүсінін жасаған. Әбілханның қылқаламмен салған көптеген суреті бар. Ол табиғат көрісітерімен портреттер салды. Алғаш салған туындылары : «Түркісіб», «Мектеп». Ұлы тұлғалардың : «Жас Абай», «Мақта жинау», «Шоқан Уәлихановтың» да суретін салған. Әбілхан Алматы, Мәскеу қалаларында оқыған. Ұстазы оған бояу мен қылқалам сыйлаған.

**1-тапсырма.** Мына суреттердің атын ата.



**Дескрипторы:**

- суреттердің атын атайды.

**2-тапсырма.** Әбілханның тастан және ағаштан жасалған мүсіндер мен қылқаламнан салынған суреттерін ажыратып, кестеге толтыр.

тастан және ағаштан жасалған мүсіндер	қылқаламмен салған көптеген суреттер

**Дескрипторы:**

- тастан және ағаштан жасалған мүсіндерді кестеге толтырады;
- қылқаламнан салынған суреттерін ажыратып, кестеге толтырады.

**3-тапсырма.** Мәтін мазмұны бойынша берілген нақты сұрақтардан сұраулы сөйлем құрап, жауап бер.

	Берілген сұрақ	Сұраулы сөйлем	Сұрақтың жауабы
	Кім?	Әбілхан Қастеев кім?	Әбілхан Қастеев суретші.
	қандай?		
	қашан?		
	қайда?		

**Дескрипторы:**

- берілген сұрақтардан сұраулы сөйлем құрайды;
- сұрақтарға жауап береді.

**Мұғалімге көмек**

**Бөлім тақырыбы: Атақты тұлғалар**

**Бөлімше тақырыбы: Бұл кісі-суретші**

**Оқу мақсаты:** 3.3.4.1\*мәтін мазмұны мен кейіпкерлерінің іс-әрекеті туралы нақты сұрақтар (қандай? қай? қашан? қайда?) құрастыру және оған жауап беру 1-тапсырмада Бұл тапсырманы барлық оқушылар орындай алады. Әбілхан Қастеевтің салған суреттері тақтада көрсетіледі. Тапсырма барысында мәтінде көрсетілген суреттердің атауын айтады. Бұл арқылы оқушылар естеріне сақтаған суреттерді мәтіннен іздеу арқылы есте сақтау қабілеті артады. Мұғалім айтылған ақпаратты қаншалықты мұқият тыңдағандығын тексеру үшін орындатады.

2-тапсырманы оқушылардың көпшілігі орындай алады. Әбілханның тастан және ағаштан жасалған мүсіндер мен қылқаламнан салынған суреттерін ажыратып, кестеге толтырады. Бұл тапсырма оқушылар заттарды жасалу түріне байланысты ажыратып үйренеді.



3-тапсырмада бұл тапсырмада оқушылардың кейбіреуі мәтін мазмұны бойынша берілген нақты сұрақтардан сұраулы сөйлем құрап, жауап береді. Тапсырма арқылы оқушылар сұраулы сүйлем құрау барсында сұраулы сөздің орын тәртібін сақтайды, және сұрақтарға жауап береді.

**Бөлім тақырыбы: Демалыс мәдениеті. Мерекелер**

**Бөлімше тақырыбы: Мереке құтты болсын.**

**Оқу мақсаты: 3.2.2.1 берілген тірек сөздер негізінде сөйлеу (3-4 сөйлем)**

**Сабақтың мақсаты: берілген тірек сөздер негізінде сөйлейді, 3-4 сөйлем құрап айтады.**


**Бағалау критерийі:**

- мәтінде айтылған тағамдарды табады, атайды;
- берілген суреттермен, сөйлем құрайды;
- Наурыз мерекесімен құттықтап тілек айтады.

**Мереке құтты болсын!**

Қазақстанда мереке көп. Біз мерекеде бір-бірімізге сыйлық береміз. Ашықхат жазамыз. Жақсы тілек айтамыз. «Мереке құтты болсын!» – деп құттықтаймыз. Мерекелік дастарқан жасаймыз. Ет асамыз. Бауырсақ пісіреміз. Ең үлкен мереке – Наурыз. Наурызда наурыzkөже пісіреді.




**1-тапсырма. Мәтінде айтылған тағамдарды табыңыз, атаңыз.**



**Дескрипторы:**

- мәтінде айтылған тағамдарды табады, атайды;

**2-тапсырма. Берілген суреттермен, сөйлем құраңыз.**



**3-тапсырма. Досыңды Наурыз мерекесімен құттықтап тілек айт.**

**Дескрипторы:**

- берілген суреттермен, сөйлем құрайды;
- Наурыз мерекесімен құттықтап тілек айтады.

**3-тапсырма. Досыңды Наурыз мерекесімен құттықтап, тілек айт.**



«Мереке құтты болсын!»

**Дескрипторы:**

- Наурыз мерекесімен құттықтап тілек айтады.

**Мұғалімге көмек.**

- **Бөлім тақырыбы:** Демалыс мәдениеті. Мерекелер

- **Бөлімше тақырыбы:** Мереке құтты болсын.

- **Оқу мақсаты:** 3.2.2.1 берілген тірек сөздер негізінде сөйлеу (3-4 сөйлем)

1-тапсырмада барлық оқушылар мәтінде айтылған ұлттық тағамдарды суреттен тауып айтады. Бұл тапсырма арқылы ұлттық тағамдарды суреттер арқылы естеріне сақтайды.

2-тапсырмада оқушылардың көпшілігі берілген суреттер арқылы сөздерден сөз тіркестерін құрап айтады. Бұл тапсырманы орындау барысында оқушылар сөздермен сөздерді байланыстырып, сөздердің орын тәртібін сақтауды үйренеді.

3-тапсырмада кейбір оқушылар Наурыз мерекесімен құттықтап, тілек айтады. Бұл тапсырма арқылы оқушы өз ойын жеткізеді. Еркін сөйлейді. Ауызекі сөйлеу дағдысын қалыптастырады.

**Бөлім тақырыбы: Өнер**

**Бөлімше тақырыбы:** Отбасым өнерлі

**Оқу мақсаты:** 3.1.3.1\*тыңдаған материалдың (ұзақтығы 1,5-2 мин) мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру және сюжеттің даму желісі бойынша иллюстрациялар орналастыру/кесте толтыру/мазмұндау

**Сабақтың мақсаты:** 3.1.3.1\*тыңдаған материалдың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді және сюжеттің даму желісі бойынша иллюстрациялар орналастырады,мазмұндайды.


**Бағалау критерийі:**

- мәтін мазмұны бойынша суреттерді сәйкестендіреді, мамандықтарды атайды;
- сұраққа жауап береді, сөзжұмбақты шешеді;
- мәтін мазмұны бойынша суреттерді нөмірлейді, нөмірлердің реттілігі бойынша мазмұндайды.

**Отбасым өнерлі**

Менің отбасым өнерлі. Атам – белгілі зергер. Ол кісі күмістен сырға жасайды. Әкем домбыра тартады. Ағам-суретші. Інім ән айтады. Анам киім тігеді. Мен пианинода ойнаймын. Біз «Өнерлі отбасы» байқауына қатыстық. Біз екінші орын алдық.

**1-тапсырма.** Мәтін мазмұны бойынша суреттерді сәйкестендіріңіз.



**Дескрипторы:**

- мәтін мазмұны бойынша суреттерді сәйкестендіреді.
- 

**2-тапсырма.** Сұраққа жауап беріп, сөзжұмбақты шешіңіз.


1. Әкем не тартады?
2. Зергер кім?
3. Олар қайда қатысты?
4. Кім тігін тігеді?
5. Ағам нені жақсы салады?
6. Біз екінші ... алдық

1.			О					
2.			Т					
		3.	Б					
		4.	А					
		5.	С					
6.			Ы					

**Дескрипторы:**

- сұраққа жауап береді;
- сөзжұмбақты шешеді.

**3-тапсырма.** Мәтін мазмұны бойынша суреттерді нөмірле, мазмұнда.





### Дескрипторы:

- мәтін мазмұны бойынша суреттерді нөмірлейді;
- нөмірлердің реттілігі бойынша мазмұндайды.

### Мұғалімге көмек

### Бөлім тақырыбы: Өнер

### Бөлімше тақырыбы: Отбасым өнерлі

- **Оқу мақсаты:** 3.1.3.1\*тыңдаған материалдың (ұзақтығы 1,5-2 мин) мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру және сюжеттің даму желісі бойынша иллюстрациялар орналастыру/кесте толтыру/мазмұндау

1-тапсырмада мәтін мазмұны бойынша суреттерді сәйкестендіреді. Отбасы мүшелерін мамандықтары бойынша сәйкестендіреді, мамандықтарды атайды. Бұл ойын арқылы оқушылардың жылдамдығы мен суреттер арқылы есте сақтау қабілеті артады. Келесі тапсырмаларды орындау үшін керекті сөздер мен сөз тіркестерін есте сақтауға мүмкіндік алады.

2-тапсырмада оқушылар сұрақтарға сөзжұмбақ арқылы жауап береді. Бұл әдіс оқушылардың қызығушылығын тудыру үшін қолданылады. Тақырып анықталғаннан кейін тақырып атауымен қатысты негізгі сөзге «Сөзжұмбақ» берілуі, оқушының қызығушылығын тудырады әрі ойлау қабілетін арттырады.

3-тапсырмада мәтін мазмұны бойынша суреттерді нөмірлеп, мазмұндайды. Нөмірлердің реттілігі бойынша әңгімелейді. Бұл тапсырма арқылы оқушылар мәтін мазмұны бойынша суреттерді нөмірлеу арқылы реттілігін сақтайды. Одан соң суреттерге қарап отырып, мәтінді әңгімелеу оңай болады.

### Бөлім тақырыбы: Демалыс мәдениеті. Мерекелер

### Бөлімше тақырыбы: Туған елімнің табиғаты

**Оқу мақсаты:** 3.2.4.1\*жоспар (сурет, сызба түрінде) және тірек сөздер негізінде оқиға желісін сақтай отырып мазмұндау

**Сабақтың мақсаты:** берілген тірек сөздер негізінде сөйлейді, 3-4 сөйлем құрап айтады.

### Бағалау критерийі:

Табиғатқа қатысты сөздер мен мен қалаға қатысты суреттерді табу

Суреттің желісі бойынша мазмұндау

## 4-сынып

### Бөлім атауы: Қоршаған ортаны қорғау

### Сабақтың тақырыбы: Ағаш отырғызу

**Оқылым** - 4.3.2.1 бейтаныс сөздер кездесетін шағын мәтіндегі негізгі ойды түсіну

**Жазылым** - 4.4.1.1 шағын сюжетті комикс/буклет/ коллаж/ жарнама/презентацияны сөйлемдермен толықтыру

## I деңгей тапсырмасы

**1-тапсырма. Берілген сөздердің мағынасын түсіну, аудару.**

### Дескриптор

- берілген сөздерді аудару;
- жазылымын есте сақтау;
- сөзді мағынасына сай синониммен сәйкестендіру;

### Сөздерді сәйкестендіру

Бағбан	Жас тал
Күтім жасау	Бақша күтушісі
Көшет	Тамыр жаюы керек
Төккен тер	Баптап өсіру
Тамыр жайды	Жасаған еңбек
Жерсіну керек	Өсіп шықты

### Дұрыс нұсқасы

Бағбан	Бақша күтушісі
Күтім жасау	Баптап өсіру
Көшет	Жас тал
Төккен тер	Жасаған еңбек
Тамыр жайды	Өсіп шықты
Жерсіну керек	Тамырлар жаю керек

## Оқылым тапсырмасы

**2-тапсырма. Мәтінді араға 1-2 минут салып, екі рет түсініп оқу.**

### Дескриптор

- оқыған мәтінін түсіну;
- мәтінге сай ой түйіп есте сақтау;
- негізгі ақпаратты болжап, бір сөйлеммен жазу;

#### Бағбан кеңесі

- Әдетте, жеміс ағаштарын көктемде отырғызып жатамыз. Бірақ, бұл мезгілде егілген көшет көп күтімді қажет етеді. Яғни, ағаштың тамыр жайып, жерсінуі үшін уақытылы суғару қажет. Әйтпесе, төккен тер еш кетеді. Ал бізде қалай? Аптасына бір-ақ рет су құйылады. Бұл дұрыс емес. Әрине «бұл көктемде ағаш егуге болмайды» деген сөз емес. Ең бастасы, күтім жасалса болғаны,- дейді бағбан

Әбсаттар

Мұхамеджанов.

Бағбанның сөзінше, жеміс ағаштарын, жүзімді күзде отырғызса, көктемге дейін тамыр жайып, жерсінеді. Күтімді де қажет етпейді. Күзде егілген көшеттердің 99 пайызы көгеріп, жеміс береді екен.

83 сөз.

<https://kz.otyrar.kz/>

## II деңгей тапсырмасы

**3-тапсырма. Оқылған мәтін бойынша дұрыс жауабын тауып жазу**

Бұл кіммен жүргізілген сұхбат үзіндісі?	Мәтіндегі бағбанның басты кеңесі неде?	Көктемгі көшет пен күзгі көшеттің айырмашылығы неде?

**4-тапсырма. Мәтін мағынасын қолданып сұхбатты жалғастыру.**



## Дескриптор

- ойды толықтырып жазу;
- жүйелі сұрақ құрып жауап беру;
- грамматикалық талапқа сай сұхбатты 2-3 сөйлеммен толықтыру;

## III деңгей тапсырмасы



**5-тапсырма. Жұптық жұмыс.**

**Оқыған мәтінге сай диалог құру.**

## Дескриптор

- мәтіндегі негізгі ойға сай сұрақтар құрастыру;
- жұптасының сауалдарына жауап беру;
- қарапайымнан күрделіге бағытталған диалогты бірлесе құру;
- жазылымды қорғау;

**6-тапсырма. Суретті қолданып мәтін тақырыбына сай шағын әңгіме құру;**

- 5-7 сөйлемнен тұратын мәтін құру;
- Тақырыпқа сай жаңа сөздерді қолдану;
- Суреттегі бейнені өз ойымен жеткізу;



## Кері байланыс

- Сабақта сізге қандай ақпарат таныс болды?
- Сіз үшін қай тапсырма оңай болды?
- Осы сабақта алған біліміңізді келешекте қолдана аласыз ба?

## Мұғалімге көмек

Берілген тапсырмаларды айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын үйлестіріп қолдануға болады. Оқушыға алдын ала түсіндірме жұмысын, жаңа сөздер легін бір көрсетіп алу тиімді болады. Тапсырма орындау барысында әр тапсырманың мақсаты мен орындалу амалын әр сыныптың деңгейіне сай

түрлендіру, түсіндірме жұмыстарын оқу сапасы төмен сыныптарға бірнеше рет қайталау қажет. Оқу сапасы жоғары, үздіктер саны басым сыныптарға грамматикалық тапсырмалар қосып беру арқылы күрделендіруге болады.

**Бөлім атауы: Табиғат құбылыстары**

**Сабақтың тақырыбы: Халықтық болжам**

**Тыңдалым** - 14.1.1.1\* анық айтылған сөзді тыңдап, қысқаша жазба (тірек сөздер) жасау және нақтылау мақсатында сұрақтар құру

4.1.2.1 бейтаныс сөздер мен сөз тіркестері бар мәтіннің мағынасын мәнмәтінге қатысты анықтап түсіну

**Жазылым** - 4.4.1.1\* шағын сюжетті комикс/буклет/ коллаж/ жарнама/презентацияны сөйлемдермен толықтыру


**Тыңдалым** алды тапсырма

**I деңгей тапсырмасы**

**1-тапсырма. Суреттерге қарап, сабақтың тақырыбына болжам жасаңыз.**

**Дескриптор**

- суреттермен танысады;
- сурет арқылы тақырыпқа болжам жасайды;
- тақырыпты анықтайды;



**Тыңдалым.**

**2-тапсырма. Мәтінді 2-3 қайтара түсініп тыңдау.**

**Дескриптор**

- тыңдаған мәтінін түсіну;
- мәтіннен маңызды ақпаратты белгілеп, есте сақтау;
- бейтаныс сөздерді жазып алу;

**Халықтық болжам.**

Қазақ халқы көшпелі өмір-тіршіліктен тартып бүгінге дейін қоршаған ортаны, табиғаттың қыры мен сырын бақылау арқылы өмір тәжірибелерін толықтап отырған. Соның маңызды бір бөлегі ауа райына қатысты болжамдар. Күннің тұманды мұнардан көтерілуі ауа райының ыстық болуының нышаны.



Батар күн қызыл шапаққа малынып барып ұясына кірсе, ертеңінде шыжыған ыстық болатынын білдіреді. Қыс айларында көкжиек ашық болып, қызыл шапақ шашса ауа райы жылы болатындығының нышаны.

62 сөз.

<https://qazaqtimes.com/article/855>

## II деңгей тапсырмасы

### 3-тапсырма. Сөйлемдерді дұрыс нұсқасымен сәйкестендіру.

#### Дескриптор

- тыңдаған мәтін негізінде сөз тіркестерін сәйкестендіру;
- мәтіннен алынған ақпаратты ажырата білу;
- дұрыс нұсқаны сызықшамен қосу;

Күннің тұманды мұнардан көтерілуі		өмір тәжірибелерін толықтап отырған.
Қазақ халқы		ауа райының ыстық болуының нышаны.
Табиғаттың қыры мен сырын бақылап		ертеңінде күн ыстық болады.
Батар күн қызыл шапаққа малынса		табиғаттың қыры мен сырын бақылаған.

#### Дұрыс нұсқасы.

Қазақ халқы	табиғаттың қыры мен сырын бақылаған.
Табиғаттың қыры мен сырын бақылап	өмір тәжірибелерін толықтап отырған.
Күннің тұманды мұнардан көтерілуі	ауа райының ыстық болуының нышаны.
Батар күн қызыл шапаққа малынса	ертеңінде күн ыстық болады.

### 4-тапсырма. Хабарлы сөйлемдерді сұраулы сөйлемге айналдырып жазу.

#### Дескриптор

- Сұраулы сөйлем құру ережесін қолдану;
- Шылауларды орфографияға сай қолдану;
- Жазу емлесіне сай хабарлы сөйлемді сұраулы сөйлемге айналдыру;


1. Қазақ халқы көшпелі өмір сүрген.
2. Қоршаған ортаны, табиғатты бақылап тәжірибелерін толықтап отырған.
3. Ауа райына қатысты болжамдар жасаған.
4. Күн тұманды болса, ауа райының ыстық болу мүмкін.
5. Қыста көкжиек ашық болып, қызыл шапақ шашса, күн жылынады.

## III деңгей тапсырмасы

### 5-тапсырма. Суретті қолданып, сөйлемдерді толықтыру.

#### Дескриптор

- Сабақ барысындағы ақпаратты қолданып өз болжамын жазу;
- Суретті сәйкестендіріп өзіндік қортынды жасау;
- Орфографиялық ережені сақтап жазу;



Мысық төрт аяғын бауырына жинап жатса ... .

Мысық аяғын жазып ұйықтаса ... .

Мысық үйден шықпай, көңілсіз жүрсе ... .

Мысық ойнап, секіріп жүрсе ... .

Мысық шалқасынан жатса ... .

**6-тапсырма. Кестедегі ережені қолданып әр бағанға сай мысал жазу**  
**Дескриптор**

- Берілген ережені түсінеді;
- Әр бағанға мысал ретінде бір-бір сөз тіркесін жазады;
- Берілген ақпаратты қолданады;

Салыстырмайлы шырай – Сравнительная степень

Егер сөздің соңғы дыбысы	қ, қ, ш, п, с	-тау/-теу	құрғақтау, тіктеу
	а, ы, і, р, у, й	-лау/-леу	жұқалау, кішілеу
	н, м, ң, з	-дау/-деу	тереңдеу, қалыңдау

**Мысалы:**

суықтау  
биіктеу  
қараңғылау  
әлділеу  
аяздау  
төмендеу  
Дүкен мектепке қарағанда алыстау.

**Кері байланыс**

- Сабақта сізге қандай ақпарат таныс болды?
- Сіз үшін қай тапсырма оңай болды?
- Осы сабақта алған біліміңізді келешекте қолдана аласыз ба?

**Мұғалімге көмек**

Берілген тапсырмаларды айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын үйлестіріп қолдануға болады. Оқушыға алдын ала түсіндірме жұмысын, жаңа сөздер легін бір көрсетіп алу тиімді болады. Тапсырма орындау барысында әр тапсырманың мақсаты мен орындалу амалын әр сыныптың деңгейіне сай түрлендіру, түсіндірме жұмыстарын оқу сапасы төмен сыныптарға бірнеше рет қайталау қажет. Оқу сапасы жоғары, үздіктер саны басым сыныптарға грамматикалық тапсырмалар қосып беру арқылы күрделендіруге болады.

**Бөлім атауы: Мамандықтар әлемі**

**Сабақтың тақырыбы: Еңбек адамдары**

**Оқылым** - 4.3.2.1 бейтаныс сөздер кездесетін шағын мәтіндегі негізгі ойды түсіну;

**Жазылым** - 4.4.1.1 шағын сюжетті комикс/буклет/ коллаж/ жарнама/презентацияны сөйлемдермен толықтыру;

### **I деңгей тапсырмасы**

**1-тапсырма. Берілген сөздерді аудармасымен сәйкестендіру.**

#### **Дескриптор**

- аудармасын табады;
- мағынасын есте сақтайды;
- дұрыс жауаптарды сәйкестендіреді;

Теміржолшы Сәнді киім Тігінші Құрылыс салады Ұстаз Дәрігер Маман Ұшқыш Заңгер Еңбегін арнаған Болашақ Мамандық иесі		Портной Учитель Специалист Пилот Модная одежда Строит, Юрист Посвятил свою работу Будущее Хозяин профессии Железнодорожный рабочий Доктор
--	--	--

#### **Дұрыс жауабы**

Теміржолшы Сәнді киім Тігінші Құрылыс салады Ұстаз Дәрігер Маман Ұшқыш Заңгер Еңбегін арнаған Болашақ Мамандық иесі	Железнодорожный рабочий Модная одежда Портной Строит, Учитель доктор Специалист Пилот Юрист Посвятил свою работу Будущее Хозяин профессии
--	--

**2-тапсырма. Мәтінді 2-3 қайтара түсініп оқу. Өленде көрсетілген мамандықтар атауынан 3 түрін таңдап жазып, сөйлем құру.**

#### **Дескриптор**

- оқыған ақпаратты түсіну;
- өленді мәнерлеп оқу;
- мамандықтар атауынан 3 мамандықты таңдап сөйлем құрып жазу;

#### **Өскенде кім боламын?**

Теміржолшы атам да,  
Шығады алыс сапарға.  
Сәнді киім тігетін,  
Тігінші ғой апам да.

Әкем құрылыс салады,  
 Көркейтеді қаланы.  
 Анам менің ұстаз ғой,  
 Оқытқан бар баланы.  
 Пайдасы көп елге оның,  
 Салады ағам ел жолын.  
 Әпкем менің дәрігер,  
 Жасайтұғын ем-домын.  
 Білікті ғой бар маман,  
 Ұшқыш та бар самғаған.  
 Инженер мен заңгер бар,  
 Елге еңбегін арнаған.  
 Болашаққа жол алдым,  
 Кемелденіп толамын.  
 Бір мамандық иесі,  
 Мен де өскенде боламын.

65 сөз

[Серік Әкірамұлы](#)

## II деңгей тапсырмасы

### 3-тасырма. Сөзжұмбақты шешу.

#### Дескриптор

- дұрыс жауабын табады;
- торкөзге сай жазады;

#### СӨЗЖҰМБАҚ

1.				М			
2.				А			
3.				М			
			4.	А			
	5.			Н			
6.				Ы			

1. Кез келген мамандық иесіне не қажет?
2. Келешек сөзінің синонимі.
3. Ғылыми адам.
4. Болашаққа қойған мақсат, жоспар немесе қиял.
5. Заманауи киім үлгісін олап табушы маман.
6. Аспанды бағындырған маман.

#### Шешуі:

#### СӨЗЖҰМБАҚ

1.	б	і	л	і	М		
2.	б	о	л	А	ш	а	қ
3.	ғ	а	л	Ы	М		
			4.	А	р	м	а
	5.	с	ә	Н	г	е	р
6.	ұ	ш	қ	Ы	ш		

### 4-тасырма. Берілген өлеңнің үзіндісін қара сөзбен жазу..

## Дескриптор

- мұқият қайталап оқиды;
- мағынасын түсінеді;
- қара сөзбен, бір-екі сөйлем етіп жазады;  
...Әкем құрылыс салады,  
Көркейтеді қаланы.  
Анам менің ұстаз ғой,  
Оқытқан бар баланы...

## III деңгей тапсырмасы



**5-тапсырма. Жұптық жұмыс. Берілген суретке сай жұптасып диалог құру.**

### Дескриптор

- суретке сай сұрақтар құрастыру;
- жұптасының сауалдарына жауап беру;
- қарапайымнан күрделіге бағытталған диалогты бірлесе құру;
- жазылымды қорғау;



**6-тапсырма. «Менің болашақ мамандығым» тақырыбында шағын мәтін құру**

### Дескриптор

- тақырып бойынша 5-7 жай сөйлемнен мәтін құру;
- өз ойын сауатты жеткізу;
- сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі ережесін ескеру;

### Кері байланыс

- Өлең мағынасын қара сөзбен түсінуде қандай қиындықтар болды?
- Сіз үшін қай тапсырма оңай болды?
- Осы сабақтың барысын қалай сыйпаттар едіңіз?

### Мұғалімге көмек

Жазылым және айтылып жұмысына басымдылық беріп, оқушының сабақ барысында алған білімі мен негізгі түсінігін өмірдегі іс әрекетімен салыстыра сипаттауына назар аудару керек. Өмірде қандай ырымдар мен ауа райын болжауға қатысты қандай тәжірибелерді естіп, білгенін сұрап, оқушыларды айтылымға бейімдеу тиімді болмақ.

**Бөлім атауы: Мәдени мұра**

**Сабақтың тақырыбы: Базарлық**

**Тыңдалым** - 4.1.3.1\* тыңдаған материалдың (ұзақтығы 2-2,5 мин) мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру/сөйлемді толықтыру және түйінді тұстарын анықтау/ кесте толтыру/кластер құрастыру/болжау;

**Жазылым** - 4.5.1.2\* көптік/ тәуелдік/ септік/ жіктік жалғаулы сөздерді ауызша/ жазбаша тілде қолдану

**I деңгей тапсырмасы**

**1-тапсырма. Мәтінді мұқият тыңдау, ұсынылған сөздерге тәуелдік жалғауын жалған, жазу: базарлық, дәстүр**

**Дескриптор**

- Тәуелдік жалғауын еске түсіреді;
- Үндестік заңына сай сөздерге тиісті қосымшаны қосып жазалы;

**2-тапсырма Мәтінді мұқият тыңдау, мағынасына қатысты 3 сұрақ құрастыру.**

**Дескриптор**

- тыңдалымды 2-3 қайталап мұқият тыңдайды;
- негізгі ойға қатысты түсінбеген ақпаратын сұрақ етіп ұсынады;
- бейтаныс сөздерді сұрап біледі;

### **Базарлық**

Базарлық - алыс сапарға, сауда жолына шыққан адамдардың үйіне, көрші-қолаң, сыйлас адамдарына, жас балаларға, жерлестеріне әкелетін әр түрлі сыйлықтары.

Әдетте шет елге барған адамдар өз елінде сирек кездесетін заттарды, түрлі бұйымдарды кәдесый етіп әкеледі.

Дәстүрлі ортада базардан келе жатқан кісіден базарлық сұрау салты болға. Жақындарына базарлық әкелу – сағынудың, жақсы көрудің, сыйластықтың белгісі. Қауым мүшелерінің арасында дәнекер, жақсы, жылы қатынастарды жүзеге асырудың бір түрі ретінде де бағалауға болады.

61 сөз

<https://sozdikqor.kz/soz?id=304936&a=BAZARLYQ>

**II деңгей тапсырмасы**



**3-тапсырма. Топтық жұмыс.**

**Берілген суреттерді қолданып Нұрәлі мен Кемелдің базарлығына сипаттама беру.**



## Дескриптор

- топ мүшелері бірігіп суретті сипаттайды;
- суреттегі әр бұйымды атап, кімге арналғанын айтады;
- балалардың қайдан келгенін, кімге базарлық әкелгенін болжап, әңгімелейді;
- суреттің жиектемесіне өз ақпараттарын жазып, ауызша қорғайды;
- табиғи апатқа қатысты ұсыныс бере алады.



## 4-тапсырма. Мәтін мағынасына сай 4 сұрақ құрастырыңыз.

### Дескриптор

- сұраулы сөйлем талабын еске түсіреді;
- құрылған сұрағына сай жауабын біледі;
- өз сауалын сыныптастарына қоя алады;

## III деңгей тапсырмасы

### 5-тапсырма. Берілген салт-дәстүрге сай анықтама береді

Базарлық әкелу	
Кәдесый беру	
Сүйінші сұрау	
Шашу шашты	
Тұсауын кесті	
Шілдеhana тойы	

## 6-тапсырма. Өзі куә болған бір дәстүр туралы шағын мәтін құрып жазу.

### Дескриптор



- тақырып бойынша 5-7 жай сөйлемнен мәтін құру;
- өз ойын сауатты жеткізу;
- сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі ережесін ескеру;

### **Кері байланыс**

- Климаттық өзгерістер туралы не айта аласыз?
- Климаттық өзгерістерді қазіргі өмірмен байланыстыра аласыз ба?
- Осы сабақта алған біліміңізді келешекте қолдана аласыз ба?

### **Мұғалімге көмек**

Тыңдалым тапсырмасы топтық жұмыс арқылы жүзеге асырылады, ондағы мақсат – мәтінді бір жақты емес, жан-жақты талдауды жүзеге асыру. Оқушылар топ ішінде бір мәтіннен өздеріне тиісті тапсырманы орындап, жауап беруге талпынады. Бұл әдіс баланың уақытты тиімді пайдалануға, топ мүшелерінің түгел қатысуын қадағалауға, тапсырманы жылдам әрі тез орындауға, жауапты нақты беруге тырысу арқылы коммуникативтік қарым-қатынас орнатуға, жауапкершілік дағдыларын қалыптастыруға септігін тигізеді.

### **Бөлім атауы: Мәдени мұра**

#### **Сабақтың тақырыбы: Абай Құнанбайұлы – ұлы ақын**

**Тыңдалым** - 4.1.1.1\* анық айтылған сөзді тыңдап, қысқаша жазба (тірек сөздер) жасау және нақтылау мақсатында сұрақтар құру

**Айтылым** - 4.2.1.1\* берілген сөздерге қарама-қарсы мағыналы, мағыналас сөздерді табу және сөйлеу барысында қолдану

### **I деңгей тапсырмасы**

#### **Дескриптор**

- Суреттермен танысады;
- Өлең тақырыбымен байланыстырады;
- Сәйкес келмейтін суретті анықтайды

**Сабақтың тақырыбы Абай Құнанбаев «Сағаттың шықылдағы емес ермек» атты өлеңінің мазмұнына суреттер арқылы болжам жасайық. Берілген суреттерге қарап, олардың ішінен артық суреттерді табыңыз.**




**Дұрыс нұсқасы:**



**2-тапсырма. Абай Құнанбайұлы туралы білімін топтамаға жинақтау:**  
**Дескриптор**

- Ақын туралы білімін есіне түсіреді;
- Топтаманы толтырады;
- Ақпаратты болтыруда өз білімімен бөліседі;
- Өзгелердің тиімді пікірін өз топтамасына енгізеді;



## II деңгей тапсырмасы

**3-тапсырма.**  **Топтық жұмыс.**

*Өлеңді араға 1-2 минут салып екі рет тыңдаңыз. Таныс емес сөздерді жазып алып, топта талқылаңыз.*

### Дескриптор

- поэзиялық шығарманы тыңдайды;
- шығарманың мазмұнын түсінеді;
- өлеңнің тақырыбы мен идеясын анықтайды;
- өз ойын дәлелді жеткізеді.

### Абай Құнанбайұлы «Қыс»

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,  
Соқыр мылқау танымас тірі жанды.  
Үсті-басы ақ қырау түсі суық,  
Басқан жері сықырлап келіп қалды.  
Демалысы — үскірік аяз бен қар,  
Кәрі құдаң — қыс келіп, әлек салды.  
Ұшпадай бөркін киген оқшырайтып,  
Аязбенен қызарып ажарланды.

**4-тапсырма.**  **Топтық жұмыс.**

*«Сен маған, мен саған» әдісі бойынша оқушылар топтар бір-біріне қарама-қарсы тұрады. Мұғалім өлеңнен бір сөз айтады қарсы оқушылар жарыса жалғастырады.*

## III деңгей тапсырмасы.



**5-тапсырма. Жұптық жұмыс.**

*Жұбына ақын жайлы және өлеңнің мағынасы туралы ақпарат беріңіз.*

### Дескриптор

- ақпарат беруде сабақ барысында айтылған ақпаратты қолдана алады;
- жұбаны 3-4 сөйлеммен нақты ақпарат ұсынады;
- өз ойын жай сөйлеммен, еркін білдіре алады.

**6-тапсырма. Суреттегі бейне мен өлеңді салыстырып өз ойын айту.**

### Дескриптор

- өлеңде берілген сөздердің ауыспалы мағынасын ажырата алады;
- суреттегі қарт бейнесі неге қыс мезгілінің сипатында екенін түсіндіре алады;
- өз ойын жай сөйлемде құрып, еркін жеткізеді;



### Кері байланыс

- Өлең мазмұны бойынша қазіргі ауа райын көре алдыңыз ба?
- Сіз үшін қай тапсырма оңай болды?
- Қыс мезгілі неге қарт бейнесіне ұқсатылған?

### Мұғалімге көмек

«Айтылым» дағдысын дамыту мақсатында өлең мағынасын жан жақты талқылауына қолайлы орта қалыптастыру маңызды. Ақын туралы алдыңғы білімдерін еске түсіріп, ортаға салуын ұйымдастыра отырып тыңдалым ақпаратын есте сақтауға мақшықтандырудың әдісін күрделендіруге немесе сынып деңгейіне сай жеңілдетуге болады.

#### **Бөлім атауы: Мамандықтар әлемі**

#### **Сабақтың тақырыбы: Қайда сауда жасайсың?**

**Тыңдалым** - 4.3.4.1\* мұғалімнің қолдауымен мәтін мазмұнын және кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалауға бағытталған сұрақтар (неліктен? не үшін?) құрастыру және оған жауап беру

**Айтылым** - 4.2.3.1\* белгілі бір тақырыпта сұхбаттасу барысында шағын мәліметті (4-5 сөйлем) баяндау, кері байланыс беру, сөйлеу стилін сақтау, дауыс ырғағын келтіріп сөйлеу

### I деңгей тапсырмасы

**1-тапсырма. Берілген суреттегі маман иелерін міндеттерімен сәйкестендіру.**

#### **Дескриптор**

- Маман иелерінің қазақша атауын біледі;
- Мамандардың міндетін жаза алады;



**2-тапсырма. Тыңдалым мәтінін мұқият тыңдайды, мұғалім ұсынған бейтаныс сөздерді жазып, аударып, есте сақтайды.**

Сауда орындарында	В торговых местах
Сатушы	Продавец
Уақыт	Время
Ауаға	В воздух
Сермеп	Махнув
Сәулелі экраннан	С лучистого экрана
Тетік	Механизм

### Дескриптор

- Тыңдалымды түсіну;
- Талқылауға қатысу;
- Сөздердің мағынасын, аудармасын жазып есте сақтау;

### Болашаққа саяхат

Балалар бүгін сауда үйлерін аралады. Сауда орындарында сатушы жоқ. Сатушының орнына робот қызмет көрсетеді. Қажет тауарды алып, кассаға барасың. Тауарды әйнек үстелге қоясың. Төлейтін сомманы сізге хабарлайды. Робот-мәшине ақшаны қателеспей санайды.

Балалар мұны қызықтап жүргенде қатты шаршады.

- Бұл жерде ұзақ болдық қой, мен қатты шаршадым, - деді Тілеухан.

- Мен де шаршадым, - деді Азамат.

- Сағат неше болды? – деді Санжар бір кезде.

- Менің сағатым істемей қалды, - деді Талғат ағай.

- Сұңғат келе жатыр, уақытты содан сұрайық.

Сұңғат балаларды таңғалдырды. Ауаға қолын сермеп қалып, сәулелі экраннан уақытты балаларға көрсетті. Сағат 18.20 болыпты.

- Керемет! Ауада тетікті қалай басады?! – деп Санжар таңырқады.

### II деңгей тапсырмасы

**3-тапсырма. Берілген сұрақтарға жауап беру арқылы диалог құру.**

#### Дескриптор

- Сұраққа нақты жауапты мәтіннен тауып жазады;
- Жазған жауаптарын өз сөзімен жеткізеді;



- Мәтінді тиімді қолданады;
1. Балалар қай жерді аралады?
  2. Сауда орнында кімдер жоқ?
  3. Сатушының орнына нелер қызмет көрсетеді?
  4. Сауда орнында ақшаны кім санайды?
  5. Балалар неге таң қалды?

#### 4-тапсырма. Мәтіннің көмегімен сөйлемді толықтыру.

##### Дескриптор

- Жазылымды сауатты орындайды;
- Мәтін мағынасына сай жалғасын таба алады;

Сұңғат ... қолын сермеп ... экраннан уақытты балаларға көрсетті. Бұл .... сатушы жоқ. Сатушының орнына ... .. көрсетеді. Қажет тауарды алып, ... .. . Тауарды ... үстелге қоясың. Төлейтін сомманы ... .

#### III деңгей тапсырмасы. Айтылым/жазылым

5-тапсырма. Сурет бойынша сауда орталықтарын ажыратып жазу «Не қайда сатылады?»

##### Дескриптор

- Өз білімін өмірмен байланыстырып жазады;
- Ссреттерді қолданып сөз тіркесін құрып жазабы;
- Суреттерді сәйкесінше суреттейді;



6-тапсырма. Жұптық жұмыс. Берілген мәтін негізінде жұпта сұрақ қойып, жауап беру арқылы диалог құру.

##### Дескриптор

- мәтінге сай сұрақтар құрастыру;
- жұптасының сауалдарына жауап беру;
- қарапайымнан күрделіге бағытталған диалогты бірлесе құру;
- жазылымды қорғау;

##### Кері байланыс

- Мәтінге қатысты қандай ақпарат есіңізде қалды?
- Өз болашағыңызды қалай елестеттіңіз?
- Тапсырмаларды орындауда қандай қиындықтар болды?

## Мұғалімге көмек

Мәтіналды жұмысты сынып деңгейіне сай жаңа сөздерді, өткен ақпараттарды, қажетті жазылым ережелерін түсіндіруден бастаған абзал. Егер сынып деңгейі жоғары болса жалғауларға қатысты тапсырмалар қоса беру арқылы күрделендіруге болады. Немесе суретте сөз тіркесі емес сөйлем құру амалын ұсынуға болады. Ал, егер сыныпта енжар, белсенділігі төмен білім алушылар басым болса тапсырмаларды (1,5) жеңілдетіп, тек бір сөзбен жауап беруді ұсынуға немесе жауапты орыс тілінде құрып, бірлесіп қазақ тіліне аудару арқылы орындауды ұсынуға болады. Бұл балалардың ұмтылысын арттырып, сабақтың монотонды болып кетпеуіне ықпал етеді.

Диалог құру жұмысында балаларды белсенді және енжар етіп жұптастырған абзал. Себебі, екі енжар бала жұптасса диалог құра алмай қиналады. Ал екі белсенді бала жұптасса басқаларға олардың белсенді жұмысынан кейін тақтаға шығып өз жұмысын қорғау «ұят» көрінуі ықтимал.

**Бөлім атауы: Мамандықтар әлемі**

**Сабақтың тақырыбы: Байқауға қатысамын**

**Оқылым** - 4.3.1.1\* мәтінді іштей, түсініп және қажетті ақпаратты тауып/шолып/белгі қойып оқу

**Жазылым** - 4.4.5.2 сөзге қосымшалар жалғау кезінде үндестік заңын сақтау

**I деңгей тапсырмасы**

**1-тапсырма. Берілген суреттерді сипаттау арқылы мәтін мазмұнына шолу жасау.**

**Дескриптор**

- Суреттегі бейнелерді сыйпаттайды;
- Өз ойын жеткізіп айта алады;
- Жетекші сұрақтарға жауап беру арқылы тақырыпты ашуға қатысады;



**Ықтимал жауап үлгісі:** бұл жеңімпаз, жіңіске жеткен адам жүлде алады, әнші жүлде алды, спортшы жарыста жеңімпаз болды, әнші болу үшін ән-күй үйірмесіне қатысу керек, жеңімпаз болу үшін жарысқа қатысу керек, жүлде алу үшін көп дайындалу керек және т.б.

**2-тапсырма. Берілген мәтінді 2-3 рет қайталап оқу. Мәтіннен өз түсінігін 2-3 жай сөйлеммен жазу.**

**Дескриптор**

- Мәтінді түсініп оқиды;
- Бейтаныс сөздерді мұғалім көмегімен аударып есте сақтайды;
- Өз ойын жай сөйлеммен, қарапайым формада жеткізеді;

**Байқауға қатысамын**



Ертең біздің мектепте өнерпаздар байқауы өтеді. Байқау «Жұлдыздар шеруі деп аталады».

Бұл байқауға біздің сыныптан мен қатысамын. Дайындығым өте жақсы. Жетекші ұстазым Айым Болатқызы маған көп көмектесті. Біз екі ай бойы дайындық жүргіздік.

Сыныптағы достарым да маған көмектесті. Аят гитарамен сүйемелдейтін болды. Арина мен Саша киім үлгісін таңдауыма көмектесті. Арматтың анасы – шаштараз, шашымды сәндеп беретін болды.

Сыныптастарым мен ұстаздарымның қолдауы маған күш береді. Басты жүлдені жеңіп аламын деген ойдамын. Сәттілік тілеп, қолдаушы – ата-анама да рақмет.

75 сөз

Өзіндік құрылым

## II деңгей тапсырмасы

**3-тапсырма. Берілген кестені тиісті септік жалғауын жалғап жазу арқылы толтыру.**

**Дескриптор**

- Септік жалғауын еске түсіреді;
- Сұрақ пен жалғауды сәйкестендіре алады;
- Қосымшаны буын үндестігіне сай жазады;

**Жалғаулар:** *-нан/-нен, -дан/-ден, -тан/-тен*

- **кімнен? (от кого?):** жеңімпаздан\_\_\_\_, сыныптасымнан\_\_\_\_, Аяттан\_\_\_\_.
- **неден? (от чего?):** жүлде\_\_\_\_, жеңіс\_\_\_\_, суретім\_\_\_\_.
- **қайдан? (откуда?):** байқау\_\_\_\_, ауылым\_\_\_\_, жарыс\_\_\_\_.

**4-тапсырма. Мәтінге сай кестені толтыру.**

**Дескриптор**

- Мәтіндегі кейіпкерлердің әрекетін тауып жаза алады;
- Кестені толтыруда жазу емлесін сапқтап, сауатты толтырады;
- Кейіпкер әрекетін есімінің тұсына 1 жай сөйлеммен жазады;

Арина	Сыныптас- тары	Арматтың анасы	Ата- анасы	Айым Болатқызы	Ұстаздары	Саша	Аят

## III деңгей тапсырмасы

**5-тапсырма. Берілген суретті қолданып шағын мәтін құру**

**Дескриптор**

- 5-7 сөйлемнен тұратын мәтін құру;
- Тақырыпқа сай жаңа сөздерді қолдану;
- Суреттегі бейнелерді байланыстырып, өз ойын жеткізу;



сазгер



көрермен



қазылар алқасы



тілші

**6-тапсырма. Кестені қолданып ереже құру және мысал келтіріп түсіндіру.**

### Дескриптор

- «болу, жүру, жасау» етістіктерін келер шақта қолдана алады;
- Келер шақтың «-а,-е,-й» жұрнақтарын қолдануды есіне түсіреді;
- Өз білімін мысалдар арқылы жаза алады;
- Сыныптастарына өз мысалы негізінде ережені түсіндіреді;

## -а, -е, -й – жұрнақтары(суффиксы):

–а, –е, –й

Ал - а, кел - е,  
қара - й

**Бол+а+ I жақ -мын**

II жақ -сын

III жақ -ды

**Жүр+е+I жақ -мін**

II жақ -сің

III жақ -ді

**Жаса+й+I жақ -мын**

II жақ -сын

III жақ -ды

I-жақ Мен жақсы маман бол+а+мын.

II-жақ Сен жақсы маман бол+а+сың.

Сіз жақсы маман бол+а+сыз.

III-жақ Ол жақсы маман бол+а+ды.

I-жақ Біз жақсы маман бол+а+мыз.

II-жақ Сендер жақсы маман бол+а+сыңдар.

Сіздер жақсы маман бол+а+сыздар.

III-жақ Олар жақсы маман бол+а+ды.

### Кері байланыс

- Септік жалғауы мен келер шақ жұрнақтарын қайталауда қай ереже оңайырақ болды?
- Тапсырмаларды орындауда қандай қиындықтар болды?

### Мұғалімге көмек

Келер шақ пен шығыс септік қосымшаларын қайталауда буын үндестігін сақтауды, жіктік жалғауын тиімді қолдану амалдарын еске салып, кіріспе ретінде қайталатып өткен дұрыс. Себебі, балалар осы үш ережені тікелей қолдануда жиі қателесіп, шатастырып жатады.

Сынып деңгейіне сай ереже кестесін немесе жалпы үлгіні интерактивті тақтадан шығарып немесе көрнекі плакатпен тақтаға іліп қойған жөн.

Белсенділігі доғары сыныптарда мәтінді талдауда өз жеңімпаздары туралы айтып беруді ұсынуға болады. Белсенділігі төмен сыныптарға 4-тапсырмада тек 2-3 кейіпкерді беру арқылы, немесе ережелермен жұмысты мұғалім көмегімен тек мысал келтіріп жаздыру арқылы жеңілдетіп беруге болады. Себебі, сынып мүмкіндігінен жоғары тапсырма балалар даң, тіпті үздік оқушының, пәнге, оны игеруге еген қызығушылығын төмендетіп, немқұрайлы көзқарасқа әкеліп соғуы ықтимал.

**Бөлім атауы: Менің отаным Қазақстан**

**Сабақтың тақырыбы: Қайталау**

**Тыңдалым** - 4.1.1.1\* анық айтылған сөзді тындап, қысқаша жазба (тірек сөздер) жасау және нақтылау мақсатында сұрақтар құру

**Жазылым** - 4.4.1.1\* шағын сюжетті комикс/буклет/коллаж/ жарнама/презентацияны сөйлемдермен толықтыру

**I деңгей тапсырмасы**

**1-тапсырма. Берілген диалогті мұқият тыңдаңыз. Мәтін бойынша сөйлемдерді сәйкестендіріп, бірге жазыңыз.**

**Дескриптор**

- Тыңдалым ережесіне сай диалогті тыңдайды;
- Мәтін бойынша сөйлемдерді сәйкестендіріп жазады;

- Сәлем, достар! Менің атым – Аружан. Мен Қазақстаннан келдім. Менің елім - үлкен, тәуелсіз мемлекет. Біздің елімізде ормандар, көлдер, биік таулар мен кең далалар бар. Қазақ халқы – бейбітшілікті сүйеді. Біздің туымызда күн мен қыран бейнеленген. Олар – бейбітшіліктің белгісі.

-Сәлем! Менің атым – Энди. Мен Американың Огайо штатынан келдім. Огайо «үлкен өзен» дегенді білдіреді. Өйткені біздің жерімізде үлкен өзен бар. Бізде қазір ауа райы өте ыстық болып тұр.

- Менің атым – Акира. Мен Жапония елінен келдім. Біздің салт-дәстүрлеріміз көп. Аружан, мен өткен жылы Қазақстанда болдым. Қазақстан халқы маған өте ұнады.

- Иә, Акира. Біздің халық өте мейірімді әрі қонақжай. Қонақтарды қуана қарсы алады. Достар, сендермен танысқаным өте қуаныштымын!

Біз де қуаныштымыз!

1. Аружан	А) өз елінің атауын түсіндірді
2. Энди	В) өз елінің салт-дәстүрлері туралы айтты
3. Акира	С) өз елінің табиғаты, халқы, рәмізі туралы айтты

**2-тапсырма. Мәтіннің мазмұнына сәйкес 1 дұрыс сөйлемді көшіріп жазыңыз және диалогқа тақырып ойлап табыңыз.**

А) Акираға қазақ халқы өте ұнады.

- B) Огайо штатында қазір ауа райы салқын.
- C) Аружан өз елінің елтаңбасы туралы айтты.
- D) Энди еліндегі асқар таулар туралы айтты

## II деңгей тапсырмасы

**3-тапсырма. Берілген сөз тіркесін жалғастырып, күрделі сөйлем құрып жазыңыз.**

### Дескриптор

- Берілген сөз тіркесінің мағынасын аудару арқыты түсінеді;
- Сөз тіркесін өз ойымен жалғастырып жазаты;
- Жазба жұмысы аяқталған ойды білдіреді;
- Әр сөз тіркесіндегі ой тақырыпқа сай өрбиді;

Менің Отаным	
Тәуелсіз мемлекет	
Мемлекеттік рәміздеріміз	
Патриоттық сезім	
Туған жер	

**4-тапсырма. Мәтін мазмұнына сай 10 сұрақ құрастырып жазыңыз.**

### Дескриптор

- Сұраулы сөйлем құру талапарын сақтайды;
- Сұрақтар мәтін мен тақырып аясында құрылады;
- Құрылған сұрақтарына өзі жауап бере алады;

## III деңгей тапсырмасы

**5-тапсырма. Берілген кестені тиісті жұрнақтар мен жалғауларды жазу арқылы толтыру.**

### Дескриптор

- Келер шақта қолданылатын жұрнақтарды еске түсіреді;
- Етістікті келер шақта қолдана алады;
- Жұрнақтар мен жалғауларды буын үндестігі заңына сай қолданады;
- Дұрыс жауапты сызықша арқылы қосады;

Мен туған еріме бар...	-а -е -й	-сың -мын -ды <input type="checkbox"/>
Сен өз еріңмен мақтан...	-ар -ер -р	-мын -ды -сың <input type="checkbox"/>

Ол рәміздер туралы айтып бер...	-мақ -мек -бақ -бек -пақ -пек	-ды -сын -мын <div style="border: 1px solid black; width: 20px; height: 20px; text-align: center; margin: 0 auto;">-</div>
---------------------------------	--	---

## 6-тапсырма. Берілген кестеге сай 3 сөйлеммен мысал елтіру.

### Дескриптор

- Келер шақ жұрнақтарын қолдана алады;
- Жіктік жалғауын буын үндестігіне сай қолданады;
- Кестеде көрсетірген келер шақ формаларының әр біріне бір сөйлем құрып жазады;

### Келер шақ

Ауыспалы келер шақ Простое(скоро,завтра)	-а -е -й	+ I,II,III лицо от ЖІКТИК ЖАЛҒАУ	I. Мен гүл суар+а+мын II. Сен су іш+е+сің III. Ол көп сөйле+й+ді
Болжалды келер шақ Вероятное(возможно)	-ар -ер -р	+ I,II лицо от ЖІКТИК ЖАЛҒАУ	I. Мен гүл суар+ар+мын II. Сен су іш+ер+сің III. Ол көп сөйле+р
Мақсатты келер шақ Намеренное(планирую)	-мақ/мек -бақ/бек -пақ/пек	+ I,II лицо от ЖІКТИК ЖАЛҒАУ	I. Мен гүл суар+мақ+пын II. Сен су іш+пек+сің III. Ол көп сөйле+мек

### Кері байланыс

- Келер шақ жұрнақтарын қайталауда қай жұрнақты қолдану қиын болды?
- Тапсырмаларды орындауда қандай тапсырмалар ұнады?
- Мәтінге қатысты есіңізде не қалды?

### Мұғалімге көмек

Кез-келген ережені ұсынбас бұрын ашық-жабық сұрақтар арқылы еске түсіру жұмысын жүргізіп, педагогикалық дизайн әдісіне сай кестелер мен графикалар арқылы интерактивті тақтада немесе ауқымды көрнекі құралға көрсетіп, визуалды түрде еске түсіру тиімді. Оқушыларға бастауыш сыныпта сөздік қормен қатар жалғаулар мен етістіктің шақтарын әр сабақта қайталатып отыру жоғарғы буында сауатты сөйлеп, сөйлем құруда сөздердің орын тәртібін сақтап қолдануына жақсы ықпал етеді. Сол себепті, грамматикалық тапсырманы сынып деңгейіне сай ауқымды немесе шағын етіп әрлеу, сөздік қор мен ережелерді кесте, графика, сурет үлгісінде ұсыну өте тиімді. Кейін, тек сол кестені немесе суретті тақтада көрсету арқылы есте сақтап, жадында қалдырудың ең тиімді амалы. Кез келген сыныпқа арнайы бір тапсырманы екі үлгіде әкелген абзал – жеңіл және күрделі дискрипторлар қою арқылы қызығушылығын арттыруға болады. Тапсырмада дұрыс қолданылған дескриптор балалардың тиімді жұмыс жасауына көп ықпал етеді.

Бұл сабақта берілген тапсырмалардың да дескрипторын күрдеендіру арқылы дарынды балаларға беруге болады. Немесе, керісінше, жеңіл дескрипторларға алмастыру арқылы үлгерім сапасы төмен сыныптарға ұсына аламыз.

### Бөлім атауы: Құндылықтар

### Сабақтың тақырыбы: Нәтиже сабақ

**Тыңдалым** - 4.1.1.1\* анық айтылған сөзді тыңдап, қысқаша жазба (тірек сөздер) жасау және нақтылау мақсатында сұрақтар құру

**Жазылым** - 4.4.1.1\* шағын сюжетті комикс/буклет/коллаж/ жарнама/презентацияны сөйлемдермен толықтыру

### I деңгей тапсырмасы

**1-тапсырма. Берілген суретке сипаттама беру.**

#### Дескриптор

- Суреттегі бейнені атайды;
- Жақсы немесе жаман екенін ажыратады;
- Жақсы әрекеттерді толық сипаттайды;
- Жаман әрекеттерді жоққа шығарады;



**2-тапсырма. Берілген мәтінді «Жанданған суреттер» және «Сабақтаса оқу» әдісі арқылы тыңдап, көріп оқу: мәтіннің бір бөлігі жанды түрде көрсетіледі (мультфильм және сурет) келесі бөлігін (шарықтау шегін) өздері оқиды, ал соңын өз идеяларымен аяқтап көреді.**

- Мұқият тыңдап, ұсынылған материалды көреді;
- Алдына берілген парақтар жалғасын өз бетінше оқиды;
- Түсінбеген немесе бейтаныс ақпаратты мұғалімнен сұрайды;
- Мәтін мазмұнын талдауға қатысады.

#### «Әке мен бала»

Бір адам он жасар баласын ертіп, егіннен жаяу келе жатса, жолда қалған аттың бір ескі тағасын көріп, баласына айтты: —Анау тағаны, балам, ала жүр, — деп. Бала әкесіне:

— Сынып қалған ескі тағаны алып неғылайын, — деді. Әкесі үндемеді, тағаны өзі иіліп алды да, жүре берді.

Қаланың шетінде темірші ұсталар бар екен, соған жеткен соң, әкесі қайырылып, манағы тағаны соларға үш тиынға сатты. Одан біраз жер өткен соң, шие сатып отырғандардан ол үш тиынға бірталай шие сатып алды. Сонымен, шиені орамалына түйіп, шетінен өзі бірем - бірем алып жеп, баласына қарамай, аяндап жүре берді. Біраз жер өткен соң, әкесінің қолынан бір шие жерге түседі. Артында келе жатқан бала да тым - ақ қызығып келеді екен, жерге түскен шиені жалма-жан жерден алып, аузына салды. Бітегенеден соң және бір шие, онан біраз



өткен соң және бір шие, сонымен әр жерде бір әкесінің қолынан түскен шиені он шақты рет иіліп, жерден алып жеді. Ең соңында әкесі тоқтап тұрып айтты: — Көрдің бе, мана тағаны жамансынып жерден бір ғана иіліп көтеріп алуға еріндің, енді сол тағаға алған шиенің жерге түскенін аламын деп бір еңкеюдін орнына он еңкейдің. Мұнан былай есінде болсын: аз жұмысты қиынсынсаң — көп жұмысқа тап боласың, азға қанағат ете білмесең — көптен де құр боласың, — деді.

199 сөз  
Ыбырай Алтынсарин

## II деңгей тапсырмасы

**3-тапсырма. Әңгіме негізіне сай суреттегі әрекеттерді рет-ретімен нөмерлеу.**

### Дескриптор

- Суреттегі әрекеттерді өрбу ретімен нөмерлейді;
- Әрекетті атай алады;


		
		
		
		



**4-тапсырма. Әңгеме барысындағы кейіпкерлердің іс әрекеті мен орындаушысын сәйкестендіру.**

**Дескриптор**

- Іс әрекет иесін табады;
- Тиісті әрекет пен кейіпкерді сызықша арқылы қосалы;
- Өз жауабын қорғайды;

Баласын ертіп, егіннен жаяу келе жатты	
Шиені жерге тастап отырды	
Үш тиынға бірталай шие сатып алды	
Тағаны өзі иіліп алды	
Аттың тағасын көрді	
Жерге түскен шиені иіліп, жерден алып жеді	
Тағаны ала жүр деді	
Тағаны алмады	
Тағаны ұстаға үш тиынға сатты	
Ақыл айтты	
Өз әрекетінен сабақ алды	

**III деңгей тапсырмасы**



**5-тапсырма. Топтық жұмыс. Әңгіменің толық нұсқаны постер етіп жасап, басты идеяны көрсету.**

**Дескриптор**

- топ мүшелері бірігіп суретті сипаттайды;
- суреттегі әр бұйымды атап, кімге арналғанын айтады;
- балалардың қайдан келгенін, кімге базарлық әкелгенін болжап, әңгімелейді;
- суреттің жиектемесіне өз ақпараттарын жазып, ауызша қорғайды;
- табиғи апатқа қатысты ұсыныс бере алады.

**6-тапсырма. Жақсы және жаман әдеттер топтамасын құру**

**Дескриптор**

- әкенің кеңісі мен баланың әрекеті негізінде топтама жасайды;
- жақсы әрекеттержі бір топтамаға жазады;
- жаман әдеттерді екінші топтама етіп жазады;

- әңгіме желісін өз өмірімен байланыстырып топтама құрастырады;



### Кері байланыс

- Есіңізде қалған ең тиімді ой қандай?
- Тапсырмаларды орындауда қай тапсырма ұнады?
- Әдепті әрекеттерді өз бойыңызға сіңіре алдыңыз ба?

### Мұғалімге көмек

Ұсынылған әдіс тәсілді түрлендіріп қолдануға болады. Сынып деңгейіне сай тапсырманы орындауда «сөз – сөз тіркесі – сөйлем» сатысы бойынша жеңіл, орташа және күрделі етіп ұсынуға болады. Уақыт жеткілік ті болса постерді қорғау, мәтінді мазмұндау немесе өдері әңгіме желісінде сахыналау жұмысын ұйымдастыруға болады.

## 5-сынып

### №1

**Бөлім тақырыбы:** Отбасындағы дәстүр мен мерекелер

**Сабақ тақырыбы:** Қазақ отбасының дәстүрлері

**Оқу мақсаты:**

**Оқылым/ 5. 3. 1. 1** мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтау

**Сабақтың мақсаты:** Мәтіндегі жаңа сөздердің мағынасын түсініп, негізгі ақпаратты анықтайды

1. Ой түрткі. Мәтіналды тапсырма.

**1-тапсырма.** *Диаграммаға отбасымен байланысты туыстық атауларды атаңыз.*



*Мағынаны тану. Мәтінмен жұмыс кезеңі.*

*Оқылым. Мәтінді түсініп оқыңыз.*

Отбасы – ол баға жетпес құндылық. Бала отбасында әкеден ақыл, анадан мейірім алады. Атам, әжем, әкем, анам, ағам мен қарындасым - отбасымның мүшелері. Мен өз отбасымды құрметтеймін, оларға көңіл бөліп, әрдайым көмектесемін. Олар да маған әрқашан қол ұшын беруге дайын тұрады. Отбасыммен өткізген әр уақытым баға жетпес байлығым деп білемін. Кез-келген адам өз отбасын қадір тұту керек деп түсінемін.

Біздің отбасымыз бақытты. Отбасының тірегі – сүйіспеншілік, бірлік және сенім. Отбасында бір-бірін сыйлап, бірін-бірі сүйіспеншілікке бөлеп отырған адамдар – өте бақытты жандар. Себебі қандай да бір жағдайда отбасының ауызбіршілігі мықты болса, кез келген қиыншылықтан жұмылған жұдырықтай өте шығасың.

Қазақ отбасында жасы үлкен адамды ерекше құрметтеген. Қазақ отбасының жақсы дәстүрі көп. Олар: жасы үлкен адамға жол беру, төрге отырғызу, қарсы сөйлемеу, қызды сыйлау. Біздің отбасында бұл дәстүрлер сақталған. Мен өз отбасымды құрметтеймін жән жақсы көремін.

**Сөздікпен жұмыс.**

Жаңа сөз	Сөз мағынасы	Аудармасы
Бала	перзент, ұрпақ	ребенок
әке	отбасы отағасы	отец
ана	перзент анасы	мать
Ата	әкесінің әкесі	дедушка
Әже	әкесінің анасы	бабушка
Аға	жасы өзінен үлкен ер адам	барт
Қарындас	ер адамнан жасы кіші қыз	сестра
Сүйіспеншілік	өзгелерге қамқорлық көрсету	любовь
Бірлік	ынтымақтың, татулықтың көрінісі	единство
Сенім	ішкі сезім	доверие

2. *Ой тұжырым. Мәтіннен кейінгі кезең.*

## **2-тапсырма. Деңгейлік тапсырмалар**

**I деңгей (Барлығы орындай алады).** Төмендегі сұрақтарға жауап жазыңыз.

- Бала отбасында кімнен мейірім алады?
- ....
- Отбасындағы мүшелерді ата.
- ...
- Отбасында қандай дәстүрлер сақталған?
- ...
- Отбасының бақыты неде деп ойлайсың?
- ....
- Өз отбасыңыз туралы жазыңыз.

### **Дескриптор**

- Мәтін мазмұнына сай сұрақтарға жауап жазады (әр дұрыс сұраққа 1 балдан беріледі).

**II деңгей (Көбі орындай алады).** Мәтіндегі ақпараттың дұрыстығын тексеріңіз. Қате жазылған ақпараттың дұрысын жазыңыз.

<b>Ақпарат</b>	<b>Иә</b>	<b>Жок</b>
Атам, әжем, әкем, анам, апам және інім - отбасымның мүшелері.		
Мен өз отбасымды құрметтеймін, оларға көңіл бөліп, әрдайым көмектесемін.		
Отбасының тірегі — сүйіспеншілік, ауызбіршілік және сенімсіздік.		
Қазақ отбасында жасы үлкен адамды ерекше құрметтеген.		
Қазақ отбасының жақсы дәстүрлер: жасы үлкен адамға жол беру, төрге отырғызу, қарсы сөйлемеу, қызды сыйлау.		

### **Дескриптор**

- Мәтіндегі дұрыс ақпаратты анықтайды (әр дұрыс жауапқа 1 балдан беріледі).

**III деңгей (Кейбіреуі орындай алады).** «Қазақ отбасында үлкендердің мен жасы кішілердің міндеті қандай?» сұрағына өз ойыңды жазыңыз.

Отбасындағы жасы үлкендер:	Отбасындағы жасы кішілер:
-	-
-	-
-	-
-	-
-	-

### **Дескриптор**

- Өз ойын тұжырымдайды (әр тұжырымды сөзге 1 балдан беріледі).

**Кері байланыс:** «Жетістік. Кедергі. Шешу (жақсарту) жолдары»

✓ «Дұрыс!» немесе «Бұрыс» ... Өйткені, біріншіден, ... Екіншіден, ...»

✓ «Бұл жетістікті арттыру үшін (немесе «Бұл олқылықты түзеу үшін...»), енді саған мынаны жасау керек: біріншіден, ..... былай жасау қажет, екіншіден, ..... олай жасаған дұрыс!»

**Педагогке әдістемелік көмек:**

«Отбасындағы дәстүр мен мерекелер» бөлімі бойынша «Қазақ отбасының дәстүрлері» тақырыбындағы сабақтың оқу мақсаты « 5.3.1.1 мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтау» болып алынды. Бұл сабақта оқушылар мәтіндегі жаңа сөздердің мағынасын түсініп, негізгі ақпаратты анықтайды. Оқылым дағдысы арқылы мәтінді мұқият оқып, берілген сұрақтарға нақты жауап қайтарады немесе нақты ақпарат береді. Нақты ақпараттарды табу үшін тұтас мәтінді түсініп оқу, мазмұнын білу маңызды емес, мәтіннен қажетті сөздерді тауып алу маңыздырақ болды. Мысалы, қазақ отбасында үлкенге құрмет көрсету, отбасы мүшелерінің бір-біріне деген қамқорлығы, ауызбіршілігі мен мейірімділігі туралы ақпарат беру – негізгі мақсатқа алынды.

Мәтінмен жұмыс үш кезеңнен тұрады: мәтіналды тапсырма, мәтінмен жұмыс кезеңі, мәтіннен кейінгі кезең. Мәтіналды тапсырмада оқушыдан тақырыпқа қатысты туыстық атауларды сұрай отырып, сол тақырыптағы оқушы білімін қозғау мақсатында диаграмма берілді.

Мәтінмен жұмыс кезеңінде оқушыларға мәтін ұсынылды. Мәтін мазмұнын түсініп оқып, жұптаса мәтін мазмұнын бір-біріне түсіндіреді. Мұғалім оқушыларға мәтінде кездескен жаңа сөздердің мағынасын түсінуге, аудармасын жасауға бағыт береді.

Бірінші деңгейдегі тапсырмада оқушының сұрақтарға мәтін мазмұны бойынша толық жауап беруіне сөйлемдегі сөздердің жүйелі қолдануына мән беріледі. Екінші деңгейдегі тапсырма мәтін мазмұнынан нақты ақпаратты анықтай отырып, оқушының ойлау қабілетін дамытуға жетелейді.

Үшінші эвристикалық деңгейдегі тапсырмалар түрінде берілді. Танымдық іздену (эвристикалық) түрдегі тапсырмаларды орындау барысында оқушылар жаңа тақырып бойынша меңгерген алғашқы қарапайым білімдерін жетілдіріп, тереңдетумен қатар, ол жаңа білімді меңгеріп, өзі үшін жаңалық аша түседі.

Деңгейлік тапсырмадан кейін дескриптор берілген. Дескрипторда мәтіннің мазмұны бойынша берілген әр дұрыс орындалған жұмысқа 1 балдан бағаланды.

Кері байланыста әр оқушы әр сабақта өз білімі туралы 3 мәселені («Жетістік, Кедергі, Шешу/жақсарту жолдары») мұғалімнің көмегімен, өзін-өзі немесе бірін-бірі бағалау арқылы айқындап алады. Бағалау арқылы оқушылар үнемі өз білімінің деңгейі мен оны жақсарту жолдары туралы ойда болуы шарт. Демек, бағалауда жалаң болмай, тек пікір не тұжырым түрінде берілмей, олардың нақты дәлелдерін келтіру қажет: «Дұрыс!» немесе «Бұрыс» ... Өйткені, біріншіден, ... Екіншіден, ...» деп. Бұдан соң, оқушыға оқуын жақсартатын ұсыныстар айтқан орынды: «Бұл жетістікті арттыру үшін (немесе «Бұл олқылықты түзеу үшін...»), енді саған мынаны жасау керек: біріншіден, былай



жасау қажет, екіншіден, олай жасаған дұрыс!» деп. Осындай дәлелдерді келтіру арқылы оқушы өз оқуының мықты және әлсіз тұстарын аңғарып, үйренуін қалай жақсарту керектігінен хабардар болады.

## №2

**Бөлім тақырыбы:** Отбасындағы дәстүр мен мерекелер

**Сабақ тақырыбы:** Атам төрде отырады

**Оқу мақсаты:**

**Тыңдалым/** 5.1.1.1 тақырыпты тірек сөздер арқылы болжау;

**Айтылым/** 5.2.2.1 қазақша амандасу мәнері мен ұлттық этикет формаларын пайдалану.

**Сабақтың мақсаты:** Сабақтың тақырыбын берілген тірек сөздер арқылы болжайды. Мәтін мазмұнын түсініп, тақырыпқа қатысты сұрақтарға жауап береді.

**1. Ой түрткі. Мәтіналды тапсырма.**

**1-тапсырма.** Берілген сөздерге сүйеніп, жаңа сабақтың тақырыбын болжап айтыңыз: дастарқан, төр, сыйлы қонақтар, ата, бата.

**2. Мағынаны тану. Мәтінмен жұмыс кезеңі.**

*Тыңдалым. Мәтінді мұқият тыңдаңыз. Мәтін мазмұнын айтыңыз.*

Халқымыздың тіршілігінде төрдің маңызы зор. Төр – жасы үлкен адамдар, сыйлы қонақтар отырғызылатын қастерлі орын. [https://kk.encyclopedia.kz/index.php?title=Қазақ\\_үй&action=edit&redlink=1](https://kk.encyclopedia.kz/index.php?title=Қазақ_үй&action=edit&redlink=1) Қазақ үйге келген қонақты «төрлетіңіз», «төрге шығыңыз» деп қарсы алады. Көрпе төсеп, жастық қойып, төрге отырғызып құрмет көрсетеді.

Қазақ халқында жасы кіші дастарқанға үлкендерден бұрын отырмаған. Дастарқан төріне ақ ниетпен бата алар ақ сақалды атасы мен ақ тілегін айтар асыл әжелерін құрметтеп, төрге отырғызған. Қарт кісілер – көпті көрген, сыйлы кісілер. Қазақта «төріңнен қарт кетпесін» деген сөз бар. Себебі қарт тілегін айтып, батасын береді. Дастарқанға ең әуелі қарт кісілер отырып, жайғасып болмай, балаларды бұрын отырғызбайды. Оның үстіне, қарт кісі жайылған дастарқан дәміне ақ бата жасайды, тілек білдіріп бет сипайды. Бата оқылған кезде жасы кішілер әр сөзін ықыласпен тыңдайды.

### **Сөздікпен жұмыс.**

<b>Жаңа сөз</b>	<b>Сөз мағынасы</b>	<b>Аудармасы</b>
Қарт	жасы үлкен кісі	старец, пожелой
Дастарқан	ас қоюға арналған мата төсеніш	скатерть
Төр	кіреберіске қарама-қарсы орналасқан орын	почетное место
Бата	алғыс айту, тілек	благословение

**3. Ой тұжырым. Мәтіннен кейінгі кезең.**

**2-тапсырма.** Деңгейлік тапсырмалар

**I деңгей (Барлығы орындай алады). Жеке жұмыс. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.**

- Төр қандай орын?
- Қазақ қонақты қалай қарсы алады?
- Дастарқан басына бірінші кімдер отырады?
- Қазақ халқы қарт кісіні қалай құрметтейді?
- Өзіңнің отбасыңда дастарқан төрінде кім отырады?

**Дескриптор**

- Мәтін мазмұнын түсінеді,
  - Мәтін мазмұнына сай сұрақтарға жүйелі жауап береді.
- Әр дұрыс сұраққа 1 балдан беріледі.

**II деңгей (Көбі орындай алады). Жұптық жұмыс.** «Үйге келген қарт кісіні қалай қарсы аласың?» тақырыбындағы диалогте қарт кісі мен немересі арасындағы әңгімені жалғастырыңдар (қарт кісінің хал-жағдайын сұрап, ата-аналарың туралы, өзің туралы әңгімелендер, дастарқан басына шақырыңдар).

Ұл бала:	Қыз бала:
- Ассалаумағалейкум, ата!	- Сәлеметсіз бе, ата!
- Уағалейкумассалам, балам!	- Саламат бол, қызым!
- Ата, төрге шығыңыз.	- Ата, төрге шығыңыз.
- Рақмет! Өркенің өссін, құлыным!	- Рақмет! Өркенің өссін, шырағым!
- ....	- ....
- ...	- ...

**Дескриптор**

- Тақырыпты және сұрақты түсінеді,
  - Күтпеген сұрақтарға жауабы тез әрі орынды болады,
  - Сөйлеу әдебін сақтайды,
  - Орфоэпиялық нормаларды дұрыс қолданады,
  - Ойын жүйелі түрде жеткізеді.
- Әр дұрыс сұраққа 1 балдан беріледі.

**III деңгей (Кейбіреуі орындай алады). Жұптық жұмыс.** Төмендегі суретке қараңыздар, отбасының дастарқан басындағы әрекеті туралы әңгімеленіңдер. Сөз ішінде сөз әдебін сақтаңыздар.

*Қажетті сөздер: Ата, әже, дастарқан төрі, құрмет, бата.*



### **Дескриптор**

- Тақырыпты түсінеді және тақырып бойынша әңгімелейді,
  - Сөйлемдерді жүйелі қолданады.
  - Сөйлеуде сөз әдебін сақтайды,
  - Берілген қажетті сөздерді сөз ішінде қолданады,
  - Өз ойларын тұжырымдайды.
- Әр дұрыс сұраққа 1 балдан беріледі.

### **Кері байланыс: «БББ» әдісімен сабақты қорытындылаңыз.**

- *Бүгінгі сабаққа дейін* ..... білетінмін.
- *Бүгінгі сабақта* ..... білдім.
- *Алдағы уақытта* ..... білгім келеді.

### **Педагогке әдістемелік көмек:**

«Отбасындағы дәстүр мен мерекелер» бөлімінің «Атам төрде отырады» тақырыбындағы сабақ алынды. Сабақтың оқу мақсаты: 5.1.1.1 тақырыпты тірек сөздер арқылы болжау, 5.2.2.1 қазақша амандасу мәнері мен ұлттық этикет формаларын пайдалану. Оқушылар сабақтың тақырыбын берілген тірек сөздер арқылы болжап, тақырыпқа қатысты сұрақтарға жауап береді. Бағалау критерийі: мәтін мазмұнына сай сұрақтарға жауап береді, сөз ішінде сөз әдебін сақтап, берілген диалогты жалғастырады, тірек сөздерді қолданып, сурет бойынша әңгімелейді.

Мәтіналды тапсырмада берілген сөздерге сүйеніп, жаңа сабақтың тақырыбын болжайды. Мұғалім негізгі мәселе мен ақпаратты түсінуге, болжай білуге бағыттайды. Болжау стратегиясы арқылы тыңдалымның қиындығын оқушының сезінбей игеруіне және жаппай сынып болып тақырыпты игеруіне көмектеседі.

Мәтінмен жұмыс кезеңінде оқушылардың мәтіннен ақпаратты алу процесін, мәтінді мұқият тыңдағанын мұғалім бақылап тұруы қажет. Яғни жалпы мазмұнын түсінуден бастап, мәтіндегі әрбір детальді түсінуге бағыттау керек. Мұғалім оқушыларға мәтінде кездескен жаңа сөздердің мағынасын түсінуге, аудармасын жасауға бағыт береді.

Тыңдалған мәтіннен кейін оқушылардың сөйлеу дағдысын дамыту, өзгемен қарым-қатынасқа түсу барысында ойын жеткізу үшін тілдік бірліктерді қолдану, амандасу мәнері мен ұлттық этикет формаларын сақтау мақсаты көзделді.

Деңгейлік тапсырмаларды орындау барысында оқушылар диалог арқылы ой талқыларда өз мүмкіндіктерін анықтап, өзіндік идеяларымен жұмыс жасауларына және түсінбеушілікті жеңе білулеріне көмектесе алады. Диалог сабақта оқушылардың қызығушылығын арттырумен қатар олардың білім деңгейінің өсуіне үлес қосады. Бірінші деңгейлі тапсырмада оқушылар мәтін мазмұнына сай сұрақтарға ойын жүйелеп, нақты жауап береді. Екінші деңгейлі тапсырмада мәтін мазмұнына сай сұрақтарға жүйелі жауап бере отырып, күтпеген сұрақтарға тез әрі орынды өз ойларын жеткізу болды. Қазақ халқында қыз бала мен ұл баланың үлкендермен сөйлесу әдебі ескерілді. Үшінші деңгейлі тапсырмада берілген сурет бойынша тақырыпты түсіне әңгімелейді. Сөйлемдерді жүйелі қолданып, сөйлеуде сөз әдебін сақтайды. Оқушының жаңа тақырыпқа сай тұжырымды ойын айтуға бағытталады.

### №3

**Бөлім тақырыбы:** Мектеп өмірі. Әдепті бала-арлы бала

**Сабақ тақырыбы:** Менің мектебім

**Оқу мақсаты:**

**Оқылым/ 5. 3. 5.** 1 қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді ала білу

**Айтылым/ 5. 2. 5.** 1 берілген сұрақты дұрыс түсініп, лайықты жауап беру, шағын диалогке қатысу

**Сабақтың мақсаты:** Жаңа тақырып бойынша қосымша мәліметтер алып, сұрақтарға жауап береді.

#### 1. Ой түрткі. Мәтіналды тапсырма.



**1-тапсырма.** Суреттің бөліктерін құрастырып, қандай сурет шыққанын әңгімелеп беріңіздер.



#### 2. Мағынаны тану. Мәтінмен жұмыс кезеңі.

**Оқылым.** Мәтінді мұқият оқыңыз. Жұбыңызға мәтін мазмұнын айтып беріңіз.

Мен Астана қаласында тұрамын. Мен үйімнің қасына жақын орналасқан мектепте оқимын. Мектеп 2016 жылы құрылған – жаңа мектеп. Ол — үш қабатты, әдемі ғимарат. Мектептің маңдайшасына Ыбырай атамның «Кел, балалар, оқылық!» деген сөзі ілінген. Ол алыстан көрініп тұрады.

Мектепте жан-жақты білім аламыз. Біздің мектепте спортзал, мәжіліс залы, асхана, кітапхана, көптеген оқу кабинеттері бар. Кабинеттер жарық, кең әрі таза. Терезелері үлкен. Кабинеттердегі жиһаздар жаңа үлгіде жабдықталған.

Мектеп алдында қарағай мен емен ағаштары өсіп тұр. Айналада неше түрлі гүлдер бар. Мектептің ішкі ауласында спорт алаңы бар. Мектепте біз дос болуды, бір сынып отбасы болуды үйренеміз. Мектепте балалардың сабақ оқуы үшін барлық жағдай жасалған. Маған мектебім ұнайды. Мектебімнің таза және әдемі болуы үшін өз үлесімді қосамын.

### Сөздікпен жұмыс.

Жаңа сөз	Аудармасы
Жаңа мектеп	новая школа
Әдемі ғимарат	красивое здание
Мандайша	вывеска
Жиһаз	мебель
Аула	двор

### 3. Ой тұжырым. Мәтіннен кейінгі кезең.

#### 2-тапсырма. Деңгейлік тапсырмалар

#### I деңгей (Барлығы орындай алады).

1) *Топтық жұмыс. Берілген сөйлемдердің бөлігін мәтіндегі ақпарат реттілігімен орналастырып, постер қорғаңыздар.*

Мектеп 2016 жылы құрылған – жаңа мектеп.

Біздің мектепте спортзал, мәжіліс залы, асхана, кітапхана, көптеген оқу кабинеттері бар.

Мектепте біз дос болуды, бір сынып отбасы болуды үйренеміз.

Кабинеттердегі жиһаздар жаңа үлгіде жабдықталған.

Мектептің мандайшасына Ыбырай атамыздың «Кел, балалар, оқылық!» деген сөзі ілінген.

Мектебімнің таза және әдемі болуы үшін өз үлесімді қосамын.

Мектеп алдында қарағай мен емен ағаштары өсіп тұр.

**Кері байланыс:** Топтық жұмысқа «Плюс. Минус» әдісімен кері байланыс беріңіз.

2) *Жұптық жұмыс. Төмендегі сөйлемдерді аяқтап, өз жұбыңызбен жауабын кезектесіп айтып көріңіз.*

- Саған мектепте қай оқу кабинеті ұнайды?

- Маған мектепте ..... ұнайды.

- Сенің мектептегі сүйікті ісің не?

- Менің мектептегі сүйікті ісім - .....

- Қай сабақты қызыға оқисың?

- Мен ..... қызыға оқимын. Себебі

.....

#### Дескриптор


- сұрақты дұрыс түсінеді,

- сұраққа лайықты жауап береді.

Әр дұрыс сұраққа 1 балдан беріледі.

## **II деңгей (Көбі орындай алады).**

3) **Топтық жұмыс.** Мәтінде сипатталған мектеп пен өз мектебінді салыстырып, постер қорғаңыздар.



**Кері байланыс:** Топтық жұмысқа «Плюс. Минус» әдісімен кері байланыс беріңіз.

2) **Жұптық жұмыс.** Мәтін мазмұны бойынша 3 сұрақ құрастырып, досыңа хат жолда.

### **Дескриптор**

- сұрақты дұрыс түсінеді,
- сұраққа лайықты жауап береді.

Әр дұрыс сұраққа 1 балдан беріледі.

## **III деңгей (Кейбіреуі орындай алады).**

1) **Топтық жұмыс.** Берілген сөздер мен суреттерді қолданып, өз мектебіңіздің ережесін құрастырып, постер қорғаңыздар.

**Қажетті сөздер:** мектеп ережесі, мектеп шәкірттері, мүлтіксіз орындауға, міндетті, себепсіз қалмауға, кешікпей келуге, ұялы телефон, кедергі жасамау.



**Кері байланыс:** Топтық жұмысқа «Плюс. Минус» әдісімен кері байланыс беріңіз.

2) **Жұптық жұмыс.** Берілген мақалдың бірін таңдап, шағын диалог құрастырыңыздар.

*Білімнің кілті-мектепте.*

*Кітап-алтын қазына.*

*Күш - білімде, білім - кітапта*

### **Дескриптор**

- сұрақты дұрыс түсінеді,
- сұраққа лайықты жауап береді.

Әр дұрыс сұраққа 1 балдан беріледі.

**Кері байланыс:** «2-1» тәсіл арқылы екі сұраққа жауап беріп, жаңа тақырып бойынша өз тұжырымды ойыңызды айтыңыз.

- Мектепте оқушылардың білім алуына қандай жағдай жасалған?



- Мектепте оқушылар не үйренеді?
- Бүгінгі сабақтан білгенім .....
- 

### **Педагогке әдістемелік көмек:**

«Мектеп өмірі. Әдепті бала-арлы бала» бөліміндегі «Менің мектебім» тақырыбының оқу мақсаты «5. 3. 5. 1 қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді ала білу» және «5. 2. 5. 1 берілген сұрақты дұрыс түсініп, лайықты жауап беру, шағын диалогке қатысу» болып алынды. Яғни оқушылар жаңа тақырып бойынша қосымша мәліметтер алып, сұрақтарға жауап береді.

Мәтіналды тапсырмада мұғалім оқушыларды деңгейі бойынша үш топқа бөлді. Әр топ «Пазл» әдісі арқылы суреттердің бөліктерін құрастырып, құрастырылған сурет бойынша әңгіме құру тапсырылды. Бұл әдіс оқушының логикалық ойлауын және есте сақтау қабілетін дамытады. Әр оқушының деңгейі ескеріліп, үш түрлі сурет бөлігі таратылды. Мақсат – бөліктерді жылдам жинау және сөздік қорды дамыту. Қатысушылар ойын түрінде командада тиімді әрекет жасауға, рөлдерді бөлуге, жұмыс сапасын жақсартуға, ортақ мақсатқа жетуге үйренеді.

Мәтінмен жұмыс кезеңінде оқушылар мәтінді мұқият оқиды және жұбыңызға мәтін мазмұнын айтып береді. Оқушыны мәтінді жұбына түсіндіру арқылы есте сақтау қабілеті дамиды. Мұғалім оқушылармен бірге жаңа сөздердің аудармасын жасайды.

Мәтіннен кейінгі деңгейлік тапсырмада екі жұмыс орындауға берілді. Бірінші- топтық жұмыс, екінші- жұптық жұмыс.

Бірінші деңгейдің бірінші тапсырмасында топ мүшелері берілген сөйлемдердің бөлігін мәтіндегі ақпарат реттілігімен орналастырып, постер қорғайды. Әр топтың жұмысына «Плюс. Минус» әдісімен кері байланыс беріліп отырады. Екінші тапсырмада берілген сөйлемдерді аяқтап, өз жұбымен жауабын кезектесіп айтып береді. Оқушының өз ойын еркін айтуына мүмкіншілік беріледі.

Екінші деңгейдің бірінші тапсырмасында топ мүшелері мәтінде сипатталған мектеп пен өз мектебін салыстырып, постер қорғаса, екінші тапсырмада мәтін мазмұны бойынша 3 сұрақ құрастырып, қасындағы досына (жұбына) хат жолдайды. Досы (жұбы) жолдаған сұраққа ауызша жауап береді. Бұл оқушының сұрақты сауатты құрастыруына және сұраққа жүйелі жауап беруіне көмектеседі.

Үшінші деңгейдің бірінші тапсырмасында топ мүшелері берілген сөздер мен суреттерді қолданып, өз мектебінің ережесін құрастырыды және постер қорғайды. Екінші тапсырмада берілген мақалдың бірін таңдап, екі жұп шағын диалог құрайды. Оқушы қосымша ақпараттан мәлімет алып, жаңа тақырыпты тұжырымдайды.

### **№4**

**Бөлім тақырыбы:** Мектеп өмірі. Әдепті бала-арлы бала

**Сабақ тақырыбы:** Қожа – әдепті бала

### Оқу мақсаты:

**Тыңдалым/ 5. 1. 2. 1** тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну және нақты ақпаратты анықтау;

**Тілдік бағдар/ 5. 5. 1. 1** мәтіндерден жалпы және жалқы есімдерді ажырата білу

**Сабақтың мақсаты:** Мәтіннің мазмұны бойынша сұраққа жауап береді және жалпы, жалқы есімдерді мәтін ішінен ажыратады.

**1. Ой тұрткі. Мәтіналды тапсырма.**

**1-тапсырма.** Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

- Б.Соқпақбаевтың қандай шығармасымен таныстыңдар?
- «Менің атым – Қожа» шығармасындағы Қожа қандай бала?
- Әдеп дегеніміз не?

**2. Мағынаны тану. Мәтінмен жұмыс кезеңі.**

**Тыңдалым.** Мәтінді мұқият тыңдаңыз. Мәтін не туралы екенін анықтаңыз.

Адамның атының сүйкімді болуы да – зор бақыт па деймін. Мәселен, Мұрат, Болат, Ербол, Бақыт деген аттарды алып қараңдаршы. Айтуға да ықшам, естір құлаққа да жағымды. Әрі мағына жағынан да қазақ тілінен сабақ беретін Майқанова тәтейше айтқанда, бұлар – жоғары идеялы есімдер. Мұндайлар өз атын кәдімгідей мақтаныш көріп, біреумен таныса қалса, мәнерлеп, көтеріңкі дауыспен айтады. Ал енді айтуға да, естуге де қолайсыз есімдер бар. Өзге түгіл, өзіңе де ұнамайды-ақ. Өттең, қолдан келсе, табанда өзгертіп, әдемі аттардың біреуін өзгертіп алар едің! ...

Жарайды, «Өткенге өкініш жоқ» дегендей, істің турасына көшелік. Менің атым – Қожа. Көріп отырсыңдар, пәлендей әйдік ат емес. Шынымды айтсам, бұл о баста Қожа емес, Қожаберген екен. Туу куәлігінің өзінде солай деп жазылған...

Сонымен, мен өзім ес білгелі Қожамын. Ауыл-аймақтың бәрі солай атайды. Біз бір класта екі Қожа бармыз. Сүттібайдың үлкен баласының аты да – Қожа. Оқушылар екеуімізді шатастырып алмас үшін өңімізге қарап, мені «Қара Қожа», оны «Сары Қожа» деп атайды.

Әуел баста мен бұған өкпелеп қалатын едім. Бірақ жүре-бара құлағым үйреніп, дағдыланып кеттім. «Қара Қожа» дегендерге «Әу!» – деп жалт қарайтын болдым.

Фамилиям – Қадыров... Қадыр – менің әкем...

(Б. Соқпақбаев)

### Сөздікпен жұмыс.

Жаңа сөз	Сөз мағынасы	Аудармасы
Кейіпкер	әдеби шығармадағы оқиғаға қатысушы адам	персонаж
Сүйкімді	жағымды	Приятный, положительный
Қолайсыз	лайықсыз, ұнамсыз,	неблагоприятный
Әйдік	үлкен, зор	большой, огромный
Істің турасы	Нақты, дәл	точность дела

3. *Ой тұжырым. Мәтіннен кейінгі кезең.*

**2-тапсырма. Деңгейлік тапсырмалар**

**I деңгей (Барлығы орындай алады).**

1) *Жұптық жұмыс. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- Тыңдалған мәтін кім туралы?
- Қожа өзін қалай таныстырады?
- Қожа қандай бала деп ойлайсың?

**Кері байланыс:** «Жетістік. Кедергі. Шешу (жақсарту) жолдары»

2) *Жеке жұмыс. Мәтіннен 3 жалпы есім және 3 жалқы есімі бар сөйлемдерді теріп жазыңыз.*

**Дескриптор**

- 3 жалпы есімі бар сөйлемді жазады, 3 балл
- 3 жалқы есімі бар сөйлемді жазады, 3 балл
- Орфографиялық жазу сауаттылығын сақтайды. 1 балл

**II деңгей (Көбі орындай алады).**

1) *Жұптық жұмыс. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- Қожаның туу куәлігінде аты қалай жазылған?
- Қожа сыныптастарының «Қара Қожа» деп атағанына ренжей ме?
- Қожа әдепті бала деп ойлайсың ба?

**Кері байланыс:** «Жетістік. Кедергі. Шешу (жақсарту) жолдары»

2) *Жеке жұмыс. Мәтіннен 3 жалқы есім және 3 жалпы есім сөздерді теріп жазыңыз және оның сипатын жазыңыз.*

Жалқы есім	Сипаты	Жалпы есім	Сипаты
Майқанова	ақылды	аты	сүйкімді
....	...	...	...
....	...	...	...
....	...	...	...

**Дескриптор**

- 3 жалпы есімді сөзді жазады, 3 балл
- 3 жалқы есімді сөзді жазады, 3 балл
- Жалпы және жалқы есімдерді сипаттайтын сөздерді жазады. 1 балл

**III деңгей (Кейбіреуі орындай алады).**

1) *Жұптық жұмыс. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңіздер.*

- Адам бойындағы қандай жақсы қасиеттерді айта аласыңдар?
- Осы қасиеттерді Қожаның бойынан көре алдыңдар ма?

- Қожаның жағымды әрекеттерін атай аласыңдар ма?

-

**Кері байланыс:** «Жетістік. Кедергі. Шешу (жақсарту) жолдары»

2) Жеке жұмыс. Мәтіннен жалпы және жалқы есім сөздерді теріп жазып, дәлелдеңіз.

	<b>Мысал</b>	<b>Дәлел</b>
Жалпы есім:	1) 2) 3) 4) 5)	Себебі .....
Жалқы есім:	1) 2) 3) 4) 5)	Себебі .....

### **Дескриптор**

- Жалпы есімге 5 сөз жазады 3 балл
- Жалқы есімге 5 сөз жазады 3 балл
- Сөздердің дұрыс жазылуын дәлелдейді 1 балл

**Кері байланыс:** «Гаухартас» тәсілі арқылы жаңа сабақтың маңызды сөздерін жазады. Сөздің маңыздылығын түсіндіреді.

### **Педагогке әдістемелік көмек:**

«Мектеп өмірі. Әдепті бала-арлы бала» бөлімінің «Қожа – әдепті бала» тақырыбы алынды. Сабақтың оқу мақсаты: 5. 1. 2. 1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну және нақты ақпаратты анықтау және 5. 5. 1. 1 мәтіндерден жалпы және жалқы есімдерді ажырата білу. Яғни оқушылар мәтіннің мазмұны бойынша сұраққа жауап береді және жалпы, жалқы есімдерді мәтін ішінен ажыратады.

Мәтіналды тапсырмада мұғалім алдыңғы өткен тақырып пен жаңа тақырып төңірегінде сұрақтар қою арқылы екі сабақты байланыстырды. Мысалы «Б.Соқпақбаевтың қандай шығармасымен таныстыңдар?», «Менің атым – Қожа» шығармасындағы Қожа қандай бала?», «Әдеп дегеніміз не?» деген сұрақтар арқылы оқушылар алдыңғы сабақ пен жаңа сабақтың байланысын түсінеді.

Оқушылар аудиомәтінді бірнеше рет мұқият тыңдайды және мәтін не туралы екенін анықтайды. Тыңдалған мәтіннен кездескен жаңа сөздерді түртіп алып отырады. Мұғалім оқушыларға мәтінде кездескен жаңа сөздердің мағынасын түсінуге, аудармасын жасауға бағыт береді.

Мәтіннен кейінгі деңгейлік тапсырмада екі жұмыс орындауға берілді. Бірінші – жұптық жұмыс, екінші – жеке жұмыс болды.

Жұптық жұмыстың бірінші деңгей тапсырмасында мәтіннің жалпы мазмұнын түсінуге арналған сұрақтар, екінші деңгей тапсырмасында нақты

мәлімет алуға арналған сұрақтар және үшінші деңгей тапсырмасында талқылауға арналған сұрақтар берілді. Жұптық жұмысқа «Жетістік. Кедергі. Шешу/жақсарту жолдары» әдісімен кері байланыс берілді. Кері байланыста әр оқушы әр сабақта өз білімі туралы 3 мәселені («Жетістік, Кедергі, Шешу/жақсарту жолдары») мұғалімнің көмегімен, өзін-өзі немесе бірін-бірі бағалау арқылы айқындап алды.

Жеке жұмыста тілдік бағдар бойынша жалпы есім мен жалқы есім сөздерді сөйлем ішінде ажыратуға арналған жазылым тапсырма болды. Мысалы, бірінші деңгей тапсырмасы «мәтіннен 3 жалпы есім және 3 жалқы есімі бар сөйлемдерді теріп жазыңыз», екінші деңгей тапсырмасы «мәтіннен 3 жалқы есім және 3 жалпы есім сөздерді теріп жазыңыз және оның сипатын жазыңыз», үшінші деңгей тапсырмасы «мәтіннен жалпы және жалқы есім сөздерді теріп жазып, есім сөздер екенін дәлелдеңіз» болып берілді.

## № 5

**Бөлім тақырыбы:** Отбасындағы дәстүр мен мерекелер

**Сабақ тақырыбы:** Атам бата береді

**Оқу мақсаты:**


**Оқылым/ 5. 3. 1. 1** мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтау

5.2.1.1 тақырып бойынша меңгерген жаңа сөздерді олардың синонимдерімен, антоним, омонимдерімен қатар қолдану, ойын жеткізе білу

**Сабақтың мақсаты:** Мәтіндегі жаңа сөздердің мағынасын түсініп, негізгі ақпаратты анықтайды

**3. Мәтінді оқығанға дейінгі кезең. Ой түрткі**

*1-тапсырма Бата сөзіне байланысты ойларын ортаға салып, кластер құрастырады*



Түрткі сұрақтар

- Бата кімдер береді?
- Батаны қай кезде береді?
- Батаның қандай түрлері бар?
- Бата қалай айтылады?

**4. Мәтінмен жұмыс кезеңі. Мағынаны тану**

**Оқылым. Мәтінді түсініп оқыңыз.**

Бата беру, алғыс айту, қазақ **халқының** атадан балаға мұра болып келе жатқан дәстүрлерінің бірі болып саналады. «**Жауынмен** жер көгереді, батамен ер көгереді», – деп батаға көп мән береді. Батаны әдетте үлкен қария ақсақалдар немесе үйге келген қонақ береді. Үлкен жиындарда кемеңгер билер, шешендер, көреген көсемдер көпшілікке бата берген. Батамен жас ұрпақты әдепті, **парасатты**, арлы, **сабырлы**, әділетті болып өсуге үйретеді және дәулетті, бақытты, елін, жерін қорғайтын ұлтжанды азамат болуға тәрбиелейді. Балаға туылғаннан кейінгі әрбір қызықты **сәттерінде** бата береді. Мысалы: қырқынан шығарғанда, бесікке салғанда, мектепті бітірген кезде. Бір жұмысты батамен бастап, батамен аяқтап отырады.

### Сөздікпен жұмыс.

Жаңа сөз	Сөз мағынасы	Аудармасы
дәстүр	әдет-ғұрып	традиция
қария	ақсақал, қарт	старец
кемеңгер	ұлы	великий
тәрбиелейді	үйретеді	воспитывает
ұлтжанды	туған жерін сүйетін	патриот
дәулетті	тұрмысы жақсы, бай	богатый
сабырлы	салмақты	спокойный
әділетті	адал	справедливый
бірлік	ұйымшылдық	единство
көсемдер	көшбасшылар	доверие

### 5. Мәтінді оқығаннан кейінгі кезең. Ой тұжырым

#### 1- тапсырма. Деңгейлік тапсырмалар

*I деңгей (Барлығы орындай алады). Төмендегі сұрақтарға жауап жазыңыз.*

- Атадан балаға қандай мұра қалады?
- ....
- Қазақ халқы жас ұрпақты батамен қалай тәрбиелейді?.
- ...
- Бата қай кезде беріледі?
- ...
- Батаны кімдер берген?
- ....
- Бата туралы қандай мақал бар?

#### **Дескриптор**

- Мәтін мазмұнына сай сұрақтарға жауап жазады (әр дұрыс сұраққа 1 балдан беріледі)

*II деңгей (Көбі орындай алады).*

#### **2-тапсырма**

Мәтіндегі қою әріппен жазылған сөздерге сұрақ қой, сөз табын анықта және синоним жаз (әр жауапқа 1 балл беріледі)

#### **Дескриптор**



- Мәтіндегі қою әріппен жазылған сөздерге сұрақ қояды, сөз табын анықтайды және синоним жазады (әр жауапқа 1 балл беріледі)

*III деңгей (Кейбіреуі орындай алады). «Қазақ отбасында үлкендердің берген батасының маңызы қандай?» сұрағына өз ойыңды жазыңыз.*

«Қазақ отбасында үлкендердің берген батасының маңызы терең,себебі

-  
-  
-  
-

### **Дескриптор**

- Өз ойын тұжырымдайды (әр тұжырымды сөзге 1 балдан беріледі)

### **Кері байланыс**

- Бүгін мен сабақта ..... білдім.

- Бүгінгі мен сабақтан ..... түсіндім.

### **Педагогке әдістемелік көмек**

Бөлім Отбасындағы дәстүр мен мерекелерге арналғандықтан қазақ халқының мәдениет, тәрбие беру ерекшеліктеріне қатысты мәліметтері – бата беру дәстүрі, атақты тұлғалардың ойы, көзқарасы көрініс тапқан оқылым мәтіні оқушыны қызықтыру мақсатында таңдалып алынды. Сабақта мақсатқа қол жеткізу үшін, баланың тақырыпты толық меңгеруіне жағдай жасайтын тапсырмалар құрастырылды. Мақсаттар: 5. 3. 1. 1 мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтау; 5.2.1.1 тақырып бойынша меңгерген жаңа сөздерді олардың синонимдерімен, антоним, омонимдерімен қатар қолдану, ойын жеткізе білу.

**Сабақтың мақсаты:** Мәтіндегі жаңа сөздердің мағынасын түсініп, негізгі ақпаратты анықтайды. Оқылым алдында оқушыларға мәтінде кездесетін таныс емес сөздер аудармасымен ұсынылды. Оқушы берілген сөздерді аудармасымен танысу керек, өйткені бұл тапсырма мәтін мазмұнын тез түсінуге септігін тигізеді.

Оқылым тапсырмасы бойынша оқушы мәтіннен оқыған ақпараттар бойынша сұрақтарға жауап береді, ескертетін жәйт сұрақтар оқушыны ойландырып өз ойын жазу мақсатында құрастырылған бұл тапсырманы барлығы орындайды. Екінші деңгейлі тапсырманы (оқушылардың көбі орындайды).

Мәтіндегі қою әріппен жазылған сөздерге сұрақ қояды, сөз табын анықтайды және синоним жазады (әр жауапқа 1 балл беріледі).

III деңгей (Кейбіреуі орындай алады). «Қазақ отбасында үлкендердің берген батасының маңызы қандай?» сұрағына өз ойын жазады.

### **№ 6**

**Бөлім тақырыбы:** Отбасындағы дәстүр мен мерекелер

**Сабақ тақырыбы:** Әкеліңіз көмектесейін.

**Оқу мақсаты:**

**Оқылым/ 5. 3. 1. 1 мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтау**

**Сабақтың мақсаты:** Мәтіндегі жаңа сөздердің мағынасын түсініп, негізгі ақпаратты анықтайды

**Мәтінді оқығанға дейінгі кезең**

**Сөздікпен жұмыс**

жаңа сөз	сөздің мағынасы	аудармасы
көлік	мәшіне	транспорт
аялдама	автобус тұрағы	остановка
шаруа	жұмыс	работа,дело
ұсталық	темір бұйым жасау	кузнечное
дұрыстадық	жөнделік	ремонтировали

Мен жазғы демалысымда әкеммен бірге ауылға ата-әжеме баратын болдым. Көлікпен бару үшін аялдамаға келдік. Шамалы уақыттан кейін автобус келіп, біз тез мініп кеттік. Ауылға келгенде атам мен әжем өте қуанды.

Атам ұсталық өнермен айналысатын. Біз әкем екеуіміз келе салып шаруаға кірістік. Ауланы жинадық, құлайын деп тұрған қораны дұрыстадық, малға қарадық. Содан соң атама сандық, бесік, үй жиһаздарын жасауға көмектестік. Мектепте ұсталыққа үйрететін үйірмеге қатысып, сонда үй жиһаздарын жасауды үйренгенмін. Демалысымыздың калған күндерінде әкем екеуіміз шөп шауып, кептіріп, қораға жинадық. Сөйтіп қалаға кететін уақытымыз да болды. Атам мен әжем риза болды

**б. Мәтінді оқығаннан кейінгі кезең. Ой тұжырым**

**1-тапсырма** Деңгейлік тапсырмалар

I деңгей (Барлығы орындай алады). Төмендегі сұрақтарға жауап жазыңыз.

– Бала ауылға қалай барды?

– .....

– Бала ауылға не үшін барды?

– .....

– Ата мен әжесі неге қуанды?

– .....

– Немеренің ата-әжесіне қандай пайдасы тиді?

– .....

– Баланың қандай өнері бар?

– .....

**Дескриптор**

Мәтін мазмұнына сай сұрақтарға жауап жазады (әр дұрыс сұраққа 1 балдан беріледі)

**II деңгей (Көбі орындай алады).**

**2-тапсырма** ПОПС формуласын қолданып мәтін мазмұны бойынша өз ойыңды реттеп жаз

1 Менің ойымша .....

2 Себебі, мен оны былай түсіндіремін .....

3 Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын .....

4 Осыған байланысты мен мынандай қорытынды шешәмге келдім .....  
**Дескриптор** ПОПС формуласын қолданып, оқушылар мәтін бойынша өз ойларын жазады.

*III деңгей (Кейбіреуі орындай алады).*

### **3-тапсырма**

*Мәтіндегі ақпараттарға сүйеніп, тағы да өз мәліметтерін қоса отырып 60-70 сөз көлемінде эссе жаз. Эссе тақырыбы: «Мен ата-әжеме қамқормын»*

#### **Педагогке әдістемелік көмек**

Бөлім Отбасындағы дәстүр мен мерекелерге арналғандықтан қазақ халқының мәдениет, тәрбие беру ерекшеліктеріне қатысты мәліметтері – үлкендерді құрметтеу кішілерге қамқор болу, оқылым мәтіні оқушыны қызықтыру мақсатында таңдалып алынды. Сабақта мақсатқа қол жеткізу үшін, баланың тақырыпты толық меңгеруіне жағдай жасайтын тапсырмалар құрастырылды.

Мақсаттар:

5. 3. 1. 1 мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтау

5.2.1.1 тақырып бойынша меңгерген жаңа сөздерді олардың синонимдерімен, антоним, омонимдерімен қатар қолдану, ойын жеткізе білу

**Сабақтың мақсаты:** Мәтіндегі жаңа сөздердің мағынасын түсініп, негізгі ақпаратты анықтайды

Оқылым алдында оқушыларға мәтінде кездесетін таныс емес сөздер аудармасымен ұсынылды. Оқушы берілген сөздерді аудармасымен танысу керек, өйткені бұл тапсырма мәтін мазмұнын тез түсінуге септігін тигізеді.

Барлық оқушы орындайтын тапсырма мәтін бойынша берілген сұрақтарға жауап беру.

II деңгей (Көбісі орындай алатын тапсырма.

Тапсырма № 2 ПОПС формуласын қолданып мәтін мазмұны бойынша өз ойларын реттеп жазады.

III деңгей (Кейбіреуі орындай алатын тапсырма. Оқушылар

мәтіндегі ақпараттарға сүйеніп, тағы да өз мәліметтерін қоса отырып 60-70 сөз көлемінде эссе жазады. Эссе тақырыбы: «Мен ата-әжеме қамқормын»

### **№ 7**

**Бөлім тақырыбы:** Отбасындағы дәстүр мен мерекелер

**Сабақ тақырыбы:** Әкеліңіз көмектесейін.

**Оқу мақсаты:**

**Оқылым/ 5. 3. 1. 1 мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтау**

**Сабақтың мақсаты:** Мәтіндегі жаңа сөздердің мағынасын түсініп, негізгі ақпаратты анықтайды.

*Мәтінді оқығанға дейінгі кезең*

**Сөздікпен жұмыс**

жаңа сөз	сөздің мағынасы	аудармасы
мінез	мінез-құлқы	характер

қарым-қатынас	көзқарас	отношение
өнегелі	үлгілі	примерный
қасиет	қабілет	способность
міндет	парыз, борыш	долг, обязанность

Әкенің мінезі, өзгелермен қарым-қатынасы, өнер-білімі **ұл баланың** өз алдындағы үлгі-өнеге алатын, соған карап өсетін нысанасы. Қазақта біреудің баласы жақсы, өнегелі азамат болса: «Оның әкесі мен атасы жақсы кісі еді, **көргенді** бала екен, өнегелі жерден шыққан ғой», – деп **мадақтайды**.

«Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» дегендей, отбасында ұлдар әкелері немесе аталарының бойындағы қасиет пен өнерін үйреніп өскен. **Шығармашылықта**, ақындықта танылған жас баланың тәрбиесіне аса назар аударылған.

«Әкеге карап ұл өсер, шешеге карап қыз өсер» дейтін қазақ қыз балаларының тәрбиесіне аса үлкен назар аударды. Кәмелетке толғанға дейін бойжеткен болашақ отбасы өмірінің басты **міндеттерінен** сабақ алды. Қыз бала отбасы беріктігін сақтауға, шаруашылықтың барлық жақтарын игеріп жүргізуге, қонақты лайықты қарсы алуға, туыстарын сыйлап, қадірлеуге дайындық тәрбиесінен өтеді. Көргенді отбасылары қыз баланы «қонақ» деп мәпелеп, қадірлеп өсірген. Қыз баланың тәрбиесіне ең бірінші, анасы жауапты болған.

## 7. Мәтінді оқығаннан кейінгі кезең.

### 1-тапсырма Деңгейлік тапсырмалар

*I деңгей (Барлығы орындай алады). Төмендегі кестені толықтыр. қазақ отбасыдағы ұл баланың және қыз баланың тәрбие беру айырмашылықтарын жаз*

ұл баланы тәрбиелеу	қыз баланы тәрбиелеу

**Дескриптор** Оқушылар мәтінді түсініп оқығаннан кейін қыз және ұл тәрбиелеудегі айырмашылықтарды жазады. (әр келтірілген мысалға 1 балл беріледі)

*II деңгей (Көбі орындай алады)*

**2-тапсырма** Мәтіндегі қарамен жазылған сөздерге сұрақ қойып, сөз табын анықта.

**Дескриптор:**

- Мәтіндегі ұл баланың, көргенді, мадақтайды, шығармашылықты, міндеттерінен сөздеріне сұрақ қояды;
- сөз табын анықтайды (әр дұрыс жауапқа 1 балл беріледі).

*III деңгей (Кейбіреуі орындай алады).*

**3-тапсырма** Мәтінде қандай мақалдар келтірілген. Дәптерге жазып алып, мақалдардың мағынасын түсіндіріп жаз.

**Дескриптор:** Оқушылар мәтіннен мақалдарды іріктеп жазады және олардың мағынасын ашып жазады (тапсырма орындалғаны үшін балл беріледі).

### **Педагогке әдістемелік көмек**

Бөлім отбасындағы дәстүр мен мерекелерге арналғандықтан қазақ халқының мәдениет, тәрбие беру ерекшеліктеріне қатысты мәліметтері – үлкендерді құрметтеу, кішілерге қамқор болу, оқылым мәтіні оқушыны қызықтыру мақсаты таңдалып алынды. Сабақта мақсатқа қол жеткізу үшін, баланың тақырыпты толық меңгеруіне жағдай жасайтын тапсырмалар құрастырылды.

Мақсаттар:

5. 3. 1. 1 мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтау

5.2.1.1 тақырып бойынша меңгерген жаңа сөздерді олардың синонимдерімен, антоним, омонимдерімен қатар қолдану, ойын жеткізе білу

**Сабақтың мақсаты:** Мәтіндегі жаңа сөздердің мағынасын түсініп, негізгі ақпаратты анықтайды

Оқылым алдында оқушыларға мәтінде кездесетін таныс емес сөздер аудармасымен ұсынылды. Оқушы берілген сөздерді аудармасымен танысу керек, өйткені бұл тапсырма мәтін мазмұнын тез түсінуге септігін тигізеді. Барлық оқушылар орындайтын тапсырма берілді. Оқушылар мәтінді түсініп оқығаннан кейін, төмендегі берілген кестені толықтырады, қыз және ұл тәрбиесіндегі айырмашылықтарды жазады

II деңгей (Көбісі орындай алатын тапсырма ұсынылды).

Мәтіндегі ұл баланың, көргенді, мадақтайды, шығармашылықты, міндеттерінен сөздеріне сұрақ қояды, сөз табын анықтайды (әр дұрыс анықталған жауапқа 1 балл беріледі).

III деңгей (Кейбіреуі орындай алатын тапсырма). Мәтін ішінен мақалдарды жазып алады да, олардың мағынасын түсіндіріп жазады.

### **№ 8**

**Бөлім тақырыбы:** Мектеп өмірі. Әдепті бала-арлы бала

**Сабақ тақырыбы:** Менің мектебім

**Оқу мақсаты:**

**Оқылым/** 5. 3. 1. 1 мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтау

5.2.1.1 тақырып бойынша меңгерген жаңа сөздерді олардың синонимдерімен, антоним, омонимдерімен қатар қолдану, ойын жеткізе білу

**Сабақтың мақсаты:** Мәтіндегі жаңа сөздердің мағынасын түсініп, негізгі ақпаратты анықтайды

***Кіріспе тапсырма Мәтінді оқығанға дейінгі кезең. Ой түрткі***

*Шашылған мақалдарды дұрыс жина, мақалдардың тақырыптарын анықта*

1 кілті мектепте білімнің

2 кеме білім теңіз мектеп

3 кітапта білім білімде күш

4 білім жоқ оқусыз күнің жоу білімсіз  
5 білім бұлағы өмір шырағы оқу білім

*Мәтінді оқығанға дейінгі кезең*

*Сөздікпен жұмыс*

жаңа сөз	сөздің мағынасы	аудармасы
ұя	үй	гнездо
табалдырық	ғимарат кіреберісі	порог
шынайы	нағыз	настоящий
жалықпас	шаршамайды	неустанно
жолдама	бағыт-бағдар	направление, путевка

*Оқылым. Мәтінді түсініп оқы.*

### **Алтын ұям – мектебiм**

Мектеп – білім айдынындығы үлкен кеме. Осы кемеде он бір жыл уақытты әр бала өткізеді. Мектеп табалдырығын аттап, он бір жыл бойы білім алып шығамыз. Мектепте біз шынайы дос табамыз, білім алып, өмірді үйренеміз. Мектеп бізге тірек беріп, жылулық пен бақыт сыйлайды. Ал ұстаздар болса бізге үйретуден еш жалықпас. Мектепте өткен уақыт адам өміріндегі шаттыққа толы кездер. Мектеп бізге үлкен өмірге жолдама береді, үлкен өмірге дайындайды.

Күзде жыл сайын оқушылар көтеріңкі көңілмен мектептеріне сағынышпен оралады. Мектепте есіктерін айқара ашып ұлдар мен қыздарын қуанышпен қарсы алады. Мен өз мектебiмді жақсы көремiн. Мектеп Астана қаласында орналасқан. Мектебiмiзде тәжірибелi, өте бiлiмдi ұстаздар жұмыс iстейдi. Бiздiң мектепте әртүрлi үйiрмелер жұмыс iстейдi. Олар домбыра, сурет салу, ән айту, қолөнер үйiрмелерi. Оқушыларымыз түрлi жарыстарға, байқауларға қатысып жүлделi орындарға ие болады.

*Мәтінді оқығаннан кейінгі кезең. Ой тұжырым*

#### **1-тапсырма Деңгейлік тапсырмалар**

*I деңгей (Барлығы орындай алады). Төмендегі сұрақтарға жауап жазыңыз.*

- Мектеп деген не?
- .....
- Мектеп не сыйлайды?
- .....
- Жыл сайын мектеп балаларды қалай қарсы алады?
- .....
- Мектепте нелер жұмыс істейді?
- .....
- Мектеп оқушыларының жетістіктері қандай?
- .....



**Дескриптор:**

*Мәтін мазмұнына сай сұрақтарға жауап жазады (әр дұрыс сұраққа 1 балдан беріледі).*

**II деңгей (Көбі орындай алады).**

**2-тапсырма** *Мәтін ішінен келесі сөздерге синоним тауып жаз.*

білім беру ұйымы -

нағыз –

қайтады –

нағыз –

шаршамады –

қуаныш –

бағыт-бағдар –

шәкірттер –

ұстаздар

кең -

**Дескриптор:**

*Берілген сөздерге мәтін ішінен мағынасы жақын сөздерді табады (әр екі сөзге 1 балл беріледі)*

**III деңгей (Кейбіреуі орындай алады).**

**3-тапсырма** *ПОПС формуласын қолданып мәтін мазмұны бойынша өз ойыңды реттеп жаз*

1 Менің ойымша ..... .

2 Себебі, мен оны былай түсіндіремін ..... .

3 Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын ..... .

4 Осыған байланысты мен мынандай қорытынды шешімге келдім .....

**Дескриптор** ПОПС формуласын қолданып, оқушылар мәтін бойынша өз ойларын жазады.

**Педагогке әдістемелік көмек**

Бөлім Мектеп өмірі.Әдепті бала-арлы бала тақырыбына арналғандықтан Мектеп туралы мәтін таңдалды, оқылым мәтіні оқушыны қызықтыру мақсатында таңдалып алынды. Сабақта мақсатқа қол жеткізу үшін, баланың тақырыпты толық меңгеруіне жағдай жасайтын тапсырмалар құрастырылды.

Мақсаттар:

5. 3. 1. 1 мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтау

5.2.1.1 тақырып бойынша меңгерген жаңа сөздерді олардың синонимдерімен, антоним, омонимдерімен қатар қолдану, ойын жеткізе білу

**Сабақтың мақсаты: Жазылым**

Тақырыпты өтпес бұрын оқушыларға шашылған мақалдар ұсынылады, оқушылар бұл мақалдарды дұрыс жазып, тақырыбын анықтайды, мектеп туралы ойлармен бөліседі

Мәтіндегі жаңа сөздердің мағынасын түсініп, негізгі ақпаратты анықтайды

Оқылым алдында оқушыларға мәтінде кездесетін таныс емес сөздер аудармасымен ұсынылды. Оқушы берілген сөздерді аудармасымен танысу керек, өйткені бұл тапсырма мәтін мазмұнын тез түсінуге септігін тигізеді.

Оқылым тапсырмасы бойынша оқушы мәтіннен оқыған ақпараттар бойынша сұрақтарға жауап береді, ескертетін жәйт сұрақтар оқушыны ойландырып, өз ойын жазу мақсатында құрастырылған бұл тапсырманы барлығы орындайды. Екінші деңгейлі тапсырманы (оқушылардың көбі орындайды) ұсынылған сөздерге оқушылар мәтін ішінен синоним табады, бұл тапсырма ойландырады және сөздік қорларын байытады.

III деңгей (Кейбіреуі орындай алады).

## 6 сынып

**Бөлім тақырыбы:** 1-бөлім. Отан-отбасынан басталады.

М.Әуезов «Абай жолы» Қайтқанда» тарауы (үзінді)

**Бөлімше тақырыбы:** Ана көрген тон пішер

**Оқу мақсаты:** 6.1.5.1 - тірек сөздер, жетекші сұрақтар, мәтін тақырыбы арқылы негізгі ойды анықтау

6.2.2.1 -тақырып бойынша диалогті бастау, жалғастыру, аяқтаудың ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын білу,

**Сабақтың мақсаты:** (SMART мақсатына негізделген) Тапсырманы орындауда оқушы мәтін мазмұнын түсінеді және оның дереккөзі туралы ой қорыта алады. Мәтіннің формасы мен мазмұны тұрғысында рефлексия жасайды. (мәтін құрылымы, жанр және стильдік ерекшеліктері т. б.) болып табылады. Автордың мәселеге қатысты көзқарасына өз ойын айта білуді дағдыландыру. Мұндай тапсырманы орындау, әдетте, оқушыдан өзінің өмірлік тәжірибесін еске түсіріп, ойлануын талап етеді, осылайша ол түрлі көзқарастарды салыстырып, өз болжамын жасайды.

**Қолданылатын ресурстар:** ақпараттық құралдар, мультимедиа, белсенді тақта, түрлі платформалар Learning apps қосымшасын, Whats App, Google Chrome, Yandex, YouTube және т.б. браузерлерін қолдану

**1. Барлығы орындай алады.** Иллюстрация бойынша сұрақтарға жауап береді, жаңа сөздердің мағынасын анықтап, синонимдерін табады, сөз тіркесін құрастырып жауап береді.

**2. Көбі орындай алады.** Дарынды балалардың ынтымақтастығымен функционалдық сауаттылықты дамытуға арналған тапсырмаларды орындайды (сілтемелермен жұмыс істей алады), түрлі жанрдағы, стиль ерекшелігін ажыратып, мәтіндерге сүйене отырып, көңіл-күйді білдіруде күнделікті өмірдегі ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын түсінеді, графикалық органиайзер жасайды және диалогта қолдана біледі.

**3. Кейбіреуі орындай алады.** Learning apps қосымшасын, Whats App, Google Chrome, Yandex, YouTube және т.б. браузерлерін қолдану арқылы топтық, жұптық жұмыс жүргізу арқылы тыңдалым, оқылым материалдарының мазмұны негізінде деректерді келтіре отырып, графикалық органиайзер жасайды және диалогта қолдана біледі және өз ойы бойынша дәлелді жауап береді.

**Мәтін алды тапсырмалар:** Мәтін тақырыбын болжау. Оқуға белсенділік арттыратын ахуал немесе мәдениетті аймақ, бір-бірін тыңдайтын орта құруға арналған әдістер білім алушының ойларын шоғырландыру. Оқылымды ұйымдастырудан басталады. Мысалы: АКТ қолдану арқылы сабақты бастау.

### **Бағалау критерийі**

1. «Суреттің бір бөлігі» Иллюстрация бойынша сұрақтарға жауап береді.
2. Жаңа сөздердің мағынасын анықтап, синонимдерін табады.
3. Сөз тіркесін құрастырып жауап береді. (оқушы ойнай отырып суретті құрастырады, сөздерді қайталайды, өйткені суреттерді құрастыру ол үшін шахмат ойыны сияқты болып көрінеді)

### **Дескриптор**

1. Суреттің бөлігін тауып оранастырады
2. Бұл заттың атын атайды
3. Сурет бойынша сөйлем құрастырады.
4. Мәтіннің не туралы болуы мүмкін екенін болжайды

**1-тапсырма.** *Экраннан көрінген суреттің бөлігін тауып оранастырыңыздар және сұрақтарға жауап беріңіздер.*

1. Бұл кім ? немесе бұл не?
2. Сурет не туралы , балалар?
3. Сурет бойынша сөйлем құрастырып көрейік
4. Бүгінгі сабақ не туралы болады деп ойлайсыздар?

### **Педагогке әдістемелік көмек:**

Берілген тапсырмалар оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес таңдап алынды. Оқушылар әлеуметтік-қоғамдық тақырыптар аясында айтылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсінеді.

Бұл тапсырманы түрлендіріп жүргізуге болады. Тақырыпқа байланысты интернет сайт: *wordwall* бойынша «Пазл» әдісін қолдануға болады. Басқатырғыш, адамды ұшқыр ойлауға үйрететін және логикасын дамытатын әдіс түрі. Әдіс үлкен көлемдегі біртұтас суреттің жеке-жеке бөлшектерін жинап құрастыру арқылы жүргізіледі. Пазлдың өзіндік ерекшелігі – арнайы жалғастырушы «кілттері» құралған суреттің бөлініп кетуіне жол бермейтіндігінде . Сондай-ақ «QR», немесе «Көлеңкесін тап» әдістерін қолдануға болады.



<https://puzzlefactory.com/ru/развивающие-головоломки/571967-тұсау-кесер-пазл#5x3>

## **2-тапсырма Берілген сұрақтарға жауап беріңіздер**

«Ой қозғау» Сұрақ арқылы оқылымға жол ашу:

- Адамның ең жақындары кімдер?
- Ең жақын адамдарды қалай білеміз?
- Не себепті олар ең жақындар?
- Олар өмірде не істейді?
- Не себепті сіз ол адамдарды жақсы көресіз?

### **Дескриптор**

1. Сұрақтарға қысқа жауап береді
2. Ашық сұрақтарға толық жауап береді

### **Бағалау критерийі**

1. Суреттегі бейнені дұрыс атайды.
2. Суретте не бйнеленгінін айта алады.
3. Сөйлем құрастырады.
4. Сурет бойынша өз ойын әңгімелейді.

Мұғалім: Сонымен, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы не туралы деп ойлайсыздар?

Оқушылар: Аналарымыз туралы. Содан кейін мұғалім сабақтың тақырыбы мен оқу мақсаттарын, бағалау критерийлерін таныстырады.

### **Педагогке әдістемелік көмек:**

Бұл әдістер оқушының қазақ тілінде сөздерді естіп түсінуге және қазақ тілінде сөйлеуге итермелейді.

Сабақтың тақырыбын атап айту. «Ана көрген тон пішер»

### **Мәтінмен жұмыс**

Отбасы - сыйластық ортасы.

Отбасы - сыйластық орнаған орта. Отбасының әрбір мүшесі өзара сыйластықты сақтауға тиіс. Сонда бірлік, татулық берік болады. Әке отбасындағы барлық қамқорлықты атқарса, ана отбасына нәр беруші адам. Сондықтан бала өмір бойы ата-анасының еңбегін, жақсылығын сыйлауы тиіс.

Жалпы отбасында үлкендерді сыйлауға көп мән беріледі. Кішіпейілдік, көркем мінез, сыйластық отбасында қалыптасады. Ата-анасын сыйлап өскен бала өзгелерді де құрметтеуге үйренеді.

(55сөз)

**3- тапсырма** Мәтінді мұқият оқыңыз, кесте бойынша берілген сұрақтарға жауап беретін сөздерді табыңыздар.

### **Дескриптор**

1. Кесте бойынша негізгі мазмұнын түсінеді
2. Сұраққа жауап беретін сөздерді табады
3. Сыни тұрғыдан қарап өз ойын айтады

#### 4. Мәтіннің фабуласын біледі.

Кім? Кімдер?	Не? Нелер?	Қандай?	Не себепті?	Неге сен солай ойлайсың?

#### Бағалау критерийі:

1. Мәтіннің мазмұнын түсінеді
2. Мәтін бойынша сұхбатқа түседі
3. Екі-үш сұраққа толық жауап береді
4. Өз ойын дәлелдеп жауап береді.

#### 4- тапсырма

##### Грамматикалық тапсырмалар

III деңгей

I нұсқа

1) Берілген сөздерді септеңдер.

Мінез.

2) Мәтін ішіндегі синоним сөздерді теріп жаз

3) Отбасы мүшелерін атап жаз

II деңгей

1) Берілген сөздерге синонимдік қатар жасап, сөйлем құраңдар.

Көркем.

2) Берілген сөздерді сөз құрамына талда

сыйлау, қамқорлық, кішіпейлдік, отбасылық

II нұсқа

Еңбек

Халық.

I деңгей

Отбасы туралы 5,6 мақал – мәтел жаз.

#### Педагогке әдістемелік көмек:

Кестеде берілген сабақтарда **Сөздерді іздеп тап! Ойын әдісін қолдануға болады.** Оқуда нақты ақпарат алу үшін оқу (scanning) және аналитикалық оқу (тірек сөздерді белгілеу, дәйексөздерді іріктеу, кесте, график құру) тәсілдері қолданылады.

Бірнеше деңгейлерге бөліп қарастыруға болады:

- ✓ Қарапайым критерий бойынша мәтіннен қажетті мәліметті іздеу (ең төменді деңгей);
- ✓ Бірнеше критерий бойынша мәтіннен қажетті ақпаратты іздестіру;
- ✓ Ақпарат үзінділерінің арасындағы байланысты тану;
- ✓ Белгілі, бірақ қарама-қайшы ақпаратпен жұмыс істеу;
- ✓ Астарлы, жасырын сипаттағы ақпараттар бар үзінділерді іздестіру, реттілігін құру, қиыстыру, тапсырманы орындау үшін мәтіндегі қай ақпараттың қажет екендігі туралы қорытынды жасай білу;

- ✓ Күрделі мәтіндерді түсіну және оларды интерпретациялау, тұжырымдау;
- ✓ Мәтін мазмұнына сай қорытындылар мен болжамдар жасау.

**Бөлім тақырыбы:** 1-бөлім. Отан-отбасынан басталады.

М.Әуезов «Абай жолы» Қайтқанда» тарауы (үзінді)

**Бөлімше тақырыбы:** Әке көрген оқ жонар...

**Оқу мақсаты:** 6.2.3.1 - ауызша мәтіндер құрауда хабарлы сөйлемдердің интонациялық ерекшелігін ескеріп айту

6.5.1.1 - мәтіндерден деректі және дерексіз зат, көптік мәнді есімдерді ажырата білу, жазбаша, ауызша жұмыстарда қолдану

**Сабақтың мақсаты:** Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға, сауатты жазуға дағдыландыру. Ауызекі сөйлеу дағдыларын дамыту. Үлкендерді сыйлау, құрметтеу керек екенін балаларға айтып түсіндіру.

**Қолданылатын ресурстар:** ақпараттық құралдар, мультимедиа, белсенді тақта, түрлі платформалар Learning apps қосымшасын, Whats App, Google Chrome, Yandex, YouTube және т.б. браузерлерін қолдану

**Мәтін алды тапсырмалар:** Мәтін тақырыбын болжау. Оқуға белсенділік арттыратын ахуал немесе мәдениетті аймақ, бір-бірін тыңдайтын орта құруға арналған әдістер білім алушының ойларын шоғырландыру. Оқылымды ұйымдастырудан басталады. Мысалы: АКТ қолдану арқылы сабақты бастау.

### ***Грамматикалық тақырып.***

1. Тірек сызба бойынша грамматикалық тақырыпты түсіндіру.

*Қазақ тілінің алфавитінде 42 әріп бар, оның 15-сі дауысты, 25-сі дауыссыз,*

*ь (жіңішке) және ъ (айыру) белгілері бар.*

42

15    ь                    ъ                    25

Дауыстылар (15)

9 жалаң

2 қосарлы

а[а], ә[ә], е[е], ы[ы], і[і], о[о], ө[ө], ұ[ұ], ү[ү]      и[ый, ій], у[ыу, іу, ұу, үу]

*және орыс тілінен енген э, е, ю, я дауысты дыбыстар қосылады.*

Жуан

жіңішке

а[а]

ә[ә]

е[е]

ы[ы]

і[і]

о[о]

ө[ө]

ұ[ұ]

ү[ү]

и[ый, ій]

у[ыу, іу]

[ұу, үу]

э[е]

е[йо]

ю[йу]

я[йа]

### **Лексикалық тақырып.**

#### **1. Сөздік жұмысы.**

**Сәлемдесу**

**здороваться**

Сәлем!

Привет!

Сәлеметсің бе?

Здравствуй!

Амансың ба?

Здравствуй!

Аман-есенсің бе?

Здравствуй! В добром ли ты здравии?

Сәлеметсіз бе?

Здравствуйте!

Амансыз ба?

Здравствуйте!

Аман-есенсіз бе?

Здравствуйте!

В добром ли Вы здравии?

**Қоштасу**

**прощаться**

Сау бол!

До свидания! Будь здоров!

Сау болыңыз!

До свидания! Будьте здоровы!

Қош-сау болыңыз!

До свидания! Будьте здоровы!

Қал қалай? Қалың қалай?

Как твои дела?

Қал-жағдай қалай?

Как твои дела?

Қалыңыз қалай?

Как Ваши дела?

Қалдарыңыз қалай?

Как ваши дела?

Қал-жағдайыңыз қалай?

Как Ваши дела?

#### **2. Дұрыс айтуға дағдылану.**

- қайталап оқу;

- тізбекпен оқу;

- сөздік диктант жазу

**Қал, қалың, қалыңыз, қал-жағдай, қал-жағдайыңыз, қалдарыңыз.**

#### **3. Диалогпен жұмыс. Жұптық жұмыс.**

I. - Сәлеметсің бе, Асқар?

- Сәлеметсің бе, Айман?

- Қалың қалай?

- Жаман емес. Рақмет!

- Сау бол!

- Сау бол!

II. - Сәлеметсіз бе, Дмитрий?

- Сәлеметсіз бе, Александр?

- Қал-жағдайыңыз қалай?

- Құдайға шүкір. Сіздің денсаулығыңыз қалай?

- Рақмет, жаман емес.

III. - Амансыз ба, Асқар Мұхтарұлы?

- Амансың ба, Василий?

- Қал-жағдайыңыз жақсы ма?

- Рақмет, жаман емес.



- Денсаулығыңыз қалай?
- Құдайға шүкір. Сенің қалың қалай?
- Жақсы.

**1) Тірек сөздерді пайдалана отырып, диалогты аудару.**

жаман	плохо	жаман емес	неплохо
қал	состояние	қал-жағдай	состояние, дела
рақмет	спасибо	денсаулық	здоровье
бол	будь	болыңыз	будьте
шүкір	благодарю	құдайға шүкір	слава богу
жақсы	хорошо		

**2) Мәнерлеп оқу.**

**3) Осы диалогтарды пайдалана отырып, өзара сөйлесу.**

**4) Диалог құрастыру.**

- досыңмен амандасу;
- ата-әжеңмен амандасу.

**4. Грамматикалық жаттығулар.**

**1) Берілген сөздерді екі бағанға бөлу (жуан – жіңішке).**

**2) Сөздермен фонетикалық талдау жасау (дауыстыларды талдау).**

*Жағдай, менің, жақсы, жаман емес, рақмет, сау, денсаулық, жаман, сенің, ол, біз, құдайға шүкір, сәлеметсіз бе, аман-есен, қал-жағдай.*

**3) Диалогтарды толықтыру.**

- 1.-Амансыз ба, Самат? ..... қалай?  
-Құдайға шүкір, ..... жаман емес.
- 2.- Сәлеметсіз бе, Әлия Сәрсенқызы? ..... қалай?  
- Рақмет, ..... жақсы.
- 3.-Сәлеметсіз бе, Шолпан? ..... жақсы ма?  
-Иә, ..... жаман емес.  
-Төлеген Арманұлының ..... қалай?  
-Оның да ..... жақсы.
- 4.-Сәлем, ..... !  
-....., Саша!  
-Қал-жағдайың қалай?  
-..... . Сенің ..... ?  
-Рақмет, ..... .

**Фонетика. Дауысты, дауыссыз дыбыстар. Буын.**

**Сабақтың мақсаты:** Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға, сауатты жазуға, буын түрлерін ажыратуға дағдыландыру. Ауызекі сөйлеу дағдыларын дамыту. Өзін ұжымға ресми түрінде таныстыра білу, жолдастарын таныстыра білу.

**Грамматикалық тақырып.**

**1. Тірек сөздер бойынша грамматикалық тақырыпты түсіндіру.**

**А) Дауыссыздар**

## Ұяң

Б, в, г, ғ, д, ж, з

26

## Қатаң

Қ, к, п, с, т, ф, х, ч, ц, ш, щ, һ

## Үнді

м, н, ң, л, р, й, у

### Ә) Буын түрлері.

*Ашық буын*      *А-ВА*      а-та, і-ні, а-па, ә-же, те-ре-зе

*Тұйық буын*      *АВ*      ит, ат, ти-*ын*, ди-*ір*-мен

*Бітеу буын* *ВАВ, ВАВВ*      тіс, кілт, мек-теп, кі-*тап*

### Б) Сөздерді буынға бөлу жолдарын түсіндіру.

- А-ВА-ВА      ә-ке, ме-ре-ке,
- АВ-ВА, АВВ-ВА      ә-ліп-пе, жұ-мырт-қа
- ВУ-ВА, А-ВУ      ту-лар, і-лу, су-рет
- УА-ВА, ВА-ВАУ      уә-де, жа-лау, дәу, уа-қыт
- А-ЙА      мо-йын, қа-йы-рым-ды
- ВА-УА      а-уыл, та-уық

### Лексикалық тақырып.

#### 1. Сөздік жұмысы.

танысқанымға өте қуаныштымын	очень рад познакомиться
Танысу	знакомиться
таныс бол	познакомься
танысыңыз	познакомьтесь
танысайық	давайте познакомимся
таныс болайық	будем знакомы
таныс болыңыздар	будьте знакомы
танысқанымға қуаныштымын	рад познакомиться

#### 2. Сөз тіркестерін дұрыс оқуға дағдылану.

Танысайық, таныс бол, таныс болайық, танысқанымға қуаныштымын, танысқанымға өте қуаныштымын, аты-жөнім, гимназияда оқимын, Орбитада орналасқан.

#### 3. Мәтінмен жұмыс.

- Оқып, орыс тіліне аудар.
- Берілген мәтін бойынша өз мәтініңді құра.

*Сәлеметсің бе? Таныс болайық! Менің аты-жөнім – Анна Сергейқызы.*

*Мен алтысыншы гимназияда бесінші сыныпта оқимын.*

#### 4. Өзара сөйлесу

- *Сәлеметсің бе, Руслан? Таныс бол. Бұл – Асқар.*
- *Аман-есенсің бе? Танысқанымға қуаныштымын.*
- *Танысайық! Менің есімім – Тимур.*
- *Танысқанымға қуаныштымын. Менің атым – Нұрлан.*

#### 5. Сөз тіркестерін пайдалана отырып, диалог құрастыру.

*Қалың қалай?*

Жағдайыңыз қалай?  
 Қал-жағдайыңыз қалай?  
 Жақсы  
 Жаман емес  
 Құдайға шүкір  
 Рақмет, жаман емес

**Грамматикалық жаттығулар.**

1. Берілген сөздерді буынға бөлу, буын түрлерін анықтау.

2. Жуан, жіңішкелігіне қарай екі бағанға бөліп жазу.

*Менің, досым, жолдас, сыныптас, балалар, інілер, мектепте, қыздардың, танысу, қоштасу, сәлемдесу, айна, ойыншық, тәулік, қайырымдылық, уақытым, уәде.*

3. Фонетикалық талдау жасау.

*Жолдас, ойыншық, сәлемдесу, інілер.*

4. «Кім тез» ойыны. Топтық жұмыс. Әр топтың оқушылары тізбекпен шығып, бір-бір сөзден магнитпен іліп шығады. Тапсырманы бірінші бітірген топ жеңімпаз аталады.

Тапсырма. Берілген сөздерді екі топқа бөлу (жуан – жіңішке), аудармасын табу.

*Жаман, қал-жағдай, рақмет, денсаулық, болыңыз, шүкір, құдай, жақсы, танысайық*

5. Қазақ тілі дыбыстарының жіктеуін беріңдер.

Дауысты		Дауыссыз		
Жуан 1	Жіңішке 2	Ұяң 3	Үнді 4	Қатаң 5
I нұсқа	II нұсқа	III нұсқа		
1. а	ү	қ		
2. т	д	ө		
3. п	х	ы		
4. н	е	р		
5. қ	р	п		
6. ш		з	н	
7. ә	м	л		
8. ө	о	й		
9. ж	ы	у		
10. ұ	у	р		
11. с	б	һ		
12. ң	й	ф		
13. һ	г	м		
14. о	л	ғ		
15. і	і	о		

**Мәтінмен жұмыс**  
**Үлкенді сыйлау**

Үлкенді сыйлау - қазақ халқының ата салты. Үлкенді сыйлау, ең алдымен, әке мен шешені сыйлаудан басталады. Өз отбасын, өз ата-анасын сыйламайтын ұл мен қыз басқа адамдарды да сыйлай алмайды. Ата-ана баланы дүниеге келтіріп, өмір береді, тәрбиелеп өсіреді, білім береді. Есейген бала ата-анаға қамқоршы болуға жараса – жігіт болғаны. Ата мен ананың қартайғанда бойынан күші қайтады. Бірақ олардың ақылы, көпті көрген тәжірибесі отбасына үлкен көмегін тигізеді. Ол үшін ата-анамен ақылдасып, олардың пікірін тыңдап отыру керек. Ата-ананы сыйлаған жастардың өз балалары да кейін соны қайталайды. Ата-ананың тәжірибесін бойға сіңіре білу – әр баланың парызы.

(95 сөз)

Мақсаты: Оқушылардың лексикадан, грамматикадан алған білімдерін тексеру.

**Лексикалық тапсырмалар:**

1. Берілген сұрақтарға жауап беріңіздер.

- 1) Сен үшін ата-ананың орны қандай?
- 2) Неге бақыт тек қиындық арқылы келеді?
- 3) Достық не үшін керек?

2. «Отбасы» тақырыбына 8 мақал-мәтел жазыңыздар.


3. «Қазақ салт-дәстүрі» тақырыбына диалог құрастырыңыз.

4. «Ата-ананың қадірін балалы болғанда білерсің, ағайынның қадірін жалалы болғанда білерсің» деген халық мақалын қалай түсінесіңдер, өз ойларыңды жазыңыздар.


5. «Дастарқанды қадірлей білейік!» тақырыбына шағын шығарма жазу.

**Грамматикалық тапсырмалар:**

1. Сызбаны толтырыңыздар.



2. Неге? сұрағына жауап беретін сөйлемдер құраңыздар.



3. Мына кестені толтырып жазыңыздар

Ілгерінді ықпал	Кейінді ықпал	Тоғыспалы ықпал

4. Сөйлемді мағынасына қарай толықтырыңыздар.

Мен \_\_\_\_\_ айтқанын тыңдаймын.

жақсыдан үйрен

Отбасында \_\_\_\_\_ бірінші орында тұруы керек.

сөздің

Сәлем - \_\_\_\_\_ анасы.

сыйластық

Әкем маған ылғи \_\_\_\_\_ дейді.

анамның

5. Тұрақты сөз тіркестерінің мағынасын түсініп, сөйлем құраңыздар.

Ашуға бой алдырды, салқын қарай бастады, түн ұйқысын төрт бөлді.

### **Педагогке әдістемелік көмек**

Берілген тапсырмалар оқушылардың жас ерекшелігіне сай таңдалып алынды. Тыңдалым материалдарының мазмұнын шынайы өмірмен байланыстыру мақсатын алуға себеп - оқушыларға әлемдегі әдемі жерлермен салыстыра білуін, еліне деген мақтаныш сезімін ояту. Мәтін мазмұны оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырады, сөз таптарынан алған білімін әрі қарай жетілдіреді. Осы тапсырмалар арқылы оқушының қойылған сұраққа жауап таба алу дағдысын қалыптастыру қарастырылған. Берілген тапсырмаларды жеке және жұппен де орындатуға болады.

**Бөлім тақырыбы: 7- бөлім: Қазақстан қорықтары**

**Бөлімше тақырыбы: Ең алғашқы қорықты білесің бе?**

**Оқу мақсаты:** 6.1.1.1 тірек сөздер, мәтіннің бастапқы бөлігін тыңдау арқылы тақырыпты және көтерілетін мәселені болжау;

6.2.4.1 шағын көлемді мәтіндегі жеке эпизодтарды сипаттау және тілдік ерекшелігіне салыстыру жасау;

#### **Бағалау критерийлері**

1. Тірек сөздер тыңдау арқылы тақырыпты болжайды.  
2. Мәтіннің бастапқы бөлігін тыңдау арқылы тақырыпты және көтерілетін мәселені болжайды.

3. Шағын көлемді мәтіндегі жеке эпизодтарды сипаттайды.

4. Тілдік ерекшелігіне салыстыру жасайды.

#### **Тілдік мақсат**

**Оқушылар орындай алады:** тірек сөздерді табады, мәтіннің бастапқы бөлігін тыңдау арқылы тақырыпты және көтерілетін мәселені болжайды, шағын көлемді мәтіндегі жеке эпизодтарды сипаттайды, тілдік ерекшелігіне салыстыру жасайды.

**Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:** қорық, аумақ, шаруашылық, сирек, қалпына келтіру, мәселе, терең, тұтас, елік, сілеусін, қабылан, тығылан, ақкүміс, сарышұнақ, үзбей жүргізіледі.

**Диалог құруға/шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер:** менің ойымша, себебі, деп ойлаймын, қорыта айтқанда, сондай-ақ, т.б(тағы басқа), ерекше, ең, өте, нағыз.

*Талқылауға арналған сұрақтар: «Қорық» деген не?; Қорықта не болады?; Қандай қорықтарды білесің?; Мәтінде қандай мәселе көтерілген? Қандай қорықпен таныс болдың? Қорық не себепті, не үшін керек*

деп ойлайсыз? ? Неліктен қорықтар қоршалған? Сіздің ойыңызша, қорықта қандай аң-құстар мекендейді?

### 1. Ұйымдастыру кезеңі:

- ✚ Оқушылармен амандасу.
- ✚ Сабаққа дайындықтарын тексеру.
- ✚ **Қызығушылық арттыру**

#### «Шаттық шеңбері»

-Ең жақын досыңмен құшақтасып амандас , ал екінші жақын досыңмен қол алысып амандас, үшінші досыңмен басыңды изеп амандас.

Оқушылар шеңберге тұрады, өздерінің ең жақын үш достарымен амандасып, өздерінің тілектерін білдіреді. **Топқа бөлу:** суреттерді пайдаланып, «Пазл» әдісімен 4 топқа бөлдім.



Топтар: Тау, Орман, Арыстан, Бүркіт.

#### Өткен сабақты пысықтау

1-тапсырма «Ілмек сұрақ» әдісі: (Оқушының ойын ашық білдіруіне дағдыландыру, сұрақ қою арқылы баланың сабақты пысықтауына көмектеседі, үй жұмысына кері байланыс )

#### Бағалау критерийі:

1. Тірек сөздер арқылы сұрақ құрастырады.
2. Сұрақтар арқылы тақырыпты және көтерілетін мәселені болжайды, сұрақтарға жауап береді.
3. Өткен тақырып бойынша ойларын жинақтап, сипаттайды.

**Топтық тапсырма:** берілген бейнебаян бойынша келесі топқа үш сұрақ дайында.

- Ұлттық мұражай қай қалада орналасқан?
- Ұлттық мұражайда қандай залдар бар?
- Сен мұражайға бардың ба?
- Сенің ойыңша, мұражай неге керек?
- Еліміздің ару қаласы Астанада тағы басқа нелер бар?
- Сен жас, сұлу қала Астанамызды ұнатасың ба?
- Не себепті ұнатасың?

#### Дескриптор:

1. Өткен тақырыпқа негіз болған тірек сөздерін анықтады.
2. Тірек сөздердің көмегімен сұрақты түсініп жауап берді.
3. Өткен тақырып бойынша ойларын жинақтап, сипаттады.

**Қалыптастырушы бағалау:** топта бір-бірін бағалайды.

Парақшалар сыйлау арқылы оқушылар бір-бірін бағалайды.

Жасыл парақша «Түсінікті айттың» , сары «Ойланып айт» , қызыл «  
Ізденсең жақсы болар еді»

## Кері байланыс.

Өткен сабақта сен не білдің?

Не білгің келді?

## Мәтіналды жұмыс

### Жаңа сабаққа ойларын шоғырландыру

Әсем сазды музыка қою. Сылдыраған су, самал жел, шырылдаған шегірткенің үні, сайраған, шикылдаған құстардың дауыстары сазды әуенмен бірге естіледі.



- Мұғалім: Сіз қандай дыбыстарды естіп отырсыз? Сонымен, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы не туралы деп ойлайсыздар?

Оқушылар: Табиғат туралы...

Мұғалім сабақтың тақырыбы мен оқу мақсаттарын, бағалау критерийлерін таныстырады.

Мұғалім: Балалар, бүгін біз Қазақстанның ең алғашқы қорығы туралы оқимыз. Қазір сендер бүгінгі сабаққа қойылатын бағалау критерийлерімен танысасыздар.

### Бағалау критерийі:

1.Тірек сөздерді тыңдау арқылы тақырыпты болжайды.

2.Мәтіннің бастапқы бөлігін тыңдау арқылы тақырыпты және көтерілетін мәселені болжайды.

3.Шағын көлемді мәтіндегі жеке эпизодтарды сипаттайды.

4.Тілдік ерекшелігіне салыстыру жасайды.

2 – тапсырма : Мәтінді мұқият тыңдаңыздар, тірек сөздерді табыңыздар, мәтін не туралы екенін анықтаңыздар, қандай мәселенің көтерілгенін түсініңіздер және сипаттап, әңгімелеңіздер.

### Бағалау критерийі:

1. Жалпы мазмұнын түсінуге арналған сұрақтарға жауап береді, тірек сөздерді анықтайды, жаттайды;

2. Нақты мәлімет алуға арналған сұрақтарға жауап береді; Мәтіннің не туралы екенін анықтайды;

3. Талқылауға арналған сұрақтарға жауап береді. Қандай мәселенің көтерілгенін түсінеді және сипаттайды.

4.Тыңдау арқылы тақырыпты ашып, көтерілген мәселе туралы өз ойын айта алады.

### Тыңдалым алдындағы тапсырма:

«Ой қозғау» әдісі сұрақ арқылы тыңдалымға жол ашу

- Табиғатты қорғау үшін не істейміз, қалай ойлайсындар?

- Қорық деген не білесіңдер ме?

- Қорықта не болады?

- Қандай қорықтарды білесіңдер?

### Мәтіннің тақырыбын атап айту.

Мәтін «Ақсу – Жабағалы қорығы»



Тыңдалымдағы маңызды сөздерді үйрету;

**Сөздікпен жұмыс:**

1. Тақтадағы жазылған жаңа сөздерді аудиодан тыңдату
2. Мұғалім өзі дауыстап оқиды.
3. Оқушылар сөздерді тыңдап, қайталап оқиды.

«Сөзді тап» әдісімен сөздің тілдік ерекшелігіне салыстыру жасайды, баламасын, синонимін, антонимін табу және сөздіктегі сөздің анықтамасын оқыту.

**«Сөзді тез жатта» әдісі**

Ұсынылып отырғын әдістеме баланың

белсенді есте сақтауындағы сөздік қорын анықтайды. Есте сақтау қабілеті жөнінде қорытынды:

10 сөз	8-9 сөз	4-7 сөз	2-3 сөз	0-1 сөз
өте жоғары	жоғары	орташа	төмен	өте төмен

**Сөздікпен жұмыс:** қорық, аумақ, шаруашылық, сирек, қалпына келтіру, мәселе, терең, тұтас, елік, сілеусін, қабылан, тығылан, ақкүміс, сарышұнақ, үзбей жүргізіледі.

Қорық- заповедник

Аумақ, аймақ - территория

Шаруашылық- хозяйство

Сирек- редкий

қалпына келтіру- восстановить

мәселе- проблема

терең- глубокий

тұтас - целый

елік- косуля

Сілеусін – рысь,

Қабылан- леопард

Сарышұнақ- суслик

үзбей жүргізіледі - непрерывно проводится

**Аудиоматериалды алғаш рет тыңдайды.** Тақырыпқа қатысты сұрақтар құра отырып, сол тақырыптағы оқушы білімін қозғау.

**«Түрткі сұрақтар» әдісі**

Әр оқушыға параққа жазылған сұрақтар тарату.

Парақта жазылған сұрақтар таратылып беріледі.

Сұрақтар мәтін желісімен қойылады. Оқушы мәтінді тыңдай отырып, сұрақтың жауабын анықтайды, көтерілген мәселені болжайды.

**I қадам** Аудиоматериалды бірінші рет тыңдайды

**Тыңдалым сұрақтары:** Жалпы мазмұнын түсінуге арналған сұрақтар

1. Қорық деген не?
2. Қорықты шаруашылық мақсаты үшін пайдалануға бола ма?
3. Қазақстандағы ең алғашқы құрылған қандай қорықпен таныстың?

**II қадам**

**Нақты мәлімет алуға арналған сұрақтар:** Аудиоматериалды екінші рет тыңдайды

1. Ақсу – Жабағылы қорығы қандай жерлерді алып жатыр?
2. Қорық қандай екі өзеннің арасында орналасқан?
3. Ақсу – Жабағылы қорығы қай жылы құрылған?
4. Ақсу–Жабағылы қорығы қандай тізімге ілінді.
5. Қорықта нелер бар?
6. Қорық ауданы неше гектар жерді алып жатыр?
7. Қорықты не үшін құрған деп ойлайсыз?

### **III кадам**

**Талқылауға арналған сұрақтар:**

1. Қорықта нелер жүргізіледі?
2. Мәтінде қандай мәселе көтерілген?
3. Сенің ойыңша, қорықтағы құс-жануарларды және өсімдіктерді неге қорғайды және неге зерттейді?
4. Өз басың қорықтарға барып көрдің бе?
5. Жалпы қорық не үшін керек деп ойлайсың?
6. Қорықтар табиғатты сақтайды деп сенесің бе? Неге?
7. Қорықтарда барлық жағдай жасалған деп ойлайсың ба?
8. Болашақта қорықтар көбейе ме әлде азайа ма? Не себепті олай ойлайсың?

### **Мәтінмен жұмыс**

#### **«Ақсу – Жабағылы қорығы»**

Қорық – ерекше қорғалатын табиғи аумақ. Қорықты шаруашылық мақсат үшін пайдалануға болмайды. Қорықтарда сирек кездесетін құс- жануарлар мен қоры азайып кеткен өсімдік түрлерін қалпына келтіру мәселесі терең зерттеледі . Өсімдіктер мен жануарлар қорғалатын тұтас табиғи аймақты- қорықтар деп атайды.

Қазақстанның ең алғашқы , тұңғыш қорығы Ақсу-Жабағылы қорығы . Ақсу-Жабағылы қорығы — Талас Алатауының (Батыс Тянь-Шань) солтүстік-батыс бөлігін алып жатыр. Жамбыл облысының Жуалы ауданы мен Оңтүстік Қазақстан облысының Тұрар Рысқұлов ауданы аумағында жатыр. Қорық Ақсу және Жабағылы атты екі өзеннің арасына орналасқан.

Ақсу–Жабағылы қорығы 1926 жылы құрылған. Жерінің ауданы 128118 гектар . Қазір Ақсу–Жабағылы қорығы ЮНЕСКО жасаған дүниежүзілік қорықтар тізіміне енген.

Ақсу-Жабағалы сирек кездесетін, тек осы аймақтарға ғана тән өсімдіктер мен жануарлардың отаны. Бұл жерден тау қойын, ешкісін, маралдарды және еліктерді, сілеусіндер мен қар қабыландарын, қасқырлар мен түлкілерді, аюлар мен тағыландарды, ақкүмістерді таба аласыз. Осы жерлерді сарышұнақтарды да көруге болады. Құстар әлемі өте бай. Жоғары аспанда мұртты грифтер, грифондар, жыланбүркіт пен алтын қырандар қалықтайды.

Ақсу-Жабағылы қорығы – табиғаттың нағыз ғылыми лабораториясы, онда ғылыми-зерттеу жұмыстары үзбей жүргізіледі. (166 сөз)

**Дескриптор:**

1. I қадам Жалпы мазмұнын түсінуге арналған сұрақтарға жауап берді.
2. II қадам Нақты мәлімет алуға арналған сұрақтарға жауап берді.

Мәтіннің не туралы екенін анықтады.

3. III қадам Талқылауға арналған сұрақтарға жауап береді. Қандай мәселенің көтерілгенін түсінді және сипаттады.

4. Тыңдау арқылы тақырыпты ашып, көтерілген мәселе туралы өз ойын айта алды.

Әр қадамдағы сұрақтардың көмегімен мәтінді түсінді.

**Қалыптастырушы бағалау :** мұғалім оқушыларды Ым-ишарамен бағалайды. «Бес саусақ» әдісі

**Кері байланыс. СТО Оқу үшін бағалау**

- Сіз нешінші қадамдағы сұрақтарға өте жақсы жауап бердіңіз? Неліктен сізге жеңіл болды? Неге сізге қиын болды?

- Сіз нешінші қадамдағы сұрақтарға жауап бере алмадыңыз? Неге жауап бере алмадыңыз? Себебі неден деп ойлайсыз?

- Қазақша өте жақсы сөйлеу үшін не істеу керек деп ойлайсыз?

- Сізге бұл тапсырма ұнады ма? Қандай қиындық туды?

3-тапсырма. Тыңдалымнан кейінгі тапсырма: **«Бес сұрақ-бес жауап»**

**Айтылым Жұптық жұмыс**

Диалог. Оқушылар бір-біріне сұрақтар қоя отырып, сұхбаттасады.

1. «Қорық» деген не?

2. Қорықта не болады?

3. Қандай қорықтарды білесің?

4. Қазақстандағы қандай қорықпен таныс болдың?

5. Ақсу-Жабағылы қорығы қай аумақта орналасқан?

6. Қорық қандай өзендердің сағасында орналасқан?

7. Қорық қай кезде, қалай құрылған?

8. Бүгін сабақта не туралы айтылды?

**Бағалау критерийі:**

1. Тірек сөздер арқылы сұрақ құрастырады.

2. Сұрақтар арқылы тақырыпты және көтерілетін мәселені болжайды, сұрақтарға жауап береді.

3. Өткен тақырып бойынша ойларын жинақтап, сипаттайды.

**Дескриптор:**

1. Жаңа тақырыптың тірек сөздерін қолданып, сұрақ құрастырды.

2. Тірек сөздердің көмегімен сұрақты түсініп жауап берді.

3. Өткен тақырып бойынша ойларын жинақтап, толық жауап береді, негізгі тақырыппен шектелмей қосымша ақпаратпен жауап берсе мадақтады.

**Қалыптастырушы бағалау:**жұпта бір-бірін бағалайды.

Парақшалар сыйлау арқылы оқушылар бір-бірін бағалайды.

Жасыл парақша «Түсінікті айттың»

Сары «Ойланып айт»

Қызыл «Ізденсең жақсы болар еді»

**Кері байланыс.**

«Бір минуттық эссе» Бір сұрақ – бір жауап айтуы керек оқушы.

4-тапсырма. Топта графикалық органиайзер әдісімен жұмыс істеуге тапсырма беру. Берілген таза қағазға «Дара диаграмма» әдісімен «Ақсу-Жабағылы қорығы» мәтіні бойынша кластер жасауға және топ болып диаграмманы қорғауға тапсырма беріледі.

**Бағалау критерийі:**

1. Тыңдаған мәтіннен түсінгені бойынша қысқаша ақпарат береді.
2. Сұрақтар арқылы тақырыпты және көтерілетін мәселені диаграммада көрсетеді.
3. Өткен тақырып бойынша ойларын жинақтап, сипаттайды.



**Дескриптор:**

«Ақсу-Жабағылы» қорығы тақырыбының негіз мазмұнын анықтады.

1. Тыңдаған мәтіннен түсінгені бойынша қысқаша ақпарат берді.
2. Сұрақтар арқылы тақырыпты және көтерілетін мәселені диаграммада көрсетті.

3. Өткен тақырып бойынша ойларын жинақтап, сипаттады.

**Қалыптастырушы бағалау:** топта көрші топты бағалайды. «Екі жұлдыз, бір тілек»

Бірінші жұлдыз: түсінікті;

Екінші жұлдыз: жаңа сөздерді пайдаланды

Бір тілек: Қазақша еркін сөйле!

**Кері байланыс.**

-Диаграмма мәтіндегі мәліметті көрсетті ме?

-Сіз қосымша ақпарат қостыңыз ба?

-Диаграмма толтыру қиын болды ма?

5-тапсырма. Оқушылар керекті тірек сөздерді пайдаланып, қосымша ақпаратты және берілген сұрақтармен, сөйлемдермен 3 минутта шағын 20 сөзден тұратын әңгіме, эссе құрастырады.

**Бағалау критерийі:**

1. Мәтінді түсінгені бойынша әңгімелейді.

2. Мәтінді тыңдау арқылы көтерілген мәселені табады.

3. Шағын көлемді мәтіндегі жеке эпизодтарды сипаттайды.

4. Осы тақырып бойынша ойларын жинақтап, нені білгісі келетінін белгілейді

**Дескриптор:**

1. Тыңдаған мәтіндегі тақырыпқа негіз болған тірек сөздерін анықтады.

2. Тірек сөздердің көмегімен мәтінді түсінді.

3. 20 сөзден тұратын шығын әңгіме құрды.

Өткен тақырып бойынша ойларын жинақтап, сипаттады.

**Қалыптастырушы бағалау:** «Ашық микрофон» әдісімен топта бір-бірін бағалайды.

**Кері байланыс.**

-Әңгіме қызықты болды ма?

-20 сөзден тұратын шығын әңгіме құрдың ба?

-Сізге қосымша ақпарат табу қиын болды ма?

-Сіздіңше сабақ қалай өтті?

**Рефлексия.** Сабақтың соңында оқушылар: Үйренгендері туралы ойланады

1. Менің түсінгенім...

2. Менің үйренгенім...

3. Менің ұсыныстарым...

4. Кемшіліктер:

**Жетістік критерийіне сай бағаланады. Мына сұрақтарға жауап береді:**

v	+	?
Білемін	Білдім	Білгім келеді

-Бүгін не білдім?

-Не білгім келеді?

**Үй жұмысы «Автор орындығы»** әдісінің ретімен сұраймын.

Мәтінді ой бөліктеріне жіктеу. Ақсу-Жабағылы қорығы туралы қосымша ақпарат жинау, Ақсу-Жабағылы қорығы туралы сипаттау және фотомонтаж жасау.

**Бөлім тақырыбы:** 2-бөлім. Қазіргі қазақ ауылы мен қаланың тыныс-тіршілігі. Ә.Дүйсенбиев «Бәтеңке, Шұжық, Балқаймақ» өлеңі

**Бөлімше тақырыбы:** Ауылым –алтын бесігім

**Оқу мақсаты:** 6.1.1.1 тірек сөздер, мәтіннің бастапқы бөлігін тыңдау арқылы тақырыпты және көтерілетін мәселені болжау;

6.2.4.1 шағын көлемді мәтіндегі жеке эпизодтарды сипаттау және тілдік ерекшелігіне салыстыру жасау;

**Сабақтың мақсаты:** *Өзім туралы. Анкета толтыру. Жіктік жалғау.*

Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін дұрыс қолдана білу. Өзі туралы ауызша, жазбаша мәлімет бере алу. Сыпайы сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.

**Бағалау критерийлері**

1. Тірек сөздер тыңдау арқылы тақырыпты болжайды.
2. Мәтіннің бастапқы бөлігін тыңдау арқылы тақырыпты және көтерілетін мәселені болжайды.
3. Шағын көлемді мәтіндегі жеке эпизодтарды сипаттайды.
4. Тілдік ерекшелігіне салыстыру жасайды.

**Тілдік мақсат**

**Оқушылар орындай алады:** тірек сөздерді табады, мәтіннің бастапқы бөлігін тыңдау арқылы тақырыпты және көтерілетін мәселені болжайды, шағын көлемді мәтіндегі жеке эпизодтарды сипаттайды, тілдік ерекшелігіне салыстыру жасайды.

**Грамматикалық тақырып.**

1. Тірек сөздер бойынша грамматикалық тақырыпты түсіндіру.

**Жіктік жалғау**

*Жіктік жалғау есімдерге де, етістіктерге де жақ бойынша жалғанады.*

Жақ (лицо)	Жекеше (ед.число)	Көпше (мн.число)
I	-мын, -бын, -пын -мін, -бін, -пін отырмын, студентпін	-мыз, -быз, -пыз -міз, -біз, -піз отырмыз, студентпіз
II	-сың -сің отырсың студентсің	-сындар -сіндер отырсындар студентсіндер
II (сыпайы түрі)	-сыз -сіз отырсыз студентсіз	-сыздар -сіздер отырсыздар студентсіздер
III	- отыр, студент	- отыр, студент (-тер)

**Лексикалық тақырып.**

1. Сөздік жұмысы.

аты-жөні	ФИО
туған жылы, айы, күні	год, месяц, дата рождения
туған жері	место рождения
мекен-жайы	домашний адрес
ұлты	национальность
оқитын мектебі, сыныбы	школа, класс
бос уақыты	свободное время
ермегі	хобби

2. Берілген сөздермен сөз тіркестерін, жай сөйлем құрастыру.

**Мысалы:** *Сенің аты-жөнің, досымның ермегі.*

*Өзімнің туған жерім туралы айтайын.*

3. Өзі туралы, отбасы туралы мәлімет беру.

**1-тапсырма.** Сұрақтарға жауап беру.

- Сенің атың кім?
- Сен неше жастасың?
- Қайда оқисың?
- Нешінші сыныпта оқисың?
- Достарың бар ма?
- Бос уақытыңды қалай өткізесің?

**2-тапсырма.** Досыңа сұрақ қой. Жұппен жұмыс.

*V. Грамматикалық жаттығулар.*

**3-тапсырма.** Берілген сөйлемдерді аяқтап жаз.

1. Менің атым - ... .
2. Менің фамилиям - ... .
3. Әкемнің аты - ... . Ол ... жаста.
4. Шешемнің аты - ... .
5. Менің үйім ... қаласында, ... көшесінде (ықшамауданында).
6. Менің жолдасым ... мектепте (гимназияда), ... сыныпта оқиды.

**4-тапсырма.** Кеспемен жұмыс.

<p><b>№ 1 кеспе</b>  <b>1. Сұрақтарға жауап бер.</b>  а) Фонетика деген не?  ә) Қазақ тілінде дыбыстар айтылуына қарай неше түрге бөлінеді?  б) Дауыссыз дыбыстар неше түрге бөлінеді? Оларды ата.  в) Буынның неше түрі бар?  Мысал келтір.  <b>2. Анкетаны толтыр.</b>  <b>Анкета</b>  _____ (аты-жөні)  _____ (туған жылы, айы, күні)  _____ (туған жері)  _____ (мекен-жайы)  _____ (ұлты)</p>	<p><b>№ 2 кеспе</b>  <b>1. Сұрақтарға жауап бер.</b>  а) Қазақ әліпбиінде неше әріп бар.?  ә) Дауысты дыбыстар неше түрге бөлінеді? Оларды ата.  б) Қазақ тіліне тән неше дыбыс бар? Оларды ата.  в) Екпін туралы айт. Мысал келтір.  <b>2. Анкетаны толтыр.</b>  <b>Анкета</b>  _____ (аты-жөні)  _____ (туған жылы, айы, күні)  _____ (туған жері)  _____ (мекен-жайы)</p>
--	--



(оқитын мектебі, сыныбы)	(ұлты)
(ермегі)	(оқитын мектебі, сыныбы)
	(ермегі)

**5-тапсырма.** Өзің туралы, досың туралы әңгімелеп бер.

**1. Өзім туралы.**

Менің аты-жөнім ... .. Мен 20... жылы, ... ..-та/-те, -да/-де тудым.  
 Менің туған жерім - ... . Мен Алматы қаласы, ... көшесінде (ықшамауданында),  
 ... үйдің  
 ... пәтерінде тұрамын. Менің ұлтым - ... . Мен № 60-гимназияның 6-шы «  
 » сыныбында оқимын. Мен бос уақытымда ... . Менің ермегім - ... .

**6-тапсырма.** Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып жаз.

Менің атым - ... . Сіздің атыңыз ... .  
 Менің фамилиям - ... . Сіздің фамилияңыз ... .  
 ... жастамын. ... жастасыз.  
 Мен Сіз  
 ... қуаныштымын. ... қуаныштысыз.

**7-тапсырма.** Мәтінмен жұмыс.

Оқу, аудару, есте сақтау.

Қазақ халқында өзінен жасы үлкен адамға және таныс емес кісілерге «сіз» деп сөйлейді. Сен деген жасы кішіге және өте жақсы дос, туыс адамдар арасында қолданылады.

Жасы үлкендермен әңгімені сыйластықты білдіретін *аға, ағай, ата, әже, ана, апай* сияқты сөздермен бастайды.

Ресми қарым-қатынаста «сәлеметсіз бе!» деп амандасады. Ер адамдар «*ассалаумағалайкум!*» дегенді жиі қолданып, қол беріп амандасады.

**Бағалау критерийі:**

1. берілген нұсқадан бірнеше дұрыс жауапты таңдайды;
2. мәтін мазмұнына сәйкес келетін/ сәйкес келмейтін немесе мәтінге қатысы бар/қатысы жоқ бірнеше тұжырымды анықтайды;
3. мәтін мазмұнына қатысты мәліметтің жалған немесе шын мәлімет/тұжырым екенін айқындайды

**Мәліметті толықтыруға арналған тапсырма**

**Дескриптор**

1. мәтіндегі бос орындарды сөйлемдермен/сөз тіркестерімен/сөздермен толықтыру;
2. сөйлемді толықтыру (аяқтау).

**1- тапсырма** Мәтіндегі бос орындарды сөйлемдермен, сөз тіркестерімен, сөздермен толықтырыңыз; сөйлемді толықтырып, аяқтаңыз.

1. Қазақ халқында өзінен жасы үлкен адамға және таныс емес кісілерге \_\_\_\_\_ сөйлейді.

2. Сен деген \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_ арасында қолданылады.

3. Жасы үлкендермен әңгімені сыйластықты білдіретін \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_ сияқты сөздермен бастайды.

### **Бағалау критерийі:**

1. мәтіндегі бос орындарды сөйлемдермен/сөз тіркестерімен/сөздермен толықтырады;

2. сөйлемді толықтырып аяқтайды.

**«Ілмек сұрақ» әдісі** (Оқушының ойын ашық білдіруіне дағдыландыру, сұрақ қою арқылы баланың сабақты пысықтауға, болжауға көмектеседі, үй жұмысының мазмұнына немесе оқылым алды тапсырманың мазмұнына қарай сұрақ түрлері өзгеріп отырады.) Берілетін тапсырма түрлеріне шағын сюжетті оқыту және түрлі мақсатты көздейтін тапсырмалар құрастыруға болады.

Шағын графикалық органайзер сүйене отырып, көңіл-күйді білдіруде күнделікті өмірдегі ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын түсінеді және диалогта қолдана біледі.

**«Амандасу»** тақырыбына ментальды карта жасату.

- Ментальдық карта бойынша нені көріп тұрсыңдар?
- Бұл карта не үшін керек деп ойлайсыңдар?
- Сендер картамен жүрдiңдер ме?

### **Педагогке әдістемелік көмек:**

Берілген тапсырмалар оқушылардың жас ерекшелігіне сай таңдалып алынды. Тыңдалым материалдарының мазмұнын шынайы өмірмен байланыстыру мақсатын алудағы себеп - оқушыларға әлемдегі әдемі жерлермен салыстыра білуін, еліне деген мақтаныш сезімін ояту. Мәтін мазмұны оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырады, сөз таптарынан алған білімін әрі қарай жетілдіреді. Осы тапсырмалар арқылы оқушының қойылған сұраққа жауап таба алу дағдысын қалыптастыру қарастырылған. Берілген тапсырмаларды жеке және жұппен де орындатуға болады.

## **8-бөлім: Болашақ мамандықтары. А. Машанов. «Жерастына саяхат»**

### **Бөлімше тақырыбы: Ең жақсы мамандық**

Оқу мақсаты: 6.5.1.5 Қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді мәтін мазмұнымен салыстыру, қарама-қайшы ақпараттарды анықтау

6.2.4.1 шағын көлемді мәтіндегі жеке эпизодтарды сипаттау және тілдік ерекшелігіне салыстыру жасау;

**Сабақтың мақсаты:** Мамандықтар. Зат есім. Көптік жалғау.

Көптік жалғауларды есте сақтап, үндестік заңы бойынша дұрыс жалғай білу. Өз беттерімен сурет бойынша әңгімелей білу. Келешек мамандықты таңдап, жақсы маман болуға баулу.

### **Грамматикалық тақырып.**

1. Тірек сызба бойынша грамматикалық тақырыпты түсіндіру.

#### **Көптік жалғау**

**жуан түбірге + жуан қосымша**

**үндестік заңы**

**жіңішке түбірге + жіңішке қосымша**

**дауысты немесе үнді Р, Й, У + -лар/-лер**

**ұяң немесе үнді Л, М, Н, Ң + -дар/-дер**

**қатаң немесе ұяң Б, В, Г, Д + -тар/-тер**

### **ЗАПОМНИ!**

В казахском языке слова, обозначающие **предмет**, при указании **количества** этого предмета употребляется **без көптік жалғау**.

*Бес инженер, отыз оқушы, он дәптер, тоғыз балапан.*

### **ЗАПОМНИ!**

В казахском языке слово, которое отвечает на вопрос **қандай?**, обозначает **признаки как одного, так и многих одинаковых предметов**.

ағаш

мұғалім

(қандай?) биік

(қандай?) тәжірибелі

ағаштар

мұғалімдер

2. Грамматикалық жаттығулар.

а) Қосымшаларды (-лар/-лер, -дар/-дер, -тар/-тер) сөздерге жалғап жаз.

*Кітап, оқулық, мектеп, сынып, күнделік, қалам, өлең, мақал, ән, мәтін, магнитофон, ұл, қыз, ата, әже, аға, іні, сіңлі, әпке, ана, дос, жолдас, жүргізуші, дәрігер, сатушы, инженер, мұғалім.*

ә) Берілген сөз тіркестерін қазақ тіліне аудар, үлгіге қарап бес мысал келтір.

*Красивые девушки – пять красивых девушек, умные ученики – тридцать умных учеников, опытные врачи – десять опытных врачей, белые лебеди – сто белых лебедей.*

### **Лексикалық тақырып.**

1. Сөздік жұмысы.

жазушы

писатель

жұмысшы

рабочий

мұғалім

учитель

құрылысшы

строитель

дәрігер

врач

балташы

плотник

есепші

бухгалтер

кенші

шахтер

іскер

бизнесмен

сатушы

продавец

аудармашы

переводчик

даяшы

официант

ой еңбегі саласы	сфера умственного труда
өндіріс саласы	сфера производства
ауыл шаруашылық саласы	сфера сельского хозяйства
тұрмыстық қызмет көрсету саласы	сфера обслуживания
өнер саласы	сфера искусства

- Сөздерді мұғалімнен кейін дауыстап қайталап оқу.
- Тізбекпен оқу.
- Сөз тіркестерін, жай сөйлем құру.

2. Суретпен жұмыс. Сөздікті пайдалана отырып, суреттегі мамандықтардың атауларын айтып, сала бойынша бөлу.

3. Мәтінмен жұмыс.

- Мәтінді тыңдау.
- Оқып, аудару.
- Сұрақтарға жауап беру.

### **Мамандық**

Өмірде мамандықтың түрі көп. Жақсы маман болу үшін еңбек ету керек. Инженер, дәрігер, мұғалім, ғалым, жазушы, тілші, журналшы, мүсінші, суретші, сәулетші, экономист, есепші, ұшқыш, ғарышкер болу үшін оқу керек. Жақсы жұмысшы, кенші, металлург, жүргізуші, балташы, құрылысшы, тоқымашы, тігінші болу үшін өндірісте істеу керек. Бақташы, егінші, мал дәрігері, бағбан, сауыншы, мақташы болу үшін ауылда жұмыс істеу керек. Ал, аяқ киім жөндеуші, сатушы, шаштараз, сағат шебері, зергер болу үшін тұрмыстық қызмет көрсететін салада істеу керек. Өнер саласына жататын мамандықтар: әнші, биші, музыкант, композитор, режиссер, т.б.

- Сен қай мамандықты ұнатасың?
- Келешекте кім болғың келеді?
- Таңдаған мамандығың қай салаға жатады?
- Өзің таңдаған салада жақсы маман болу үшін не істеу керек?

### **Бағалау критерийі:**

1. Тірек сөздер арқылы сұрақ құрастырады.
2. Сұрақтар арқылы тақырыпты және көтерілетін мәселені болжайды, сұрақтарға жауап береді.
3. Өткен тақырып бойынша ойларын жинақтап, сипаттайды.

### **Дескриптор:**

1. Жаңа тақырыптың тірек сөздерін қолданып, сұрақ құрастырды.
2. Тірек сөздердің көмегімен сұрақты түсініп жауап берді.
3. Өткен тақырып бойынша ойларын жинақтап, толық жауап береді, негізгі тақырыппен шектелмей қосымша ақпаратпен жауап берсе мадақтады.

## **Грамматикалық жаттығулар**

**1-тапсырма.** «... не істеп жүр?» деген сұраққа жауап табып, сөйлемдерді дәптерге жазу.

**Үлгі:** Әнші не істеп жүр?      Әнші ән айтып жүр.

Есепші	қой бағу
Жазушы	хаттарды, газеттерді тасу
Дәрігер	газетке мақала жазу
Сатушы	ұшақтарды ұшыру
Суретші	адамдарды емдеу
Әнші	кітап жазу
Пошташы	балаларды оқыту
Аспаз	киім тігу
Аудармашы	ақша санау
Ұшқыш	жаңа үйлерді салу
Мұғалім	материалдарды аудару
Тілші	сурет салу
Қойшы	ән айту
Тігінші	тамақ пісіру

**2-тапсырма.** Мәтіндегі бос орынға мамандық атауларын жазу.

Мәтін бойынша өзара әңгімелесу.

Менің атам және әжем егде адамдар. Олар - ..... . Менің әкем - ....., шешем - ..... . Біз Алматыда тұрамыз. Менің екі ағам бар: біреуі - ....., екіншісі - ..... . Олар Астанада. Менің апам банкте ..... . Біздің туыстарымыз ауылда. Олар: ....., ....., ....., ..... . Мен өзім ....., келешекте ..... болуым керек. Сіздің ..... қандай?

**3-тапсырма.** Өлеңдегі сұрақтарға жауап беру.

**Бұл кімдер?**

Алып жатқан жан-жақты,  
Үйлерді кім тұрғызды?  
Жарқыратып кім жақты,  
Жердегі көп жұлдызды?

Балалар не білдіңдер,  
Білгенің айт, бұл кімдер?

Шекарада сақ тұрып,  
Көз ілмей кім шығыды?  
Ерте өріске ат мініп,  
Қой жайып кім шығады?

Балалар не білдіңдер,  
Білгенің айт, бұл кімдер?

Үстіндегі киімді

Кімдер тігіп береді?  
Газет-журнал үйінді  
Қалай тауып келеді?

Бұл жайлы не білдіңдер,  
Білгенің айт, бұл кімдер?

Ғарышта кім самғайды,  
Кім зулатар пойызды?  
Кім айдынды шарлайды,  
Тіліп мұхит, теңізді?

Бірі – апаң, бірі – ағаң,  
Бірі – атаң, бірі – анаң.  
(А. Сопыбеков)

**4-тапсырма.** Сөздерді жатқа білу.  
Отбасыңның мамандықтары туралы әңгімелеп бер.

**Бағалау критерийі:**

1. Тірек сөздер арқылы сұрақ құрастырады.
2. Сұрақтар арқылы тақырыпты және көтерілетін мәселені болжайды, сұрақтарға жауап береді.
3. Өткен тақырып бойынша ойларын жинақтап, сипаттайды.

**Дескриптор:**

1. Жаңа тақырыптың тірек сөздерін қолданып, сұрақ құрастырды.
2. Тірек сөздердің көмегімен сұрақты түсініп жауап берді.
3. Өткен тақырып бойынша ойларын жинақтап, толық жауап береді, негізгі тақырыппен шектелмей қосымша ақпаратпен жауап берсе мадақтады.

**Педагогке әдістемелік көмек:**

6-сынып бағдарламасы бойынша берілген бұл тарауда оқу жоспары бойынша оқылым дағдысы бойынша ғылыми стильде (мақала) жазылған еңбектердің тілдік және жанрлық ерекшелігін анықтап, талдау жасау және мәтінде көтерілген мәселені ғаламдық мәселелермен байланыстыра отырып сыни тұрғыда баға беру мақсаттары берілген. Бұл мақсатты таңдау себебім, қазақ жазу тарихы туралы мәліметтер бергенде, көбінесе біз ғылыми стильде жазылған мәтіндерге, ақпараттарға жүгінеміз. Оқушыға да сәйкесінше стиль ерекшеліктерін түсінуге бағыт бағдар беруіміз керек. Оқушы 6-сыныпта ғылыми стиль ерекшеліктерін ажыратып, тирмин сөздердің мағыналары түсініп, қолдана білуі тиіс, осы тұрғыдан таңдалған тапсырмалар оқу мақсаттарына жетуге бағытталған. Оқылымалды стиль түрлеріне арналған презентация дайындап, оқушыларға ұсынуға кеңес берер едім. Себебі көп жағдайда оқушыларға стиль түрлері мен жанрларын анықтауда, жазылым мен айтылымда берілген стиль түрлері бойынша жұмыс істеу қиындықтар туындатып жатады.

Сондықтан да тапсырмалар арнайы жеңілден күрделіге қарай таңдалған, сыни тұрғыдан ойлана отырып, мәселені тұжырымдауға, баға беруге жетелейтін тапсырмалармен күрделенеді. Сәйкесінше бағалау критерийлері де тапсырма шартына орай беріледі

### 1-сабақ

**Бөлім тақырыбы: «Отан отбасынан басталады»**

**Бөлімше тақырыбы: «Ата-анамды үлгі тұтамын»**

**Оқу мақсаты**

**Сабақтың мақсаты**

6.1.4.1 әңгіме, хикаялардың және шағын поэзиялық шығармалардың мазмұнын талдай отырып, кейіпкерлерге сипаттама жасау;

6. 5. 1.1 мәтіндерден деректі және дерексіз зат, көптік мәнді есімдерді ажырата білу, жазбаша, ауызша жұмыстарда қолдану.

**Мәтінмен жұмыс**

**Мұхтар Әуезов «Абай жолы». «Қайтқанда» тарауынан үзінді**

Бұл Шыңғыс бөктеріне үш-төрт ауыл қоныпты. Бұлар "Құнанбай ауылы" деп аталады. Абай ауыл ортасындағы ақ үйлердің қасында қарап тұрған екі шешесі Ұлжан мен Айғызға жеткенше асықты. Аттан түсе салысымен шешесіне беттей берсе, Ұлжан: "Әуелі әкеңмен амандас", - деп, Құнанбайды меңзейді. Сосын Абай әкесі және қасында тұрған кісілерге барып, сәлемін береді. Онымен бірге Байтас пен Жұмабай да келіп сәлемдеседі. Әкесі Абайдан: "Молда болдың ба? Бойыңа қоса білімің де өсті ме?", - деді. Соңсоң шешесіне баруын меңзеп, өзі батыстан келе жатқан төрт-бес салт аттыға қарап тұрып қалады. Абайды шеше-жеңгелері сүйіп, Телғара деп еркелете түседі. Абай бәрімен амандасып болып, бәрінен де көп сағынған Зере әжесінің құшағына енеді. Кеш түсіп, Абай әжесіне арнап өлеңдер айта бастап еді. Біршама уақыт өткен соң Құнанбай баласын шақыртып алады...

**Деңгейлік тапсырмалар**

**1-деңгей**

-мәтінді оқып, жұбыңызға мазмұнын айтыңыз;

-мәтіндерден деректі және дерексіз зат, көптік мәнді есімдерді ажыратыңыз.

**Дескриптор:**

- мәтінді оқиды;
- мазмұнын айтады;
- деректі, дерексіз зат есімдерді ажыратады;

деректі	дерексіз зат	көптік мәнді есімдерді

**2-деңгей**

**а)** Кестедегі туыстық қатынастағы сөздерді пайдаланып, мәтіндегі кейіпкерлер Абайға кім болатынын белгілеңіз.



### Дескриптор:

- туыстық қатынастарды біледі;
- туыстық қатынастағы сөздермен сөйлем құрайды;
- кейіпкерлерге сипаттама береді;

Сөз	Анықтамасы	Сөзді пайдалана отырып, сөйлем құру
Әке		
Әже		
Ана		

ә) Абайдың тұлға болып қалыптасуына әсер еткен кейіпкерлерге сипаттама беріңіз.

Кейіпкер	сипаттама
Абай	
Зере	
Ұлжан	

### 3-деңгей

а) - берілген тұжырымға байланысты өз пікіріңізді білдіріңіз;  
- ауызша жұмыста деректі және дерексіз зат, көптік мәнді есімдерді қолданыңыз.

### Дескриптор:

- тұжырымға байланысты өз пікірін білдіреді;
- деректі, дерексіз зат есімдерді қолданады;
- тұжырым бойынша талқылайды;
- өз отбасы туралы өз ойларын айтады;

<i>Тұжырым</i>	<i>келісемін</i>	<i>келіспеймін</i>	<i>толықтай келісемін</i>	<i>толықтай келіспеймін.</i>
Отан – отбасынан басталады.				
Отбасы аса қымбат емес.				
Отбасы кіші мемлекет.				
Ата–ананы сыйлау әр баланың міндеті емес.				
Атаңа не істесең, алдына сол келеді.				
Отбасым – алтын бесігім.				

ә) «Менің отбасым» тақырыбында өз отбасы туралы өз ойларымен айтады.

Мен ... отбасымды жақсы көремін.

Менің отбасымда ..., ..., ..., ... бар.

Менің отбасым ... .

Әкем - ... адам.

Анам - ... кісі.

## Педагогке әдістемелік көмек

«Отан отбасынан басталады» - дегендей Мұхтар Әуезов «Абай жолы», «Қайтқанда» тарауының үзінді бөлімі бойынша ұлы ақын Абайдың оқудан келген сәттегі көрінісін оқылым мәтіні етіп алдым. Қазақ халқында отбасы тәрбиесінде әкенің рөлінің маңыздылығын, дана әжелер мен аналардың сәлемдесуінен-ақ «Әуелі әкеңмен амандас», - деп, Құнанбайды меңзеуі отбасындағы әкенің маңыздылығын көрсетіп тұр. Сондықтан «Ата-анамды үлгі тұтамын» тақырыбын таңдауыма себеп болды.

Осы мақсат аясында берілген 3-дейгейлік тапсырмада белсенді оқытудың «Келісу, келіспеу» әдісін ұтымды қолдану оқушының өз пікірін дәлелді түрде айтуға жетелейді. Мақсатқа жету - мұғалімнің нәтижелі жұмысының жемісі сондықтан бағдарлама бойынша берілген тақырыпты сабақ мақсатына сай тапсырмалар құрастырылды. Оқушы «Қайтқанда» тарауынан үзіндіні оқи отырып, Абайдың тұлға болып қалыптасуына себепкер болған әкесі, әжесі, анасына сипаттама беру арқылы отбасы құндылықтарын сақтауды, ата-ананың қадірін білуге тәрбиелейді. Оқушылар кейіпкерлерге сипаттама бере алуы үшін сөз, сөз тіркесі, сөйлем құрай біледі, өз отбасы туралы өздігінен айта алуға үйренеді. Оқушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда дағдыларға сәйкес тілдік бағдарын дамыта отырып, коммуникативтілік құзыреттілігін арттыру көзделді.

Бірінші және екінші деңгейдегі тапсырмалар бойынша берілген мәтіндегі кейіпкерлер туралы білу (туыстық қатынастағы соның ішінде әке, әже, ана) мақсатында әр кейіпкердің отбасындағы рөлін, жауапкершілігін баланың сезінуі және оларға деген құрметтің бала бойына даруына әсері мол.

Деңгейлік тапсырмалардың ерекшелігіне байланысты саралау мақсатында тапсырма жеке жұмысқа бағытталады. Топтық жұмысты сабақ соңында жоғарғы деңгейге өту барысында орындату тиімді. Бағалау критерийін құрастырған тапсырмалар негізінде әр қадамды дескрипторға айналдырып құрастырдым. Тапсырмаларды орындау бағалау барысында бағалау парақшаларын қолдану баланың өзін-өзі бағалауда пайдасы бар.

### 1-деңгейлік тапсырмалар бойынша оқушының өзін-өзі бағалау парақшасы

Бағалау критерийі	Тапсырмалары	Дескриптор	балл	иә/ жоқ
Мәтін мазмұнын талдай отырып кейіпкерлерге сипаттама жасау.	1-деңгейлік тапсырмалар	• мәтінді оқиды;	1	
		• мазмұнын айтады;	1	
		• кейіпкерлерге мінездеме беріп сипаттайды.	1	
Мәтіндерден деректі және дерексіз зат, көптік мәнді есімдерді ажырата білу, жазбаша, ауызша жұмыстарда қолдану.		• зат есімнің мағыналық түрлерін біледі;	1	
		• деректі және дерексіз зат есімдерді ажыратады.	1	

		Барлығы		
--	--	---------	--	--

## 2-сабақ

**Бөлім тақырыбы:** «Қазіргі қазақ ауылы мен қаланың тыныс тіршілігі»

**Бөлімше тақырыбы:** «Ауылым-алтын бесігім»

**Оқу мақсаты**

**Сабақтың мақсаты:**

6.1.6.1 тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде шынайы өмірмен байланыстырып жауап беру;

6.5.1.1-мәтіндерден сын есімнің мағыналық түрін ажырата білу, жазбаша, ауызша жұмыстарда қолдану.

**Мәтінмен жұмыс**

### Ауылым - алтын бесігім

Қазақта «Ауылым-алтын бесігім» деген сөз бар. Әркімге өзінің туған жері – жерұйық. Біздің дүниеде жалғыз еліміз бен жеріміз бар. Ол –Қазақ елі. Жалғыз Отанымыз - Қазақстан. Отаныңды сүй. Отаныңа деген сүйіспеншілік отбасыңнан, кіндік қаның тамған жерден, ұшқан алтын ұяңнан басталады. Менің де ұшқан ұям - дәл осы жер.

Балалық шағы өткен жерін адам ешуақытта ұмытпайды. Ауыл-біздің табан тірер жеріміз, тұғырымыз.

Ауыл-халық руханиятының алтын діңгегі.

**Деңгейлік тапсырмалар**

**1-деңгей**

«Сырлы қоржын» әдісі. Қапшық ішіндегі жұлдызшалардан сабақ тақырыбына байланысты сөздерді іріктеп, мағынасын ажырату. Керекті сөздер: төрт түлік мал, ұшақ, құрт, қаймақ, ірімшік, аттракцион, айран, субұрқақ, киіз үй, алтыбақан, пойыз, т.б.

**Дескриптор:**

- сөздерді іріктейді;
- мағынасын ажыратады;

**2-деңгей**

- мәтінді оқып, берілген сұрақтарға жауап беріңіз;

Түсіндірмелі сөздіктің көмегімен «жерұйық» «кіндік қаны тамған жер» «ұшқан ұя» деген тіркестердің мағынасын нақтылаңыз.

-мәтіндерден алынған сөздерден қатыстық сын есім жасаңыз. (ауыл, тұғыр, отбасы)

**«Сұрақ-жауап» әдісі:**

1. Сен қандай жер
2. Туған жеріңнің табиғаты жайлы не айтар едіңіз?

3. Өскен жерің саған неге ыстық?
4. Ауыл мен қала өмірінің айырмашылығы қандай?
5. «Ауыл-халық руханиятының алтын дiңгегі» дегенді қалай түсiнесiздер?

**Дескриптор:**

- мәтінді оқиды;
- берілген мазмұнын айтады;
- деректі, дерексіз зат есімдерді ажыратады;

**3-деңгей** «Өркімге өзінің туған жері ыстық» деген тұжырымға өз ойыңызды сапалық сын есімдерді қолдану арқылы жеткізіңіз.

**Дескриптор:**

- мәтінді оқиды;
- мазмұнын айтады;
- деректі, дерексіз зат есімдерді ажыратады;

**Педагогке әдістемелік көмек:**

«Ауылым-алтын бесігім» тақырыбындағы оқу мақсаты бағдарлама бойынша таңдап алынды. Тыңдалым, айтылымға және ЭТН бойынша тапсырмаларды сабақ мақсатына негіздедім.

Сабақ тақырыбына байланысты ұсынылған мәтін адам баласы үшін кір жуып, кіндік кескен туған жердің қашан да ыстық болатынын және ауыл топырағында аунап өскен жанның өзі еліне, жеріне деген сүйіспеншілігінің бар болуын дәріптейді. Ауыл-халық руханиятының алтын дiңгегі емес пе?! Сондықтан да ауылда өскен бала рухани, ұлттық құндылыққа сусындайды. Бұл тақырыпты таңдау себебім де –осында.

Мақсатқа жету үшін берілген тақырыпқа сабақ мақсатына сай тапсырмалар құрастырылды. 1-дейгейлік тапсырмада белсенді оқытудың «**Сырлы қоржын**» әдісі бойынша қапшық ішіндегі жұлдызшалардан сабақ тақырыбына байланысты сөздерді іріктеу арқылы қала баласының жалпы ауыл жайлы ұғымын болжап, ой қозғауда тиімді болды. Тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде шынайы өмірмен байланыстырып жауап беру саралап оқытудың алған білімін жинақтауға бағытталғандықтан 2-тапсырмадағы «Сұрақ-жауап» әдісі мәтіннен алған ақпаратты негіздей отырып, өмірмен байланыстыруда оқушылар ерекше қызығушылық танытып, өз ойларын ортаға сала отырып, жан-жақты жауап берді Оқушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда дағдыларға сәйкес тілдік бағдарын дамыта отырып, коммуникативтілік құзыреттілігін арттыру көзделді.

Бағалау критерийін құрастырған тапсырмалар негізінде әр қадамды дескрипторға айналдырып құрастырдым. Бағалауда жұптық бағалау кері байланыс арқылы жүзеге асты.

**3-сабақ**

**Бөлім тақырыбы: Таулар сыры. М.Мақатаев «Мен таулықпын»**

**Бөлімше тақырыбы: «Таулар сыры»**

**Оқу мақсаты**

**Сабақтың мақсаты**

6. 3. 5. 1 қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді ала білу;

6. 5. 1. 3 сан есімнің мағыналық түрін ажырата білу, жазбаша, ауызша жұмыстарда қолдану.

**Мәтінмен жұмыс**

**Таулар сыры**

11 желтоқсан – Халықаралық тау күні қарсаңында Қазақстан жеріндегі ең үлкен, танымал таулар туралы біршама деректерді бере кетуді жөн көріп отырмыз. Жоңғар Алатауы Қазақстанның шығысында, Қытай мен Қазақстанның шекарасы, Іле мен Алакөл өзендерінің аралығында орналасқан және батыстан оңтүстік-батысқа, солтүстік-шығысқа созылып жатыр. Маңғыстау таулары – Каспий теңізіндегі Маңғыстаулық жартылай аралында жатыр. Тянь-Шань және Хан-Тәңірі. Тянь-Шань таулы аймағы Қазақстанның оңтүстік-шығысын алып жатыр.

**Деңгейлік тапсырмалар**

**1-деңгей «Ойлан. Ізден. Тап» әдісі.**

Мәтінді оқып, аталған таулар туралы ғаламтордан мәлімет жинап, мәтінді жалғастырыңыз. Ақпаратта сандық мәліметтерді қамтыңыз.

Сөз	ерекшелігі	сандық мәліметтер
Маңғыстау		
Тянь-Шань		
Жоңғар Алатауы		

**Дескриптор:**

- мәтінді оқиды;
- мәтінді жалғастырады;
- сандық мәліметтерді біледі;

**2-тапсырма.** Мәтін бойынша алған сандық мәліметтердің сан есімнің мағыналық түріне қарай ажыратыңыз.

**Сандық мәліметтер**

**Сан есімнің мағыналық түрлері**

**Дескриптор:**

- мәтінді оқиды;
- сан есімнің мағыналық түрін ажыратады;

**3-деңгей.**

**«Дөп түс» әдісі бойынша Сәкен Сейфуллиннің «Тау ішінде» өлеңінен алынған үзінді жолдарын сөйлемге айналдырып жазыңыз. Жазылымда грамматикаға баса назар аудар.**

Мен келем тау ішінде түнделетіп,  
Аймақты күңіретіп өлеңдетіп,  
Астымда ақ боз атым сылаң қағып,  
Жалтақтатып құлақтарын елеңдетіп.

Ән салдым есіп майда жаяулатып,  
Ырғалтып, шырқап, толғап, баяулатып.  
Толқындай мың құбылған әнімді естіп,  
Тыңдарсың кірпік қақпай ояу жатып.

<b>Өлең жолдары</b>	<b>сөйлем</b>
Мен келем тау ішінде түнделетіп	<b>Тауда түнделетіп келемін.</b>

**Дескриптор:**

- өлеңді оқиды;
- өлеңді сөйлемге айналдырады;
- сөйлем құрайды

**Педагогке әдістемелік көмек**

Таулар сыры. М.Мақатаев «Мен таулықпын» бөлімінде «Таулар сыры» тақырыбындағы сабақ тапсырмалары қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді ала білу мақсатына сай құрылды. Тақырыпқа сай ақпарат көздерінен алынған маңызды мәліметтерді қолдана отырып, жеке тұлғаның жан-жақты дамуына мағыналы, тәрбиелі мәтіндерді пайдаландым. Мақсатқа жету үшін «Ойлан. Ізден. Тап» әдісі арқылы мәтінді оқып, аталған таулар туралы ғаламтордан мәлімет жинап, мәтінді жалғастырып, ақпаратта сандық мәліметтерді қамтуды үйренеді. Әр тапсырманы оқушылардың жас ерекшелігіне байланысты түрлендіре отырып, белсенді оқытудың әдіс-тәсілдерін оңтайлы қолдандым.

Жеке тұлғаға бағытталған «Таулар сыры» тақырыбындағы мәтін мазмұны білім алушыға туған жерге деген сүйіспеншілік табиғаттың тылсым сырларын ашуға, жалпы танымдық тұрғыдан білуге мүмкіндік береді. Еліміздің танымал таулар туралы олардың атауы мен географиялық орны мен орналасуы жайлы ақпаратпен қамтамасыз етіледі.

Білім алушыға берілген 3-деңгейдегі тапсырмада: «Дөп түс» әдісі бойынша Сәкен Сейфуллиннің «Тау ішінде» өлеңінен алынған үзінді жолдарын

**сөйлемге айналдырып жазу – поэзиялық тілдің ерекшелігін тани отырып, әр сөздің сөйлемдегі орнын біліп, сөйлем жазуда грамматикалық тұрғыдан баланы өнімді жұмыс жасауға жетелейді.**

Бұл тапсырма білім алушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда өзіндік пайдасы бар. Мәтін арқылы оқушы бойында айтылым, тыңдалым, жазылым, оқылым дағдыларының қалыптасуына мүмкін береді. Тапсырманы орындатуда «Ойлан. Ізден.Тап» әдісі тың ақпаратты өздігінен табуға, «Дөп түс» әдісі өлең жолдарындағы сөздердің сөйлемдегі орнын біліп, грамматикалық норманы сақтап жазуға дағдыландырады. Оқушыларды даралап, саралап оқытуда бұл тапсырмаларды деңгейлеп (қарапайымнан күрделіге қарай) орындатуға болады. Бағалау критерийін тапсырмаларға сүйеніп жасадым. Бағалаудың ұтымды түрлерін (жеке, жұптық, топтық бағалау түрлерін) қолдандым.

#### 4-сабақ

**Бөлім тақырыбы: «Астана – мәдениет пен өнер ордасы»**

**Бөлімше тақырыбы: «Астана- елімнің мақтанышы»**

**Оқу мақсаты**

**Сабақтың мақсаты**



6. 2. 6. 1 тірек сөздерге сүйеніп, сюжетті суреттердің желісі бойынша әңгіме құрастыру;

6. 5. 1. 3 сан есімнің мағыналық түрін ажырата білу, жазбаша, ауызша жұмыстарда қолдану.

**Деңгейлік тапсырмалар:**

**1-деңгей**

а) «Суреттегі сәйкестік» әдісі бойынша берілген тірек сөздерді қолдана отырып, сурет бойынша Астана тарихы туралы ақпаратты сәйкестендіріңіз. Тірек сөздер: Орынбор, Қызылорда, Алматы, Астана, көне, Қараөткел, бекініс, тың игеру, Ақмола, Есіл, солтүстік, Сарыарқа.

Сан есім	Тарихи суреттер
1920-1925	
1925-1929	



1929-1998		
1998-2019		

ә) Ақпараттағы сан есімді мағыналық түрін ажыратып, сөзбен жазыңыз.

Сан есім	Сөзбен жазылуы	Мағыналық түрі
1920		
1925		
1929		
1998		
2019		

**Дескриптор:**

- мәтінді оқиды;
- сурет бойынша ақпаратты сәйкестендіреді;
- сан есімді сөзбен жазады;
- сан есімнің мағыналық түрін ажыратады;

**2-тапсырма. Жоғарыдағы қажетті тірек сөздерді пайдалана отырып,**

Сөз	Сөз тіркесі	Сөйлем құру
<u>Қараөткел</u>	Қараөткел ауылы	Қараөткел жәрмеңкесі Ақмола тарихында өзіндік орны бар.

**Дескриптор:**

- мәтінді оқиды;
- сөздерден сөз тіркесін жасайды;
- сөз тіркесінен сөйлем құрайды;

**3-тапсырма.**

Қазақ елінің жүрегі – Астананың бүгінгі бейнесін мына суреттермен байланыстыра отырып, «Астана – менің мақтанышым» тақырыбында әңгіме құрастырыңыз.

### **Дескриптор:**

- мазмұндық суреттерді таңдайды;
- суреттермен қатыстырып әңгіме құрастырады;
- өз ойын жеткізеді;

### **Педагогке әдістемелік көмек**

«Астана – мәдениет пен өнер ордасы» бөліміндегі «Астана- елімнің мақтанышы» тақырыбында тірек сөздерге сүйеніп, сюжетті суреттердің желісі бойынша әңгіме құрастыру және тілдік бағдар бойынша сан есімнің мағыналық түрлерін ажырату мақсаттарын алдым. Ел тарихындағы елеулі оқиғалардың бірі бас қаланың Астанаға айналуы. Заманауи келбеті келіскен ел жүрегі Астана біздер үшін ыстық әрі мақтанышымызға айналғаны анық. Сондықтан да тақырып білім алушы үшін өзекті әрі қызықты деп ойлаймын.

Мақсатқа негізделген тірек сөздер мен сюжетті суреттердің желісі бойынша әңгіме құрастыру жеке тұлғаның визуалдық түрде ақпаратты өңдеп, өз ойын еркін жеткізуге әкелді. Ал тілдік бағдар бойынша сан есімнің мағыналық түрлерін ажыратуда білім алушыға астананың тарихындағы оқиғалар мен жылдарды анықтауда белсене жұмыс жасауға жетеледі.

Тірек сөздерді өз ойын жеткізуде орынды қолдану орфоэпиялық нормадан ауытқымау - функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың негізі. Құрастырған тапсырмалар сабақ мақсатына негізделіп, жеке тұлғаның тақырып бойынша өз білімін тереңдетуіне ықпал етері сөзсіз. Сонымен қатар дағды түрлері қалыптасады. «Суреттегі сәйкестік» әдісі тірек сөздерді қолдана отырып, сурет бойынша Астана тарихы туралы ақпаратты сәйкестендірсе, «Сұрақ-жауап» әдісі әңгіме құрастыруда алған білімін пысықтай отырып, мақсатқа жетуге әсер етті. Жеке жұмыс арқылы тапсырмаларды орындауда АКТ-мен жұмыс жасаса, сұрақ-тапсырмаларда өзара пікір алмасу арқылы жауап берді.

Бағалау критерийін құрастырған тапсырмалар негізінде әр қадамды дескрипторға айналдырып құрастырдым. Топтық бағалауда топ мүшелері бірін-бірі түзетуге белсенді әрекет жасады. Әр топ қарсы топтың жұмысына баға беріп толықтырды.

### **5-сабақ**

**Бөлім тақырыбы: «Қазақстан қорықтары»**

**Бөлімше тақырыбы: «Қазақстан қорықтары»**

**Оқу мақсаты**

**Сабақтың мақсаты**

6. 3. 1. 1 мәтіндегі негізгі және жанама ақпаратты анықтау, өмірдегі кейбір жағдаяттар мен байланыстыру;

6. 5. 1. 3 сан есімнің мағыналық түрін ажырата білу, жазбаша, ауызша жұмыстарда қолдану.

**Мәтінмен жұмыс**

## Қазақстан қорықтары

Мемлекеттік табиғи қорық қоры - табиғат қорғау және ғылыми мекеме мәртебесі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақ. Оның қызметінің мақсаты өзінің аумағындағы табиғи процестер мен құбылыстардың өсімдіктер мен жануарлар дүниесі экологиялық жүйелерді сақтау мен зерделеу және оларды қалпына келтіру болып табылады. Қазақстан қорықтар саны жөнінен ТМД-ға кіретін республикалар арасында 16-шы орын алады. Республика жерінің көлеміне шаққанда қорықтар үлесі жөнінен **13-** орында. Қазіргі кезде нақты 10 қорық жұмыс істейді.

Қазақстандағы қорықтардың барлық ауданы 1 610 973 га. Сондықтан болашақта ғалымдардың, табиғатты қорғау қоғамы өкілдерінің ұсынуымен тағы 15 қорық ұйымдастырылмақшы. Қазақстанда Барсакелмес қорығында құлан санының өсуіне байланысты оларды Сарыарқа жеріне жөнелту жоспарланып отыр.

### Деңгейлік тапсырмалар:

#### 1-деңгей

а) Мәтіндегі жанама және негізгі ақпараттарды ажыратып көрсетіңіз.

<i>Мәтін бойынша сөйлемдер</i>	<b>Негізгі</b>	<b>Жанама</b>
Қорық – ерекше қорғалатын аймақ		
Қорықта аңдар жүреді.		
Қазақстанда 10 қорық бар.		
Қызыл кітапқа енген жануарларды қорғау керек.		
Жер көлемінен қорықтар 13- орында тұр.		
Қорғалжың қорығы Оңтүстік Қазақстанда орналасқан.		
Қазақстандағы қорықтардың барлық ауданы 1 610 973 га		
Қазақстанда Барсакелмес қорығында құлан саны өсуде.		

#### Дескриптор:


- мәтінді оқиды;
- мазмұнын айтады;
- негізгі және жанама ақпаратты ажыратады;


#### 2-деңгей

##### «Маңыздылық аймағы» әдісі

Мәтінмен танысып болған соң оның ішіндегі негізгі идеяларды бөліп алып, шеңбердің ішіне маңыздылық жағынан орналастырады. Маңызды ақпараттарды тірек сөздер қолдану арқылы өмірдегі кейбір жағдаяттармен байланыстырады. Тірек сөздер: Қызыл кітап, экологиялық жүйе, құлан, Сарыарқа т.б.

(Ең маңызды ақпарат, аса маңызды емес, маңызды емес)










### Дескриптор:

- тірек сөздерді анықтайды;
- негізгі идеяны бөліп алады;
- ақпаратты өмірмен байланыстырады;

### 3- деңгей

- мәтін мен аралас мәтіндегі ақпаратпен танысып, сан есімнің мағыналық түрлерін теріп жазыңыз
- суретпен байланысты сөйлем құрап жазыңыз.

№	Сурет	Атауы	Құрылған жылы	Көлемі, га	Орналасқан жері
1		Ақсу-Жабағылы мемлекеттік табиғи қорығы	1926	131 934	Оңтүстік Қазақстан облысы және Жамбыл облысы
2		Алматы мемлекеттік табиғи қорығы	1931	71 700	Алматы облысы
3		Наурызым мемлекеттік табиғи қорығы	1931	191 381	Қостанай облысы
4		Барсакелмес мемлекеттік табиғи қорығы	1939	160 826	Қызылорда облысы
5		Қорғалжын мемлекеттік табиғи қорығы	1968	543 171	Ақмола облысы және Қарағанды облысы

6		Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығы	1976	102 979	Шығыс Қазақстан облысы
7		Үстірт мемлекеттік табиғи қорығы	1984	223 342	Маңғыстау облысы
8		Батыс Алтай мемлекеттік табиғи қорығы	1992	86 122	Шығыс Қазақстан облысы
9		Алакөл мемлекеттік табиғи қорығы	1998	65 217,9	Алматы облысы және Шығыс Қазақстан облысы
10		Қаратау мемлекеттік табиғи қорығы	2004	34 300	<u>Оңтүстік Қазақстан облысы</u>

• **жұптық жұмыс:**

**1-жұп**

**2-жұп**

Есептік		Есептік	
Реттік		Реттік	
Жинақтық		Жинақтық	
Болжалдық		Болжалдық	
Бөлшектік		Бөлшектік	
Топтау		Топтау	

**Дескриптор:**

- мәтінмен танысады;
- сан есімдерді ажыратады;
- сөйлем құрайды;

**Педагогке әдістемелік көмек:**

Табиғат пен адам бір-бірімен етене байланысты болғандықтан табиғат оны қорғау және көз қарашығындай сақтау – біздің міндетіміз. Осы орайда, бағдарламаға сай «Қазақстан қорықтары» тақырыбындағы сабақ мақсатқа сай білім алушыға бағытталды. Сабақ мақсаты мәтіндегі негізгі және жанама ақпаратты анықтау, өмірдегі кейбір жағдаяттармен байланыстыру және мәтіндегі сандық ақпараттарды сан есімнің мағыналық түрін ажырата білу, жазбаша, ауызша жұмыстарда қолдануға дағдыландырады.

Тақырыпты таңдауға қазіргі таңда қазақ жерінің экологиялық жағдайы жан-жануарлар мен өсімдіктердің азайуына әсер ететіндігі себеп болды.

Мақсатта берілген деңгейлік тапсырмада белсенді оқытудың «Маңыздылық аймағы» әдісі мәтіндегі негізгі идеяларды бөліп алып, маңыздылығы жағын анықтауға үйретеді. Мақсатқа жету - мұғалімнің нәтижелі жұмысының жемісі сондықтан бағдарлама бойынша берілген тақырыпты сабақ мақсатына сай тапсырмалар құрастырылды. Өсімдік және жан-жануарлар әлемін сақтау, экожүйені тұрақтандыру бүгінгі таңда ең өзекті ғаламдық проблемаға айналуда. Сондықтан Қазақстандағы «Қызыл кітапқа» енген жан-жануарлар мен өсімдіктерді қорғайтын қорықтар туралы жан-жақты білу жеке тұлға үшін маңызды. Оқушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда дағдыларға сәйкес тілдік бағдарын дамыта отырып, коммуникативтілік құзыреттілігін арттыру көзделді.

Бірінші деңгейдегі тапсырма бойынша берілген мәтіндегі жанама және негізгі ақпараттарды ажырата отырып, Қазақстандағы қорықтардың ерекшелігі мен маңызы жайлы жаңа білім алды. Осы арқылы білім алушының бойына экологияны қорғау, сақтау Отанға деген сүйіспеншілікті дарытуға негізделді.

Деңгейлік тапсырмалардың ерекшелігіне байланысты саралау мақсатында тапсырма жеке жұмысқа бағытталады. Жеке жұмыс барысында мәтін мен аралас мәтіндегі ақпаратпен танысып, сан есімнің мағыналық түрлерін теріп жазды. Жеке жұмыста қорықтардың тарихы ондағы тірі ағзалардың сандық өсуі мен кемуі жайлы ізденіп, жаңа ақпараттармен жұпта бөлісті.

Бағалау критерийін құрастырған тапсырмалар негізінде әр қадамды дескрипторға айналдырып құрастырдым. Тапсырмаларды орындау бағалау барысында бағалау парақшаларын қолдану баланың өзін-өзі бағалауда пайдасы бар. Жұптық бағалауда білім алушылар бір-бірін «Сағат тілі» парақша арқыл бағалады.

## **6-сабақ**

**Бөлім тақырыбы: «Болашақтың мамандықтары»**

**Бөлімше тақырыбы: «Ең жақсы мамандық»**

**Оқу мақсаты**

**Сабақтың мақсаты**

6. 3. 6. тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселені шынайы өмірмен байланыстыру;

6. 5. 1. 3 зат есімнің мағыналық түрін ажырата білу, жазбаша, ауызша жұмыстарда қолдану.

**Мәтінмен жұмыс**

Қазіргі заманғы мамандықтар

Қазіргі заманғы қандай мамандықтар қажет? Сондықтан ондыққа кіретін мамандықтарға тоқталайын. Зергерлік мамандық оныншы орынды алады екен. Қолайсыз мамандық ретінде зергерлікті атауға болады. Жасаған жұмысы қымбат болғанымен соңғы орында екен. Тоғызыншы орында қасапшы мамандығы. Сегізінші орында - Заңгер! Заңгер болу үшін көп еңбектенуіңіз керек. АҚШ-та адвокат сағатына 50\$-дан 600\$-ға дейін алады. Сондықтан,

шетелде заңгер болу тиімді екен. Жетінші орында - кеңесшілер (консультант) сағатына 100-200\$. Кеңесші - кез келген жағдайда тиімді кеңестер ұсына алатын белгілі бір саланың білгір маманы. Алтыншы орында – саясаттанушы. Бесінші орында - ақпараттық технологиялар және телекоммуникациялар саласының мамандары екен. 4-орында шоу-бизнес әлемінде продюсер болудың да пайдасы жоқ емес. 3-орында бағдарлама жасаушылар, администраторлар, қаржы саласының кеңесшілері, инженерлер, байланыс қызметкерлері. 2-орынды сауда-өнеркәсіптік холдингінің бас директоры немесе қаржы директорлары алады екен. Ал әлемдегі ең бай адамдардың тізімінде көшбасшылық танытып тұрған - жеке фирма басшылары бірінші орынды алады екен. Суреттер: [alashainasy.kz](http://alashainasy.kz), [kaz.emer.gov.kz](http://kaz.emer.gov.kz), [aitaber.kz](http://aitaber.kz)

## Деңгейлік тапсырмалар:

### 1-деңгей

#### «Сөз қоржын» әдісі

- мәтінді оқып, бейтаныс сөздердің астын сыз.
- түсіндірме сөздік көмегімен мағынасын ашып, түсініктеме беріңіз.
- «Адамның мамандық таңдауда қателесуі дұрыс па?» деген тұжырым бойынша өз пікіріңізді білдіріңіз.

Ықтималды жауаптар: зергерлік, қасапшы, заңгер, кеңесшілер, саясаттанушы, ақпараттық технологиялар және телекоммуникациялар саласының мамандары, продюсер бағдарлама жасаушылар, администраторлар, инженерлер, байланыс қызметкерлері.

#### Дескриптор:

- мәтінді оқиды;
- бейтаныс сөздерді табады;
- сөздерге түсіндірме береді;

### 2- деңгей

#### «Дұрыс, бұрыс» әдісі

Кестеде берілген «Мамандықтар» тақырыбындағы мәліметтердің дұрыс, дұрыс емес екендігін анықтаңыз.

<i>Пікірлер</i>	<i>Дұрыс</i>	<i>Бұрыс</i>
Зергерлік мамандығы оныншы орында тұр.		
Заңгер болу үшін көп еңбектену керек.		
Қазақстанда адвокаттар сағатына 100 доллар алады.		
Кеңесші тиімді кеңес ұсынатын маман.		
Продюсер болудың пайдасы аз.		
Екінші орында холдинг бастығы алады екен.		
Ең бай адамдар – мұғалімдер екен.		

#### Дескриптор:

- мәтінді оқиды;




- мағынасын түсінеді;
- деректердің дұрыс, бұрыстығын ажыратады;

### 3- деңгей

#### «Балық қаңқасы» әдісі

Мәтін бойынша «Ең жақсы мамандық» тақырыбында бүгінгі таңда ең қажетті мамандықтардың ерекшелігі мен маңызы және мамандық игеруге байланысты қойылатын талап туралы өмірмен байланыстырып, өз ойыңды білдір.



#### Дескриптор:

- мамандықтарды саралайды;
- өмірмен байланыстырады;
- өз ойын айтады;

#### Педагогке әдістемелік көмек:

«Болашақтың мамандықтары» бөлімінің «Ең жақсы мамандық» тақырыбындағы сабақта білім алушылар «Сөз қоржын» әдісі бойынша үйренген сөздерді тақырып бойынша қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселені шынайы өмірмен байланыстыруды көздеді. «Адамның мамандық таңдауда қателесуі дұрыс па?» деген тұжырым бойынша топта талқылауға негізделген бұл тапсырмада ерекше белсенділік танытып, пікірталас тудырды. зан есімнің мағыналық түрін ажырата білу, жазбаша, ауызша жұмыстарда қолдануда кестемен жұмыс жасап, .

«Қазіргі заманғы мамандықтар» тақырыбында оқылым мәтіні етіп алдым. Қоғамды қозғаушы басты күш адам екенін ескерсек, қазіргі ғылым мен техниканың дамыған кезінде жаңа мамандық түрлерін игеру-заман талабы. Мамандық түрлері көп. Алайда табыс көзіне әрі мамандықтардың сұранысына байланысты қандай мамандықтар қажет екенін жеке тұлғаның білуі маңызды. Болашақ ел тізгінін ұстайтын ұрпақтың бүгіннен бастап өзінің сүйікті мамандығын таңдап, мамандық туралы хабардар болып, бағыт-бағдар алуы керек. Сондықтан осы тақырыпты таңдауыма себеп болды.

Мақсатқа жетуде деңгейлік тапсырмада белсенді оқытудың «Дұрыс, бұрыс» әдісін қолдануда оқушының мәтін бойынша ондыққа кіретін мамандықтарға деген таңдауына мүмкіндік берді. Берілген тақырыпты сабақ мақсатын сай игертуде тапсырмалар құрастырылды. Іздену арқылы жеке тұлға әр мамандықтың қызығы мен қиындығы бар екенін сезінді. «Балық қаңқасы» әдісінде «Ең жақсы мамандық» тақырыбында бүгінгі таңда ең қажетті мамандықтардың ерекшелігі мен маңызы және мамандық игеруге байланысты қойылатын талап туралы өмірмен байланыстырып, өз көзқарастарын білдірді.

Оқушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда дағдыларға сәйкес тілдік бағдарын дамыта отырып, коммуникативтілік құзыреттілігін арттыру көзделді. Мәтіннен деректі, дерексіз зат есімдерді ажыратып, әр мамандық атауына сөздік құрам бойынша тоқталды. 3- деңгейдегі тапсырмада жетекші сұрақтар арқылы білікті маман иесі болуда қандай пәндерге басымдық беру керегі жайлы да ойларын ортаға салып, болашаққа көз жіберте алды.

Деңгейлік тапсырмалардың ерекшелігіне байланысты саралау мақсатында тапсырма жеке жұмысқа бағытталады. Топтық жұмысты сабақ соңында жоғарғы деңгейге өту барысында орындату тиімді. Бағалау критерийін құрастырған тапсырмалар негізінде әр қадамды дескрипторға айналдырып құрастырдым. Тапсырмаларды орындау бағалау барысында бағалау парақшаларын қолдану баланың өзін-өзі бағалауда шынайылық байқалды.

### **7-сабақ**

**Бөлім тақырыбы: «Қазақтың ұлттық қолөнері»**

**Бөлімше тақырыбы: «Қазақтың зергерлік өнері»**

**Оқу мақсаты**

**Сабақтың мақсаты**

6. 2. 2. 1 тақырып бойынша диалогті бастау, жалғастыру, аяқтаудың ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын білу;

6. 5. 1. 5 етістіктің қызметін мен жасалу жолдарын білу, ауызша және жазба жұмыстарда қолдану.

**Мәтінмен жұмыс**

### **Зергерлік**

Менің нағашым - зергер. Ол алтын мен күмістен түрлі сәндік бұйымдар мен әшекей заттарды жасайды. Нағашым білезік, алқа, шашбау, сақина, сырғаларды айшықтап жасайды. Оларға қазақтың ою-өрнегін салады. Асыл тастармен безендіреді. Маған нағашымның жасаған шашбауы қатты ұнады. Ертеде қазақтың қыздары шаштарына шашбау таққан.

Нағашымның жасаған зергерлік бұйымдары бес жүзге жуық. Жақында «Қазақ зергерлік өнерінің көрмесі» болды. Нағашым көрмеге елуге жақын бұйымдарын қойды. Көрмеге халық көп келді. Олардың саны жүзден асады.

Әжем күміс білезік пен күміс сақина тағады. Ал анам алтын алқа мен алтын сақина, сырға тағады. Олардың сәндік бұйымдарын нағашым жасап берген.

Нағашымның шеберханасы бар. Әр жексенбі сайын мен сол шеберханаға барып тұрамын.

## Деңгейлік тапсырмалар

### 1-деңгей

#### «Сөздер тұжырымдамалық картасы» әдісі

Мәтіндегі зергерлік бұйымдардың анықтамасын көрсетіңіз және осы сөздерді қатыстырып, сөйлем құраңыз.

Сөз	Анықтамасы	Аудармасы	Сөзді пайдалана отырып, сөйлем құру
білезік			
шашпау			
сырға			
алқа			
жүзік			
белдік			

#### • «Сурет пен сөйлем» әдісі

Қыз баланың қолына (саусағына) тағатын әшекей бұйым	
Қыз баланың құлағына тағатын әшекей бұйым.	
Қыз баланың білегіне тағатын әшекей бұйым.	
Қыз баланың мойнына тағатын әшекей бұйым.	
Қыз баланың шашына тағатын әшекей бұйым.	

#### Дескриптор:

- сөздерге анықтама береді;
- сөйлем құрайды;

### 2- деңгей

«SMS хабарлама» әдісі арқылы диалог құрылымына сәйкес ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын сақтап, хабарламаны толықтырыңыз

*Хабарлама құрылымы:*

- Сәлем!
- .....
- Қалың қалай?
- .....
- Сен қолыңа жүзік тағасың ба?
- .....
- Сенің анаңның сырғасы қандай?
- .....
- «Қолың өнерлі болсын!»-деп қандай сыйлық сыйлағанда айтады?
- .....

- Зергерлер жүзікті қандай тастармен безендіреді?

- .....

### Дескриптор:

- диалогты оқиды;
- сұраққа жауап береді;
- әдепті сөйлеуді үйренеді;

### 3-деңгей

«Кім тапқыр?» ойыны

Суретпен өлең жолдарын тауып, берілген етістіктерді қолдана отырып, өлең тармақтарын аяқта. Етістіктің қызметі мен жасалу жолдарын айт.

**Керекті сөздер:** тігіледі, көрік береді, жылу береді, сәнді етеді.

«1» дегенім -  , кисең басқа ..... ..

«2» дегенім -  , кесе ..... ..

«3» дегенім -  , ..... ..

«4» дегенім –  , қыста кисең ..... ..

### Дескриптор:

- өлең жолдарын толықтырады;
- етістіктерді қолданады;
- етістік туралы біледі;

### Педагогке әдістемелік көмек

«Қазақтың ұлттық қолөнері» бөліміндегі «Қазақтың зергерлік өнері» бөлімше тақырыбында сабақ мақсатқа сай алынды.

Берілген тақырып бойынша диалогті бастау, жалғастыру, аяқтаудың ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын білу мен етістіктің қызметін мен жасалу жолдарын білу, ауызша және жазба жұмыстарда қолдану мақсатында тапсырмалар құрастырдым.

Ұлттық құндылық елдің тарихы, салт-дәстүрі мен тілі болса, мәдениетті дәріптейтін басты құндылық - қазақтың ұлттық қолөнері. Осы құндылықтарды ұрпақ бойына сіңіру-біздің еншімізде. Тақырыпты таңдау себебім де – осында.

Сабақ барысында оқушылар «Зергерлік» тақырыбындағы мәтінмен жұмыс жасады. Мәтіндегі бұйымдардың анықтамасын белсенді оқытудың «Сөздер тұжырымдамалық картасы» әдісімен тауып, жұмысты тиянақты аяқтай алды. «Сурет пен сөйлем» әдісінде зергерлік бұйымдарды танып білу мақсатында сәйкестендірді. Алған қажетті ақпараттар мен ресурстарды қолдана отырып, тақырып бойынша диалогті бастауға, жалғастыруға, аяқтауға ұмтылды. «**SMS хабарлама**» әдісі арқылы диалог құрылымына сәйкес ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын сақтап, хабарламаны толықтыруға тырысты. «Кім

тапқыр?» ойыны сурет пен өлең жолдарын тауып, берілген етістіктерді қолдана отырып, өлең тармақтарын аяқтады.

Қолөнер-ұлттық нақыштағы қазақ халқының өткені мен бүгінін байланыстыратын мәні мен маңызы бар ұлттық құндылық. Қазақ халқына қолөнер түрлері өте көп. Қолөнердің бір түрі саналатын зергерлік өнер темірден түйін түйген халқымыздың шеберлігін байқатса керек.

Оқушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда дағдыларға сәйкес тілдік бағдарын дамыта отырып, коммуникативтілік құзыреттілігін арттыру көзделді. Мәтіннен етістіктің қызметі мен жасалу жолдарын біліп, практикада қолдана алды

Деңгейлік тапсырмалардың ерекшелігіне байланысты саралау мақсатында тапсырма жеке және жұмысқа бағытталады. Топтық жұмысты сабақ соңында жоғарғы деңгейге өту барысында орындату тиімді. Бағалау критерийін құрастырған тапсырмалар негізінде әр қадамды дескрипторға айналдырып құрастырдым. Тапсырмаларды орындауда топтық бағалау тиімді ұйымдастырылды.

### **8-сабақ**

**Бөлім тақырыбы: «Саяхат және туризм»**

**Бөлімше тақырыбы: «Қазақстанды аралаймыз»**

**Оқу мақсаты**

**Сабақтың мақсаты**

5. 3. 5. 1 қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді ала білу;

6. 5. 1. 5 етістіктің қызметін мен жасалу жолдарын білу, ауызша және жазба жұмыстарда қолдану.

**Мәтінмен жұмыс**

#### **Көз тартқан Бурабай**

Қазақстанда әсем табиғатымен, шөл қандыратын тұнық суы мен жасыл желек жамылған көркімен көз жауын алатын жерлер көп. Соның бірі-Бурабай. Отандық туризмнің бойтұмарына айналған Бурабай ұлттық саябағы келушілер саны бойынша да көш басында. Көкшенің көз тоймас көрікті жерлерінде 550 мыңнан астам адам қыдырыпты. Демалыс орны Бурабай көлі тау баурайында орналасқан. Саяхатшылар жақындаған сайын, оның сұлулығы көзге еркін шалынады. Батыс жағалауда қолдан орнатқан дінгектей, тіп-тік, сүп-сүйір болып, көкке шаншыла, Оқжетпес шыңы, мені көрдің бе дегендей, өз сұлулығын кесе-көлденең тартады. Күзетте тұрған асқақ көңілді ер солдаттың алдырмас қамалындай болып, Оқжетпесті ту сыртынан қоршап, қыр арқасына бұлт шөккен, еңсесі жоғары Көкше көкшіл тұманымен мұнартады.

**Деңгейлік тапсырмалар**

**1-деңгей тапсырмалары**

- Мәтін түсініп оқыңыз. Тапсырмаларды орындаңыз.  
**«Сөз сыры» әдісі.**

- Мына тұрақты тіркес сөздер мен сөз тіркестердің ішінен етістіктің шағына байланысты сөздерді табыңыз. Олар: көз тоймайтын, бойтұмарға айналу, баурайында, кесе-көлденең, дінгектей, бұлт шөккен, мұнартады.

- «Дұрыс, бұрыс» әдісі. Дұрыс жауапты белгіле:

	Иә ✓	Жоқ×
Бурабай көлі тау баурайында орналасқан.		
Оқжетпес тауы өз сұлулығымен көзге түседі.		
Бурабай Нұр-Сұлтан қаласының маңында орналасқан.		
Бурабай ұлттық саябағы келушілер саны өсуде.		
Бурабай жерлерінде 550 мыңнан астам адам қыдырыпты.		

### Дескриптор:

- мәтінді оқиды;
- сөз тіркестерін табады;
- дұрыс, бұрыс жауабын белгілейді;

### 2- деңгей

Қосымша ақпарат көздерінен «Жұмбақтас» туралы мәлімет ізде, жаз:

---



---




---

### Дескриптор:

- мәлімет іздейді;
- тақырыпқа сай мәтін жазады;

### 3- деңгей

«Маңыздылық аймағы» әдісімен Қазақстандағы туризм саласы бойынша көрікті жерлердің тізімін жасап, маңыздылығына қарай аймаққа орналастырады. Мысалы: Баянауыл, Бурабай, Көлсай, Қайыңды, Іле Алатауы т.б.



### Дескриптор:

- тірек сөздерді анықтайды;

- маңызды ақпаратты іздейді;
- ақпаратты өмірмен байланыстырады;

### **Педагогке әдістемелік көмек:**

«Саяхат және туризм» бөлімі бойынша «Қазақстанды аралаймыз» тақырыбындағы сабаққа «Көз тартқан Бурабай» атты оқылым мәтінімен жұмыс жасалды.

Саяхат және туризм –бүгінгі таңда дамыған сала. Тіпті бұл сала кей елдерде экономикалық дамудың көзіне айналды десек болады. Өзге елдің төсіне барып саяхаттау, демалу біздің ел азаматтарының әдетіне айналғандығы жасырын емес. Сондықтан Қазақстан жерінде де көрікті жерлердің бар екендігін, тарихи құндылыққа толы қазынаны білу тұлға үшін маңызды. Өз еліңнің саф ауасын жұтып, тамаша жерлерін саяхаттаудың кереметтігін сезіну, сүйе білу бала жүрегінде саялауы қажет. Сондықтан «Қазақстанды аралаймыз» тақырыбын таңдауыма себеп болды.

Осы мақсат аясында берілген 1-деңгейлік тапсырмада белсенді оқытудың «Сөз сыры» әдісі бойынша мәтіндегі сөз тіркесі мен тұрақты тіркестердің мәнін ашу, олардың айырмашылығын таныды. «Дұрыс, бұрыс» әдісі арқылы мәтін мазмұнына байланысты бар ақпаратты іріктеу, сонымен қатар қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді ала білді. «Маңыздылық аймағы» әдіспен Қазақстандағы туризм саласы бойынша көрікті жерлердің тізімін жасап, маңыздылығына қарай аймаққа орналастырды. Қазақстан жерінде де көрікті жерлердің маңыздылығын түсініп, өз еліңнің қадір қасиетін сезініп білуге бағыттайды.

Оқушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда дағдыларға сәйкес коммуникативтілік құзыреттілігін арттыру көзделді. Тілдік бағдарда морфология саласы бойынша сөз таптары соның ішінде етістіктің оның шақ категориясының ерекшелігін таныды.

Деңгейлік тапсырмалардың ерекшелігіне байланысты саралау мақсатында тапсырма жеке жұмысқа бағытталады. Топтық жұмысты сабақ соңында жоғарғы деңгейге өту барысында орындату тиімді. Бағалау критерийін құрастырған тапсырмалар негізінде әр қадамды дескрипторға айналдырып құрастырдым. Тапсырмаларды орындау бағалау барысында бағалау парақшаларын қолдану баланың өзін-өзі бағалауда пайдасы бар.

### **9-сабақ**

**Бөлім тақырыбы: «Менің туған өлкем өлеңдер мен прозада»**

**Бөлімше тақырыбы: «Туған жердің төсінде»**

**Оқу мақсаты**

**Сабақтың мақсаты**

6. 2. 6. 1 тірек сөздерге сүйеніп, сюжетті суреттердің желісі бойынша әңгіме құрастыру;

6. 5. 1. 5 етістіктің қызметін мен жасалу жолдарын білу, ауызша және жазба жұмыстарда қолдану.



## Мәтінмен жұмыс.

### Туған өлкем-туған жерім

...Ыстық қой, шіркін, туған жер! Туған жерге жеткенше қайтіп дегін шыдайды? Кім сағынбас өз қағын? Кім сүймесін өз жерін? Сүймесе сүймес зердесіз, шерсіз жүрек, тілеуі бөлек жетесіз...

Туғалы ұзап шықпаған, бауырмал әжесінің бауырында еркелеп өскен, үлбіреген балапан жүректі Қартқожа қайтіп сүймесін?

Қартқожа туған жерін жанындай сүйеді. Туған жер еске түскенде іші-бауыры елжіреп, өртенгендей күйеді. Еліне жетуге ұшарға қанаты болмайды.

**Түсіндірілетін сөздер мен сөз тіркестері:** *зердесіз, шерсіз, елжіреу*

### Деңгейлік тапсырмалар:

#### 1-деңгей

- Мәтінді оқыңыз.

«Кім жылдам» әдісі

- Мәтін тақырыбына байланысты мақалдарды сәйкестендір

Туған жердей жер болмас	Ерге тиген үлес
Үйінде атаңның намысын қорға	Отқа түс, батпайсың
Отан үшін күрес	Туған елдей ел болмас
Отансыз адам	Шет жерде Отанның намысын қорға
Отан үшін отқа түс, күймейсің	Ормансыз бұлбұл

#### Дескриптор:

- мәтінді оқиды;
- мазмұнын айтады;
- деректі, дерексіз зат есімдерді ажыратады;

#### 2- деңгей

«Әдемі елес» әдісі

Суретке қарап, өзіңіздің туып өскен жеріңізді көз алдыңызға елестетіңіз. «Туған жердің төсінде» тақырыбында әңгіме құрастырыңыз. Жазылымда етістікті орынды қолданыңыз.




**Дескриптор:**

- әңгіме құрастырады;
- етістікті дұрыс қолданады;

**3- деңгей**

Жазылымда қолданылған етістіктің қызметін мен жасалу жолдарын көрсетіңіз.

Негізгі етістіктер	Туынды етістіктер

**Дескриптор:**

- сөйлем құрайды;
- негізгі, туынды етістіктерді ажыратады;

**Педагогке әдістемелік көмек:**

«Менің туған өлкем өлеңдер мен прозада» бөліміндегі «Туған жердің төсінде» тақырыбындағы сабақ тірек сөздерге сүйеніп, сюжетті суреттердің желісі бойынша әңгіме құрастыру мен етістіктің қызметін мен жасалу жолдарын білу, ауызша және жазба жұмыстарда қолдануға бағытталды.

«Туған жердің түтіні де ыстық дегендей» - дегендей әр адам кіндік кіндік қаны тамған жеріне борышты. Тұлға бойына Отанға, елге, жерге деген сүйіспеншілік қасиетін дарыту басты міндеті тұр. Сондықтан да тақырыпты таңдау маңызды деп ойлаймын. Тақырыпқа сай мақсат таңдалынды. Мақсатта берілген 3-дейгейлік тапсырмада белсенді оқытудың «Кім жылдам» әдісі мәтін тақырыбына байланысты мақалдарды сәйкестендіруге бағытталды. Сюжетті суреттердің желісі бойынша әңгіме құрастыруда «Әдемі елес» әдісімен суретке қарап, туып өскен жерін елестету арқылы әңгіме құрастырды. Жазылымда етістікті орынды қолдану ұсынылды.

Бағдарлама бойынша берілген тақырыпқа сабақ мақсатына сай тапсырмалар құрастырылды. «Туған өлкем-туған жерім» атты мәтінмен жұмыс

жасалынып, түсіндірме сөздік көмегімен сөздік жұмысы жүргізілді. Туған жерім деп соққан жүрегі үнемі елеңдейтін адам үшін оның әр тасы қымбат емес пе? Ендеше, осындай ұрпақ ғана өз елін, туған жерін гүлдендіруге асығады. Бұл құндылық елін-жерін қорғап, сүйеге, қадірін білуге тәрбиелейді.

Оқушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда дағдыларға сәйкес тілдік бағдарын дамыта отырып, коммуникативтілік құзыреттілігін арттыру көзделді. Бірінші деңгейдегі тапсырмалар бойынша мәтін тақырыбына байланысты мақалдарды сәйкестендіруде нақыл сөздердің тәрбиелік мәні бар екенін өмірмен байланыстыра отырып, жан-жақты ашып түсінді. Бұл тұлғаның сөздік қорының молаюына да әсері бар деп ойлаймын. Жазылымда қолданылған етістіктің қызметін мен жасалу жолдарын білуде оның ерекшелігін жан-жақты түсінуге әсер етті.

Деңгейлік тапсырмалардың ерекшелігіне байланысты саралау мақсатында тапсырма жеке жұмысқа бағытталады. Топтық жұмысты сабақ соңында жоғарғы деңгейге өту барысында орындату тиімді. Бағалау критерийін құрастырған тапсырмалар негізінде әр қадамды дескрипторға айналдырып құрастырдым.

### **10-сабақ**

**Бөлім тақырыбы: «Олимпиада жеңімпаздары – Қазақстан мақтанышы»**

**Бөлімше тақырыбы: «Былғары қолғап шеберлері»**

**Оқу мақсаты**

**Сабақтың мақсаты**

6. 3. 6. 1 тақырып бойынша үйренген (тірек) сөздерін қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселені шынайы өмірмен байланыстыру;

6. 5. 1. 5 етістіктің шақтарының (нақ осы шақ, ауыспалы осы шақ, жедел өткен шақ, ауыспалы келер шақ) қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда қолдану

#### **Қазақ спортындағы былғары қолғап шеберлері**

**Қазіргі таңда Қазақстанда спорттың ең бір дамыған түрі бокс десек, сірә қателеспейміз. Спорттың осы бір жарқын түрі елімізді дүниежүзіне танытып, әлемдік додаларда қан-жығамызды майланытып жүргені де рас.**

«Азаматын көр де, ауылын таны», - демекші, құрыш білекті, шойын жұдырықты жігіттеріміз де ел намысын еш жерде аяқасты еткен емес. Қайта, «Қазақ жігіттерінің бәрі осындай. Бірі батыр, бірі палуан» деп ел мерейін үстем етіп жүр. Солардың қатарына Ермахан Ибраимов, Бекзат Саттарханов, Бақтияр Артаев, Серік Сапиев сынды спортшыларымыз әлемдік аренада ел намысын қорғап, жеңіс тұғырынан көріне білді.

2000 жылы Сидней олимпиадасында Ұлттық құрамадағы 20 жасар Бекзат Саттарханов алғашқы алтын медальді қанжығаласа Ермахан Ибраимов та алтыннан алқа тағып, Мұхтархан Ділдәбеков күміс медальмен марапатталды. 2024 жылы Грекияда өткен олимпиада ойындарда Бақтияр Артаев алтын медаль иегері болды. Қазақ спортшыларының арасында Геннадий Головкин мен Серік Елеуов өз қарсыластарын ұтып, жанкүйерлерін қуантты. 2012 жылы Лондон олимпиадасында Серік Сапиев бірінші орын алып, Вэл Баркер кубогын алды.

## Деңгейлік тапсырмалар

### 1-деңгей

«Сәйкестендіру» әдісі.

Былғары қолғап шеберлерінің аты-жөнін тауып жазыңыз және олимпиада өткен орнымен сәйкестендіріңіз.

Былғары қолғап шеберлері	Былғары қолғап шеберлері аты-жөні	сәйкестендіру	Олимпиада өткен орны
			Лондон
			Грекия
			Сидней

### Дескриптор:

- былғары қолғап шеберінің есімін жазады;
- суретті сәйкестендіреді;
- спортшылар туралы ақпарат алады;
- 

### 2- деңгей

«Ізден. Ойлан. Тап» әдісі.

Мәтіндегі былғары қолғап шеберлерінің балалық шағы сені қызықтыра ма? Сол туралы ақпарат жина.

### Дескриптор:

- ақпарат іздейді;
- ақпарат жинайды;
- мәтін құрастырады;

### 3- деңгей

#### «Сиқырлы күнделік» әдісі

Етістіктің шақтарын қолдана отырып, қазақ спортындағы былғары қолғап шеберлерінің жетістіктері туралы күнделікті толтырыңыз.

Спорт түрінің кешегісі	Спорт түрінің бүгіні	Спорт түрінің ертеңі

#### Дескриптор:

- етістіктің шақтарын қайталайды;
- жетістіктер жинақтайды;
- мәтінді оқиды;

#### Педагогке әдістемелік көмек:

«Олимпиада жеңімпаздары – Қазақстан мақтанышы» бөліміндегі «Былғары қолғап шеберлері» тақырыбы бойынша үйренген (тірек) сөздерін қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселені шынайы өмірмен байланыстырады.

Салауатты өмір салтын сақтау адам үшін маңызды. «Денсаулық-басты байлық» дегендей, спортпен айналысу ғалымдардың зерттеуі бойынша адам ғұмырын біршама ұзартады екен. Сондықтан да жеке тұлғаның дені сау болуы- бұл бір, екіншіден, адамның өз сүйікті ісімен тер төгіп айналысу арқылы жетістікке қол жеткізетіні белгілі. Аянбай еңбектену-ерді ел мақтаны етеді емес пе?! Ұрпақ алдында еліміздің намысын қорғап, әлемге мойындатқан былғары қолғап шеберлері жайлы білу, алдыңғы буын спортшыларынан үлгі алу, өз Отанының көк туын желбірететін болашақ былғары қолғап шеберлері болу мақсаты тұр. Сондықтан да осы тақырыпты таңдап, сабақ мақсатының негізінде тапсырмалар құрастырылды.

**«Қазақ спортындағы былғары қолғап шеберлері» тақырыбындағы мәтіннен алған ақпараттарды дамыта отырып, деңгейлік тапсырмалар орындалды.**

1-деңгейлік тапсырмада белсенді оқытудың «Сәйкестендіру» әдісі мәтін тақырыбына байланысты мәтіннен былғары қолғап шеберлерінің аты-жөнін тауып, олимпиада өткен орнымен сәйкестендіріп жазады. Бұл тапсырма жеке тұлғаның осы спорт түріне деген қызығушылығына әсер етіп, спорт шеберлерінің кім екенін, қайда, қандай додаларға қатысқаны жайлы жан-жақты білуге жетелейді. 2-деңгейлік тапсырмада «Ізден. Ойлан. Тап» әдісімен мәтіндегі былғары қолғап шеберлерінің балалық шағы сені қызықтыра ма? деген сұрақ төңірегінде өз бетімен мақсатқа сай ақпарат жинауға жұмылдырдым. «Сиқырлы күнделік» әдісі бойынша етістіктің шақтарын қолдана отырып, қазақ спортындағы былғары қолғап шеберлерінің жетістіктерін спорт түрінің кешегісі, бүгіні, ертеңі туралы күнделікті толтыру ұсынылады.

Оқушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда дағдыларға сәйкес тілдік бағдарын дамыта отырып, коммуникативтілік құзыреттілігін арттыру көзделді. Күнделікте қолданылған етістіктің шақтары мен олардың жасалу жолдарын біледі.

Бағалау критерийін құрастырған тапсырмалар негізінде әр қадамды дескрипторға айналдырып құрастырдым. Деңгейлік тапсырмалардың ерекшелігіне байланысты саралау мақсатында жеке жұмысқа бағытталады. Жұмыс түрінде өзі-өзі бағалау іске асып, кері байланыс жасалынды.

## 7- сынып

**Бөлім атауы:** Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі - қазақ тілін оқып-үйренеміз. Үштілді білу – үлкен өнер

**Сабақтың тақырыбы:** Әлемдегі ең бай тіл – қазақ тілі

**Тыңдалым** - 7. 1. 2. 1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың өзектілігін анықтау;

**Жазылым** - 7. 4. 4. 1 тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап, презентация түрінде ұсыну

**Тыңдалым алды тапсырма**

**1-тапсырма.** Берілген сөздердің аудармасымен сәйкестендіріп, сөздердің мағынасын түсіну.

**Дескриптор**

- берілген сөздермен танысу;
- баламасын сәйкестендіру;
- сөздің мағынасын түсіну

**Сөздерді сәйкестендіру**

зерттеуші	түркі мәдениетімен айналысушылар
мойындау	барлығы
түркітанушылар	ізденуші
түсіндірме сөздік	тіл байлығы
бүкіл	қабылдау, келісу
шығарма	пайдалану
сөздік қор	сөздің мағынасын ашатын сөздік
қолдану	туынды

**Дұрыс нұсқасы**

зерттеуші	ізденуші
мойындау	қабылдау, келісу
түркітанушылар	түркі мәдениетімен айналысушылар
түсіндірме сөздік	сөздің мағынасын ашатын сөздік
бүкіл	барлығы
шығарма	туынды
сөздік қор	тіл байлығы
қолдану	пайдалану

**Тыңдалым тапсырмасы**

**1-тапсырма.** Мәтінді араға 1-2 минут салып, екі рет тыңдау, түсіну.

**Дескриптор**

- тыңдалым мәтінін түсіну;
- ақпараттарды түртіп алу;
- ақпараттың өзектілігін дәлелдеу

### Әлемдегі ең бай тіл – қазақ тілі

«Түркі тілдерінің ішінде ең байы қазақ тілі екенін бүкіл зерттеуші мойындаған» дейді Платон Мелиоранский.

«Әлем тілдерінің ішінен тек үш тілдің ұлылығын мойындадым. Ол – орыс, француз және қазақ тілі» деп жазған ресейлік шығыстанушы-түрколог В.Радлов XIX ғасырдың өзінде. Әлем мойындаған ғалымның мұндай сөзі көп нәрсені білдіреді емес пе?!

Жалпы, қазақ тілінің бай екенін одан басқа С.Малов, А.Брем, А.Янушкевич секілді әлемге танылған түркітанушылар да айтқан.

Тіпті тағы бір шығыстанушы Платон Мелиоранский В.Радловтың ойын дәлелдей түскендей. Оған оның мына бір сөзін келтіруге болады:

«Түркі тілдерінің ішінде ең байы қазақ тілі екенін бүкіл зерттеуші мойындаған», – деді Платон Мелиоранский.

Қазақ тілі - Әлемдегі ең бай тіл. өйткені қазақ тілінің сөздік қоры 2,5 миллион сөзден тұрады екен. Оған дәлел орыс, неміс және қазақ тілдерінің білгірі, жазушы Герольд Бельгердің жазғаны бар. Оның айтуынша, орыс әдеби тілінің ең үлкен 17 томдық академиялық сөздігінде 120 448 сөз тіркеліп, түсіндірілген. Ал Далль сөздігінің 4 томында 200 мыңдай сөз бен мақал-мәтелдер жинақталған. Соның ішінде қазақтың түсіндірме сөздігінің 10 томдығында 2 миллион 550 мың сөз бар екен. Бір тілде 2 миллионнан астам сөз болу сұмдық емес пе?!

Тіпті Шекспир мен Байронның бүкіл шығармасын алғанның өзінде сөздік қорда бар-жоғы 15 мың сөз ғана. Ал Мұхтар Әуезовтің бір ғана эпопеясында 17 мың сөз қолданылған екен.

Джолдыханов Сырым Ескелдіұлы

<https://aikyn.kz/7960/10348-aelemdegi-eng-bay-til-qazaq-tili>

### 2-тапсырма. Тыңдалым мәтініндегі ақпараттарды кестеге орналастыру

Мәтін не туралы?	Мәтіндегі атақты тұлға есімдері	Тілге қатысты ақпараттар	Қазақ тілі қандай тіл?	Сіз үшін ең қызықты ақпарат

3-тапсырма. Кестедегі мәліметтер бойынша ақпараттың өзектілігін анықтау мақсатында жұбыңмен диалог құр.

Тыңдалымнан кейінгі тапсырма





## Жұптық жұмыс.

*Тыңдалған мәтіннен алынған ақпараттарды жүйелеп, электронды түрде презентация немесе постер жасап, қорғау.*

### Дескриптор

- тыңдалым бойынша мәліметтерді жинақтау
- ақпараттарды жүйелеу;
- презентация немесе постер түрінде ұсыну;
- жазылымды қорғау

### Кері байланыс

- Сабақта сізге қандай ақпарат таныс болды?
- Сіз үшін қай тапсырма оңай болды?
- Осы сабақта алған біліміңізді келешекте қолдана аласыз ба?

### Мұғалімге көмек

Бөлім қазақ тіліне арналғандықтан қазақ тілінің ерекшелігіне қатысты мәліметтері – сөз саны, атақты тұлғалардың ойы, көзқарасы көрініс тапқан тыңдалым мәтіні оқушыны қызықтыру мақсатында таңдалып алынды. Сабақта мақсатқа қол жеткізу үшін, баланың тақырыпты толық меңгеруіне жағдай жасайтын тапсырмалар құрастырылды. Мақсаттар:

**Тыңдалым** - 7. 1. 2. 1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың өзектілігін анықтау;

**Жазылым** - 7. 4. 4. 1 тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап, презентация түрінде ұсыну

Тыңдалым алдында оқушыларға мәтінде кездесетін таныс емес сөздер баламасымен ұсынылды. Оқушы берілген сөздерді синонимімен сәйкестендіруі керек, өйткені бұл тапсырма мәтін мазмұнын тез түсінуге септігін тигізеді.

Тыңдалым тапсырмасы бойынша оқушы мәтіннен тыңдаған ақпараттарын түртіп алып, кестенің тиісті бағандарына орналастырып, қызықты ақпаратты тауып, өзіне қорытынды ой шығарып отырады.

Тыңдалымнан кейін, оқушылар жұпта тыңдаған мәліметтері негізінде бір-бірімен диалог құрып, пікір алмасады.

Осы тапсырмаларды бірізді орындау арқылы, оқушы ақпаратты алу, оны іріктеу, өзектілігін анықтау, өмірмен байланыстыру жолымен өзінің тыңдау, сөйлеу, ой қорыту дағдыларын дамытады.

«Жазылым» дағдысы бойынша мәліметтерді жинақтау, іріктеу арқылы презентация немесе постер жасау арқылы оқушы өзінің сабақта алған білімін шығармашылық тұрғыдан көрнекі түрде көрсетіп, өз жұмысын көпшілік алдына шығып, таныстыруға дағдылана бастайды. Бұл оқушыны ізденімпаздыққа, шығармашылыққа, ашықтыққа, еркін сөйлеуге бейімдейді.

**Бөлім атауы: Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі - қазақ тілін оқып-үйренеміз. Үштілді білу – үлкен өнер**

**Сабақтың тақырыбы: М. Жұмабаев «Қазақ тілі» өлеңі**

**Оқылым** - 7. 3. 6. 1 тақырып бойынша деректер қолдана отырып мәтінде көтерілген мәселеге өз ойын дәлелдеп жеткізу;

**Айтылым** - 7. 2. 3. 1 ауызша мәтіндер құрауда екпін түрлерін сөз және сөйлем ішінде.

**Оқылым алды тапсырма**

**Дескриптор**

- сөздердің аудармасын біледі;
- берілген сөздермен сөз тіркесін құрай алады;
- сөз тіркестерімен сөйлем құрай алады

**1-тапсырма. Берілген сөздермен танысып, сөз тіркестерін сәйкестендіру арқылы құру.**

Сөздер	Сөздер	Сөз тіркесі
ерік	қолда	
кісен	күші	
қан	бар	
қос	қанат	
күшті	тартады	
елдік	тіл	
бақ	-намыс	
ар	қону	
кен	дала	
кең	байлығы	

**Дұрыс нұсқасы**

Сөздер	Сөздер	Сөз тіркесі
ерік	қолда	ерік күші
кісен	күші	кісен қолда
қан	бар	қан тартады
қос	қанат	қос қанат
күшті	тартады	күшті тіл
елдік	тіл	елдік бар
бақ	-намыс	бақ қону
ар	қону	ар-намыс
кен	дала	кен байлығы
кең	байлығы	кең дала

**2-тапсырма. Берілген сөз тіркестерімен сөйлем құру.**

Сөз тіркесі	Сөйлем
ерік күші	
кісен қолда	
қан тартады	
қос қанат	
күшті тіл	
елдік бар	
бақ қону	
ар-намыс	
кен байлығы	
кең дала	

## Оқылым тапсырмасы

**1-тапсырма. Өлең шумақтарын түсініп оқыңыз.**

### Дескриптор

- мәтін мазмұнын түсінеді;
- көтерілген мәселені анықтайды;
- мәселеге қатысты өз ойын білдіреді;
- өз ойын дәлелді түрде жеткізеді.

**М. Жұмабаев**

**ҚАЗАҚ ТІЛІ**

Күш кеміді, айбынды ту құлады,  
Кеше батыр – бүгін қорқақ, бұғады.  
Ерікке ұмтылған ұшқыр жаны кісенде  
Қан суынған, жүрек солғын соғады.

Қыран құстың қос қанаты қырқылды,  
Күндей күшті күркіреген ел тынды.  
Асқар Алтай — алтын ана есте жоқ,  
Батыр, хандар — асқан жандар ұмытылды!



Ерлік, елдік, бірлік, қайрат, бақ, ардың, —  
Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың...  
Алтын Күннен бағасыз бір белгі боп,  
Нұрлы жұлдыз, бабам тілі, сен қалдың!



Жарық көрмей жатсаң да ұзақ, кен-тілім,  
Таза, терең, өткір, күшті, кең тілім,  
Тарап кеткен балаларыңды бауырыңа  
Ақ қолыңмен тарта аларсың сен, тілім!

**2-тапсырма. Өлең шумақтарын оқып, сөйлем үлгісіне айналдарыңыз.**

Өлең шумақтары		Сөйлем
1-шумақ		
2-шумақ		
3-шумақ		
4-шумақ		

### Болжамды нұсқасы

Өлең шумақтары		Сөйлем
1-шумақ		Күш азайып, айбынды ту құлады, Кеше батыр болған адам, бүгін қорқақ болды. Кісенде боп жүрек әлсіз соғады
2-шумақ		Қыран құстың қос қанаттары қырқылды,

		Мықты ел әлсіреді. Туған жер, батыр, хандар — тарих ұмытылды!
3-шумақ		Тағдыр бәрін жойды Бабам тілі нұрлы жұлдыздай боп қалды
4-шумақ		Менің керемет кең, кен тілім, бәрін өзің жинап, алдына тартасың

### Оқылымнан кейінгі тапсырма

#### Дескриптор


- екпін түрлерін біледі;
- екпінді қолдана алады;
- төрт сөйлем әдісі арқылы екпін түрлерін қолданады.

### 1-тапсырма. Екпін түрлерімен танысып, сөйлеу барысында қолданыңыз.

#### Тілдік бағдар

##### Екпін. Екпін түрлері

Сөз ішіндегі бір сөздің, бір буынның, бір дыбыстың көтеріңкі айтылуы **екпін** деп аталады. Қазақ тілінде екпін сөздің соңғы буынына түседі. Мысалы: *Бала далада ойнап жүр.* Сөз ішіндегі екпін дауысты дыбысқа түседі.



### 2-тапсырма. Топтық жұмыс.

Өлең мәтінін «Төрт сөйлем» әдісі арқылы топта талқылап, топ мүшелерінің түгел қатыстырыңыз.

1. **Пікір.** Өлең идеясы мен тақырыбы бойынша өзіндік пікірін бір сөйлеммен жазу.

---



---

2. **Дәлел.** Пікірін бір сөйлеммен дәлелдеу.

---



---

3. **Мысал.** Пікірін өмірмен байланыстырып, мысал келтіру.

---



---

4. **Қорытынды.** Тақырып бойынша қорытынды ой шығару.

---



---

## Кері байланыс

- Сабақта қай тапсырма қиындық тудырды?
- Өлең мазмұнындағы мәселе өзекті де ойлайсыз ба?
- Қазақ тіліне қандай үлес қосар едіңіз?

## Мұғалімге көмек

М.Жұмабаевтың «Қазақ тілі» өлеңін «Оқылым» дағдысы арқылы меңгеру көзделді. Мақсаттар:

**Оқылым** - 7. 3. 6. 1 тақырып бойынша деректер қолдана отырып мәтінде көтерілген мәселеге өз ойын дәлелдеп жеткізу

**Айтылым** - 7. 2. 3. 1 ауызша мәтіндер құрауда екпін түрлерін сөз және сөйлем ішінде

Оқылымалды тапсырмасына мәтіндегі таныс емес сөздер беріліп, олармен ұсынылған сөздерді сәйкестендіру арқылы сөз тіркесін құру тапсырмасын орындайды. Оқушалыр жаңа сөздермен танысу, сөз тіркесін құру, сөйлем құру арқылы сөздік қорын арттыру арқылы олардың өлеңді түсініп оқуын жеңілдетеді.

Оқылым тапсырмасы арқылы оқушыға берілген кесте бойынша өлеңді қара сөзге айналдыру, яғни сөйлем құру тапсырмасы ұсынылды. Ол да баланың поэзиялық шығармадағы сөздерді сөйлемге салып, сөздердің сөйлемдегі орын тәртібін сақтау мен әрі өлең мазмұнын түсінуіне көмектеседі. Оқылымнан кейінгі тапсырмада «Айтылым» дағдысындағы мақсатқа қол жеткізу үшін «Төрт сөйлем әдісі» арқылы өз ойы мен пікірін сөз, сөз тіркесі, ой, дыбыс екпіндерін сақтай отырып, өз ойы мен пікірін білдіреді.

Осы тапсырмаларды орындау барысында оқушы М.Жұмабаевтың шығармасымен танысып, қазақ тілі – ана тілінің қадір-қасиетін ұғынады, дұрыс жазу, сөйлеу, өз ойын білдіру, шығармашылығын арттыру сияқты дағдыларды қалыптастырады.

**Бөлім атауы: Жердегі климаттық өзгерістер**

**Сабақтың тақырыбы: Климаттық өзгерістер – өзекті мәселе**

**Оқылым** - 7. 3. 2. 1 ресми-іскерлік (ұсыныстар) салаға қатысты мәтіндердің тілдік ерекшелігін анықтап, талдау жасау;

**Оқылымалды тапсырма**

**Дескриптор**

- суреттермен танысады;
- сурет арқылы тақырыпқа болжам жасайды;
- тақырыпты анықтайды;
- сөзжұмбақ шешеді.

**1-тапсырма. Суреттерге қарап, сабақтың тақырыбына болжам жасаңыз.**





**2-тапсырма. Сөзжұмбақты шешу.**

СӨЗЖҰМБАҚ

1.				К					
	2.			Л					
3.				И					
			4.	М					
		5.		А					
	6.			Т					

7. Қармен байланысты апатты құбылыс.
8. Климаттың өзгеруіне әсер ететін құбылыс.
9. Бізді қоршаған орта қалай аталады?
- 10.Ең ірі табиғи су қоймасы.
- 11.Судан болатын апат түрі.
- 12.Жалынды, қызуы мол апат түрі.

**Шешуі:**

СӨЗЖҰМБАҚ

1.	К	Ө	Ш	К	І	Н			
	2.	Ж	Ы	Л	Ы	Н	У		
3.	Т	А	Б	И	Ғ	А	Т		
			4.	М	Ұ	Х	И	Т	
		5.	Т	А	С	Қ	Ы	Н	
	6.	Ө	Р	Т					

**Оқылым тапсырмасы**

**1-тапсырма.  Топтық жұмыс.**

*Мәтінді оқып, топқа берілген тапсырманы орындаңыз.*

**Дескриптор**

- мәтінге сұрақ құрастырады;
- мәтінге жоспар құрады;
- ақпаратты өмірмен байланыстырады;
- өзектілігін анықтайды

1-топ – мәтінге сұрақ құрастырады

2-топ – мәтінге жоспар құрады

3-топ – мәтін ақпаратын өмірмен байланыстырады

4-топ – ақпараттың өзектілігін анықтайды.

**Климаттық өзгерістер – өзекті мәселе**

Бүгінгі таңда планетада жаһандық климаттың өзгеруін сезінбейтін бірде-бір адам жоқ. Қазақстан аумағының үлкендігіне, Әлемдік мұхитқа шыға алмауына және күрт құбылмалы климатына байланысты таяу жылдары шөлейттенуге, орман және дала өрттері санының өсуіне, мұздықтардың еруіне, су жүйелерінің тозуына, ал жекелеген өңірлерде — су тасқынына, дауылдарға және басқа да қолайсыз салдарларға тап болуға тура келеді. БҰҰ-ның тұрақты даму мақсаттары 13 бағыты климаттың өзгеруімен күреске арналған. Демек, барлық елде өзекті мәселенің бірі екендігін аңғаруға болады.

Климаттың өзгеруінің тікелей әсер етуі төмендегідей көрініс табуы мүмкін:

\* Табиғи апаттарда: мысалы, жер сілкінісі, су тасқыны, көшкін, сел, орман және дала өрттері және т.б. Нәтижесінде ел тұрғындары арасында өлім мен жарақат алу қаупі артады.

\* Ауыз су мөлшерінің төмендеуі мен сапасының нашарлауы. Сарапшылардың пікірінше, Қазақстандағы су ресурстарының тапшылығы табиғи жағдайлармен, тиімсіз және қайтарымсыз тұтынумен және ағынның жартысына жуығы көрші мемлекеттердің аумағында қалыптасуымен байланысты.

\* Қоршаған орта температурасының жоғарылауы жүрек-қан тамырлары ауруларынан болатын өлім-жітімді, психикалық аурудың өршуін арттыруы мүмкін.

\* Ауа сапасының нашарлауы түрлі респираторлық, аллергиялық және онкологиялық аурулармен сырқаттанушылық санының өсуіне алып келеді.

\* Климаттың жылынуы табиғи-ошақтық инфекциялық аурулардың, мысалы, тырысқақ, А гепатиті, дизентерия, кене энцефалиті, безгектің таралу жиілігіне әсер етеді.

Климат өзгерісі жаһандық сипат алды. Табиғаттағы болатын апаттар ауаның сапасын, азық-түлік пен су қауіпсіздігіне де әсер етіп, елеулі өзгеріске ұшыратады. Бұның адамдарға тікелей әсері көп. Жоғарыда айтып өткен ауру түрлері осыған дәлел.

<https://zanmedia.kz/>

## Оқылымнан кейінгі тапсырма



### Топтық жұмыс.

*Қала тұрғындарын табиғи апаттардан қорғау мақсатында келесі үлгі бойынша бірқатар ұсыныс жазыңыз.*

### Дескриптор

- табиғи апаттарды біледі;
- табиғи апат қаупін түсінеді;
- табиғи апатқа қатысты ұсыныс бере алады.

1-топ – жер сілкінісіне қатысты ұсыныс

2-топ – су тасқынына қатысты ұсыныс

3-топ – қар көшкініне қатысты ұсыныс



#### 4-топ – өрт шығуына қатысты ұсыныс

Үлгі
<b>Ұсыныс</b>
<i>Құрметті қала тұрғындары!</i>
<i>Қалада орын алуы мүмкін _____ жағдайларға байланысты келесі қауіпсіздік шараларын сақтау үшін келесі ұсыныстарды ескеруіңізді естеріңізге саламыз. Олар:</i>
1) ...
2) ...
3) ...
4) ...
5) ...
<i>Біз сіздердің _____</i>
_____ қалаймыз.

#### Кері байланыс

- Климаттық өзгерістер туралы не айта аласыз?
- Климаттық өзгерістерді қазіргі өмірмен байланыстыра аласыз ба?
- Осы сабақта алған біліміңізді келешекте қолдана аласыз ба?

#### Мұғалімге көмек

Бөлім бойынша тақырып – Жердегі климаттық өзгерістер.

**Оқылым** - 7. 3. 2. 1 ресми-іскерлік (ұсыныстар) салаға қатысты мәтіндердің тілдік ерекшелігін анықтап, талдау жасау.

«Климаттық өзгерістер – өзекті мәселе» атты мәтін мазмұнын меңгерту үшін оқылым алды тапсырмасына тақырыпты болжам жасап анықтау үшін бірнеше суреттер беріліп, оқушылардан жауап алынады. Бұл әдіс оқушылардың қызығушылығын тудыру үшін қолданылады. Тақырып анықталғаннан кейін тақырып атауымен қатысты негізгі сөзге «СӨЗЖҰМБАҚ» берілуі оқушының қызығушылығын тудырады әрі ойлау қабілетін арттырады.

Оқылым тапсырмасы топтық жұмыс арқылы жүзеге асырылады, ондағы мақсат – мәтінді бір жақты емес, жан-жақты талдауды үйрету. Оқушылар топ ішінде бір мәтіннен өздеріне тиісті тапсырманы орындап, жауап беруге талпынады. Бұл әдіс баланың уақытты тиімді пайдалануға, топ мүшелерінің түгел қатысуын қадағалауға, тапсырманы жылдам әрі тез орындауға, жауапты нақты беруге тырысу арқылы коммуникативтік қарым-қатынас орнатуға, жауапкершілік дағдыларын қалыптастыруға септігін тигізеді.

Оқылымнан кейінгі тапсырма арқылы сабақтың мақсатына қол жеткізу көзделген. Оқушылар берілген үлгі бойынша сабақтың тақырыбы аясында қарастырылатын апат түрлеріне қатысты ұсыныс жазып, оны сынып алдында талқылайды. Осындай тапсырманы орындау арқылы оқушыларды ересек өмірге бейімдеудің алғашқы қадамдарын жасау жауапкершілігі ұсынылады. Оқушы өздерін ересек адам ретінде туындауы мүмкін жағдаятқа өз көзқарасы тұрғысынан, сабақта алған әрі өздері білетін білімдеріне сүйеніп, ұсыныс жасап үйренеді.

**Бөлім атауы: Уақыт – ұлы күш**

## Сабақтың тақырыбы: Абай Құнанбаев "Сағаттың шықылдағы емес ермек"

**Тыңдалым** - 7. 1. 4. 1 лирикалық поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, тақырыбы мен идеясын талдау

**Айтылым** - 7. 2. 2. 1 кеңес берудің түрлі формалары мен жағдаяттарына сай ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолдана білу

### Тыңдалымалды тапсырма

#### Дескриптор

- суреттермен танысады;
- өлең тақырыбымен байланыстырады;
- сәйкес келмейтін суретті анықтайды

*Сабақтың тақырыбы Абай Құнанбаев "Сағаттың шықылдағы емес ермек" атты өлеңінің мазмұнына суреттер арқылы болжам жасайық. Берілген суреттерге қарап, олардың ішінен артық суреттерді табыңыз.*



#### Дұрыс нұсқасы:



#### Тыңдалым тапсырмасы

**1-тапсырма.**  **Топтық жұмыс.**

**Өлеңді араға 1-2 минут салып екі рет тыңдаңыз. Таныс емес сөздерді жазып алып, топта талқылаңыз.**

#### Дескриптор

- поэзиялық шығарманы тыңдайды;

- шығарманың мазмұнын түсінеді;
- өлеңнің тақырыбы мен идеясын анықтайды;
- өз ойын дәлелді жеткізеді.

### Абай Құнанбаев «Сағаттың шықылдағы емес ермек»

Сағаттың шықылдағы емес ермек,  
 Һәмиша өмір өтпек – ол білдірмек.  
 Бір минут бір кісінің өміріне ұқсас,  
 Өтті, өлді, тағдыр жоқ қайта келмек.

Сағаттың өзі – ұры шықылдаған,  
 Өмірді білдірмеген, күнде ұрлаған.  
 Тиянақ жоқ, тұрлау жоқ, келді, кетті,  
 Қайта айналмас, бұрылмас бұлдыр заман.

Өткен өмір белгісі – осы сыбдыр,  
 Көңілді күнде сындыр, әлде тындыр.  
 Ақыл анық байқаған қылығыңды,  
 Қу шыққансып қарасып босқа бұлдыр.

Күн жайылып ай болды, он екі ай– жыл,  
 Жыл жайылып, қартайтып қылғаны – бұл.  
 Сүйенген, сенген дәурен жалған болса,  
 Жалғаны жоқ бір тәңірім, кеңшілік қыл.

### 2-тапсырма. Топтық жұмыс.

*«КАРУСЕЛЬ» әдісі бойынша оқушылар топ ішінде бір-біріне қарама-қарсы отырады. Мұғалім өлең мазмұнына қатысты бір ойды айтады.*

**1-топқа** - «Бір минут бір кісінің өміріне ұқсас, өтті, өлді, тағдыр жоқ қайта келмек», демек, уақыт өтеді, қайта келмейді деген сөз.

Қарама-қарсы отырған оқушылар осы тақырып аясында 2 минут пікір алмасады (әр оқушы 1 минут сөйлейді) Олар пікірлесіп жатқанда, әуен қосып қоюға болады.

**2-топқа** - «Сағаттың өзі – ұры шықылдаған, Өмірді білдірмеген, күнде ұрлаған», демек, сағат шықылдап өмірді күнде ұрлайды.

Қарама-қарсы отырған оқушылар осы тақырып аясында 2 минут пікір алмасады (әр оқушы 1 минут сөйлейді) Олар пікірлесіп жатқанда, әуен қосып қоюға болады.

**3-топқа** - «Өткен өмір белгісі – осы сыбдыр, Көңілді күнде сындыр, әлде тындыр», демек, өткен өмір көңілді сындырады немесе көңілді көтереді.

Қарама-қарсы отырған оқушылар осы тақырып аясында 2 минут пікір алмасады (әр оқушы 1 минут сөйлейді) Олар пікірлесіп жатқанда, әуен қосып қоюға болады.

**4-топқа** - «Күн жайылып ай болды, он екі ай – жыл, Жыл жайылып, қартайтып қылғаны – бұл», демек, күн ай болады, ай жыл болады, адамды қартайтады.

Қарама-қарсы отырған оқушылар осы тақырып аясында 2 минут пікір алмасады (әр оқушы 1 минут сөйлейді) Олар пікірлесіп жатқанда, әуен қосып қоюға болады.

## Оқылымнан кейінгі тапсырма







### Жұптық жұмыс.

*Кестеде берілген суреттердің бірін таңдап, жұбыңызға кеңес беріңіз.*

#### Дескриптор

- кеңес берудің түрлі формаларын біледі;
- сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын сақтайды;
- ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолданады;
- өз ойын еркін білдіре алады.

Тапсырма	Кеңес беру
 <p>Уақытты тиімді қолдану</p>	
 <p>Жазғы демалыс</p>	
 <p>Түнгі ұйқы</p>	
 <p>Бос уақыт</p>	

#### Кері байланыс

- Өлең мазмұны бойынша уақытқа деген көзқарасыңыз өзгерді ме?
- Сіз үшін қай тапсырма оңай болды?
- Уақытты бағалаудың жолдары туралы не айта алар едіңіздер?

#### Мұғалімге көмек

Бөлім бойынша лексикалық тақырып – Абай Құнанбаевтың «Сағаттың шықылдағы емес ермек» атты өлеңі. Бұл туындыны оқушыға меңгерту үшін келесі мақсаттар таңдалып алынды:

**Тыңдалым** - 7. 1. 4. 1 лирикалық поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, тақырыбы мен идеясын талдау;

**Айтылым** - 7. 2. 2. 1 кеңес берудің түрлі формалары мен жағдаяттарына сай ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолдана білу.

Мәтін мазмұнын меңгерту үшін өлең мазмұнына сай суреттер ұсынылып, өлеңге қатысы жоқ суреттерді алып тастау тапсырмасы тыңдалым алдында берілді. Бұл баланың сабаққа деген қызығушылығын арттырады.

Тыңдалым дағдысы бойынша оқушылар мәтінді екі рет тыңдап, таныс емес сөздерді жазып алып, топта талқыға салады. Ол оқушылардың бір-бірімен

коммуникациялық қарым-қатынасқа түсуіне, бірінің білгенін біріне түсіндірулеріне көмектеседі.

Келесі тапсырма – «Карусель» әдісі арқылы әр топқа жеке тапсырма үлгісі. Төрт топқа, төрт шумақтағы негізгі ойлар ұсынылып, топтар талқылап, ортаға салады. Нәтижесінде төрт топтың ойы ортаға салынып, бір өлең толық меңгеріледі. Бұл – мұғалімнің уақыт үнемдеуіне, баланың өз бетінше жұмыс жасауына өте оңтайлы әдіс.

«Айтылым» дағдысы арқылы оқушыларға уақытқа қатысты суреттер беріліп, жұбына кеңес беру тапсырмасы беріледі. Оқушы сабақта алған білімін, ақпараттарын толық қолданып, жұбына кеңес беру арқылы ұлттық сөйлеу әдебі мен этикетін сақтап, тапсырманы орындайды. Осы дағды арқылы сөздік қорын байытып қана қоймай, оны тиімді қолдануға үйренеді.

### **Бөлім атауы: Қазақстанның ежелгі қалалары және Ұлы Жібек жолы** **Сабақтың тақырыбы: «Ұлы Жібек жолы»**


**Оқылым - 7. 3. 4. 1** мәтіндердің идеясын, мақсатты аудиториясын салыстырып, талдау жасау.

#### **Оқылымалды тапсырма**

#### **Дескриптор**

- суреттермен танысады;
- сурет арқылы тақырыпқа болжам жасайды;
- тақырыпқа қатысты сөздерді анықтайды;
- сөздердің мәнін ашады.

**1-тапсырма. Суреттерге қарап, сабақтың тақырыбына болжам жасаңыз.**



**2-тапсырма. Төменде берілген кестенің ішінен Ұлы Жібек жолына қатысты сөздерді табыңыз.**

Т	О	Д	Я	Ж	І	Б	Е	К
А	В	Д	С	О	Е	Й	С	П
Р	П	О	С	Л	Й	Ш	С	Й
А	П	Ю	Ы	Ы	И	Щ	Т	Е



З	Ұ	Л	Ы	Л	Я	Б	Н	Т
С	О	Ш	О	Д	Д	Я	Л	Д
Қ	Д	Н	О	Т	Ы	Р	А	Р
А	З	И	Я	А	Б	Ф	Р	Ъ

Кестеден оқушы табуы тиіс сөздер: *Тараз, Яссы, Ұлы Жібек жолы, Отырар, Азия.*

## **Оқылым тапсырмасы**

### **Дескриптор**

- мәтін мазмұнын түсінеді;
- мәтін идеясын анықтайды;
- мақсатты аудиторияны анықтайды;
- мәтінге талдау жасайды.

*Мәтінді оқып, мәтіннің идеясын, мақсатты аудиториясын «Үш жақты күнделік» әдісі арқылы анықтаңыз.*

### **Ұлы Жібек Жолы**

Ұлы Жібек Жолы – Қытай жерінен басталып, Қиыр Шығыс пен Еуропа елдеріне беттеген керуен жолы. Бұл жолдың басым бөлігі Орта Азия мен Қазақстан жерінің үстімен өтті.

Жібек Жолы б.з.д III ғасырда сауда магистралі ретінде пайда болып, XVI ғасырға дейін қызмет етті. Жібек Жолының бойында орналасқан көне қалалар бірталай соғыс, өрт, аштық, апат-ойрандардың куәсі болды.

Ұлы Жібек Жолы арқылы тек сауда жүйесі дамып қана қоймай, Шығыс пен Батыс өркениеті тоғысып, мәдениет және дипломатиялық қарым-қатынас орнады.

VI-VII ғасырларда Қытайдан бастау алған керуен Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан даласын кесіп өтетін. Отырар, Тараз, Сайрам (Испиджаб), Түркістан (Яссы), Суяб, Баласағұн т.с.с көне қалалар тек сауда ғана емес, мәдениет және ғылым орталықтары болды.

Ертеде Тараз қаласындағы сауда базарын көргендер «Тараз базары – әлем айнасы» дейтін. Себебі, бұл жақта кез келген дүниені айырбастауға, сату мен сатып алуға болатын. Мыстан жасалған тұрмыстық бұйымдар мен қару-жарақтар, киім-кешек пен ер-тұрмандар саудаға түсетін.

Отырар алқабына жүз елуден астам кішкентай қалалар кіретін. Бұл елді мекен қорған сарайларға бай болатын. Саудамен қатар, бұл аймақта білім мен ғылым саласы дамыды.

Түркістан (Яссы) ертеден «екінші Мекке» деп аталып кеткен. Бүгінгі таңда көне қала әлемдік туризм орталығына айналды.

Суяб пен Баласағұн қалаларында жыл сайын кең көлемде сауда жәрмеңкелері өткізілетін. Әр түрлі елден жиналған саудагерлер бас қосып, сауда қарым-қатынасын орнататын.

«Үш жақты күнделік» кестесін толтырыңыз.

Мәтіннің тақырыбы	Мәтіннен мысал/дәлел	Мақсатты аудиториясы
...		

...		
...		
<b>Мәтіннің идеясы</b>	<b>Мәтіннен мысал/дәлел</b>	<b>Мақсатты аудиториясы</b>
...		
...		
...		

## Оқылымнан кейінгі тапсырма



### Топтық жұмыс.

#### Дескриптор

- топқа қатысты сұрақпен танысады;
- сұраққа екі сөйлеммен жауап береді;
- өз пікірін білдіреді

*«Еркін микрофон» ойыны арқылы оқушылар шеңбер бойымен тұрып, «Біз «Ұлы Жібек жолына» қатысты өз тобына тиісті сұрақ бойынша қысқаша (екі сөйлеммен) түрде (позиция/себеп) өз көзқарасын білдіреді.*

**1-топ.** Біз «Ұлы Жібек жолы» туралы білеміз, оны қалай дәріптейміз?

Жауап:

1-сөйлем:

2-сөйлем:

**2-топ.** Біз «Ұлы Жібек жолы» туралы қандай тарихи деректерді білеміз?

Жауап:

1-сөйлем:

2-сөйлем:

**3-топ.** Біз «Ұлы Жібек жолы» туралы қызықты мәліметтерді қайдан ала аламыз?

Жауап:

1-сөйлем:

2-сөйлем:

**4-топ.** Біз «Ұлы Жібек жолын» насихаттау үшін не істей аламыз?

Жауап:

1-сөйлем:

2-сөйлем:

## Кері байланыс

- Ежелгі қалалар туралы не білдіңіз?
- Жібек жолының ерекшелігін айта аласыз ба?
- Жібек жолы сауда орнын жаңғыртуға бола ма?

Бөлім атауы «Қазақстанның ежелгі қалалары және Ұлы Жібек жолы» болғандықтан, сабақтың тақырыбы «Ұлы Жібек жолы» мәтініне негізделді. «7. 3. 4. 1 мәтіндердің идеясын, мақсатты аудиториясын салыстырып, талдау жасау» атты оқылым дағдысымен жұмыс тапсырмалары құрастырылды.

Оқылымалды тапсырмасының бірінші бөлімінде баланың қызығушылығын арттыру, оны тапқырлық пен жылдамдыққа бейімдеу мақсатында суреттер арқылы сабаққа болжам жасау көзделді. Екінші бөлімінде



ұяшықтарына әріптер жазылған кесте беріліп, ұсынылатын мәтінде кездесетін сөздерді анықтау тапсырылды. Бұл – баланы мәтінге жетелеудің жолы, өйткені мәтінде өзі білетін, өзіне таныс, өзі анықтаған сөздерді кездестіруі, оны білетіндігі баланың әрі қарай жұмыс жасау кезінде сенімді әрі еркін жұмыс жасауына септігін тигізетіні анық.

Оқылым тапсырмасы бойынша оқушыларға мәтінді мұқият оқу мен «Үш жақты күнделік» кестесін толтыру жұмысы тапсырылады. Бұл тапсырманың ерекшелігі – бала өз бетінше жұмыс жасап, мәтінді меңгеруі арқылы оқушыны өз бетінше жұмыс жасауға бейімдеу мақсаты нысанаға алынған.

Оқылымнан кейінгі тапсырма арқылы оқушылар топта бірлесе жұмыс жасайды. Бұл тапсырма арқылы оқушы екі сөйлеммен ғана әрі мәтін негізінде сұраққа жауап береді әрі өз пікірін білдіреді. Бұл тапсырма бойынша оқушының көсіліп сөйлеу, мәтін мазмұны арқылы бар білімін ортаға салу мүмкіндігі бар, алайда дескриптор бойынша тапсырма негізінде жұмыс жасау, нақтылыққа, жинақылыққа үйретеді.

**Бөлім атауы: Спорт және денсаулық күтімі**

**Сабақтың тақырыбы: Г.Головкин сұхбатындағы қанатты сөздер**

**Тыңдалым - 7. 1. 1. 1 мәтін үзінділері арқылы оқиғаның дамуын болжау;**

**Тілдік бағдар – 7. 5. 1. 5 етістік шақтарының (бұрынғы және ауыспалы өткен шақ) қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда қолдану**

**Тыңдалымалды тапсырма**

**Дескриптор**

- сурет арқылы болжам жасайды;
- сабақ тақырыбын анықтайды;
- сұрақтарға жауап береді.

**1-тапсырма. Суреттерге қарап, сабақтың тақырыбын анықтаңыз.**



**2-тапсырма. Геннадий Головкин кім, ол туралы не білеміз? Осы сұрақтарға жауап беріңіз.**

**Тыңдалым тапсырмасы**

**Дескриптор**

- мәтін үзіндісін түсінеді;
- оқиғаның дамуын болжайды;
- түпнұсқамен салыстырады.

*Г.Головкиннің сұхбат барысында берген қанатты сөздерінен тұратын үзіндіні тыңдап, болжам жасап, содан соң оны түпнұсқамен салыстырыңыз.*

### **Геннадий Головкиннің сұхбат беру сәтіндегі қанатты сөздері**

- Мен боксты таңдаған жоқпын, бокс \_\_\_\_\_.
- Шаршы алаңнан басқа жерде мен \_\_\_\_\_.
- Алғашқы жекпе-жегімде мен \_\_\_\_\_. Ол жеңіліс менің рухымды басқан жоқ. Керісінше осыдан кейін тынбай жаттығу \_\_\_\_\_.
- Жастық шағымда көп төбелестім. Көшедегі әр төбелесте өзіңнің мықты екеніңді дәлелдеу \_\_\_\_\_.
- Мен қарапайым \_\_\_\_\_ отбасынан шықтым. Дегенмен, әке-шешемді, туған қалам – \_\_\_\_\_.
- Мен әкем үшін жұдырықтасамын. Әр жекпе-жегімді - \_\_\_\_\_.
- Талант — адамның соры. Талантты адам белгілі бір деңгейден ары аса алмайды. Өмірде еңбекқор әрі төзімді адам көп \_\_\_\_\_.
- Мені «қорғанысқа көңіл бөлмейді» деп ойласаңыз – \_\_\_\_\_.
- Маған ерекше әсер қалдырған адам – \_\_\_\_\_.
- Кез-келген қарсыласты \_\_\_\_\_.

### **Түпнұсқа мәтіні.**

Геннадий Головкиннің сұхбат беру сәтіндегі қанатты сөздері:

- Мен боксты таңдаған жоқпын, бокс мені таңдады.
- Шаршы алаңнан басқа жерде мен қарапайым жігітпін.
- Алғашқы жекпе-жегімде мен жеңіліп қалдым. Ол жеңіліс менің рухымды басқан жоқ. Керісінше осыдан кейін тынбай жаттығу жасай бастадым.
- Жастық шағымда көп төбелестім. Көшедегі әр төбелесте өзіңнің мықты екеніңді дәлелдеу керек болатын.
- Мен қарапайым шахтердің отбасынан шықтым. Дегенмен, әке-шешемді, туған қалам – Қарағандыны мақтан тұтам.
- Мен әкем үшін жұдырықтасамын. Әр жекпе-жегімді сол кісіге арнаймын.
- Талант — адамның соры. Талантты адам белгілі бір деңгейден ары аса алмайды. Өмірде еңбекқор әрі төзімді адам көп жетістікке жетеді.
- Мені «қорғанысқа көңіл бөлмейді» деп ойласаңыз – қателесесіз. Бұл қарсыластың мысын басу үшін жасалатын тактика.
- Маған ерекше әсер қалдырған адам – жұбайым.
- Кез-келген қарсыласты жеңуге болады.

### **Тыңдалымнан кейінгі тапсырма**



## Топтық жұмыс.

*Г.Головкинге қатысты жазбаша және ауызша мәтінді бұрынғы өткен шақ пен ауыспалы өткен шақты қатыстырып құрыңыздар.*

### Дескриптор

- бұрынғы және ауыспалы өткен шақты біледі;
- бұрынғы және ауыспалы өткен шақты ажырата алады;
- ауызша және жазбаша үлгіде қолданады



*1,2-топ – жазбаша мәтін құрайды*

*3,4-топ – ауызша мәтін құрайды*

Г.Головкин

- /бұрынғы өткен шақ/
- /ауыспалы өткен шақ/

Ол

- /бұрынғы өткен шақ/
- /ауыспалы өткен шақ/

Әлем чемпионы

- /бұрынғы өткен шақ/
- /ауыспалы өткен шақ/

### Кері байланыс

- Спорт саласындағы жетістік қалай келеді деп ойлайсыз?

- Талантты болу маңызды деген пікірмен келісесіз бе?
- Осы сабақтан соң спортқа деген қызығушылығыңыз артты ма?

### Мұғалімге көмек

Бөлім атауы – «Спорт және денсаулық күтімі». Сабақ ретінде «Г.Головкин сұхбатындағы қанатты сөздер» атты мәтін негізіне құрылды. Мақсаттар:

**Тыңдалым** - 7. 1. 1. 1 мәтін үзінділері арқылы оқиғаның дамуын болжау;

**Тілдік бағдар** – 7. 5. 1. 5 етістік шақтарының (бұрынғы және ауыспалы өткен шақ) қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда қолдану

Тыңдалым алдында оқушыларға суреттер беріліп, сабақта қарастырылатын тақырып атауы, басты кейіпкер есімі анықталады. Одан соң, оқушыларға ол туралы не білетіндігін ортаға салу тапсырмасы орындалатылады.

Тыңдалым тапсырмасы бойынша оқушы мәтіннен тыңдаған ақпараттарын түртіп алып, аса маңызды әрі керекті ақпараттарды түсініп, оларға түртіп алып отыру табысталады. Ол мәліметтердің келесі тапсырма орындау барысында аса қажет екендігі ескертіледі.

Тыңдап болғаннан кейін оқушыларға кейіпкердің қанатты сөздерінің немесе ой-пікірі айтылған тұстары түсіріліп берілген қағаз таратылып, оқушыларға соны толтыру табысталады. Содан соң түпнұсқасы көрсетіліп, оқушылардың өз жұмыстарын өздері тексерулеріне мүмкіндік беріледі. Бұл тапсырма арқылы оқушы есте сақтау қабілетін, логикалық ойлау деңгейін шыңдауына көмек болады.

Тыңдалымнан кейін топтық жұмыс тапсырмалары берілді. Онда оқушылар мәтіндегі басты кейіпкер туралы сабақта қарастырылып отырған тілдік бағдар дағдысы бойынша бұрынғы және ауыспалы өткен шақ түрінде ойын жеткізу берілген кесте бойынша жүргізіледі. Бұл дағды арқылы оқушы шақ категориясын қайта есіне түсіріп, тапсырма арқылы оны сөйлеу барысында еркін қолдануына дағдыланатын болады.

**Бөлім атауы: Ғаламтормен дұрыс жұмыс жасау – мәдениет**

**Сабақтың тақырыбы: 30 қаңтар – бүкіләлемдік ғаламторсыз күн**

**Тыңдалым** - 7. 1. 3. 1 әлеуметтік-мәдени тақырыптарға байланысты қажетті сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіну;

**Айтылым** - 7. 2. 6. 1 кесте, диаграмма, шартты белгілер, суреттер мен сызбаларда берілген ақпаратты сипаттау

**Тыңдалым алды тапсырма**



**1-тапсырма.** **Топтық жұмыс.**

**«[learningapps.org](http://learningapps.org)» қосымшасында топта сілтеме арқылы сөздерді аудармасымен сәйкестендіріңіз.**

**Дескриптор**

- берілген сөздермен танысады;
- баламасын сәйкестендіреді;
- өмірмен байланыстырады

**Сөздік жұмысы**

<https://learningapps.org/display?v=pstnuomn320>

әлеуметтік желі	интернет желілері
тыйым салу	рұқсат бермеу
интернет тәуелділігі	интернетсіз жүре алмау
күн артқан сайын	күннен-күнге
тікелей-көрсетілім	тікелей эфир
әуестену	қызығу
арнайы тосқауылдар	парақшаны ашылмауы
бүкіләлемдік ғаламторсыз күн	дүние жүзі бойынша ғаламтор қосылмайтын күн

### Тыңдалым тапсырмасы

HYPERLINK "<https://mtrk.kz/kz/2016/01/29/qantardyn-30-y-buklalemdk-galamtorsyz-kun/>

Немесе

<https://mtrk.kz/kz/2016/01/29/qantardyn-30-y-buklalemdk-galamtorsyz-kun/>

### 30 қаңтар – бүкіләлемдік ғаламторсыз күн

#### Дескриптор

- тыңдалым материалының мазмұнын түсінеді;
- тыңдалым мазмұны негізінде сөздер мен сөз тіркесінің мағынасын түсінеді

### Айтылым тапсырмасы

#### Дескриптор


- шартты белгі, сурет бойынша ақпаратты анықтайды;
- берілген тақырып бойынша қойылым көрсетеді;
- тыңдалым мазмұнында айтылған сөздер мен сөз тіркестерін қолданады;
- өз өмірімен байланытырады

### Айтылым тапсырмасының тақырыбы:


«Интернет» тобы - 31 қаңтар күні – бүкіләлемдік интернетсіз күнінің сіздің отбасыңызда қабылдануы



«Инстаграм» тобы - Отбасындағы бала мен ата-ана арасында әлеуметтік желіге байланысты туындайтын жағдаят



«Ватцап тобы» – Оқушылардың сабақ үстінде әлеуметтік желіні жасырын қолдануына байланысты сыныпта туындаған жағдаят



Айтылымнан кейінгі тапсырма:

Бүгін сабақта тыңдалған, айтылған көрсетілген мәліметтерден кейін сіздің күнделікті әлеуметтік желіні қолдану тәртібіңізге қандай өзгеріс енгізе аласыз едіңіз?

Осы мәселеге байланысты ойыңызды төрт сөйлем әдісімен қорытындылаңыз.

### Дескриптор

- әлеуметтік желі туралы ойын айтады;
- «Төрт сөйлем» әдісін қолданады;
- қорытынды ойын білдіре алады

### «Төрт сөйлем» әдісі

1. **Пікір.** Олең идеясы мен тақырыбы бойынша өзіндік пікірін бір сөйлеммен жазады.
2. **Дәлел.** Пікірін бір сөйлеммен дәлелдейді.
3. **Мысал.** Пікірін өмірмен байланыстырып, мысал келтіреді.
4. **Қорытынды.** Тақырып бойынша қорытынды шығарады.

### Кері байланыс

- Әлеуметтік желі туралы қандай ой қалыптастыра алдыңыз?
- Әлеуметтік желіні қолдану тәртібіңізге өзгеріс енгізе аласыз ба?
- Интернет сіздің өміріңізде қаншалықты орын алады?

### Мұғалімге көмек

Бөлім атауы – «Ғаламтормен дұрыс жұмыс жасау – мәдениет», соған орай сабақтың тақырыбы: 30 қаңтар – бүкіләлемдік ғаламторсыз күн» болып отыр. Мақсаттар:

*Тыңдалым* - 7. 1. 3. 1 әлеуметтік-мәдени тақырыптарға байланысты қажетті сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіну және *Айтылым* - 7. 2. 6. 1 кесте, диаграмма, шартты белгілер, суреттер мен сызбаларда берілген ақпаратты сипаттау.

Тыңдалымалды тапсырмасы кезеңінде оқушыларға «learningapps.org» қосымшасында сөздердің баламасын сәйкестендіру тапсырмасы беріледі. Ол тапсырманы мүмкіндік болып жатса, оқушылар жеке ноутбукте орындауы мүмкін немесе тақтадағы экран арқылы оқушылардың көмегімен көрнекі түрде орындауға болады. Ол сөздермен жұмыс жүргізу – тыңдалым материалын тез түсінуге көмек береді.

Тыңдалым тапсырмасы арқылы тыңдалым материалының мазмұнын түсініп, оның мазмұны негізінде сөздер мен сөз тіркесінің мағынасын түсіну керектігі айтылған. Осыдан кейін «Айтылым» дағдысына қатысты тапсырма құрастырылған. Ол тапсырма арқылы оқушылар топқа бөлініп, тиісті сұрақтарға жауап беріп, талаптарды орындайды. «Интернет» тобы - 31 қаңтар күні – бүкіләлемдік интернетсіз күнінің оқушының отбасының қалай қабылданғанын айтса, «Инстаграм» тобы - отбасындағы бала мен ата-ана арасында әлеуметтік желіге байланысты туындайтын жағдаятты көрсетуі тиіс, «Ватцап тобы» – оқушылардың сабақ үстінде әлеуметтік желіні жасырын қолдануына байланысты сыныпта туындаған жағдаятты көрсетеді. Бұл оқушылардың осы

проблеманы сезінуіне итермелейді, оны сырттан бақылап, неге қоғамда өзекті екенін түсінуіне көмектеседі әрі сөйлеу дағдыларын қалыптастырады.

Айтылымнан кейінгі тапсырма бойынша бүгін сабақта тыңдалған, айтылған, көрсетілген мәліметтерден кейін өзінің күнделікті әлеуметтік желіні қолдану тәртібіне қандай өзгеріс енгізе алатыны туралы пікірін төрт сөйлем әдісімен қорытындылау талап етіледі. Оқушы осы сабақта әрі тілдік қорын байытып, оларды тыңдау әрі қолдану арқылы сабақ мақсатындағы дағдыларын шыңдайды, сонымен қатар өз өміріндегі жағдаяттарды аңғару арқылы өз ойы мен пікірін қалыптастыра алады.

**Бөлім атауы: Төрт түлік мал мен егіншілік – ел берекесі**

**Сабақтың тақырыбы: Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы**

**Тыңдалым - 7. 1. 6. 1** – тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде өз пікірін өзгелердің пікірімен салыстыра отырып жауап беру;

**Айтылым - 7. 2. 5. 1** – диалогке қатысушылар коммуникативтік жағдаяттың талаптарына сай "сөйлеуші →тыңдаушы" позицияларын еркін ауыстыру

**Тыңдалымалды тапсырма**

**Дескриптор**

- жаңа сөздермен танысады;
- баламасын сәйкестендіреді;
- сөз, сөйлем құрастыра алады

**Сөздердің аудармасын сәйкестендіру**

егінжай күні	ауылда жүргізілетін жұмыстар
ауыл шаруашылығы	астық
өнім	атаулы күн
мал шаруашылығы	жұмыс көлемі
жұмыс ауқымы	ақшасын алу
ғылым	мал бағу, мал өсіру
өндіріс қалтасын қағу	ілім, білім
қуаңшылық	ақша жұмсау
шығын	дәндер
тамшылатып суару	өсімдікті зерттейтін орын
егіншілік зертханасы	жауын-шашынның болмауы
дақылдар	аздап суару

**Дұрыс нұсқасы**

егінжай күні	атаулы күн
ауыл шаруашылығы	ауылда жүргізілетін жұмыстар
өнім	астық
мал шаруашылығы	мал бағу, мал өсіру
жұмыс ауқымы	жұмыс көлемі
ғылым	ілім, білім
өндіріс қалтасын қағу	ақшасын алу
қуаңшылық	жауын-шашынның болмауы
шығын	ақша жұмсау
тамшылатып суару	аздап суару
егіншілік зертханасы	өсімдікті зерттейтін орын
дақылдар	дәндер

**Тыңдалым тапсырмасы**





**Топтық жұмыс.** берілген сілтеме арқылы бейне материалды тыңдап, пікір білдіріп, өзгенің пікірін тыңдаңыздар:  
<https://www.youtube.com/watch?v=rEbnyOrXnCU>

### Дескриптор

- тыңдалым мазмұнына өз пікірін білдіреді;
- тыңдалым мазмұны бойынша өзгенің пікірін тыңдайды;
- пікірлерді салыстыра отырып жауап береді;
- қорытынды ой шығарады

**1-топ.** «Егін шаруашылығына «Егінжай күні» керек пе?» деген сұрақты негізге алып, топ мүшелерінің пікірін тыңдап, қорытынды ой арқылы жауап беріңіз.

**2-топ.** «Тамшылап суару қуаңшылықпен күресуге көмек бере алады ма?» деген сұрақты негізге алып, топ мүшелерінің пікірін тыңдап, қорытынды ой арқылы жауап беріңіз.

**3-топ.** «Егін шаруашылығына дронның қандай көмегі бар деп ойлайсыз?» деген сұрақты негізге алып, топ мүшелерінің пікірін тыңдап, қорытынды ой арқылы жауап беріңіз.

### Тыңдалымнан кейінгі тапсырма

#### Дескриптор

- сұрақты, мәселені түсінеді;
- "сөйлеуші →тыңдаушы" позициясын ауыстыра алады;
- өз ойын білдіре алады

Үш топтың арасында жағдаят талабына сай "сөйлеуші →тыңдаушы" позициясын еркін ауыстыра отырып, «Егіншіліктің ел экономикасына әсері» туралы ойларыңызды ортаға салыңыздар.

### Кері байланыс

- Егіншілік туралы қандай ой қорыта алдыңыз?
- Ауыл шаруашылығының маңызы туралы не білдіңіз?
- Осы сабақ сіздің ой-өрісіңізге ықпал ете алады ма?

### Мұғалімге көмек

Бөлім атауы – «Төрт түлік мал мен егіншілік – ел берекесі» бойынша сабақтың тақырыбы – «Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы» таңдалып алынды. Осы тақырып бойынша қарастырылатын мақсаттар – *Тыңдалым* - 7. 1. 6. 1 – тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде өз пікірін өзгелердің пікірімен салыстыра отырып жауап беру және *Айтылым* - 7. 2. 5. 1 – диалогке қатысушылар коммуникативтік жағдаяттың талаптарына сай "сөйлеуші →тыңдаушы" позицияларын еркін ауыстыру.

Тыңдалымалды тапсырмасы бойынша мәтінде кездесетін сөздермен танысып, олардың баламасын сәйкестендіреді. Оқушыны осы әдіс арқылы мәтінді тезірек түсінуге жетелейді.

Тыңдалым тапсырмасы арқылы оқушылар топта жұмыс жасап, бейнежазбада берілген материал негізінде құрастырылған сұрақтарды негізге алып, өз пікірін ортаға салып, өзгенің де пікірін тыңдауға бейімделеді. Сонымен қатар өз бетінше шешім қабылдап, ұсыныс жасауға дағдылана бастайды. Бұл баланың бойына сенімділік пен өз бетінше шешім қабылдай алу дағдыларын дамыта түседі.

Тыңдалымнан кейінгі тапсырма арқылы да айтылым дағдысы жүзеге асырылады. «Егіншіліктің ел экономикасына әсері» деген сұрақты негізге алып, осы сұраққа "сөйлеуші →тыңдаушы" позициясын ауыстыра отырып жауап беруге тырысады.

Оқушылар әрбір тапсырманы құрылған дескриптор негізінде жауап берумен қатар, тапсырманы қай деңгейде орындай алатыны бойынша өз-өзіне есеп бере алады.

**Бөлім атауы: Жастықтың оты қайдасың?**

**Сабақтың тақырыбы: М.Жұмабаев «Мен жастарға сенемін» өлеңі**

**Оқылым** – 7. 3. 3. 1 прозалық және поэзиялық шығармалардағы кейіпкердің іс-әрекетіне немесе лирикалық кейіпкердің образын талдау;


**Жазылым** – 7. 4. 3. 1 жазба жұмыстарында теңеу мен метафораны қолданып жазу

**Оқылымалды тапсырма**

**Дескриптор**

- суреттерге қарап ребусты шешеді;
- сабақтың тақырыбын анықтайды;
- метафора мен теңеу анықтамасымен танысады;
- метафора мен теңеуге мысал келтіреді

**1-тапсырма. Ребус шешу арқылы сабақтың тақырыбын анықтаңыз.**



**Шешуі: Мен жастарға сенемін**

**2-тапсырма.**

**Теңеу және метафораның анықтамасымен танысыңыз.**

**Метафора** – сыртқы және ішкі белгілеріндегі (тұлғасындағы, кимылындағы не атқаратын қызметіндегі т.б.) ұқсастыққа қарап, бір зат атауының басқа бір затқа атау болуына байланысты сөз мағынасының ауысуы болып табылады. Мағына ауысуының бұл тәсілінің негізінде ұқсату заңы жатыр.

**Теңеу** – заттың, құбылыстың ерекше белгілерін көрсетпей-ақ, оны басқа затпен, құбылыспен салыстыра суреттеу. Оның жасалу жолдары: -дай, -дей жұрнақтары арқылы, «секілді, сияқты» деген шылаулармен, «ұқсап, құсап» деген сөздер арқылы жасалады.

## Оқылым тапсырмасы

### Дескриптор

- өлеңді мәнерлеп оқиды;
- өлең мазмұнын түсінеді;
- лирикалық кейіпкерді анықтайды;
- лирикалық кейіпкердің ойы арқылы образын ашады

### Мен жастарға сенемін!!!

(М. Жұмабайұлы)

Арыстандай айбатты,  
Жолбарыстай қайратты,  
Қырандай күшті қанатты —  
Мен жастарға сенемін!

Көздерінде от ойнар,  
Сөздерінде жалын бар.  
Жаннан қымбат оларға ар,  
Мен жастарға сенемін!

Жас қырандар — балапан,  
Жайып қанат, ұмтылған.  
Көздегені көк аспан,  
Мен жастарға сенемін!

Жұмсақ мінез жібектер,  
Суттей таза жүректер,  
Қасиетті тілектер —  
Мен жастарға сенемін!

Тау суындай гүрілдер,  
Айбынды алаш елім дер,  
Алтын Арка жерім дер,  
Мен жастарға сенемін!

Қажу бар ма тұлпарға,  
Талу бар ма сұңқарға?!  
Иман күшті оларда,  
Мен жастарға сенемін!..

Алаш — айбынды ұраны,  
Қасиетті құраны.  
Алаштың олар құрбаны,  
Мен жастарға сенемін!

Мен сенемін жастарға:  
Алаш атын аспанға  
Шығарар олар бір таңда,  
Мен жастарға сенемін!

### Оқылымнан кейінгі тапсырма

*Өлең мазмұнына сай авторға, М.Жұмабаевқа хат жазыңыз.*

#### Дескриптор

- хат үлгісімен танысады;
- авторға хат жаза алады;
- хат құрылымын сақтай алады;
- 1 метафора мен 3 теңеуді қолданады;



#### Кері байланыс

- Хат хазу барысында қандай сезімде болдыңыз?
- М.Жұмабаевтың өлеңі сізге қалай әсер етті?
- Өлең мазмұнына сай қандай міндеттеме қабылдар едіңіз?

#### Мүғалімге көмек

Бөлім атауы – «Жастықтың оты қайдасың?», сабақтың тақырыбы: М.Жұмабаев «Мен жастарға сенемін» өлеңі.

Осы сабақтың мақсаттары –

Оқылым – 7. 3. 3. 1 прозалық және поэзиялық шығармалардағы кейіпкердің іс-әрекетіне немесе лирикалық кейіпкердің образын талдау

Жазылым – 7. 4. 3. 1 жазба жұмыстарында теңеу мен метафораны қолданып жазу.

Оқылымалды тапсырмасының бірінші бөлімі бойынша М.Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» өлеңін «Ребус» арқылы анықтатып, оқушының сабаққа деген қызығушылығын арттыру көзделсе, екінші бөлімінде жазылым мақсатына сай теңеу және метафораның анықтамасын еске түсіріп, танысу жоспарланған.

Оқылым тапсырмасы арқылы өлеңді түсініп оқу, кейіпкерді анықтау, кейіпкердің ойы арқылы автордың образын ашу мақсаты алға қойылды. Оны оқушы өлеңді бірнеше рет оқып, дескриптор бойынша орындап, өзін бағалап, тексеріп отыруы керек.

Оқылымнан кейінгі тапсырмада жазылым дағдысы жүзеге асырылуы керек. Жазылым бойынша құрылымы мен мазмұнын сақтай отырып, өлең авторын метафора мен теңеуді қатыстыра отырып жазу тапсырмасы беріледі. Оны оқушы дескрипторға сай орындауы керек.

**Бөлім атауы: Жастықтың оты қайдасың?**

**Сабақтың тақырыбы: 12 тамыз – халықаралық жастар күні**

**Тыңдалым** – 7. 1. 2. 1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың өзектілігін анықтау;

**Жазылым** – 7. 4. 4. 1 тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап, презентация түрінде ұсыну

**Тыңдалым алды тапсырма**

**Берілген суреттермен танысып, тақырыппен және тыңдалым материалымен байланыстырып, болжам жасаңыз.**

**Дескриптор**

- суреттермен танысады;
- сабақ тақырыбымен байланыстыра алады;
- тыңдалым мазмұнына болжам жасайды.



**Тыңдалым тапсырмасы**

**Мәтінді тыңдап, «FILA» кестесін толтырыңыз.**

<https://www.youtube.com/watch?v=TaajWDFQkGY> Жастар күні 10 күн аталып өтеді

**Дескриптор**

- тыңдалым мазмұнын түсінеді;
- ақпарат, деректермен танысады;
- мәселенің мақсаты мен өзектілігін анықтайды;
- мәтін бойынша сұрақ, жоспар құра алады

**«FILA» кестесін толтыру**

Facts (мәтіндегі фактілер)	Ideas (мәтіннің идеясы)	Learning issues (сұрақтар)	Action plan (әрекет жоспары)
1.		1.	1.
2.		2.	2.
3.		3.	3.
...		...	...

**Тыңдалымнан кейінгі тапсырма**

**Тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап, «12 тамыз – халықаралық жастар күніне» орай мектеп іс-шарасын презентация түрінде ұсыныңыз.**

**Дескриптор**

- мәліметтерді жинақтай алады;
- презентация құрылымын біледі;
- іс-шара атауларын біледі;
- «Жастар күнінің» атап өтілуін түсіндіре алады.

#### **Кері байланыс**

- «Халықаралық жастар күні» қажет деп ойлайсыз ба?
- «Жастар күнін» өткізу жастарға қалай әсер етуі мүмкін?
- «Жастар күнінен» кейін сіз өзіңізді өзгерте аласыз ба?

#### **Мұғалімге көмек**

Бөлім атауы – «Жастықтың оты қайдасың?», сабақтың тақырыбы – «12 тамыз – халықаралық жастар күні». Сабақтың мақсаты – *Тыңдалым* – 7. 1. 2. 1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың өзектілігін анықтау мен *Жазылым* – 7. 4. 4. 1 тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап, презентация түрінде ұсыну.

Тыңдалым алды тапсырмасы бойынша берілген суреттермен танысып, тақырыппен және тыңдалым материалымен байланыстырып, болжам жасау тапсырмасы берілді. Бұл – баланың қызығушылығын ояту үшін қолданылған әдіс.

Тыңдалым тапсырмасында оқушы бейнежазбаны тыңдап болғаннан кейін «FILA» кестесін толтырып, түсінгені бойынша негізгі идеясын, көтерілген мәселені анықтап, сұрақтар мен жоспар құрады. Бұл баланың сыни тұрғыдан ойлау дағдысы мен мәселе арқылы ой-өрісінің дамуына септігін тигізеді.

Тыңдалымнан кейінгі тапсырма арқылы тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап, «12 тамыз – халықаралық жастар күніне» орай мектеп іс-шарасын презентация түрінде ұсыну тапсырмасы беріледі. Оны оқушы дескрипторға сүйене отырып орындайтын болады. Бұл тапсырма бойынша оқушы өзінің шығармашылық қабілеттерін дамыта алады, себебі іс-шараны ұйымдастырып, сценарийін құру, іс-шара жүйесін сақтау, оны жүзеге асыру жолдары т.с.с. бір ізге қою креативтілікті талап етеді.

**Бөлім атауы: Ғылым мен техниканың соңғы жаңалықтары**

**Сабақтың тақырыбы: Ғылымдағы соңғы жаңалықтар**

*Оқылым* – 7. 3. 6. 1 тақырып бойынша деректер қолдана отырып мәтінде көтерілген мәселеге өз ойын дәлелдеп жеткізу

#### **Оқылымалды тапсырма**


*Берілген суреттер мен тақырыптарды байланыстырып, өз ойларыңызды білдіріңіздер.*

#### **Дескриптор**

- суреттермен танысады;
- суреттерді тақырыптармен байланыстырады;
- жаңа технология туралы айта алады;



Электр шамының қандай зияны бар?



Нанаробот емдейді



Жанармайдың жаңа түрі

## Оқылым тапсырмасы



Топтық жұмыс.

### Дескриптор

- топта мәтін мазмұнын түсінеді;
- деректерді анықтай алады;
- топтар «JNSERT» кестесін толтырады;
- мәтінде көтерілген мәселеге өз ойын білдіре алады

### 1-топ

#### Электр шамының қандай зияны бар?

Электр қуатын үнемдейтін шамдар кең көлемде қолданысқа енгелі бері оны жинап, жою өзекті мәселеге айналып отыр. Мұндай шамдар құрамында белгілі дәрежеде сынап болғандықтан, оны кәдімгі қоқыс жәшіктеріне тастай салуға болмайды. Таяуда қазақ ғалымдары осы мәселенің оң шешімін тапты.

«Жер туралы ғылым, металлургия және қайта өңдеу» АҚ-ы мен «Парасат» мемхолдингі ғалымдары электр қуатын беретін ескі шамдарды қайта өңдеудің жолын ойлап тапқандарын мәлім етті. Отандық ғалымдардың ойлап тапқан жаңа қондырғысы шамдардың құрамындағы улы заттарды бөліп алып, қоршаған ортаға келтіретін зиянын толықтай жояды. Бүгінде қондырғы «Астана – жаңа қала» еркін экономикалық аумағында орнатылуда. Мамандар қондырғы бір тәулікте 4 мың шамды өңдейтін мүмкіндікке ие екенін айтады.

### 2-топ

#### Нанаробот емдейді

Таяуда Сан-Диего қаласының медицина мамандары нанороботтың көмегімен адамның ауырған жеріне қажетті дәріні дәл жеткізу сынағы сәтті іске асқанын мәлім етті. Жалпы нанороботты медицина саласында пайдалану мәселесі көптен бері сөз болып жүр.

Ғылыми-тәжірибелік жұмыс зертханалық жағдайда жүзеге асқан. Ғалымдар бұлшық еттің ауырған жеріне нанороботтың көмегімен қажетті дәріні дәл жеткізіп, басқа аумақтарға дәрінің кері әсер етуіне жол бермеген. Ғалымдар алдағы уақытта нанороботтардың көмегімен түрлі ауруларды емдеуге



болатынын жеткізді. Бірінші кезекте нанороботтар түрлі ісік ауруларын емдеуге кең көлемде қолданылуы мүмкін.

### 3-топ

#### Жанармайдың жаңа түрі

Алматылық ғалым Жәнібек Шәмелханов табиғи май көздерінен дизель отынын алатын жаңа қондырғы ойлап тапты. Өнертапқыш туындысы қалалы жердегі экологиялық мәселелерді шешуге септеседі.

Жаңа қондырғыдан қажетті отын алу үшін шикізат ретінде кез келген өсімдік майының қалдықтарын пайдалануға болады. Өнертапқыш алдағы уақытта қондырғының жұмыс істеуі үшін қажетті өсімдік майы қалдықтарын қаладағы қоғамдық тамақтандыру орталықтарынан алмақшы. Сондай-ақ, мақта майын да кең көлемде қолданып, жанармайдың құнын төмендетуге болады екен. Ж.Шәмелханов ойлап тапқан қондырғысы арқылы осы күнге дейін 20 тонна дизель отынын өндіріп шығарғанын мәлім болды.

Өзге минералды жанармайлармен салыстырғанда, дизель отынының жаңа түрінің жанғыштық қасиеті мен тиімділігі ғалымның назарын аударған. Оның үстіне, жанармайдың құрамында қоршаған ортаға залал келтіретін ауыр металл мен күкірт мүлде жоқ.

Әр топ өз мәтіні негізінде толтырады.

«JNSERT» кестесі

Білетінім	Білгеніме сәйкес келмейтіні	Мен үшін жаңалық	Таңқалдырды

### Оқылымнан кейінгі тапсырма



#### Топтық жұмыс.

*Ғылым мен техника жаңалықтарының күшті және әлсіз тұстарын, мүмкіндіктері мен қауіптерін «SWOT» талдау арқылы анықтаңыз.*

#### Дескриптор

- ҒЫЛЫМ МЕН ТЕХНИКА жаңалықтарын біледі;
- күшті және әлсіз жағын анықтай алады;
- мүмкіндіктері мен қауіптерін болжайды;
- өз ойын білдіреді

### SWOT талдау

STRENGTHS Күшті жақтары	WEAKNESSES Әлсіз тұстары
OPPORTUNITIES Мүмкіндіктер	THREATS Қауіптер

## Кері байланыс

- ҒЫЛЫМ МЕН ТЕХНИКАНЫҢ жаңалықтары қаншалықты қажет?
- сіз ғалым болсаңыз, қандай жаңалық ашар едіңіз?
- жаңалық ашқан адам қандай болады деп ойлайсыз?

## Мұғалімге көмек

Бөлім атауы – «Ғылым мен техниканың соңғы жаңалықтары», сабақтың тақырыбы – «Ғылымдағы соңғы жаңалықтар», сабақтың мақсаты – Оқылым – 7. 3. 6. 1 тақырып бойынша деректер қолдана отырып мәтінде көтерілген мәселеге өз ойын дәлелдеп жеткізу.

Оқылымалды тапсырма бойынша оқушылар берілген суреттер мен тақырыптарды байланыстырып, өз ойларын білдіреді.

Оқылым тапсырмасы топтық жұмысқа негізделеді, яғни әр топқа белгілі сабақтың тақырыбына орай бір тақырып беріліп, «JNSERT» кестесін толтыру тапсырмасы беріледі. Осы тапсырманы орындау арқылы топ мүшелері мәтін мазмұнын қалай түсінгендігін біледі әрі сыныпқа мәтін мазмұнын түсіндіру мүмкіндігіне ие болады.

Оқылымнан кейінгі тапсырмасы топтық жұмысқа негізделген. Бұл тапсырма бойынша ғылым мен техника жаңалықтарының күшті және әлсіз тұстарын, мүмкіндіктері мен қауіптерін «SWOT» талдау арқылы анықтайды. Бұл әдіс оқушыны сыни тұрғыдан ойлауға, ғылым мен техника жаңалықтарының болашағына болжау жасауына мүмкіндік береді.

## Бөлім атауы: Батыр туса – ел ырысы

### Сабақтың тақырыбы: «Ақиқат пен аңыз» қалай дүниеге келді?

*Айтылым* - 7. 2. 1. 1 мақал-мәтелдерді орынды қолдана отырып, мәтін мазмұнын дамыту

### Айтылымалды тапсырма.

#### Дескриптор

- суреттермен танысады;
- суреттер арқылы сөйлем құрайды;
- сөз тіркесін құрай алады

**1-тапсырма. Суреттерді бір-бірімен байланыстыра отырып, 4-5 сөйлем сөйлем құраңыз.**



**2-тапсырма. Жаңа сөздермен танысып, сөз тіркесін, сөйлем құраңыз.**

тағдыр	адам өмірі
марқұм	қайтыс болған адам
арыстанның жалы	арыстанның ерекшелігі
мұрт	ер адамның ерекшелігі
дат	жазалау алдында айтылатын соңғы сөз

**Айтылым тапсырмасы****Дескриптор**

- мәтін мазмұнын түсінеді;
- мәтін мазмұнын талдайды;
- кесте бойынша жұмыс жасай алады

**1-тапсырма. Мәтінді топта мұқият оқып, төменде берілген кестені толтырыңыздар.****«Ақиқат пен аңыз» қалай дүниеге келді?**

Мені сол Ұлы Баукеңмен Тағдыр табыстырды. Олай дейтінім Баукең 60 жасқа толарда маған «Жұлдыз» журналының редакциясынан телефон соғылды. Редактордың орынбасары жазушы Жәкеш Тілеков марқұм Баукеңнің 60 жылдығына арнап, мақала жазып беруді ұсынды. Мен бас тарттым. Ол кісімен сөйлесу қиын екенін, әскери атағы үлкен Баукең туралы жазу қолымнан келмейтінін айттым.

– Маған Баукеңе бар дегенше, зоопарктегі темір торда тұрған арыстанның жалынан сипап кел деңіздер. Мен ол өтініштеріңізді орындайын, – дедім. Ақыры көнуге тура келді. Баукеңнің алдында бір кіріп шығу үшін бір айдан аса әзірлік жасадым. Баукеңнің өз жазғандарын, ол кісі туралы жарияланғандардың бәрін түгел оқып шықтым... Оларды 2-3 бет етіп, машинкаға басып алдым. Баукеңе бардым. Ол кісі бас-аяғыма қарады.

– Шаруанды айт, – деді.

– Журнал сіз туралы мақала жазуды тапсырған еді. Сіз жайында айтылмаған ештеңе қалмаған сияқты. Не жазарымды білмей, өзіңізбен ақылдасуға келіп тұрмын, – дедім.

– Білмесен: Кругом!.. – деді Баукең тікенең мұрты тікірейіп. Мен есікке қарай «Кругом» бұрылдым. Бұрыла бере:

– Бауке, дат! – дедім. «Дат!» деген сөзім ұнады ма, білмеймін, Баукең күліп жіберді.

– Датың болса – айт! – деді содан соң сәл жұмсарып. Мен теріс қараған күйімде пиджагімнің ішкі қалтасынан әзірлеп әкелген сұрақтарым жазылған қағазымды суырып алып, жоғары көтердім.

– Сізге арнап әкелген сұрақтарым бар еді? – дедім.

– Ендеше бері бұрыл, – деді Баукең. Бұрылдым. Баукең қолын созды. Мен қағазымды бердім. Баукең қағазды асықпай қарап шықты. Шықты да:

– Это серьезно! – деді. – Отыр, – деп орындықты нұсқады. Сол отырғаннан мен Баукеңнің қасында төрт жыл отырдым. «Ақиқат пен аңыз» дүниеге келді. Дүниеге жаңа кітап қана келген жоқ. Онымен бірге, «жақсыдан – шарапат» дегендей, қазақ әдебиетіне «роман-диалог» деген жанр. Егер мен Баукеңмен сұхбаттаспасам, мұндай жанр ешқашанда болмас еді деп ойлаймын.

**Әзілхан Нұршайықов**

**«Өнегелі өмір» сериясымен шыққан кітаптар топтамасынан**

**Бір рет оқығаннан кейін кестені толтырып, сыныпқа оқып беру.**

Топтың оқылымнан білген үш жаңалығы

1	2	3
Топтың оқылым туралы екі ұсынысы		
1	2	
Топтың оқылымға қатысты бір сұрағы		
1		

## Айтылымнан кйінгі тапсырма

### Дескриптор

- мақал-мәтелдермен танысады;
- мазмұнын түсінеді;
- өз ойын білдіре алады

### 1-тапсырма. Берілген ерлік туралы мақал-мәтелдермен танысып, есте сақтаңыз.

- 1) Еліңді сүйсең, ерлік істейсің.
- 2) Ел үмітін ер ақтар,  
Ер атағын ел сақтар.
- 3) Ел үмітін ер ақтар,  
Ер атағын ел сақтар.

### 2-тапсырма. Есте сақтаған мақал-мәтелдерді қатыстырып, «Ақиқат пен аңыз» роман-диалогіне қатысты өз ойларыңызды 3-4 сөйлеммен білдіріңіздер.

### Кері байланыс

- Бүгінгі сабақтан Б.Момышұлы мен Ә.Нұршайықов туралы не білдіңіз?
- Бүгінгі сабаққа қандай қанатты сөз сәйкес келеді деп ойлайсыз?
- Қазіргі таңда ерлік жасап, атақты болуға болады ма?

### Мұғалімге көмек

Бөлім атауы – «Батыр туса – ел ырысы», сабақтың тақырыбы – «Ақиқат пен аңыз» қалай дүниеге келді?» .

Сабақтың мақсаты

Айтылым - 7. 2. 1. 1 мақал-мәтелдерді орынды қолдана отырып, мәтін мазмұнын дамыту.

Айтылымалды тапсырманың бірінші бөлімінде оқушы суреттерге қарап, 3-4 сөйлем құрастыруы тиіс, өйткені берілген суреттер оқушы білуге тиіс мәліметтерден құралған. Ал екінші бөлімі бойынша жаңа сөздермен, олардың баламасымен танысатын болады. Бұл тапсырмалар арқылы оқушыларды берілетін оқылымға бір табан жақындату, олардың оқылым материалының мазмұнын тез түсініп, меңгеруіне жағдай жасау.

Айтылым тапсырмасы бойынша оқылым мәтінінен үш жаңалық, екі ұсыныс, бір сұрақ құрастыру тапсырмасы топтық жұмыс ретінде ұсынылады. Осы жұмыс арқылы оқушы топта жұмыс істеуге, коммуникативтік қарым-қатынас орнатуға, бірін-бірі тыңдап, келісімге келуге және дескриптор шегінен шықпауға дағдыланатын болады.

Айтылымнан кейінгі тапсырманың бірінші бөлімінде берілген ерлік туралы мақал-мәтелдермен танысады да, екінші бөлімінде есте сақтаған мақал-мәтелдерді қатыстырып, «Ақиқат пен аңыз» роман-диалогіне қатысты өз ойларын 3-4 сөйлеммен білдіру жұмысы беріледі. Бұл тапсырма арқылы оқушының сабақты қаншалықты меңгергендігін және қай деңгейге жеткендігін анықтауға болады.

Ал енді кері байланыстағы сұрақтары арқылы баланың сабаққа деген пікірі, сабақ тақырыбының басты кейіпкерлері туралы ойларын білуге болады.

## 8- сынып 8-сынып

**Бөлім тақырыбы:** Білім. Ғылым. Инновация

**Бөлімше тақырыбы:** Электронды кітапхананы пайдаланамын.

**Оқу мақсаты:**

**Тыңдалым.** 8. 1. 1. 1 мәтін тақырыбы, тірек сөздер, иллюстрациялар арқылы көтерілетін мәселені болжау

**Айтылым.** 8. 2. 6. 1 8. 2. 5. 1 пікірталасқа қатысушылар берілген тақырып бойынша өз пікірлерін сенімді дәлелдеу және қойылған сұрақтарға еркін жауап беру

**Сабақтың мақсаты:**

- мәтін тақырыбы, тірек сөздер, иллюстрациялар арқылы көтерілетін мәселені болжайды;
- тақырып бойынша өз пікірлерін сенімді дәлелдейді;
- сұрақтарға еркін жауап береді.

**Тыңдалым алды тапсырма:**


Мәтінді тыңдар алдында оқушылар алдымен иллюстрациялар арқылы мәтіндегі көтерілетін мәселені болжайды. Таныс емес сөздерге мұғалім көмегімен аударма жасайды.



**Тыңдалым тапсырмасы:**

<https://youtu.be/M6q8vXIqWS4?si=7c6y65d37U5k-b8v>

**Жана сөздер тізбегін толтыр:**



### Дескриптор:

- жаңа сөздерді теріп жазады;
- аудармасын табады;
- сөйлеу барысында қолданады.

А мәтіні	Ә мәтіні
Өткен ғасырда кітапхананы «кітап ғибадатханасы» деп атайтын. Өйткені кітапханалар тек кітап, газет-журнал сынды басылымдарды сақтау, оларды оқырманға уақытша пайдалануға ұсыну орталығы ғана болды. Жазушылардың шығармалары қатаң цензурадан өтіп, <b>баспадан</b> жарыққа шыққан соң кітапханаларға жоспар бойынша түсіп тұрды. Сол кездегі кітапхана жалғыз ғана ақпарат орны болатын. Білімді кітаптан, ақпаратты газет-журналдардан алатынбыз.	Бүгін біз керекті ақпаратқа, ән-күйге, фильмдерге үйде отырып-ақ қол жеткізе аламыз. Соның бәрі айналып келгенде кітапхана үшін бәсекелестік ортаны қалыптастырады. Мысалы, кез келген азамат интернеттен қызықтырған ақпаратын өзі таңдап алады, ешкімнен рұқсат сұрамайды. Яғни <b>оқырман</b> өзі <b>сөрелерге</b> барып, қалаған кітап, газет-журналдарды қарап, керегін таңдап алады. Сол кезде қолға алған RFID технология негізінде әр кітап магниттік чиппен қамтылған, кез келген кітапхана пайдаланушысы электронды <b>оқырман билетімен</b> кіріп, үйге оқуға алған кітаптарын кітапханадағы арнайы терминал арқылы өзі тіркеп, соңынан өзі қайтарады. Әрине, қажет болса, <b>кітапханашы</b> көмегіне жүгінеді.

### Сұрақтар:

- «Кітап ғибадатханасы» деген сөзді қалай түсінесің?
- Білімді, ақпаратты біз қайдан аламыз?
- Электронды оқырман билеті деген не?
- Сен кітапханаға жиі барасың ба?

### Дескриптор:

- мәтінді түсініп оқиды;
- сұрақтарға жауап береді;
- өз ойларын ортаға салады.

#### III деңгей

- Мәтінде не туралы айтылған?
- Бұрын кітапхананың міндеті қандай болды?
- Оқырман билеті не үшін керек?

#### II деңгей Сөйлемді толықтыр.

- Өткен ғасырда ..... деп атайтын.

- Кез келген кітапхана пайдаланушысы.....кіреді.
- Жазушылардың шығармалары қатаң цензурадан өтіп..... жоспар бойынша түсіп тұрды.

### **I деңгей**

**«Мен электронды кітап оқимын» немесе «Мен кітапхананы таңдаймын»** тақырыбында сынып ішінде пікірталас ұйымдастырындар.

- Тақырып бойынша өз пікірлерін сенімді дәлелдеу;
- Қойылған сұрақтарға еркін жауап беру;
- Электронды кітап оқу мен кітапхана оқырманы болудың қандай айырмашылығы мен тиімділігі бар?

### **Дескриптор:**

- Өз пікірін сенімді дәлелдейді;
- Сұрақтарға еркін жауап береді;
- Ойын еркін жеткізеді.

**Түсіндірме.** 8-сынып бойынша Білім. Ғылым. Инновация. бөлімінен «Электронды кітапхананы пайдаланамын» тақырыбы таңдап алынды. Мәтін тақырыбын түсіндіруде тыңдалым алды тапсырмасы иллюстрациялар арқылы көтерілетін мәселені болжау мақсатында ұсынылды. Тыңдалым мәтініндегі жаңа сөздерге түсініктеме беріледі, мұғалімнің көмегімен аударма жасайды. Сол арқылы оқушы жаңа сөздер тізбегін жасап, кестені өзі толтырады.

Тапсырма қарапайымнан күрделіге бағытталады. Мәтінді түсініп оқып, өз ойларын ортаға салады, жаңа сөздермен танысады, мәнін түсінеді. Тақырыпты түсініп оқып, деңгейлік тапсырмаларды орындайды. «Мен электронды кітап оқимын» немесе «Мен кітапхананы таңдаймын» тақырыбында пікірталас ұйымдастыру арқылы оқушы көзқарасы мен тақырыпқа сай ойы қалыптасады.

**Бөлім тақырыбы:** «Сауда жасай білесің бе?»

**Бөлімше тақырыбы:** Ақшаны үнемдеп ұстайсың ба?

**Оқу мақсаты:**

**Тыңдалым.** 8.1. 6. 1 Тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде деректерді келтіре отырып, дәлелді жауап беру

**Жазылым.** 8. 4. 5. 1 тақырып бойынша сөздердің маңызды бөліктерін дұрыс жазу (жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздер)

**Бөлім тақырыбы:** «Қазақстанның су ресурстары. Ә. Нұрпейісов «Қан мен тер» романы»

**Бөлімше тақырыбы:** Су бар жерде – дәулет бар

**Оқу мақсаты:**

**Тыңдалым.** 8. 1. 1. 1 мәтін тақырыбы, тірек сөздер, иллюстрациялар арқылы көтерілетін мәселені болжау

**Жазылым.** 8. 4. 5. 1 тақырып бойынша сөздердің маңызды бөліктерін дұрыс жазу (жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздер)

**Сабақтың мақсаты:**

- мәтін тақырыбы, тірек сөздер, иллюстрациялар арқылы көтерілетін мәселені болжайды.
- Тақырып бойынша сөздердің маңызды бөліктерін дұрыс жазады.



## **Тыңдалым алды тапсырма**

Мәтінді тыңдар алдында оқушылар алдымен мәтінге арналған тапсырманы және сұрақтарды оқып, талқылайды. Таныс емес сөздерге мұғалім көмегімен аударма жасайды.

### **Жаңа сөздер:**

шыныдай – как стекло

тынбай – непрерывно

кеңею – расширяться

жалқауланбау – не лениться

мұрат – цель

жету – достигнуть

тоқталып қалма – не останавливайся

### **Дескриптор:**

- жаңа сөздермен танысады;
- аудармасын табады;
- сөйлеу барысында қолданады

## **Тыңдалым тапсырмасы.**

<https://youtu.be/NVoa2F2qpf?si=NMUy TZyt--ABStq>

### **Таза бұлақ**

Үш жолаушы бір бұлақтың қасына келеді. Бұлақ бір тастақ жерден шығып жатыр екен. Айнала қалың ағаш, жапырақтары бұлақтың үстіне төгілген, суы мұздай салқын, шыныдай мөлдір, өте таза бұлақ екен.

Бұлақтың қайнап жатқан көзіне жақын қазандай бір тасты қойыпты да, тасқа:

-Ей, жолаушы, болсаң, осы бұлақтай бол, — деп жазыпты.

Жолаушы бұлақтан шөлі қанғанша су ішеді, тастағы жазуға көзі түседі.

Сонда жолаушы былай ойлайды:

Бұл жазылған сөз - ақыл сөз екен. Бұлақ күні-түні тынбай ағып, алыс жерлерге барады. Бара-бара кеңейіп, үлкейеді. Бұған жол-жөнекей кішкене бұлақтар қосылып, сөйте бара, үлкен өзен болып кетеді. Бұдан мынадай ғибрат алуға болады. Сондай адал қызмет қыл, еш уақытта жалқауланба, тоқталып қалма, сөйтсең, ақырында сен де үлкейіп, мұратына жетесің дегені деп білемін, - деп ойлайды жолаушы.

(Б. Алтынсарин)

### **Сұрақтар:**

1. Тастақ жерден шығып жатқан бұлақтың суы қандай еді?
2. Бұлақтың қасында жатқан таста қандай жазу болған?
3. Бұл жазудан жолаушы қандай ғибрат алған?

### **Дескриптор:**

- мәтінді түсініп оқиды;
- сұрақтарға жауап береді;
- өз ойларын ортаға салады;

## **III деңгей**

**Сөйлемді аяқтап жазындар.**

Бұлақтың суы - ..... .

Таста былай жазылыпты: «...».

Бұл жазылған сөз - ..... .

Бұдан мынадай ғибрат алуға болады: - ..., ..., ... .

Бұлақ дегеніміз не?

## II деңгей

1. Мәтінге күрделі жоспар құрыңдар.
2. Мәтіннен тірек сөздерді теріп жазып, бірнеше сөйлем құраңдар.

## I деңгей

«Адал қызмет қыл, еш уақытта жалқауланба, тоқталып қалма, сөйтсең, ақырында сен де үлкейіп, мұратына жетесің» деген ғибрат сөзді қалай түсінесіңдер?

Өз пікірлеріңді тарқатып жазыңдар.

### Дескриптор:

- сөйлемді аяқтайды;
- жоспар бойынша мазмұнын әңгімелейді;
- тірек сөздерді теріп жазады;
- сөйлем құрайды;
- пікірін тарқатып жазады:

**Түсіндірме.** 8-сынып бойынша «Қазақстанның су ресурстары. Ә. Нұрпейісов «Қан мен тер» романы», «Су бар жерде – дәулет бар» бөлімшесі таңдап алынды. Мәтін тақырыбы, тірек сөздер, иллюстрациялар арқылы көтерілетін мәселені болжау мақсатында деңгейлік тапсырмалар ұсынылды.

Тыңдалым алды тапсырмада оқушыларға жаңа сөздердің аудармасы түсіндіріліп, болжау картасы ұсынылады. Тыңдалым тапсырмасында Мәтін тақырыбы, тірек сөздер, иллюстрациялар арқылы көтерілетін мәселені болжау мақсатында сұрақтар берілді. Ары қарай деңгейлі тапсырмалар беріліп, білім алушының мәтін мазмұнын түсінуіне, тақырып туралы өз пікірін білдіруіне ықпал жасайтын тапсырмалармен қамтылды. Мәтін бойынша сөйлемді аяқтап жазу оқушыны ұқыптылыққа, ізденімпаздыққа баулиды.

**Бөлім тақырыбы:** «Қазақстанның су ресурстары. Ә. Нұрпейісов «Қан мен тер» романы»

**Бөлімше тақырыбы:** Су бар жерде – дәулет бар

### Оқу мақсаты:

**Айтылым.** 8. 2. 4. 1 идеялық жағынан ұқсас мәтіндердегі оқиғалар желісіне бақылау жасай отырып, мазмұнның дамуын салыстыру және талдау;

**Оқылым.** 8. 3. 6. 1 тақырып бойынша бірнеше мәтінде көтерілген мәселелерді салыстыра отырып, баға беру

### Сабактың мақсаты:

- мәтіндерді салыстырады, талдау жасайды. Тақырып бойынша мәтінде көтерілген мәселелерді салыстырады, баға береді.

## Оқылым тапсырмасы

## **Мәтін №1**

Қазақ халқы суды қадірлеумен қатар оны жалпы халыққа, тіршілікке, орман-тоғай, өсімдіктер дүниесіне ортақ тіршілік беруші деп қараған. Су бермей, судан торықтыру ең үлкен қылмыс саналған. Сол үшін атам заманнан бері қазақ үйіндегі су, қымыз, айран-шалап, көже, сүт сияқты сусындар тегін. Айдалада мал бағып отырған жалғыз үй болса да, жолаушыға сусын беріп аттандырады. Осындай тарихи деректерді еске түсіре отырып, қазіргі кездегі маңызды мәселенің бірі - қолда бар су қорын сақтай білу, оның сапасын төмендетпеу.

Су байлықтарын сақтау бүкіл халықтық іс екенін ұмытпауымыз керек. Су - бірінші қажеттілік және біздің байлығымыз. Халық даналығы «Су ішетін құдығына түкірме» дейді. Су байлығынан адам баласына келетін пайда көп, оларды тиімді пайдалану, сақтай білу, баршамыздың абыройлы борышымыз.


## **Мәтін №2**

Автобус Бурабай көлінің шығыс жиегін жағалай Шортанды қаласына қарай даңғыл жолмен зырғып келеді. Ауыл үйлері бірінен соң бірі қалып жатыр. Көк жалын түсті тоқымалы буалдыр нұрына малынған ағаштардың тасасынан көл жарқырай түсуде. Бағанағы оңтүстік-батыс жақтағы жасыл жиек ашылған шымылдықтай бірте-бірте созылып, Бурабайдың батыс жағын орай дөңгеленіп келеді.

Міне, көл аумағы түгел көрініп, алақанның аясындай дөп-дөңгелек болып, мөлдіреп жатыр. Қолмен әдемі орнатқан зәулім мұнарадай көкке шаншылып, батыс жақ жағада, бұйра жолды Көкшеге иек артып, Окжетпес шыңы көлге төніп тұр. Біріне-бірі көрік беріп, жараса қабысқан мөлдір көл, айналадағы жасыл тау, жасыл дала көкжиекпен ұштасып жатқан көк теңіз сияқтанады да, Окжетпес сол теңіз ортасындағы жартастай көрінеді.

## **1-тапсырма**

Екі мәтінді тақырыбы, мазмұны жағынан талдап, айырмашылықтары мен ұқсастықтарын айтындар.



### **Дескриптор:**

- мәтінді түсініп оқиды;
- тақырыбы мен мазмұнын талдайды;
- кестеге сай жұмыс жасайды;

### **III деңгей**

1. Бурабай көліндегі Оқжетпес шыңы қалай суреттелген?
2. Тірек сөздерді теріп жазып, сөз тіркестерін құраңдар

### **II деңгей**

1. Мәтіннің негізгі мазмұнын ашатын эпизодтарды табыңдар.
2. Мәтінге жоспар құрып, әңгімелеңдер.

### **I деңгей**

«Суды қадірлейік» тақырыбында үндеу дайындаңыз. Өз пікірлеріңді тарқатып жазыңдар.

### **Дескриптор:**

- мәтіндегі ақпаратты саралайды;
- тірек сөздермен жұмыс жасайды;
- мәтін ақпаратын салыстырып, талдайды;
- пікірін тарқатып жазады;

**Түсіндірме.** 8-сынып бойынша «Қазақстанның су ресурстары. Ә. Нұрпейісов «Қан мен тер» романы», «Су бар жерде – дәулет бар» бөлімшесі таңдап алынып, тапсырмалар деңгейлеп ұсынылды. Тапсырмалар айтылым және оқылым мақсаттарына құрылып, идеялық жағынан ұқсас мәтіндердегі оқиғалар желісіне бақылау жасай отырып, мазмұнның дамуын салыстыру және талдау, тақырып бойынша бірнеше мәтінде көтерілген мәселелерді салыстыра отырып, баға беруге құрылды.

Оқылым тапсырмасында екі мәтін ұсынылып, мәтіндерді тақырыбы, мазмұны жағынан талдап, айырмашылықтары мен ұқсастықтарын салыстыру

берілді. Бұл тапсырма оқушыларға идеялық жағынан ұқсас мәтіндердегі оқиғалар желісіне бақылау жасай отырып, мазмұнның дамуын салыстыру және талдауға мүмкіндік береді. Тақырып бойынша бірнеше мәтінде көтерілген мәселелерді салыстыра отырып, баға беруде білім алушының ақпаратты іріктеу, саралау дағдылары қалыптасады.

Деңгейлі тапсырмалар білім алушының мәтін мазмұнын түсінуіне, тақырып туралы өз пікірін білдіруіне ықпал жасайды.

**Бөлім тақырыбы:** «Биоалуантүрлілік. Жойылып бара жатқан жануарлар мен өсімдіктер. М. Әуезов «Көксерек» әңгімесі.

**Бөлімше тақырыбы:** Табиғаттағы биоалуантүрлілік

**Оқу мақсаты:**

**Тыңдалым.** 8. 1. 2. 1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, детальді ақпараттарды анықтау;

**Оқылым.** 8. 3. 1. 1 перифраз түрінде берілген сұрақ арқылы қажетті ақпаратты анықтау;

**Сабақтың мақсаты:**

- мәтін мазмұнын түсінеді, детальді ақпараттарды анықтайды. Перифраз түрінде берілген сұрақтарға жауап береді.

**Жаңа сөздер:**

Қам қылады – готовятся

Су түбінде - не дне

**Оқылым тапсырмасы.**

Қыр хайуандары қыс таянғанын сезеді де, ерте бастан қам қылады. Кірпі мен тышқан інге кіріп, қыс қатып жатады. Кірпі жапырақ жинап соған оранады. Тышқан қу шөпке оранып, құнысады.

Тиін ағаштың қуысына тығылады. Ол күздің қара басынан ағаштың бүршігін, жаңғағын, саңырауқұлақты жинап алады. Қыстың күні соларын жейді де, ұйықтайды. Жарғанат баспаналы жерге кіріп, тырнағымен бірденеге жабысып, басын салбыратып жаз шыққанша ұйқымен болады.

Жылан, шаян, кесіртке, бақалар тас астына, ағаш түбіне, жылы жерге кіріп жазға дейін қатады. Қоңыз, құрт, сүліктер де сондай бірдене қылады.

Балықтар ғана тереңде, су түбінде қыстайды.

Қайта қоян бөлекет қыстай ақ қарға аласұрып, жүгіріп тамақ іздеп жүргені. Шөп аршып жей ме, ағаштың қабығын кеміре ме, қырманның тұқымын тере ме, әйтеуір дамыл жоқ. Адам қамын жемесе, үй хайуанаттарына да қыс бапты тимейді. Жыл шыққан малдың түрі қандай? Байғұстарға жылы қора, ен тамақ болар ма еді!

**Сұрақтарға мәтін бойынша жауап беріңдер.**

1. Қыр хайуандары қысқа қалай дайындалады?
2. Сендер хайуандардың қысқа дайындалып жатқан сәтін көрдіңдер ме?

**Дескриптор:**

- мәтінді мазмұнын түсініп оқиды;
- детальді ақпараттарды анықтайды;
- сұрақтарға жауап береді;

### III деңгей

Сөйлемдердің сыңарларын мағыналарымен сәйкестендіріңдер.

1	Кірпі жапырақ жинап	қу шөпке оранып, құсынады
2	Тышқан	соған оранады
3	Тиін ағаштың	су түбінде қыстайды
4	Балықтар ғана тереңде	қуысына тығылады

Жауабы:

1	Кірпі жапырақ жинап	соған оранады
2	Тышқан	қу шөпке оранып, құсынады
3	Тиін ағаштың	қуысына тығылады
4	Балықтар ғана тереңде	су түбінде қыстайды

### II деңгей

Әр хайуанның әрекетіне қарай етістікті тауып, суреттің астына жазыңдар.

кірпі	тышқан	тиін	жарғанат	жылан	бақа	балық	қоян

Жауабы:

кірпі	тышқан	тиін	жарғанат	жылан	бақа	балық	қоян
інге кіреді, қатып жатады	шөпке оранады, құсынады	тығылады	жабысып алады, салбырайды, ұйықтайды	жерге кіреді, қатады	жерге кіреді, қатады	су түбінде қыстайды	аласұрады, жүгіреді

### I деңгей

Берілген сөйлемдерді перифраз арқылы сұрақтарға айналдырыңдар.

Қыр хайуандары қыс таянғанын сезеді де, ерте бастан қам қылады. Кірпі мен тышқан інге кіріп, қыс қатып жатады. Тиін күздің қара басынан ағаштың бүршігін, жаңғағын, саңырауқұлақты жинап алады. Жарғанат баспаналы жерге кіріп, тырнағымен бірдеңеге жабысып, басын салбыратып жаз шыққанша ұйқымен болады. Қайта қоян бәлекет қыстай ақ қарға аласұрып, жүгіріп тамақ іздеп жүргені.

Дескриптор:

- сөйлемдерді сәйкестендіреді;
- детальді ақпаратты анықтайды;
- перифраз тәсілімен сұрақтар дайындайды;

Кері байланыс:

1. Жануарлардың қысқа дайындығы туралы не білдіңдер?
2. Жануарлар қысқа қалай дайындалады?
3. Қыста ұйқыға кететін аңдарды атаңдар.

**Түсіндірме.** 8-сынып бойынша «Биоалуантүрлілік. Жойылып бара жатқан жануарлар мен өсімдіктер. М. Әуезов «Көксерек» әңгімесі, «Табиғаттағы биоалуантүрлілік» бөлімшесі таңдап алынып, тапсырмалар деңгейлеп

ұсынылды. Тапсырмалар тыңдалым және оқылым мақсаттарына құрылып, тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, детальді ақпараттарды анықтау, перифраз түрінде берілген сұрақ арқылы қажетті ақпаратты анықтау дағдыларын қалыптастыру мақсатында құрылды.

Оқылым тапсырмасында мәтін ұсынылып, перифраз түрінде берілген сұрақ арқылы қажетті ақпаратты анықтау берілді. Бұл тапсырма оқушыларға ақпараттарды саралауға талдауға мүмкіндік береді.

Деңгейлі тапсырмалар білім алушының мәтін мазмұнын түсінуіне, тақырып туралы өз пікірін білдіруіне ықпал жасайды.

**Бөлім атауы: Биоалуантүрлілік. Жойылып бара жатқан жануарлар мен өсімдіктер.**

**Сабақтың тақырыбы: «Қызыл кітапқа» енген жануарлар**

**Оқылым** - 8.3.1.1 перифраз түрінде берілген сұрақ арқылы қажетті ақпаратты анықтау;

**Жазылым** - 8.4.5.1 тақырып бойынша сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану.

**Оқылым мәтіні**

Жер шарында өсімдіктердің шамамен 500 млн-нан астам түрі бар. Өсімдік жер шарының өкпесі деп бекер айтылмаған. Тіршілікті өсімдіксіз елестетуге болмайды.

Адамдар мен жануарлардың тыныс алуы үшін оттегі қажет. Жылына бір адам тыныс алу үшін 173 мың л оттекті қабылдайтынын ғалымдар анықтап отыр. Өсімдіктер оттекті ауа қабатына бөліп шығарады. Біздің ғаламшарымыздағы өсімдіктер жылына ауа қабатына 400млн тоннадан артық оттегі бөледі.

Жасыл өсімдік ауаны шаң мен улы газдардан тазартады, өсімдіктер ауа ауру туғызатын микроорганизмдерді жоятын ерекше ұшқыш зат бөліп шығарады. Өсімдіктер климатты жақсартады: ауаны салқындатады, қатты желге тосқауыл болады, аптап ыстықты қайтарады, қысықы суықтың ызғарын бәсеңдетеді. Сондықтан ауыл шаруашылық өсімдіктерін қатты аңызак желден және құрғақшылықтан сақтау үшін, қар тоқтатуда, жырлар мен тау беткейлеріндегі топырақты бекітуде орман алқаптарын пайдаланады. Топырақ түзуде де өсімдіктердің маңызы өте зор: топырақты қарашірікпен байытады.

Өсімдіктің емдік қасиеті адамзатқа ертеден белгілі. Дәрігерлердің барлығы дерлік өсімдіктерден алынады. Өсімдіктерден алынған дәрілер жүрек, қан-тамыр жүйелері, бүйрек, бауыр, асқазан, тыныс жолдары және т.б. ауруларға қолданылады. Өсімдіктердің барлық мүшелерінің шипалық қасиеттері бар. Қазақстанда кездесетін дәрілік өсімдіктерге алтынтамыр, киікоты, долана, бақбақ. Жолкелкен, итмұрын, мыңжапырақ, ермен және т.б. жатады. Қазіргі кезде дәрілік өсімдіктердің 150-ден астам түрінен дәрілер жасалады.

<https://stud.kz/referat/show/43647>

**I-деңгей тапсырмасы**

Белгіленген сұрақтарға мәтін бойынша жауап беріңіз

1. Жер бетіндегі барлық тірі ағзаға не қажет?



---

2. Ғалымдар адамның тыныс алу жолы жөнінде нені анықтады?

---

3. Өсімдіктердің климатқа тигізетін пайдасы қандай?

---

4. Қазақстандағы қандай өсімдіктерден дәрілер алынады?

---

### Дескриптор

- негізгі ойды анықтау;
- сұрақтарды түсіну;
- сұрақтарға жауап беру .

### Бағалау критерийі

- негізгі ойды анықтайды;
- сұрақты дұрыс түсінеді;
- дұрыс жауап береді.

### II -деңгей тапсырмасы

Мәтінен перифраз арқылы берліген ақпараттың «Дұрыс» не «Бұрыс» екендігін анықтаңыз

Ақпарат	Дұрыс	Бұрыс
А	Жер бетіндегі өмірді өсімдіктерсіз де қарасыра алмамыз	
В	Өсімдіктердің климатты жақсартудағы пайдасынан гөрі, зияны көп.	
С	Барлық дәрігерлер өсімдіктерден дәрі алуды дұрыс деп шешкен.	
Д	Өсімдіктер ауаға көмірқышқыл газ бен улы заттардың бөлініп шығуына жол бермейді.	

### Дескриптор

- ақпаратты түсіну;
- дұрыс, бұрыстығын табу;

### Бағалау критерийі

- ақпаратты түсініп, анықтайды;
- дұрыс жауап табады.

### III -деңгей тапсырмасы

Берілген мәтінді негативтен позитивке өзгертіп, сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерді орынды қолданыңыз.

Қазіргі кезде қаланың экологиялық жағдайы өте төмен. Оған кінәлі әрине өзіміз, яғни адамдар. Адамдар табиғатты сүйеді, бірақ оған өздері аса мән бермейді. Көптеген жасыл алқап ормандарымызды жойып оның орынана зәулім үйлер мен зауыттар салуда. Жүрген жерлерінде арттарынан жинамаймай қоқыстарын тастап кетіп бара береді, ол қоқыстар жануарлар мен өсімдіктерге қаншалықты зиян екендерін мүлдем түсінбейді. Сонымен қатар қаладан алыс жерлерде зауыт-фабрикалардың тұрғаны да экологиямызға өте қауіпті. Олар ауаны ластауы мен бірге өздерінің химиялық заттарымен суды да, жерді де ластауда.

### Дескриптор

- тапсырманы түсіну;
- өзгертіп жазу;
- тыныс белгілерін қою.

### **Бағалау критерийі**

- тапсырманы дұрыс түсінеді;
- дұрыс өзгертіп жазады;
- тыныс белгілерін дұрыс қояды.

### **Кері байланыс**

- Сабақ тақырыбының маңыздылығы қандай? Қандай ой түйдіңіз?
- Табиғат адам өмірін қаншалықты өзгерте алады?
- Осы сабақта алған біліміңізді келешекте қолдана аласыз ба?

### **Педагогке әдістемелік көмек:**

Сабақ тақырыбына

**Оқылым** - 8.3.1.1 перифраз түрінде берілген сұрақ арқылы қажетті ақпаратты анықтау;

**Жазылым** - 8. 4. 5. 1 тақырып бойынша сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану; мақсаттарын алып отырмын. Бұл мақсаттарды алу себебім, оқушылардың мәтінді, сөйлемді жаттанды түрде емес, өз сөзімен айтып немесе перифраз түрінде келген жағдайда оны түсіне алуында. Осы мақсаттар төңірегінде үш деңгейлі тапсырма құрастылып отыр: барлығы орындай алады, көбі орындай алады, кейбіреуі орындай алады деп. *Бірінші тапсырма* арқылы оқушы мәтінді қаншалықты түсінді, оған өз сөзімізбен берілген сұрақтар арқылы пысықтап алу; *екінші тапсырмаға* келегенде перифраз арқылы өзгертілген сөйлемдерді мәтін ішінен таба алуы; ал *үшінші тапсырма* арқылы - оқушылардың дайын мәтінді қаншалықты мағынасын өзгертіп, оны өз пайымдауы бойынша жеткізуі. Бұл тапсырмалар оқушыны күнделіте кез келген мәтінді өз ойымен жеткізе алуына *дағдыландырады* деп есептеймін. Тапсырмалар деңгейлеріне байланысты жеңілден қиынға құрастырылған, және олар бір-бір біріне өте ұқсас. Сол себепті оқушы оларды орындауда еш қиналмайды деп есептеймін.

**Бөлім атауы:** Биоалуантүрлілік. Жойылып бара жатқан жануарлар мен өсімдіктер.

**Сабақтың тақырыбы:** Мұхтар Әуезов «Көксерек» (үзінді)

**Оқылым** - 8.3.6.1 тақырып бойынша бірнеше мәтінде көтерілген мәселелерді салыстыра отырып, баға беру;

### **Оқылым**

#### **Дескриптор**

- мәтінді түсініп оқу;
- көтерілген мәселені анықтау;

...Бір мезгілде бас жағынан сатыр-сұтыр, сырт-сырт сынған ши, тобылғы, қу шөмшектер дыбысы келді де, есін жиғанша бірдеме қасына тасырлатып келіп қалды. Дәл сол кезде түп қарағаннан аса бере, алдына жас қызыл қозы топ ете түсті. Соның артынан секіріп шыққан — көк шолақ. Ентіккен, көбік аққан

тұмсығымен ақ қасқырды айнала иіскеп, әр жерін жалап алды. Содан соң жерде үйелеп қалып, тыпырлап жатқан қозыны көре сала — "ырр" етіп барып бассалды.

Ертеңіне түсте жат иіс шықты, алыстан әлдеқандай дабырлаған дауыстар естіліп, жақындап келе жатты. Күшіктерді жоталарынан тістелеп, індерге тығып-тығып тастап, ақ қасқыр қараған ішіне кірді. Ін үстіне мүйіз тұяқтар тасырлап дүбірлетіп келді, айқай-дабыр молайды. Бірі үстіне бірі келіп, жиын көбейді. Жерге ат үстінен тастаған ағаштар сарт-сарт түсіп жатты. Ін аузына екі аяқтылар жыбырлады. Көргіш көздер ін түбіне қадалды. Күшіктер бірі үстіне бірі үйіліп, баурын көтеріп қыбырлай алмай, жақын жерде жатыр еді.

Жып-жылы мықты тұсаулар мойнынан, жотадан ұстап бар күшікті сыртқа алып шықты. Жеті күшіктің бесеуін көздеріне қарап отырып өлтірді де, екі кішкенесін тірі қалдырды. Кетерде бұның біреуінің тірсегін қиып қалдырды да, екінші біреуін - ең кенжесін алып жүріп кетті. Қалған жалғыз күшікті тістелеп алып, екі қасқыр жоқ болды. Ін қаңырап қалды... Осыдан соң бір жұма бойы маңайдағы ел күндіз-түні у-шу болып жатты. Қой жараланды. Қозы алып қашылды. Бұзаулар өлтірілді. Далада құлындаған биелердің бірнеше құлындары желінді.

Тұтқын болып кеткен көк күшік ауыл тұрғыны болды...

<https://on.kz/proza/muxtar-aezov-kokserek-52914/>

## I-деңгей тапсырмасы

Берілген мәтін бөліктерінен негізгі тірек сөздерді теріп жазыңыз.

1- абзац

2- абзац



3-абзац

### Дескриптор

- негізгі ойды анықтау;
- тірек сөздерді табу;
- Әр бөлікке 3 тірек сөзден теріп жазу

### Бағалау критерийі

- негізгі ойды анықтайды;
- тірек сөздер тақырыпқа сай табады
- тірек сөздерді қатесіз жазады

## II -деңгей

Мәтінде көтерілген мәселені анықтап, өз сөзіңмен бір сөйлем төңірегінде жазыңыз.

---

---

### Дескриптор

- көтерілген мәселені анықтау;
- өз сөзімен жазу;
- бір сөйлемге сыйғызу.

### Бағалау критерийі

- көтерілген мәселені анықтайды;
- өз сөзімен тиянақты жазады;
- сөйлемді қатесіз құрастырады.

### III - деңгей

1. Төменнен жоғарыға қарай сұрақтарға жауап бере отырып, мәтінді Блум пирамидасына енгізіңіз.



Сен мәтінді қалай бағалайсың?
Мәселені қалай шешуге болады?
Адамдардың әрекеті қаншалықты дұрыс?
Адамдардың орнында болсаң не істер едің?
Не себепті жағдай солай болды?
Мәтін не туралы?

---

---

---

---

---

### Дескриптор

- сұрақтарға жауап беру
- тақырып идеясын ашу
- көтерілген мәселеге баға беру

### Бағалау критерийі

- сұрақтарға дұрыс жауап береді;
- тақырып идеясын түсінеді;
- өмірмен байланыстырып, баға бере алады, .

### Кері байланыс

- Сабақ тақырыбынан өзіңізге қандай ой түйдіңіз?
- Адам баласы табиғат заңдылығын бұзуға құқылы ма ?

- Осы сабақта алған біліміңізді келешекте қолдана аласыз ба?

### **Педагогке әдістемелік көмек:**

Сабақ тақырыбына

**Оқылым** - 8.3.6.1 тақырып бойынша бірнеше мәтінде көтерілген мәселелерді салыстыра отырып, баға беру; деген бір мақсатты алып отырмын. Бір ғана мақсатты алу себебім, бұл мақсаттың қарастыратын тапсырмасы мол, жеткілікті болуында. Бұл мақсат төңірегінде үш деңгейлі тапсырма құрастылып отыр: барлығы орындай алады, көбі орындай алады, кейбіреуі орындай алады деп. Берілген тапсырмалар арқылы оқушыда мәтіннің негізін ойын анықтау, оны алдымен тірек сөздер арқылы, кейін абзацтағы тақырыпшалар арқылы, соңында жылпы көтерілген мәселені анықтау *дағдысы* қалыптасады. Сонымен қатар алынған мақсатқа сай оқушы жай ғана оны анықтап қоймайды, үшінші деңгейге жеткен оқушылар мәтінді түсініп барып ойын жинақтайды, оны өз өмірінде қолданып көреді, соңында баға береді. Бұл деңгейге жеткен оқушылар толығымен *тақырыпты толығымен меңгерді* деп есептеледі. Алынған барлық тапсырмалар жеке орындалады, себебі мақсатта айтылғандай әр оқушы сабақ соңында тақырыпқа беретін өз бағасы шығуы тиіс.

**Бөлім атауы: Биоалуантүрлілік. Жойылып бара жатқан жануарлар мен өсімдіктер.**

**Сабақтың тақырыбы: Табиғаттағы биоалуантүрлілік**

**Тыңдалым** - 8. 1. 6. 1 тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде деректерді келтіре отырып, дәлелді жауап беру.

**Айтылым** - 8.2.4.1 идеялық жағынан ұқсас мәтіндердегі оқиғалар желісіне бақылау жасай отырып, мазмұнның дамуын салыстыру және талдау;

**Тыңдалым**

#### **1-ші мәтін**

Жер бетіндегі бір-біріне ұқсамайтын тіршілік иелері өте көп. Ғаламшарымызда 10 миллионнан астам түр тіршілік етеді. Тірі ағзаның әркелігі «биоалуантүрлілік» деп аталады. Биоалуантүрлілік жердегі тіршіліктің тұрақтылығының басты шарты. Табиғатта бір жануар не өсімдіктің жойылуы табиғи апатқа әкелуі мүмкін. Биоалуантүрлілік- биологиялық түрлердің белгілі бір аумақта, экожүйеде немесе тіпті ғаламшар бетіндегі әралуандылығы. Қазіргі кезде әлемде 2,5 млн-дай түр белгілі, оның 74%-ы тропиктік белдеуде, 24%-ы қоңыржай аймақта болса, тек 2%-ы полярлық белдеуде тараған. Дегенмен, ғалымдардың болжауынша, бұл деректер әлі толық емес. Себебі майда жәндіктер түрлері әлі толық анықталмаған. Түрлердің ішіндегі ең көп тарағаны — жәндіктер, олардың түрлері 1 млн-нан астам.

Дегенмен, соңғы жылдардағы әлемдік ғылыми-техникалық үдеудің нәтижесінде адам қоғамының табиғатқа зиянды әсерлерінің көбеюінен түрлер саны жыл сайын азаюда.

<https://kk.wikipedia.org/wiki/>

#### **2-ші мәтін**

Сонау 1960 жылдары ауданы 70 мың шаршы шақырымға жуықтаған Арал көлемі жағынан әлемдегі 4-ші саналған еді. Теңізге Сырдария мен Әмудария өзендері келіп құйылатын. Теңізде балықтың 34 түрі тіршілік етіп, 24-і ауланатын. Қазақстандық та, өзбекстандық та жағалауда бірнеше балық зауыты мен кеме кәсіпорындары жұмыс істеді.

Бүкіләлемдік метеорологиялық ұйым Арал теңізінің құрғап қалуын ХХ ғасырдағы ең ірі антропогендік экологиялық дағдарыстардың бірі деп атайды. Теңіздің жоғалуы Аралмаңының өсімдік, жануарлар дүниесіне, ландшафты мен климатына жүйелі түрде теріс әсерін тигізді. Теңізден 100 шақырымдық радиус аумақта жазда бұрынғыдан гөрі қатты ыстық әрі құрғақ, ал қыста өте суық әрі ұзақ болады. Жауын-шашынның түсуі де бірнеше есе қысқарды. Жан-жануарлардың 173 түрінің не бәрі 38-і қалды. Аралдан бөлінген тұз Антарктидаға дейін жетті. Бұл экожүйенің бұзылуына алып келді.

[https://kaz.inform.kz/news/aran-tenizi-ekologiyalyk-apat-zhane-ony-sheshu-zholdary\\_a4049221/](https://kaz.inform.kz/news/aran-tenizi-ekologiyalyk-apat-zhane-ony-sheshu-zholdary_a4049221/)

## I-деңгей тапсырмасы

Кестені толтыру бойынша екі мәтінді салыстырыңыз.

1-мәтін Айырмашылығы	Ұқсастығы	2-мәтін Айырмашылығы

### Дескриптор

- негізгі ойды анықтау;
- айырмашылықтарын табу;
- ұқсастықтарын табу

### Бағалау критерийі

- негізгі ойды анықтайды;
- айырмашылығын дұрыс табады;
- ұқсастықтарын дұрыс табады

## II -деңгей тапсырмасы

Екі мәтіннің негізгі ойы бойынша берілген сөйлемнің дұрыс жалғасын табыңыз

Экожүйенің бұзылуына әсер етеді...	әлемдік ғылыми-техникалық үдеудің нәтижесі
	адамдардың оларды өз қамқорлығына алуы
	табиғи апаттардың болуы
	адамдардың табиғатқа алаңсыздығы

### Дескриптор

- негізгі ойды анықтау;
- сөйлемнің жалғасын табу;

### Бағалау критерийі

- негізгі ойды анықтайды;
- сөйлемнің жалғасын дұрыс табады;

## III -деңгей тапсырмасы

Екі мәтіннің негізгі ойын салыстыра және талдай отырып, жұбыңызбен диалог құрастырыңыз (6-8 сөйлем).

### Дескриптор

- негізгі ойды салыстыру;
- негізгі ойды талдау;

- диалог құрастыру

### **Бағалау критерийі**

- ойды дұрыс салыстырады, талдайды;
- дұрыс сұрақ қоя біледі;
- сұраққа дұрыс жауап береді

### **Кері байланыс**

- Сабақ тақырыбынан өзіңізге қандай ой түйдіңіз?
- Адам баласы табиғат заңдылығын бұзуға құқылы ма ?
- Осы сабақта алған біліміңізді келешекте қолдана аласыз ба?

### **Педагогке әдістемелік көмек:**

Сабақ тақырыбына **Тыңдалым** - 8. 1. 6. 1 тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде деректерді келтіре отырып, дәлелді жауап беру.

**Айтылым** - 8.2.4.1 идеялық жағынан ұқсас мәтіндердегі оқиғалар желісіне бақылау жасай отырып, мазмұнның дамуын салыстыру және талдау; деген бір сабақ мақсаттарын алып отырмын. Бұл мақсат арқылы оқушы тыңдалған мәтін бойынша тапсырмаларға дұрыс жауап беруге, мәтін идеяларын дұрыс салыстыра отырып ортақ шешімге келуге *дағдыландырады*. Сабаққа қойылған мақсат төңірегінде үш деңгейлі тапсырма құрастылып отыр: барлығы орындай алады, көбі орындай алады, кейбіреуі орындай алады деп. *Бірінші тапсырма* арқылы оқушы мәтіндерді қаншалықты түсінді, оның ұқсастығы мен айырмашылығын қаншалықты таба алатындығын көре отырып біле алуымызда; *екінші тапсырмаға* келегенде оқушы екі мәтінді бірге қарастырып, ойын жинақтап тапсырманың дұрыс жауабын іздей бастайды, яғни оқушы негізгі идеяны анықтайды; ал *үшінші тапсырма* арқылы - оқушы қасындағы көршісімен жұптасып мәтінге қайта оралу арқылы оны енді бірге салыстырады, талдайды және бір –біріне сұрақ жауап диалогін құрастыру арқылы сабақты пысықтайтын болады. Әр тапсырмаға дескриптор мен критерий жасалынып отырды. Дескриптор жалпы оқушының нені орындауына құрылса, критерий оны нақтылайды, қаншалықты ол оны дұрыс орындай алды дегендей. Сабақ соңында кері байланыс жүргізіледі, яғни оқушының сабақ тақырыбына деген жеке көзқарасы. Қаншалықты сабақ оған маңызды болды, қандай ой түйді, келешекте қаншалықты ол оны пайдалана алады, өмірге қажеттілігі бар ма, жоқ па деген мәселелер толығымен сұралып, сұрыпталатын болады.

**Бөлім атауы: Наурыз және әлем халықтарының оны тойлау ерекшеліктері. Б.Бопайұлы «Қазақы наурызнама».**

**Сабақтың тақырыбы: Наурыз – түркі халықтарының дәстүрлі мейрамы**

**Тыңдалым** - 8.1.2.1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, детальді ақпараттарды анықтау;

**Жазылым**-8.4.3.1 жазба жұмыстарында символ мен кейіптеу түрлерін қолданып жазу

*Мәтінді араға 1-2 минут салып, екі рет тыңдау, түсіну.*

### **Дескриптор**

- мәтінді түсіну;
- негізгі ақпаратты анықтау;



Наурыз мейрамы - көктем мейрамы және түркі халықтарының Жаңа жылы. Бұл мереке бірнеше мың жылдан бері аталып келеді. Парсыша «наурыз» бірінші айдың бірінші күні дегенді білдіреді. Бұл айды соғдалықтар «наусарыз», хорезмдіктер «наусарджи», армяндар «навасарди», чуваштар «норас-ойахе» деп атаған.

Күн мен түннің теңеліп, жан-дүниені тірілткен, шаруаның бір малы екеу болып, арқа-басы кеңіп, аққа аузы тиген, қытымыр қыстың ызғарынан құтылып, алдағы шуақты күндерден үміттендірген Наурыз мерекесі.

Наурыз мейрамы аясында міндетті түрде атқарылатын рәсімдер баршылық. Мәселен, наурыз көже дайындалады оған тары, арпа, бидай, бұршақ, күріш сияқты жеті түрлі дән мен ақ қосады. Тұз бен суды қосқанда дәмнің саны тоғыз болуы тиіс. Түркі халқының ұғымында жеті мен тоғыз және қырық - аса киелі сандар. Сол себепті наурыз көже аса қасиетті тағам болып саналады.

Сондай-ақ бұл күні адамдар бір-бірінің үйіне кіріп, құтты болсын айтады, бұлақ көзін ашады, алдын ала үйін, ауласын кір-қоқыстан тазартады. Осы күндері дүниеге келген сәбилерге Наурызбай, Наурызгүл сынды есімдер беріледі. Дәстүр бойынша бұрын Наурыз мейрамын бүкіл ауыл-ел болып, әсіресе жастар жағы түгелдей таң шапағатын қарсы алып, арықтарды тазалап, су жіберуден, ағаш отырғызып, гүл егуден бастайды. Бұл күн жер-жерде ат бәйгесі, көкпар тарту, қыз қуу, палуандар күресі тектес ұлттық ойындардан сайыстар ұйымдастырылады. Наурыз мейрамында әркім жылы шырай сезіне бастап, сағынышты көрісулерімен, жалынды құшақтасуларымен жаңа жылды қарсы алады. Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын ағайын!

<https://on.kz/esseler/ulystyn-uly-kuni-nauryz-meiramy-esse-158582>

## I-деңгей тапсырмасы

1. Мәтінге қатысты тірек болатын сөздерді табыңыз.
  - A) Отан, халық, үй
  - B) Болашақ, тағам, тіршілік
  - C) Мейрам, көктем, жаңару
  - D) Арман, адамдар, күш
2. Наурызда жасалатын дәстүрлерді табыңыз.
  - A) Ағаш отырғызу, гүл егу, үйді тазалау
  - B) Үйдегі қызды ұзату, ұлды үйлендіру
  - C) Алыс сапарға шығу
  - D) Кітап оқу, ертегі айту

## II-деңгей тапсырмасы

Мәтін бойынша «Дұрыс», «Бұрыс» ақпаратты көрсетіңіз.

Ақпарат	Дұрыс	Бұрыс
A) Жеті және сегіз саны түркі халқының - аса киелі сандары.		
B) Осы күндері дүниеге келген сәбилерге «Наурыз» сөзіне басталатын есімдер беріледі.		

С	Бұл күні әр отбасы өз үйлерінен шықпай, өз отбасымен мерекені қарсы алу керек.		
Д	Наурыз - жаңа өмір, табиғаттың ояну символы болып табылады		

### Дескриптор

- мәтін мазмұнын түсіну;
- ақпараттарды жүйелеу;
- сөйлемдегі детальді ақпаратты табу;

### III-деңгей тапсырмасы

«Наурыз - жаңа өмірдің бастауы» тақырыбында әңгіме құрастырып жазыңыз. Әңгімеңізге символ, кейіптеу элементтерін қолданыңыз. (80-100 сөз)

### Дескриптор

- тыңдалым бойынша мәліметтерді жинақтау
- символ, кейіптеу элементтерін қолдану;
- тақырыптың ашылуы

### Кері байланыс

- Сабақта сізге қандай ақпарат таныс болды?
- Сіз үшін қай тапсырма оңай болды?
- Осы сабақта алған біліміңізді келешекте қолдана аласыз ба?

### Мұғалімге көмек

Бөлім қазақ тіліне арналғандықтан қазақ тілінің ерекшелігіне қатысты мәліметтері – сөз саны, атақты тұлғалардың ойы, көзқарасы көрініс тапқан тыңдалым мәтіні оқушыны қызықтыру мақсатында таңдалып алынды. Сабақта мақсатқа қол жеткізу үшін, баланың тақырыпты толық меңгеруіне жағдай жасайтын тапсырмалар құрастырылды. Мақсаттар:

**Тыңдалым** - 7. 1. 2. 1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың өзектілігін анықтау;

**Жазылым** - 7. 4. 4. 1 тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап, презентация түрінде ұсыну

Тыңдалым алдында оқушыларға мәтінде кездесетін таныс емес сөздер аудармасымен ұсынылды. Оқушы берілген сөздерді аудармасымен сәйкестендіруі керек, өйткені бұл тапсырма мәтін мазмұнын тез түсінуге септігін тигізеді.

Тыңдалым тапсырмасы бойынша оқушы мәтіннен тыңдаған ақпараттарын түртіп алып, кестенің тиісті бағандарына орналастырып, қызықты ақпаратты тауып, өзіне қорытынды ой шығарып отырады.

Тыңдалымнан кейін, оқушылар жұпта тыңдаған мәліметтері негізінде бір-бірімен диалог құрып, пікір алмасады.

Осы тапсырмаларды бірізді орындау арқылы, оқушы ақпаратты алу, оны іріктеу, өзектілігін анықтау, өмірмен байланыстыру жолымен өзінің тыңдау, сөйлеу, ой қорыту дағдыларын дамытады.

«Жазылым» дағдысы бойынша мәліметтерді жинақтау, іріктеу арқылы презентация немесе постер жасау арқылы оқушы өзінің сабақта алған білімін шығармашылық тұрғыдан көрнекі түрде көрсетіп, өз жұмысын көпшілік алдына

шығып, таныстыруға дағдылана бастайды. Бұл оқушыны ізденімпаздыққа, шығармашылыққа, ашықтыққа, еркін сөйлеуге бейімдейді.

**Бөлім атауы: Қазақстанның айтыс өнері мен сөз мәдениеті.**

**Ринат Зайытов пен Аманғазы Кәріпжанов айтысы**

**Сабақтың тақырыбы: Айтыстың түрлері**

**Тыңдалым** - 8.1.4.1 - орта көлемді прозалық, драмалық және поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, тақырыбы мен идеясын талдау;

**Тілдік бағдар** - 8.5.2.1 - жазба жұмыстарында себеп-салдар, талғаулы, кезектес салалас құрмалас сөйлемдерді құрастыру

**Тыңдау мәтіні**

Айтыс- ертеден келе жатқан қазақ әдебиетінің үлкен саласы. Айтыс “**көркемсөзбен жарысу**” дегенді білдіретін поэзияның күрделі жанры. Айтыс көпшіліктің алдында, тыңдаушы, сыншы жұрттың көз алдында туып, орындалады. Ақындардың бірі жеңіп, бірінің жеңілгеніне төрелік айтушы да сол жиынның өзі болады.

Айтыстың негізгі ерекшелігі болған оқиға, шындық өткір тілмен айтылады. Айтыс- нағыз **ақындық** өнер, **суырыпсалма** өнер. Ол-көркем ой мен **әдеби** тілдің ғасырлық даму жолын көрсетеді. Айтыстың қазақ тілінің сөздік қорын дамытуда **маңызы** зор. Тілдегі сұлу теңеулер, мақал-мәтелдер айтыс өлеңдерінде жасалған. Айтыс адамды әдемі сөйлеуге, **шешендікке**, тапқырлыққа үйретеді. Айтысқа шынайы ақындар ғана барады. Айтыс- **ұйқасқан** өлеңі ғана емес, **көркемсөз**, **бейнелі** ойға құрылған жауап. Айтыс **тапқырлықты** қажет етеді. Себебі **қарсылас** ақынның өлеңіне **ұтқыр** жауап айтылмаса, ақын **жеңіліс** табады.

Нағыз айтыскер ақын домбырасыз айтыспайды. Нағыз айтыскер ақын бірнеше өнерді меңгерген. Біріншіден, ол- сөз өнерін жақсы меңгерген шешен, екіншіден, әнші, үшіншіден, домбырада шебер ойнайтын әртіс. Кез келген ақын айтыскер ақын болмайды. Өлең жазатын ақын көп. Бірақ бәрі суырып салып өлең айта алмайды. Айтыскер ақын өлеңді ойдан тез шығаратын дарынды, терең ойлы, ұтқыр жауап беретін, логикалық ойлауы күшті жан болуы керек.

<https://massaget.kz/kkzhiek/aytyis-oner-turalyi-ne-blemz-21999/>

**I-деңгей тапсырмасы**

Берілген сұрақтарға мәтін бойынша жауап беріңіз.

5. «Айтыс» сөзінің мағынасы нені білдіреді?

6. Айтыстың негізгі ерекшелігі неде?

7. Нағыз айтыскер қандай болуы керек?

8. Айтыста қандай музыкалық аспап қолданылады?

**Дескриптор**

- Мәтінді түсініп тыңдау;
- сұрақтарды түсіну;
- сұрақтарға жауап беру .

### Бағалау критерийі

- мәтінді түсініп тыңдайды;
- сұрақты дұрыс түсінеді:
- дұрыс жауап береді.

### II - деңгей тапсырмасы

Тыңдаған мәтін мазмұны бойынша, кестені толтырыңыз.

<i>Тақырыбы</i>	<i>Негізгі идеясы</i>	<i>Тірек сөздер</i>

### Дескриптор

- мәтінді түсініп тыңдау;
- негізгі идеясын анықтау;
- тірек сөздерді табу .

### Бағалау критерийі

- мәтінді түсініп тыңдайды;
- негізгі идеясын дұрыс анықтайды:
- тірек сөздерді дұрыс табады .

### III - деңгей тапсырмасы

Берілген сөйлемдерді жалғастырып, себеп-салдар, талғаулы, кезектес салалас құрмалас сөйлемдерді құрастырыңыз.

- 1.Ертеңгі айтысқа жақсылап дайындал, ... .
- 2.Сен бүгін не айтысқа бар, ...
- 3.Мен кейде өлең жазамын, ...
- 4.Айтыскер ақын не тапқыр, ....
- 5.Айтыскер адам біресе жеңіледі,.....
- 6.Ағам бүгін бұл концертке бара алмады, .....

### Дескриптор

- салалас құрмалас сөйлемдер түрін білу;
- берілген сөйлемдерден салалас құрмалас сөйлем құрастыра алу;
- сөйлемдерді қатесіз құрастыру

### Бағалау критерийі

- салалас құрмалас сөйлемдер түрін біледі;
- берілген сөйлемдерден салалас құрмалас сөйлем құрастырады;
- сөйлемдерді қатесіз құрастырады.

### Кері байланыс

- Айтыс қазақ халқының өмірінде алатын орны, оның маңыздылығы қандай?
- Кез келген адам айтыскер бола ала ма?
- Сабақ тақырыбының маңыздылығы қандай? Қандай ой түйдіңіз?

**Педагогке әдістемелік көмек:**

Сабақ тақырыбына

**тыңдалым** - 8.1.4.1 - орта көлемді прозалық, драмалық және поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, тақырыбы мен идеясын талдау;

**тілдік бағдар** - 8.5.2.1 - жазба жұмыстарында себеп-салдар, талғаулы, кезектес салалас құрмалас сөйлемдерді құрастыру; мақсаттарын алып отырмын. Бұл мақсаттарды алу себебім, оқушылардың мәтінді тыңдау арқылы есте сақтай дағдысын дамыту. Осы мақсаттар төңірегінде үш деңгейлі тапсырма құрастырылып отыр: барлығы орындай алады, көбі орындай алады, кейбіреуі орындай алады деп. *Бірінші тапсырма* арқылы оқушы мәтінді қаншалықты түсінді, оған өз сөзімізбен берілген сұрақтар арқылы пысықтап алу; *екінші тапсырмаға* келегенде оқушылар тыңдаған мәтіннің мазмұны бойынша кестені толтырады. Ол кестені толтыру үшін оқушы қайта мәтінді тыңдап, мәтіннің ақпаратын детальді түрде жақсы түсінуіне әкеледі; ал *үшінші тапсырма* арқылы - оқушылар мәтін мазмұны, яғни лексикалық тақырып пен грамматиканы ұштастырып, салалас құрмалас сөйлемдерді дұрыс құрастыра білуге үйренеді. Бұл тапсырмалар оқушыны тыңдаған мәтінді, сонымен қоса тақырыпты толық меңгертеді деп есептеймін. Тапсырмалар деңгейлеріне байланысты жеңілден қиынға құрастырылған, және олар бір-бір біріне өте ұқсас. Сол себепті оқушы оларды орындауда еш қиналмайды деген ойдамын.

**Бөлім атауы: Қазақстанның айтыс өнері мен сөз мәдениеті. Ринат Зайытов пен Аманғазы Кәріпжанов айтысы**

**Сабақтың тақырыбы: Қазіргі кездегі айтыс**

**Оқылым** - 8.3.6.1 тақырып бойынша бірнеше мәтінде көтерілген мәселелерді салыстыра отырып, баға беру

**Жазылым** - 8.4.1.1 мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, шағын мақала, пікір, интервью жазу

**Тыңдау мәтіні**

Бұрынғы айтыс

Айтыс - ықылым заманнан бері сайын даланы мекен еткен қазақ атты халықтың айнымас серігі, ақылшысы, сарапшысы, өткір құралы еді. Сөз өнері ғана емес, тапқырлық пен ұшқыр ой, көсемдік пен шешендік ұштасқан тіл, діл, ұлт мектебі, өткірлік баспалдағы деп бағаланып келгенін көзі қарақты жұртшылықтың бәрі біледі.

Уақытында халық ерекше деп бағаланған Жамбыл мен Құлмамбеттен, Біржан мен Сарадан, Кемпірбай мен Шөжеден қалған үздік айтыс үлгілері бүгінде ескерткішке айналған. Біржанның мәрттігі, Сараның сөзге тоқтаған тектілігі секілді қасиеттер сол ескерткіште тұр.

Қазақ айтыс өнеріне өлердей ғашық халық. Қалтқысыз құрметпен, ардақтаумен, айтыс ақындарын әлпештеумен өсірді. Ақындар да ақ пейілді көрерменнің сеніміне қарай өнерге қызмет етті. Ел аңсаған ізгілік, мәрттік биігінен тіл қатты. Айтыс сөз мектебі ғана емес, ұлттық мінез брендіне тән сипатта болатын. Адалдық, табиғилық иісі аңқып тұратын. Жанкүйер көрермен айтыстың шаршы алаңында қара терге түскен ақын үшін тақым қысып, бірге күйіп-пісетін. Қыз-келіншектен иба, жігіттерден ірілік пен өрелілік көріп тәнті болатын, анайы, дөкір сөз айтып қалған ақынды сол мезетте-ақ үнсіз ғана

қабағымен жасқап жіберетін патша көңілді көрермен. Солайша бір-бірін тәрбиелейтін, бір бірліктен табылып, біте қайнасып, ұлы өнерді бірге дамытатын...

Бүгінгі айтыс

Ал «бүгінгі айтыс» ше? Бүгінгі айтыс - жаңа заманның жаңаша айтысы. Мінезі де, тілі де, талғамы да басқаша. Екпіні-дауыл, күші-жойқын, шабыты-тасқын, ғарыштық жылдамдықпен төгетін «дарындар» өсіп шықты. Естіп отырғандарын қорытып, сіңіруге үлгірмей өң мен түстің арасында отырғандай күй кешеді тыңдаған жұрт. Шоуға айналған айтыстың ішкі-сыртқы келбеті өзгеріп, басқа арнамен кетіп барады, бірақ тірі әйтеуір. «Шоуға айналған» деуіміз де негізсіз емес. Оған дәлел қайбір жылдары өткен «Жұлдыздар айтысады» шоу-айтысы. Отандық телеарналардан берілген әншілермен, әзілкештермен, айтыскерлермен болған сол бір шоу-айтысты айтыссүйер қауымның елегізіп отырып, көргені анық. «Айтыс ұлтты тәрбиелейді, қоғамға сүбелі ой салады» дейміз, бірақ, сол кездердегі(мысалы, сол бір 2014, 2016 жылдардағы шоу-айтыстың бейнетаспалары ғаламторда әлі бар) айтысты көрсеңіз, айтыс па, әзілкештердің бағдарламасы ма, не көріп отырғаныңызды аңғара алмай қалатын дел-сал күйде боласыз.

<https://e-history.kz/kz/news/show/33129>

## I-деңгей тапсырмасы

. 1-2 мәтіндерге берілген екі кесте бойынша бір «шын», бір «жалған» ақпаратты анықтаңыз.

№1

Тұжырым	Шын	Жалған
А) Айтыс сөз өнері ғана емес, тапқырлық пен ұшқырлық ұштасқан ұлт мектебі.		
В) Атыскерлерді қалтқысыз құрметпен, ардақтаумен емес, айтыс ақындарын ұнатпаумен өскен халық.		
С) Жанкүйер көрермен айтыстың шаршы алаңында қара терге түскен ақын үшін тақым қысып, бірге уайымдайтын.		

№ 2

Тұжырым	Шын	Жалған
А) Бүгінгі айтыстың мінезі де, тілі де, талғамы да сол бұрынға айтыс секілді.		
В) Тыңдаған жұрт естіп отырғандарын қорытып, сіңіруге үлгірмей өң мен түстің арасында отырғандай күй кешеді.		
С) Қазіргі айтыс халыққа ешбір тәрбие бермейтіндей жағдайда.		

## Дескриптор

- мәтінді түсініп оқу;
- сөйлемдердің мағынасын түсіну;
- ақпаратқа жауап табу.

## Бағалау критерийі

- мәтінді түсініп оқиды;

- сөйлемдердің мағынасын түсінеді;
- ақпаратқа дұрыс жауап табады.

## II - деңгей тапсырмасы

Кестені толтыру бойынша екі мәтінді салыстырыңыз.

1-мәтін Айырмашылығы	Ұқсастығы	2-мәтін Айырмашылығы

### Дескриптор

- мәтінді түсініп оқу;
- мәтін айырмашылықтарын табу;
- мәтін ұқсастықтарын табу.

### Бағалау критерийі

- мәтінді түсініп тыңдайды;
- мәтін айырмашылықтарын дұрыс табады;
- мәтін ұқсастықтарын дұрыс табады .

## III - деңгей тапсырмасы

Мәтіндердегі көтерілген мәселелерді салыстыра отырып жұбыңызбен сұрақ-жауап, интервью құрастырыңыз.

### Дескриптор

- мәтіндердегі көтерілген мәселені табу;
- мәселелерді салыстыру;
- интервью құрастыру

### Бағалау критерийі

- мәтіндердегі көтерілген мәселені табады;
- мәселелерді салыстырады;
- интервью құрастырады.

### Кері байланыс

- Айтыс қазақ халқының өмірінде алатын орны, оның маңыздылығы қандай?
- Кез келген адам айтыскер бола ала ма?
- Сабақ тақырыбының маңыздылығы қандай? Қандай ой түйдіңіз?

### Педагогке әдістемелік көмек:

Сабақ тақырыбына

**оқылым** - 8.3.6.1 тақырып бойынша бірнеше мәтінде көтерілген мәселелерді салыстыра отырып, баға беру;

**жазылым** - 8.4.1.1 мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, шағын мақала, пікір, интервью жазу; мақсаттарын алып отырмын. Бұл мақсаттарды алу себебім, оқушылардың мәтіндерді оқу арқылы қазіргі айтыс пен бұрынғы айтыстың айырмашылығын білуге, көтерілген мәселелерді шеше білуге дағдыландыру. Осы мақсаттар төңірегінде үш деңгейлі тапсырма құрастылып отыр: барлығы орындай алады, көбі орындай алады, кейбіреуі орындай алады



деп. *Бірінші тапсырма* арқылы оқушы мәтінді қаншалықты түсінді, оған өз сөзімізбен берілген сөйлемдер арқылы ақпараттың дұрыс не жалған екендігін тапқызу пысықтап алу; *екінші тапсырмаға* келегенде оқушылар оқыған мәтіндердің мазмұны бойынша кестені толтырады. Ол кестені толтыру үшін оқушы мәтіндегі көтерілген мәселені салыстырады, ойын жинақтайды; ал *үшінші тапсырма*- оқушыларды сабақ мақсатын толығымен жүзеге асыруға итермелейді, яғни тақырыптағы көтерілген мәселелерді салыстыра жұбымен интервью жазады. Бұл тапсырмалар оқушыны тыңдаған мәтінді, сонымен қоса тақырыпты толық меңгертеді деп есептеймін. Тапсырмалар деңгейлеріне байланысты жеңілден қиынға құрастырылған, және олар бір-бір біріне өте ұқсас. Сол себепті оқушы оларды орындауда еш қиналмайды деген ойдамын.

**Бөлім атауы: Қазақстан-Байқоңыр-Ғарыш. Нұртөре Жүсіп «Қыран қазақ».**  
**Сабақтың тақырыбы: Байқоңыр – ғарыш айлағы**

**Тыңдалым** - 8.1.6.1 тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде деректерді келтіре отырып, дәлелді жауап беру;

**Жазылым** - 8.4.4.1 тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап, эссе жазуда тиімді қолдану.

**Тыңдау мәтіні**

Байқоңыр (1996 жылға дейін Ленинск қаласы) — Қызылорда облысының Қармақшы ауданындағы қала. Төретам темір жол стансасынан батысқа қарай 2 км жерде, Сырдария өзенінің оң жағалауында, Тұран жазығының қуаң белдемінде орналасқан. Тұрғыны 53 мың адам (1997). Қаланың іргесі 1955 жылы Байқоңыр ғарыш алаңын салуға байланысты қаланған. 1960 жылы қаланың тұрғыны 40 мыңға, ал 1975 жылы 74 мыңға жетті.

Климаты тым континенттік. Қысы суық, жазы ыстық әрі қуаң. Қаңтардың көпжылдық орташа температурасы  $-11^{\circ}\text{C}$ , кейбір күндері  $-35^{\circ}\text{C}$ -қа төмендейді; шілдеде  $26^{\circ}\text{C}$ , кейбір күндері  $45^{\circ}\text{C}$ -қа дейін көтеріледі. Жауын-шашынның жылдық орташа мөлшері 100 мм шамасында. Байқоңырдың жер қыртысы палеоген кезеңінің құмтасты және тақтатасты жыныстарынан түзілген. Оның бетін Сырдария аңғарының шөгінділері жапқан. Шалғынды-боз және бозғылт құмдақты топырағында баялыш, күйреуік, жусан, сораң шөптесіндер басым.

Бірнеше мың га жерді алып жатқан қала ұзақ жылдар бойына “аса құпия” нысан болып саналды. Жергілікті тұрғындар да, әскери мамандар да қаланы “10-алаң” деп атап келген. Ал қалаға іргелес жатқан “Крайний” әуежайы мен көптеген шаруашылық мекемелері және Төретам темір жол стансасы “9-алаңға” кіреді. Қалада Мәскеу авиация институтының филиалы, электр техникалық колледжі, ірі есептеу орталығы, әскери аурухана, емхана, әуежай, электр стансасы, сыра зауыттары, түрлі мәдениет ошақтары, көптеген сауда, тұрмыс қажетін өтейтін кәсіпорындар жұмыс істейді. Байқоңыр қаласының орталық алаңына бас конструкторлар С.П. Королев пен М.Г. Янгельдің ескерткіштері, сондай-ақ, тұғырға С.П. Королев құрастырған ғарыш кемесі орнатылған. Қаланың демалыс саябағында зымырандарды сынақтан өткізу кезінде қаза болғандардың (200-ден астам) бауырластар зираты, ғарышты зерттеу тарихы

музейі бар. Байқоңыр қаласы мен ғарыш алаңына қажетті құрал-жабдық, техника, құрылыс материалдары, т.б. заттар Төретам темір жол стансасы арқылы жеткізіледі.

<https://bilim-all.kz/article/13041>

### I-деңгей тапсырмасы

Берілген сөздер мен сөз тіркестерін мағынасына қарай сәйкестендіріп, сөйлем құрап жазыңыздар

Байқоңыр ғарыш айлағы-	қаланы “он-алаң” деп атап келген.
Бақоңыр жерінің климаты -	ғарышты зерттеу тарихы музейі бар
Жергілікті тұрғындар да, әскери мамандар да	Төретам темір жол стансасы арқылы жеткізіледі.
Қаланың демалыс саябағында	Тым континенттік
Байқоңыр қаласы мен ғарыш алаңына қажетті құрал-жабдық, техника, құрылыс материалдары	Қызылорда облысының аумағында орналсаң.

### Дескриптор

- мәтінді түсініп тыңдау;
- тапсырманы түсіну;
- сөйлемдердің жалғасын табу.

### Бағалау критерийі

- мәтінді түсініп тыңдайды;
- тапсырманы түсінеді;
- сөйлемдердің жалғасын дұрыс табады.

### II-деңгей тапсырмасы

Мәтін мазмұны бойынша жоспар құр. Әр абзацтағы тірек сөздерді анықтаңыз.

### Жоспар:

I. \_\_\_\_\_

II. \_\_\_\_\_

III. \_\_\_\_\_

### Дескриптор

- мәтінді түсініп тыңдау;
- мәтін мазмұны бойынша ойын жинақтау;
- жоспар құру.

### Бағалау критерийі

- мәтінді түсініп тыңдайды;
- мәтін мазмұны бойынша ойын жинақтайды;
- жоспарды дұрыс құрайды.

### III -деңгей тапсырмасы

Төменде берілген тірек сөздерді қолданып, «Байқоңыр - мақтанышым» тақырыбында эссе жазыңыз. (100-120 сөз)

---

---

---

.....

## Дескриптор

- Тақырып бойынша эссе жазу, абзацты жүйелі құрастыру

## Бағалау критерийі

- Абзацты жүйелі құрастырып, эссе мазмұнын ашып жазады

## Кері байланыс

- Сен үшін бүгінгі тақырып несімен құнды болды?
- Тақырып бойынша тағы не білгің келеді?
- Сабақ тақырыбының маңыздылығы қандай? Қандай ой түйдіңіз?

### Педагогке әдістемелік көмек:

Сабақ тақырыбына

**тыңдалым** - 8.1.6.1 тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде деректерді келтіре отырып, дәлелді жауап беру;

**жазылым** - 8.4.4.1 тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап, эссе жазуда тиімді қолдану; мақсаттарын алып отырмын. Бұл мақсаттарды алу себебім, оқушылардың мәтінді тыңдау арқылы есте сақтай дағдысын дамыту. Осы мақсаттар төңірегінде үш деңгейлі тапсырма құрастылып отыр: барлығы орындай алады, көбі орындай алады, кейбіреуі орындай алады деп. *Бірінші тапсырма* арқылы оқушы мәтінді қаншалықты түсінді, оған кестеде берілген сөйлемдердің сәйкестігін табу арылы пысықтап алу; *екінші тапсырмаға* келегенде оқушылар мәтінді қаншалықты түсінгенің білу үшін әр базқа қатысты жоспар жасату. Бұл оқушылардың үшінші тапсырмаға өтуіне, яғни эссе жазудың алдындағы тапсырма болып табылады; ал *үшінші тапсырма* арқылы - оқушылар жазылым мақсатын толығымен жүзеге асыруға итермелейді, яғни тақырып бойынша толық мәліметтерді жинақтай отырып, эссе жазады. Бұл тапсырмалар оқушыны тыңдаған мәтінді, сонымен қоса тақырыпты толық меңгертеді деп есептеймін. Тапсырмалар деңгейлеріне байланысты жеңілден қиынға құрастырылған, және олар бір-бір біріне өте ұқсас. Сол себепті оқушы оларды орындауда еш қиналмайды деген ойдамын.

**Бөлім атауы:** Қазақстан-Байқоңыр-Ғарыш. Нұртөре Жүсіп «Қыран қазақ».

**Сабақтың тақырыбы:** Қазақ ғарышкерлері

**Тыңдалым** - 8.1.6.1 тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде деректерді келтіре отырып, дәлелді жауап беру;

**Жазылым** - 8.4.4.1 тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап, эссе жазуда тиімді қолдану.

### Тыңдау мәтіні

Кеңес Одағының аға лейтенанты Юрий Гагарин 1961 жылы 12 сәуірде тұңғыш рет ғарышқа жол салған болатын. 108 минутқа созылған ғарыш сапары күллі әлемге әйгілі болды. Ал қазақтан тұңғыш ғарышқа отандасымыз, ғарышкер Тоқтар Әубәкіров 1991 жылдың 2 қазанында ұшқан еді. Ол өзінің ғарышқа сапарын «СоюзТМ-13» кемесі арқылы іске асырды. Ғарышкер аспан кеңістігінде жүріп, өзге ғарышкерлермен бірге биотехнология, металлургия, медицина

салалары және Арал аймағы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, ауқымды жұмыстар атқарды. Өлшеусіз еңбектері де елеусіз қалмай, тіпті әуе кеңістігіндегі ерлігі үшін Гиннесс рекордтар кітабына да енген қазақ ғарышкері Қазақстанның «Халық қаһарманы», «Қазақстанның ғарышкер-ұшқышы» атағымен және «Отан» орденімен «Кеңес одағының Батыры» атағымен, «Алтын Жұлдыз» медалімен марапатталған.

Екінші ғарышкеріміз Талғат Мұсабаев аспан кеңістігіне үш рет ұшты. Алғаш ғарышқа 1994 жылы «Союз ТМ-19», екінші рет 1998 жылы «Союз ТМ-27» кемесімен ұшты. Ғарышкер кеме бортынан ашық ғарыш кеңістігіне бес рет шығып, 30 сағат 8 минут аспан аясында қалықтады. Осылайша Гиннестің рекордтар кітабына енгізілген Т.Мұсабаев 2001 жылы тағы бір мәрте ғарышқа ұшып, ерен ерлік көрсетті. Талғат Мұсабаевтың жер планетасы үшін жасаған өлшеусіз еңбегі бағаланып, ол сансыз марапатқа да ие болған.

2015 жылы 2 қыркүйекте үшінші ретқазақ ғарышкері Айдын Айымбетов ғарышқа Байқоңыр ғарыш айлағынан«Союз ТМА-16М» кемесімен сапар шекті. Айдын Айымбетов ғарышта ондаған ғылыми эксперимент жүргізді. Оның ішінде қазақтың ұлттық тағамдарын салмақсыз кеңістікте дегустациялау болды. Оған қоса ол Жер бетінің мониторингі және экологиялық апаттарды зерттеу бойынша эксперименттерді жүзеге асырды. Айдын Айымбетовтің ғарыш кеңістігін игеруге сіңірген аса зор еңбегі үшін «Халық қаһарманы» атағымен, «Алтын Жұлдыз» айрықша ерекшелік белгісімен, «Отан» орденімен марапатталған болатын.

Сонау жылдардан бері «Байқоңыр» ғарыш айлағынан түрлі аппарат аспан кеңістігіне жіберілді. Адамзат игілігі үшін пайдасы тиетін талай ғылыми жаңалықтар ашылды. Әлемде 180-нен астам мемлекет болса, солардың қатарында ғарышқа өз перзентін ұшырған елдер саусақпен санарлықтай. Әлемде өз ұлтынан үш немесе одан да көп азаматы ғарышқа көтерілген 9 ғана мемлекет бар. Соның ішінде қазақ ұлтының, қазақ мемлекетінің бәсі әрдайым жоғары.

<https://tolqyn.kz/kogam/35548-aryshkerler-el-matanyshy.html?ysclid=m0957p0lqw663681555>

## **I-деңгей тапсырмасы**

Жұптық жұмыс. Берілген сұрақтарды бір-біріңе қойып, тақырып бойынша өз пікірлеріңді дәлелдеңіздер

1. Тоқтар Әубәкіров ғарышта қандай ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді?
2. Талғат Мұсабаев қандай ерлігімен Гиннестің рекордтар кітабына енгізілген?
3. Айдын Айымбетов ғарышта қандай эксперименттерді жүзеге асырды?

### **Дескриптор**

- Мәтінді түсініп тыңдау;
- сұрақтарды түсіну;
- сұрақтарға жауап беру.

### **Бағалау критерийі**

- мәтінді түсініп тыңдайды;
- сұрақты дұрыс түсінеді;
- дұрыс жауап береді

## **II-деңгей тапсырмасы**

Мәтін желісіне сүйене отырып, досыңызға екі үш сөйлем арқылы хабарлама жазыңыз.

---

---

---

---

---



### Дескриптор

- мәтінді түсініп тыңдау;
- мәтін мазмұны бойынша ойын жинақтау;
- хабарлама жазу.

### Бағалау критерийі

- мәтінді түсініп тыңдайды;
- мәтін мазмұны бойынша ойын жинақтайды;
- дұрыс хабарлама жазады.

### III - деңгей тапсырмасы

Тақырып желісінен шықпай, әрбір абзацты жүйелі құрастырып, мазмұнын ашып «Ғарышты игерген ел» тақырыбында эссе жазу. (100-120 сөз)

---

---

---

.....

### Дескриптор

- Тақырып бойынша эссе жазу, абзацты жүйелі құрастыру

### Бағалау критерийі

- Абзацты жүйелі құрастырып, эссе мазмұнын ашып жазады

### Кері байланыс

- Сен үшін бүгінгі тақырып несімен құнды болды?
- Тақырып бойынша тағы не білгің келеді?
- Сабақ тақырыбының маңыздылығы қандай? Қандай ой түйдіңіз?

### Педагогке әдістемелік көмек:

Сабақ тақырыбына

**тыңдалым** - 8.1.6.1 тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде деректерді келтіре отырып, дәлелді жауап беру;

**жазылым** - 8.4.4.1 тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап, эссе жазуда тиімді қолдану; мақсаттарын алып отырмын. Бұл мақсаттарды алу себебім, оқушылардың мәтінді тыңдау арқылы есте сақтай дағдысын дамыту. Осы мақсаттар төңірегінде үш деңгейлі тапсырма құрастырылып отыр: барлығы орындай алады, көбі орындай алады, кейбіреуі орындай алады деп. *Бірінші тапсырма* арқылы оқушы мәтінді қаншалықты түсінді, оған өз сөзімізбен берілген сұрақтар арқылы пысықтап алу; *екінші тапсырмаға* келегенде оқушылар жазылым мақсаты бойынша мәліметті жинақтай отырып, эссе жазудың алдында, досына кішігірім мәтін мазмұны аясында хабарлама жазу.

бойынша кестені толтырады; ал үшінші тапсырма арқылы - оқушылар жазылым мақсатын толығымен жүзеге асыруға итермелейді, яғни тақырып бойынша толық мәліметтерді жинақтай отырып, эссе жазады. Бұл тапсырмалар оқушыны тыңдаған мәтінді, сонымен қоса тақырыпты толық меңгертеді деп есептеймін. Тапсырмалар деңгейлеріне байланысты жеңілден қиынға құрастырылған, және олар бір-бір біріне өте ұқсас. Сол себепті оқушы оларды орындауда еш қиналмайды деген ойдамын.

## 9- сынып

**Бөлім атауы:** Мен жиі болатын орындарым.

**Бөлімше тақырыбы:** Кітапханада.

**Сабақтың тақырыбы:** Көп тіл білу-заман талабы.

**Оқу мақсаттары** мұғалім мен білім алушыларға болашақ қадамдары жөнінде өзара ой бөлісуге, оларды жоспарлау мен бағалауға мүмкіндік беретін бірізділік пен сабақтастықты көрсететін 4 бөлімнен тұрады:

1. тыңдалым және айтылым;

2. тыңдалым және жазылым;

3. оқылым және жазылым;

4. оқылым және айтылым;

әдеби тіл нормаларын сақтау.

**Сабақтың мақсаты** ана тілін қадірлейтін, қоғамдық мәнін түсінетін тұлға қалыптастыру, қазақ әдеби тілі нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білуге, еркін сөйлесуге және сауатты жазуға үйрету.

9. 1. 4. 1 орта көлемді прозалық, поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, көтерілген (тұрмыстық, әлеуметтік, қоғамдық) мәселені анықтап, өз пікірін білдіру

9. 4. 4. 1 тақырып бойынша түрлі стильдегі мәтіндер құрауда мәліметтерді жинақтап, дереккөздеріне сілтеме көрсетіп жазу

**Сабақ №1.**

!

**Есте сақтаңыз! Жуан және жіңішкелі буынды ажырата біліңіз.**

Жуан буын	Жіңішке буын	Сөздердің айтылуына мән беріңіз.	
қалам	терезе	қал	кел
қарындаш	сөре	қол	көл
қазақ	үстел	қазақ	кезек
сабақ	тіл	қас	кес
қала	дәптер	қозы	көзі
тақта	дәріс	сағыз	сегіз
жыл	күн	нағыз	негіз

**«О» - «А» әріптерімен келетін сөздердің ерекшеліктеріне мән беріңіз.**

Оспан – мужское имя

аспан - небо

орман – лес

арман - мечта

ол – он, она

ал - бери

ойна – играй  
оз – обгоняй  
оң – правый

айна - зеркало  
аз - мало  
аң – зверь



**Мәтінді тыңдап, тапсырмаларды орындаңыз. (1-мәтін.)**

**№ 1. Деңгейлік тапсырма. 1-тапсырма барлығы орындай алады.**

❖ **Тест тапсырмасын дұрыс орындаңыз.**

**1.Қазақ тілі қандай тіл?**

а) отандық      ә) мемлекеттік      б) қалалық      в)жергілікті

**2.Қазақ тілін білген адам нені біледі?**

а) дүниетануды      ә) тарихты      б) математиканы  
в)астрономияны

**3.Бейбіт өмір сүру үшін не қажет?**

а) достастық      ә) татулық      б) мінез      в)көпшілік

**4.Көп тіл білу қандай байлық?**

а) діни      ә) рухани      б) адами      в)материалды

**5.Қазақстанның азаматы неге міндетті?**

а) өз тілін      ә) мемлекетік тілді білу  
б) шет тілін біу      в)кавказ тілін білу

**2-тапсырма көбі орындай алады.**



Тыңдалым және жоғарыда берілген сөздіктің көмегімен «**Көп тіл білу - заман талабы**» тақырыбына диалог құрастырындар.



**3-тапсырма кейбіреуі орындай алады.**

Тыңдалым мен тестті қолданып, мәтіннің қысқаша мазмұнын жазып шығындар.

**Дескриптор**

- Жуан,жіңішке сөздерді ажырату.
- Тест тапсырмасын орындау.
- Тақырыпқа сай диалог құру.
- Мәтіннің қысқаша мазмұнын жазу.

**№ 2 деңгейлік тапсырма.**

**Сөздік:** заман- время, қоғам- общество, адамзат- человечество, көп тіл білу- многоязычие, білім-знание, образование, дүниетаным- мировоззрение,тарих- история, ғұлама- ученый, ұрпақ- поколение, меңгеру- обучение, ғылым- наука, уйрену-изучать, құрмет- уважение, заманауи технология-современные технологии, жоба- проект, халықаралық- международный, ұлттық- национальный.



**Мәтінмен жұмыс. Мәтінді оқып, сөздіктің көмегімен аударындар.**

Қай заманда, қай қоғамда өмір сүрсек те, адамзаттың басты қатынас құралы бұл- тіл. Көп тілді еркін меңгергеннің білімі мен дүниетанымы да кеңейе түсетіні рас. Тарихтан белгілі болғандай, ғұламалардың өзі осынау қағиданы өз заманының



өзінде қолға алып, келер ұрпаққа ой тастаған. Мәселен, ғұлама Әбу Насыр әл-Фараби бабамыздың 70-ке жуық тілді еркін меңгергенін тарихтан білеміз. Өйткені, ғылым мен білімнің дамуы да тілді үйренумен тікелей байланысты. «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!». Бұл ақын Қадыр Мырза Әлінің сөзі. Көп тілді үйрену үшін ең алдымен өз халқыңның ана тіліне деген үлкен құрметтің қалыптасуы маңызды. Өз тіліңді сыйламау, түп-тамырыңды білмей, басқа тілді меңгерем деу – бекершілік. Осы орайда тұрғындарға қазақ тілін меңгерту мақсатында түрлі жобалар мен бастамалардың қолға алынып жатқаны белгілі.

Қазіргі таңда «Үш тұғырлы тіл» деген ұғым пайда болды. Бұл әлбетте, заман талабынан туындап отырған қажеттілік. Осы тұрғыда заманауи технологияның тілін меңгеру үшін, әлем елдерімен тең дәрежеде қарым-қатынас орнату үшін де көп тіл білудің маңызы зор. Техника мен технологияның көз ілеспес жылдамдықпен қарыштап дамыған заманында тілді меңгеруге деген қажеттілік артпаса кеміген емес. Бұл да қоғам дамуын алға бастыратын зор мүмкіндік. Одан соң елімізде бірнеше тілді меңгерем деген адамға да мүмкіндік жоқ емес. Қазіргі таңда әлемнің көптеген мемлекеттері көп тілді, әсіресе халықаралық тілдерді меңгеруді маңызды деп санайды. Сондықтан біз де өз халқымыздың қарыштап дамып, өркениеттен қалмау үшін көп тілді меңгеруіміз қажет. Алаштың сыршыл ақыны Мағжан Жұмабаев: «... Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болуы. Ұлттың тілінің кеми бастауы – ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат еш нәрсе болмауға тиіс. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай көрініп тұрады. Қазақтың тілінде қазақтың сары сайран даласы, біресе желсіз түндей тымық, біресе құйындай екпінді тарихы, сар далада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын сабырлы мінезі – бәрі көрініп тұр. Қазақтың сары даласы кең, тілі де бай» деп туған тіл жайында терең толғаған екен. Ендеше, заман мен әлемдік өркениет көшінен қалып қоймау үшін дәл қазіргі қоғамда көп тіл білудің маңызы өте зор.

### **1-тапсырма барлығы орындай алады.**



#### **Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңдер.**

1. Әбу Насыр әл-Фараби бабамыз қанша тілді еркін меңгерген?
2. «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!» кімнің сөзі?
3. Не бекершілік?
4. Қазіргі таңда қандай ұғым пайда болды?
5. Қазіргі таңда әлемнің көптеген мемлекеттері нені меңгеруді маңызды деп санайды?
6. Қазақтың сары даласы кең, тілі де бай» деп туған тіл жайында терең толғаған ақын кім екен?
7. Қазіргі заманда ненің маңызы зор?

### **2-тапсырма барлығы орындай алады.**



#### **Мәтін бойынша сөйлемдерді толықтырындар.**

1. Ғұлама Әбу Насыр әл-Фараби бабамыздың .....

2. «Үш тұғырлы тіл» деген .....

3. «...Ұлттың ұлт болуы үшін .....

4. Ұлтқа тілінен қымбат .....

5. Заман мен әлемдік өркениет көшінен қалып қоймау үшін .....

**3-тапсырма көбі орындай алады.**



**Үлгі бойынша сөйлем құрап жаз. Мәтінді пайдаланып, сөзді өрбітіп жазуға үйрен.**

Мектеп кітапханасы Біздің мектептің кітапханасы үлкен Біздің мектептің кітапханасында көп кітап бар. Мектеп кітапханасы жаз айында кітапқа тапсырыс берді.	Көп тіл білу
---	--------------



**4-тапсырма кейбіреуі орындай алады.**

Талғат 9-сынып оқушысы, бір апта бойы ауырды. Бүгін сәрсенбі. Ертең Талғат сабаққа барады. Ол Арайға телефон соқты. Ертеңгі сабақ туралы сұрады. *Мынау -Талғаттың күнделігі.Ал мынау- Арайдың күнделігі. Рөлді бөлісіп, өзара сұқбаттасыңдар.*



**Керекті сұрақтар:**

1.Қандай (сабақ).....?

2.Не (қандай тақырып).....?

3.Есеп (шығару).....?

4.Ағылшын (аудару).....?

5.Қазақ тілі (сөздік жұмысы).....?

6.Орыс әдебиеті (реферат,қай тақырып).....?

7.Тарихтан тест

### **Дескриптор**

- \* мәтіндегі ақпаратты анықтау;
- \* сұраққа жауап беру
- \* сөзді өрбітіп жазу
- \* өзара сұқбаттасу

### **Мұғалімге көмек**

Сөйлеу тілі басқа тілде оқитын оқушылар үшін көмек ретінде, әр сабақтың басында оқушыларға өмірге қажет фразалардан беріп отырамын, себебі бұл сөздер күнделікті өмірге қажет, кез келген уақытта қолдануларына ыңғайлы болу үшін. Тыңдалым мәтіні оқушыны қызықтыру мақсатында таңдалып алынды. Сабақта мақсатқа қол жеткізу үшін, баланың тақырыпты толық меңгеруіне жағдай жасайтын тапсырмалар құрастырылды.

### **Мақсаттар:**

**тыңдалым** 9. 1. 4. 1 орта көлемді прозалық, поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, көтерілген (тұрмыстық, әлеуметтік, қоғамдық) мәселені анықтап, өз пікірін білдіру;

**оқылым** 9. 4. 4. 1 тақырып бойынша түрлі стильдегі мәтіндер құрауда мәліметтерді жинақтап, дереккөздеріне сілтеме көрсетіп жазу; «Тыңдалым» дағдысы бойынша оқушылар 1 рет толық тыңдайды, қайта 2 рет тыңдаған кезде тест тапсырмасын алдарына таратылған парақшадағы тестті белгілеу арқылы мәтінді есте сақтай алады. Оқушылар үшін тесттің әрбір дұрыс жауабы маңызды,себебі мұғалімнің көмегімен тексерген уақытта қате кетсе түзете алады. Оқушыға төменде берілген тапсырманы орындау барысында тесттің көп көмегі тиеді. Оқушы диалог немесе тыңдалымның мазмұнын қысқаша жазатын тапсырмаларды орындағанда қолдарындағы тест парақшасының көмегі болады. «Оқылым»дағдысы бойынша мәтінінде берілген сөздіктердегі жаңа сөздердің көбі мәтінде кездеседі. Сол сөздіктің көмегімен оқушылар оқылым мәтіні не туралы екенін түсіне алады. Берілген тапсырмаларды орындауға септігі тиеді. Сұраққа жауап беру кезінде сөздікті қолдана алады. «Жазылым» дағдысы бойынша келесі тапсырмада сөздерді өрбітіп жазу кезінде оқушыға дайын үлгі беріліп тұр.Сол үлгі бойынша берілген тапсырманы орындауына жеңіл болады. Сұхбаттасу тапсырмасы бойынша берілген қосымша сұрақтар мен суреттің де көмегі зор. Бұл тапсырмалар арқылы оқушылардың еркін сөйлегенін көруге болады.

**Бөлім атауы:** *Мен жиі болатын орындарым.*

**Бөлімше тақырыбы:** *Саяхатта.*

**Оқу мақсаттары** мұғалім мен білім алушыларға болашақ қадамдары жөнінде өзара ой бөлісуге, оларды жоспарлау мен бағалауға мүмкіндік беретін бірлілік пен сабақтастықты көрсетеді.

9.1.9.1 коммуникативтік жағдаятқа сай ресми сөздер мен тіркестер, дайын тіркестер мен үстеулерді орынды қолданып, диалогке қатысу, ойын анық жеткізу;

9.4.3.1. Үстеу сөздердің қолданыс аясын түсіну және ажырата білу;

**Сабақ мақсаты** барлық оқушы орындай алады. Мәтінмен жұмыс істей біліп, тілдік бағдарды меңгереді. Көпшілік оқушылар орындай алады: дайын тіркестер мен үстеуді орынды қолданып, диалогке қатысу, ойын анық жеткізе алады. Кейбір оқушылар орындай алады: Үстеу сөздердің қолданыс аясын түсіну және ажырата біледі.

## Сабақ №2.

### Нақыл сөздер:

- Мүмкіндігінше жиі саяхаттау керек.
- Саяхат жасаудың бір ұтымды тұсы - жаңа қалаларды аралап, жаңа адамдармен танысу мүмкіндігінде.
- Саяхат – өзімізді қайтадан іздеп табуға арналған ең ұлы ғылым.



**Грамматикалық түсініктеме:** *Есте сақтаңыз! (-лар/лер, -дар/дер, -тар/тер)*

### Көптік жалғаулары

Кітап 	кітап + <b>ТАР</b> 	Қалам 	қалам + <b>ДАР</b> 	Алма 	Алма + <b>ЛАР</b> 
Есік 	есік + <b>ТЕР</b> 	Киім 	киім + <b>ДЕР</b> 	Дәптер 	Дәптер + <b>ЛЕР</b> 

### Мәтінмен жұмыс.

**1-тапсырма** барлығы орындай алады. Оқы, аудар, мәтінге ат қойындар.

**Сөздік:** өңір - край , сарқырама - водопад , тарихи орын - историческое место, тамашалау- наблюдаю , түйеқұс - страус, кесене - мавзолей, бағу, қамқор болу - заботиться , ескерткіш - памятник, шетел - за границей.

-----

Менің Отаным – Қазақстан. Отан дегеніміз туған жерің. Құс ұясыз болмайтындай, адам Отансыз болмайды. Ал менің Отаным Каспийден Алтайға дейін созылып жатқан қасиетті өлке – Қазақстан. Қазақстан Республикасының Президенті- Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев. Қазақстан – менің атамекенім. Қазақстан дегенде көз алдыма шалқыған жайлау, түтіні бұрқыраған ауыл, жазық дала елестеп, бақтағы бұлбұл құстың үні мен айдын көлдегі аққу құстың қиқулаған дауысы құлағыма келеді. Қазақстанның табиғаты таңғажайып: мұнда аспанмен тілдескен мұзарт шыңдарды, тұңғиық жұмбақ көлдерді, шалқар

теңізді, шөлейтті, арналы өзен, ну орманды көруге болады. Даласы дархан, топырағы қасиетті, қойнауы қазыналы. Қазынаның барлығы да туған өлкенің топырағында тұнып жатыр. Туған жердің қазынасын ел игілігіне айналдыру – болашақтың еншісінде. (101 сөз)



**2-тапсырма көбі орындай алады. Мәтінді пайдаланып, 5 сұрақ құрастырындар.**

.....  
.....  
.....  
.....



**3-тапсырма кейбіреуі орындай алады. Оқылым бойынша өз пікіріңді айт. Үстеуді тап.**

---

---

### Дескриптор

- Ат қоя біледі және нақыл сөзді қолданады.
- Сұраққа жауап береді.
- Өз пікірін айтады.
- Мәтіннен үстеуді табады.

**Мұғалімге көмек.** Оқытылуы басқа тілдегі оқушылар мен мұғалімдер үшін көмек ретінде сөздік беріледі. Оқушылар сөздікті сөздік дәптерлеріне жазып алады. Қажет кезде қолданады. Мәтінмен байланысты сұрақтар құрастырып, оларға жауап іздейді, идеяларды жинақтайды.

**Бөлім атауы:** *Көктем*

**Бөлімше тақырыбы:** *Наурыз- көктем мейрамы.*

**Оқу мақсаты:** Балалардың жыл мезгілдері туралы түсініктерін аша түсу, жыл мезгіліндегі табиғат өзгерістерін сезіну, әсемдікке баулу. Көктем мерекелерінің өз ерекшелігін түсіндіру.

9.2.7.1 ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтар, ғылыми еңбектерден алынған деректерді дәлел ретінде қолдану, авторына сілтеме жасау;

9.1.3.1 тыңдалған мәтіндегі ақпаратты өмірлік мәселелермен байланыстыра білу;

**Сабақ мақсаты:** 1. Өлең мен мәтін мазмұнын байланыстыра түсінуге, ұлттық мерекеміз - Наурыз туралы түсініктерінің кеңеюіне мүмкіндік беру.

2. Әдеби-теориялық талдаулар, тіл дамыту, сөздік қорларын байыту, өздік және шығармашылық жұмыстар еркіндігіне мүмкіндік жасау.

3. Халқымыздың бойындағы ұлттық тұр мен мазмұн байлығына үңілу арқылы жақсылық пен әдемілікті түсінуге ұмтылдыру.

**Сабақ №3.**



«Кім шапшаң» сөзтізбе ойыны.

«Қ» дыбысына басталып, «қ» дыбысына аяқталатын сөздерді жазыңыз.

Үлгі: Қазаққырықызық...

№ 1. Деңгейлік тапсырма.



1-тапсырма бәрі орындай алады. Мәтінді тыңдап, тапсырмаларды орындаңыз. (2-мәтін.)

❖ Тест тапсырмасын дұрыс орындаңыз.

1. Қай айда табиғат оянады?

а) ақпанда                      ә) наурызда                      б) қаңтарда                      в) желтоқсан

2. Не ериді?

а) қар                      ә) су                      б) топырақ                      в) нөсер

3. Жылы жақтан нелер келеді?

а) малдар                      ә) құстар                      б) төлдер                      в) сиырлар

4. Наурызды қай күні тойлайды?

а) 12 наурызда                      ә) 11 наурызда                      б) 22 наурызда                      в) 25 наурыз

5. Адамдар қалай киінеді?

а) қалың                      ә) жылы                      б) жеңіл                      в) ауыр

№ 2 деңгейлік тапсырма.



2-тапсырма көбі орындай алады. Мәтінмен жұмыс. Мәтінді оқып, аударындар.

Наурыз-ұлы мереке. Оны көптеген халықтар атап өтеді. Наурыз-жаңа жылдың басы. Көктемнің келуі, жердегі барлық тіршіліктің қайта тірілу күні. Мерекенің келуімен қазақтар мерекелік киім киіп, бір-біріне қонаққа барады және амандық тілейді. Жыл басы 22 наурызда тойланады. Осы кезеңде адамдар ағаш отырғызады, татуласады, үйлерін тазалайды. Бұл мерекедегі басты сан-7 саны. Негізгі тағам-Наурыз сорпасы, ол 7 нәрседен (су, ет, тұз, май, ұн, жарма (күріш, жүгері немесе бидай) және сүт) тұруы тиіс. Олар қуанышты, сәттілікті, даналықты денсаулықты, әл-ауқатты, жылдамдықты, өсуді білдіреді. Мереке құтты болсын! (90 сөз)

жаңа жыл

новый год

мереке құтты болсын

с праздником

басты сан-7

основная цифра 7

қуанышты

счастливый

сәттілік

удачи

даналық

мудрость

денсаулық

здоровье

әл-ауқатты

процветающий



**3-тапсырма барлығы орындай алады. Мәтінді пайдаланып, сұрақтарға толық жауап беріңіз.**

1. Наурыз деген не?

\_\_\_\_\_

2. Ол қашан

тойланады? \_\_\_\_\_

3. Наурыз қалай

тойланады? \_\_\_\_\_

4. Қай санның ерекше мәні бар?

\_\_\_\_\_

5. Наурыздағы басты тағам

қандай? \_\_\_\_\_

**4-тапсырма барлығы орындай алады. Мәтінді пайдаланып кластер құрындар.**



**5-тапсырма кейбіреуі орындай алады. Мәтіндегі сан есімдерді теріп жазып, түрлерін анықтандар. Сан есімді қолданып сөйлем құрастырындар.**

Үлгі: 7(жеті)-есептік сан есім, .....

*Менің інім жеті жасқа толды.*

.....

.....

.....

**№ 3 деңгейлік тапсырма.**



**5-тапсырма барлығы орындай алады. Сөз тіркесін құрастырып айтыңыз..**

Үлгі: бесінші қатар

Бесінші, алтыншы, жүзінші, төрт жүз отыз бірінші, алпыс бірінші, оныншы.

**Дескриптор**

- Тест тапсырмасын орындай алады.
- Сұраққа толық жауап береді.
- Сөйлем құрай алады.
- Сөз тіркесін қолдана алады.

**Мұғалімге көмек:** Оқушы тұлғасының танымдық қабілеттерін дамыту, оқуға жағымды қызығушылық қалыптастыру, белсенді сөздік қорын, ауызша және жазбаша тілін ұстарту. Сондай-ақ тұлғаның қиындықтарға даяр болу және оны білу, қарым-қатынас, ойын, танымдық өзін-өзі бекіту қажеттіліктерін қанағаттандыруға ықпал етеді.



**Бөлім атауы:** Табиғат.

**Бөлімше тақырыбы:** Судың да сұрауы бар.

**Оқу мақсаты:** Туған табиғатты аялап, қорғау оқушының жалпы табиғи ортаның біртұтастығын түсіне білуден басталады. Табиғатпен мәдени қарым-қатынас қалыптастыру, оны сүйуге, қорғауға тәрбиелеу.


9.2.4.1 әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау

9.4.3.1 стильдік ерекшеліктерге сай тілдік бірліктердің дұрыс қолдана білу

**Сабақ мақсаты:** Оқушыларға суды босқа сырап жасамау керектігін үйрету, берілген тапсырмалар арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту. Зат есім мен сан есімді ажыратуға баулу.

**Сабақ №4.**

**№ 1. Деңгейлік тапсырма.**



**1-тапсырма барлығы орындай алады. Мәтінді тыңдап, тапсырмаларды орындаңыз. (3-мәтін.)**

❖ **Тест тапсырмасын дұрыс орындаңыз.**

**1. Не болмаса тірі ағза өледі?**

а) қар            ә) жел            б) су            в) бұлт

**2. Судың қандай қасиеті бар?**

а) жақсы            ә) жаман            б) таза            в) емдік

**3. Адам денесінің неше пайызы судан тұрады?**

а) 20            ә) 70            б) 50            в) 7

**4. Республика аумағында жетпістен аса не бар?**

а) артизан алабы            ә) ыстық жер            б) дала алабы            в) үлкен шөл

**5. Қайдан 80-300 метр тереңдікте жер асты су алабы табылды?**

а) Қытайда            ә) Алматыда            б) Қызылқұмда            в) Аралда

**6. Сырдария мен Әмудария суларының азаюынан қай теңіз тартылып қалды?**

а) Каспий теңізі            ә) Қызыл теңіз            б) Жапон теңізі            в) Арал теңізі

**7. Суда немен серуендеуге болады?**

а) мәшине , кеме            ә) қайық, шана  
б) кеме, қайық            в) ұшақ , тікұшақ

**№ 2 деңгейлік тапсырма.**



**2-тапсырма көбі орындай алады. Мәтінмен жұмыс. Мәтінді оқып, аударындар.**

Адамның тағдыры табиғатқа байланған. Табиғат болмаса, адам өмір сүре алмайды. Ғалымдардың айтуынша, адам ағзасының 70-80 пайызы судан тұрады. Сондықтан адам күніне 2 литр су ішіп отыру керек. Таза ауасы мен шипалы суы, ну орманы мен асқар тауы жоқ мекеннің қадірі де аз. Ағашы оталып (жұлынып), суы тартылған табиғаттың адам үшін берері де жоқ. Ал берері жоқ табиғатта

адам қалай тіршілік кешпек. Судың да сұрауы бар емес пе?! Қоршаған ортасы лас, суы лай, ағашы улы табиғаттың адамға да зияны көп екені айтпаса да белгілі. Сондықтан табиғатты аялау, оған қамқорлық таныту жер бетіне келген әрбір адамның парызы мен борышы болуы керек. Халқымыз топыраққа шыққан жасыл шөптің өзін жұлуға тыйым салған.



**3-тапсырма көбі орындай алады. Мәтіннен зат есім мен сан есімді (сөзбен) теріп жаз.**



**4-тапсырма көбі орындай алады. Мәтінді пайдаланып, сұрақтарға толық жауап беріндер.**

1. Адамның өмірі неге байланысты?

2. Адам күніне неше литр су ішіп отыру керек ?

3. Табиғат қандай жағдайда адамға ештеңе бере алмайды ?

4. Қандай табиғат адамға зиян?

5. Адам табиғатты қалай аялау керек?



**5-тапсырма кейбіреуі орындай алады. Олардың деректі , дерексіз зат есім екенін түсіндіріңіз.**

Деректі зат есім	Дерексіз зат есім

**№ 3 деңгейлік тапсырма.**



**6-тапсырма кейбіреуі орындай алады. Тыңдалым мен оқылымды пайдаланып, диалог құрастырындар.**

**Дескриптор**

- Тест тапсырмасын орындай алады.
- Сұраққа толық жауап береді.
- Сөйлем құрай алады.
- Зат есім мен сан есімді таба алады.

**Мүғалімге көмек:** Оқушылардың жетістікке жету үшін жаңа әдіс тәсілдеді қолдану қажеттілігін түсінеді және алынған тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану барысымен танысады. Өмірде қолданады. Сөздік қоры молаяды, өз ойын анық жеткізеді. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы артады. Қосымша материалдарды интернет көзінен алуға болады. Су туралы оның пайдасы мен

зияның видео арқылы жүктеуге болады. Кей кездерде оқушыға презентацияға тақырыпты мұғалім бере алады.

**Бөлім атауы:** Табиғат.

**Бөлімше тақырыбы:** Аспан денелері.

**Оқу мақсаты:** Тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде тестке жауап беру. Мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша тапсырмаларды орындау.


9.1.4.1 мәтіннің мақсаты арқылы негізгі ойды анықтау;

9.1.5.1 мәтіндегі айтылған ойға өз көзқарасын білдіреді, сыни тұрғыдан баға беріп айту;

**Сабақ мақсаты:** Мәтінді түсініп оқиды. Дұрыс-бұрысын табады. Тақырыптың мазмұнын меңгеріп, негізгі идеясын түсінеді, талдау жасай алады, өздігінен тапсырмаларды орындай алады.

**Сабақ №5.**

**№ 1. Деңгейлік тапсырма.**



**1-тапсырма барлығы орындай алады. Мәтінді тыңдап, тапсырмаларды орындаңыз. (4-мәтін.)**

❖ **Тест тапсырмасын дұрыс орындаңыз.**

**1. Адам жаны мен тәнінің амандығы неге байланысты?**

а) үйге                      ә) денсаулыққа    б) ерекшелікке                      в) шаруаға

**2) Қай салаға ерекше көңіл бөліп отыр?**

а) денсаулық    ә) жүгіруге    б) ойынға                      в) асқа

**3 Күнделікті немен айналысады?**

а) ойын                      ә) компьютер    б) спорт                      в) тамақтанумен

**4 Спортпен шұғылданудың арқасында қандай боламын?**

а) әлжуаз                      ә) ғылым    б) мықты                      в) шымыр

**5. Қандай сусындарды ішпеу керек?**

а) киелі                      ә) зиянды    б) қастерлі                      в) зиялы

**6. Қалай тамақтану керек?**

а) дұрыс                      ә) нашар    б) тез                      в) жаман

**№ 2 деңгейлік тапсырма.**



**2-тапсырма. Мәтінмен жұмыс. Мәтінді оқып, аударыңдар.**

Аспан денелері түнде көргенде, ғажайып көрінеді. Оларды көру үшін телескоп керек. Ғалымдар аспан денелерін телескоп арқылы жақындатып көрген. Бірақ кейбір біз көріп жүрген, жұлдыз деп санап жүрген жұлдыздар планета болып шығады. Сондай-ақ аспан денелеріне жұлдыздар жатады. Алып планеталардың Юпитер, Сатурн, Нептун, Уран өлшемдері мен массалары үлкен. Жұлдыздар – түнгі аспанда жарқыраған нүктелер сияқты көрінеді, бірақ шын мәнінде, олар алыс қашықтықта жатқан шар тәріздес денелер. Олардың көп болғаны соншалық, жалпы санын анықтау мүмкін емес. Аспан денелері туралы тағы не білеміз? Ғарыштың ең үлкен жұлдызы – Күннен 1800 есе үлкен. Көлемі үлкен

жұлдыздардың өмір сүру ұзақтығы қысқа. Жыл сайын біздің Галактикада 50 жаңа жұлдыз дүниеге келеді екен.

**Сөздік:** Аспан денелері- Небесные тела, жұлдыздар-звезды, түнгі аспанда- в ночном небе, шар тәріздес- сферический, алыс қашықтықта- далеко, ғарыш-космос, өлшемдері мен массалары - размеры и масса.



**3-тапсырма көбі орындай алады. Мәтінді пайдаланып, дұрыс-бұрысын тап.**

№	сөйлемдер	дұрыс	бұрыс
1	Оларды көру үшін теледидар керек.		
2	Ғалымдар аспан денелерін телескоп арқылы жақындатып көрген		
3	Алып планеталардың Юпитер ,Сатурн ,Нептун , Уран өлшемдері мен массалары үлкен.		
4	Көлемі үлкен жұлдыздардың өмір сүру ұзақтығы орасаң.		
5	Жыл сайын біздің Галактикада 60 жаңа жұлдыз дүниеге келеді екен.		

**4-тапсырма көбі орындай алады. Берілген сөздерді сәйкестендіріңдер.**

1	аспан	а	сайын
2	үлкен	ә	сүру
3	көру	б	аспанда
4	жыл	в	жұлдыз
5	түнгі	г	планеталардың
6	өмір	ғ	денелері
7	жаңа	д	үшін
8	алып	з	жұлдызы

**№ 3 деңгейлік тапсырма.**



**2-тапсырмадағы мәтіннен зат есім мен сан есімді (сөзбен) теріп жаз. Олардың деректі , дерексіз зат есім екенін анықтаңыз.**



**5-тапсырма кейбіреуі орындай алады. Тыңдалым бойынша өз пікірінді жаз.**

### Дескриптор

- Тест тапсырмасын орындай алады.
- Дұрыс-бұрысын таба алады.
- Сөздерді сәйкестендіре алады.
- Мәтіннен деректі , дерексіз зат есім таба алады.
- Кейбір оқушылар өз пікірлерін жаза алады.

**Мұғалімге көмек:** Мұғалімдер оқушылардың бойында бұл қасиеттерді әртүрлі оқыту тәсілдерін қолдану арқылы тәрбиелейді және дамытады. Әрбір оқушылардың жеке пікірін тыңдау және алынған білімдер мен түсініктерді қолдану мен дамыту маңыздылығына мән беріліп отырады.



оңтүстік	юг	мемлекетіміздің қауіпсіздігін	безопасность нашей страны
----------	----	-------------------------------	---------------------------

## № 2 деңгейлік тапсырма.



### 2-тапсырма. Мәтінмен жұмыс. Мәтінді оқып, аударындар.

Менің Отаным Қазақстан - кең-байтақ мемлекет. Қазақстанның даласы бұрыннан жазық, орманды, таулы және өзен, көл, шөлді болған. Қазақстанға туристер соғұрлым көптеп келгендіктен, қазақстандықтардың мәдениеті мен тарихын біле алады. Бүгінгі таңда қазақ елінің тарихы мен мәдениетін білгісі келетін шетелдіктер көп. Оларды соншалық еліміздің көрікті қалалары мен алуан түрлі табиғаты қызықтырады. Шығысты Алтай таулары, Зайсан көлі, Тарбағатай мен самырсынды ормандар алып жатыр. Батысы – мұнайлы өлке. Оңтүстігінде мақта мен күріш өссе, солтүстігінде бидай мен басқа да дәнді дақылдар өседі. Жер көлемінің үлкен болғандығы соншалық солтүстігінде қар жауып тұрса, оңтүстігінде ауа райы жылы болып тұрады. Шығыста таң атқанда, батыстағы қазақстандықтар әлі ұйқыда жатады. Осы байтақ далада керемет тәуелсіз қазақ елі өмір сүреді. Тәуелсіз Қазақстан Республикасының қазіргі заманғы Қарулы күштері бар. Олар біздің туған жеріміздің, еліміздің, Отанымыздың қауіпсіздігін қорғайды. Қазақстан Қарулы Күштерінің дайындығы анағұрлым жоғары. Солардың бірі – «Ұлан» ұлттық гвардиясы мемлекетіміздің қауіпсіздігін қорғайды.



### 3-тапсырма барлығы орындай алады. Мәтінді оқып, сұрақтарға толық жауап беріңіз.

1. Қазақстанның даласы бұрыннан қандай болған ?

---

2. Қазақстанға кімдер көптеп келеді ?

---

3. Шетелдіктер қазақ елінің несін білгілері келеді ?

---

4. Оларды еліміздің несі қызықтырады ?

---

5. Қарулы күштері қайда бар?

---

6. «Ұлан» ұлттық гвардиясы не істейді ?

---

7. Сен қай жерде туып өстің?



**Ереже: Етістіктің шақтары.**

Осы шақ		
Шақ түрі	Жасалу жолы	Мысал
1. Ауыспалы осы шақ	Етістік (-а, -е, -й) Жіктік жалғау	Күнде барамын Күнде ойнаймын
2. Нақ осы шақ	Қалып етістігі (жүр, отыр, тұр, жатыр) Жіктік жалғау	Мен жүрмін Мен отырмын

Келер шақ		
Шақ түрі	Жасалу жолы	Мысал
1. Болжалды келер шақ	Етістік (-ар, -ер, -р, -с) Жіктік жалғау	Мен барармын Сен жүрерсің
2. Мақсатты келер шақ	Етістік (-мақ, -мек, -пақ, -пек, -бақ, -бек) Жіктік жалғау	Мен бармақпын Ол айтпақ
3. Ауыспалы келер шақ	Етістік (-а, -е, -й) Жіктік жалғау	Мен ертең барамын

Өткен шақ		
Шақ түрі	Жасалу жолы	Мысал
1. Жедел өткен шақ	Етістік (-ды, -ді, -ты, -ті) Жіктік жалғау	Мен бардым Сен келдің
2. Бұрынғы өткен шақ	Етістік (-ған, -ген, -қан, -кен, -ып, -іп, -п) Жіктік жалғау	Мен барғанмын Мен барыппын
3. Ауыспалы өткен шақ	Етістік (-атын, -етін, -йтын, -йтін) Жіктік жалғау	Мен баратынмын Ен жүретінсің



**4-тапсырма көбі орындай алады. Жазылым. 2-тапсырмадағы мәтіннен етістіктің шақтарын теріп жаз. Олардың түрлерін бір-бірінен ажыратып түсіндіріңіз. (Осы шақ, өткен шақ, келер шақ)**

Осы шақ

Өткен шақ

Келер шақ

**№ 3 деңгейлік тапсырма.**



**5-тапсырма кейбіреуі орындай алады. Тыңдалым бойынша өз пікіріңді жаз.**

### Дескриптор

- Тест тапсырмасын орындай алады.
- Сұраққа толық жауап береді.
- Мәтіннен есімдіктің шақтарын ажырата алады.
- Кейбір оқушылар тыңдалым мен оқылымның көмегімен өз пікірлерін жаза, айта алады.

**Мұғалімге көмек:** Қазақ тілінде берілетін теориялық білімді практикалық жұмыстармен тығыз ұштастырып, тіліміздің өзіндік заңдылықтарын өздерінің ауызша, жазбаша жұмыстарында дұрыс сауатты қолдану. Өтілген грамматикалық ережелердің негізінде мәтінмен жұмыс істеу. Деңгейлік тапсырмаларға бейімделу.

**Бөлім атауы:** *Салт-дәстүр.*

**Бөлімше тақырыбы:** *Сәлемдесу.*

**Оқу мақсаты:** Оқушыларды ата-бабаларымыздың дүниетанымын қастерлеуге, дәстүрімізді дәріптеп, салтымызды сыйлауға үйрету, мектеп пен ата-ана арасындағы байланысты нығайту, үлкенді сыйлауға құрметтеуге, тәрбиелеу.

9.1.1.1 мәтін мазмұны бойынша дайындалған сұрақтарға болжаммен жауап беру, түпнұсқамен салыстыру;



9.2.2.1 қазақ тілі стильдері мен шешендік сөздің түрлерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану, шақтарды ажырату;

Сабақ мақсаты: Оқушыларды әдеп-тілекке, адамдармен қарым-қатынас жасай білу; Дана сөздерді ұғыну, оқушыларға қазақ халқының сәлем беру, сәлем алу, сәлемдесу рәсімдерін айту;

### Сабақ №8.

**1-тапсырма барлығы орындай алады. Сәлемдесудің түрлерін есте сақтап, бірнеше рет қайталап айтыңыз.**



Согласно казахским обычаям форма приветствия мужчин особая.

При встрече младший приветствует старшего по возрасту:

Сөздік:

Қазақ тілінде	Орыс тілінде
дыбыс	Звук
әріп	буква
Сәлеметсіз бе?	Здравствуйте
Сау бол!	До встречи!
Қайырлы таң!	Доброе утро!
Қайырлы кеш!	Добрый вечер!
Қайырлы түн!	Доброй ночи!



**2-тапсырма кейбіреуі орындай алады. Оқылған мәтін бойынша жоспар құрыңыз.**

Сәлемдесу – барлық халықта адамгершілік қарым – қатынастың алғашқы бастауы, кілті сияқты сезіледі. Қазақ халқында сәлемдесу рәсімдері күрделі. Әсіресе, үлкенге сәлем беру реті – жауаптырақ. Соны әркім қатаң сақтауға керек. Барып сәлемдесу реті кез келген уақытта, кім көрінгенге барып сәлем бермеген, бұрында. Бір ауылдағы немесе бір туыстықтағы бір жасы үлкен, ел – жұртқа сыйлылығымен танылған адамдарға ғана әдейі уақытын арнап, сапар етіп сәлем беруге баратын болған. Немесе, ауыл адамдарының ішінен біреулер оқудан, әскерден, т. б. сапардан келіп жатса, жасы үлкендерге сәлем беріп шығу борыштарлығын өтейтін болған. Келген мейманның өзі киіз үйге енгенде

«Ассалаумағалейкүм» деп жалпыға сәлем беріп кіреді. Тіпті, баспанада адамдар жоқ болса да немесе әйелдер отырған жағдайда да «Ассалаумағалейкүм» деп шаңырққа сәлем беру әдет қалыптасқан. Сырдарияның төменгі бойы қазақтарында амандасудың да өзіндік дәстүрге бағынған рәсімі бар. Арал, Қазалы өңірінде ер бала, қыз бала да өзінен үлкендерге дауыстап сәлем бердік дейді. Келіннің беті ашылып, босаға аттаған күннен бастап, келін күйеуінің ағайындарына көрген кезде екі қолын алдына бір-біріне айқастырып қойып «Сәлем бердік», – деп дауыстап, өзі иіледі. Күйеуінің ағайындары жол-жөнекей кездескен күнде де осылай сәлем салады. Үлкендер келіннің сәлеміне «Көп жаса! Бақытты бол!» - деп жауап қайтарады. Бұл дәстүр келіндердің күйеуінің ағайындарына деген ізеттілігін білдіреді.

**3-тапсырма барлығы орындай алады. Мәтінмен жұмыс. Сөз тіркестері мен сөздерді сәйкестендіріңдер.**

1 сәлем бердік	А деп шаңырққа сәлем беру
2 Көп жаса!	Ә сәлем беру
3 Ассалаумағалейкүм	Б бол
4 Сырдарияның	В халқында
5 шаңыраққа	Г ағайындары
6 бақытты	Ғ деп дауыстап, өзі иіледі
7 қазақ	Д төменгі бойы
8 күйеуінің	З деп жауап қайтарады
9 бұл	И қарым-қатынас
10 сапардан	Ж дәстүр
11 адамгершілік	Е келіп жатса



**4-тапсырма көбі орындай алады. Қоштасу формаларын жаттап алыңыздар.**

Ертеңге дейін! – До завтра!

Келесі кездескенше! – До следующей встречи!

Ал, әзірге – Ну, пока!

Көріскенше күн жақсы болсын! – Всего доброго!

Қайырлы түн! – Спокойной ночи!

Жолыңыз болсын! – Желаю удачи! Счастливо!

Сәлем айтыңыз! – Передайте привет!

Рақмет, сәлеміңізді жеткізем. – Спасибо, передам.

Қош болыңыз! – Прощайте!

**Берілген қоштасу формасымен сәлемдесу салтын пайдаланып диалог құрастырыңдар.**

.....  
 .....  
 .....



**5-тапсырма кейбіреуі орындай алады. Сурет бойынша әңгіме құрастырыңдар. Бұл салт-дәстүрді қай мейрамда қолданамыз?**



### Дескриптор

- Мәтінмен жұмыс орындай алады.
- Жоспар құра біледі.
- Суретпен жұмыс жасай алады.
- Сын есімнің ережесін біледі.

**Мұғалімге көмек:** Оқытылуы басқа тілдегі оқушылар мен мұғалімдер үшін көмек ретінде сөздік беріледі. Оқушылар сөздікті сөздік дәптерлеріне жазып алады. Қажет кезде қолданады. Мәтінмен байланысты сұрақтар құрастырып, оларға жауап іздейді, идеяларды жинақтайды.

**Бөлім атауы:** *Түстер сыры.*

**Бөлімше тақырыбы:** *Сын есімнің қолданылуы.*

**Оқу мақсаты** тақырып бойынша меңгерген жаңа сөздерді олардың сын есіммен қатар қолдану, ойын жеткізе білу; тірек сөздерді дұрыс қолданып, ойын толық иллюстрацияларды сипаттау;

9. 2. 1. 1 берілген тақырыпқа сай сөздерді орынды қолдана отырып, мақсатты аудиторияға арналған ауызша мәтіндер құру;

9. 2. 2. 1 коммуникативтік жағдаяттарға байланысты сөйлеу этикеті формаларын дұрыс таңдай білу және сын есімді дұрыс қолдану;

**Сабақ мақсаты:** Сын есімнің қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану; берілген тақырыпқа сай сөздерді орынды қолдана отырып, мақсатты аудиторияға арналған ауызша мәтіндер құру;

### Сабақ №9.

**Грамматикалық түсініктеме. Сын есімнің сұрақтары: қандай? қай?**

Качество и признак предметов	Примеры
------------------------------	---------

1.Түр-түстер	Ақ-белый, кара-черный, қызыл-красный, сары-желтый, көк-синий, жасыл-зеленый, қоңыр-коричневый, сұр-серый, т.б.
2.Көлемі және мөлшері	Үлкен-большой, кішкене-маленький, кең-широкий, тар-узкий, биік-высокий,қысқа-короткий, ұзын-длинный, т.б.
3.Мінез-құлық	Жуас-смирный, тентек-озорной, сұлу-красивый, жалқау-ленивый, қатты-твердый, жұмсақ-мягкий, т.б.
4. Дәм	Ащы-горький, тәтті-сладкий, дәмді-вкусный, тұщы-пресный, қышқыл-кислый, т.б.
5.Пәшін	Домалақ-круглый, жалпақ-плоский, томпақ-выпуклый, қисық-кривой, түзу-ровный, сопақ-продолговатый, дөңгелек-круглый, т.б.



**1-тапсырма барлығы орындай алады.** Сөз табының бір түрі сын есіммен яғни заттың белгілерін байқап, сындық ерекшеліктерімен танысамыз.

- Мынау не?
- Түрі қандай?
- Көлемі қандай?
- Дәмі қандай?
- Иісі қандай?
- Жеп болғаннан кейін қандай баға бересіңдер? .....



**2-тапсырма барлығы орындай алады.** Сөз тіркестерді тыңдап, тапсырмаларды орындаңыз. Сөздікпен жұмыс. Берілген сөздерді аударыңыз.

Ақ - белый	Ұзын	Домалақ	Ащы
Қара	Қысқа	Сопақ	Тұщы
Қызыл	Үлкен	Жалпақ	Тәтті
Жасыл	Кіші	Жұмсақ	Дәмді
Сары	Кең	Қатты	Қышқыл
Көк	Тар	Суық	Тұзды
Қоңыр	Аласа	Салқын	Дәмсіз








**3-тапсырма көбі орындай алады.** Сөз тіркесін жасаңыз.

<p>Ақ Қара Қызыл Жасыл Сары Көк Қоңыр Ұзын Қысқа Үлкен Кіші Кең Тар Аласа Дөңгелек Домалақ</p>	<p>Бөлме Шөп Банан Ағаш Қауын Жіп Жол Мақта Көмір Алма Аспан Адам Іні Жер Дәліз Үй</p>
--	--



**4-тапсырма көбі орындай алады. Суретпен жұмыс.**

	<p>Мынау – машина. Түсі – ақ. Ол – өте кішкентай және аласа. Оны біз көлік ретінде пайдаланамыз. Көлікте арнайы тұрақ болады. Көліктің адамға пайдасы зор. Адамдарды тасмалдайды, жеңіл жүктерді тасуға болады. Сондай-ақ көліктің түстері мен көлемі әр түрлі болып келеді. т.б.</p>
	
	
	
	



**5-тапсырма кейбіреуі орындай алады. Мәтінді оқып, аударыңыз және сын есімдерді пайдаланып өз ойынды ары қарай жалғастырындар.**



Аққулардың түсі ақ және қара болады. Аспан көк түсті болады. Ал, жапырақтар жасыл, сары, қызғылт түсті болады. Күзде жапырақтар сары түске боялады. Шырша жыл бойы жасыл түсті болады.....



**6-тапсырма кейбіреуі орындай алады. Түстер сыры тақырыпты негізге ала отырып, (қара,көк,қызыл,сары, жасыл т.б. түстерге ақпарат жинау. Мысылы:**

**«Ақ» түсі. Тұрақты сөз тіркестерін жасаушы түр-түс атауларының ішіндегі төресі – «ақ» сөзі.**

«Ақ» деген негізгі түр-түстік мағына («белый»). Оның төңірегіне: -ақшыл («белизна»), көздің ағы («бельмо»), жұмыртқаның ағы («белок»), жарық түс («светлый»), шаштың, сақалдың ағы («седой», «седина»), ақ боз («сивый»), өңсіздік («бледный»), сүт тағамдары («молочные продукты»), боз түсті кездеме («бельевая ткань»), т.б. мағыналар туған;-«ақ» сөзінің ауыспалы мағыналары: кіршіксіз таза («чистый»,«незапятнанный»), айыпсыз («невинный», «безгрешный»), ақ жүрек, адал («честный»,«чистосердечный»). -керемет, тамаша, ғажайып мағынасында беріледі.

**Дескриптор**

- Мәтінмен жұмыс орындай алады.
- Өз ойын толық жеткізе біледі.
- Суретпен жұмыс жасай алады.
- Сын есімнің ережесін біледі.

**Мұғалімге көмек:** Оқушыларға сын есімнің ережелерін түсіндіреді. Сызбаларды пайдалануға болады, интернет көмегімен презентация жасай алады. Жоғарыда берілген тапсырмаларды оқушыларға дұрыс орындатып үйретеді.

**Бөлім атауы:** *Қазақстанның жоғары оқу орындары*

**Бөлімше тақырыбы:** ??? *Кім болам? Көптік жалғауы.*

**Оқу мақсаты** тақырып бойынша жаңа сөздерді меңгеру керек, оларды көптік жалғаумен қатар қолдану, оқушыларды ойын толық жеткізе білуге баулу;

9. 2. 1. 1 берілген тақырыпқа сай сөздерді орынды қолдана отырып, мақсатты аудиторияға арналған жазбаша, ауызша мәтіндер құру

9. 2. 2. 1 коммуникативтік жағдаяттарға байланысты сөйлеу этикеті формаларын дұрыс таңдай білу, көптік жалғауын дұрыс қолдана білу;

**Сабақ мақсаты:** Көптік жалғаудың қолдану орнын білу, ауызша және жазба жұмыстарын берілген тақырыпқа сай сөздерді орынды қолдану. Мақсатты аудиторияға арналған ауызша ,жазбаша мәтіндер құру;

### **Сабақ №10.**



**Есте сақтаңыз! Оканчания множественного числа не прибавляются к неисчисляемым именам существительным, а также абстрактным именам существительным: шаш «волосы», су «вода, айран**



**«кефир»**

Нан <del>нандар</del>		
Алтын алтындар		
Су <del>сулар</del>		
Айран <del>айрандар</del>		

!

Есте сақтаңыз! В словосочетаниях, где уже выражена множественность, окончания множественного числа не употребляются:

	
бес телефон	<del>бес телефондар</del>

	
төрт хат	<del>төрт хаттар</del>

Сөздік:

алғашқы – первый, ұлттық – национальный, даярлау- подготовка, басқару- управление, ұйымдастыру-организовать, білім ордасы-образовательное учреждение, оқуға түсу- зачисление, қаражат-средства, ақылы- оплаченный, ақысыз- бесплатно, ізденіс-поиск.



Мәтінмен жұмыс. 1-тапсырма барлығы орындай алады.

Оқы,сөздіктің көмегімен аударыңдар.



Адам өсе келе өз болашағы жайлы көп ойланады екен. Жастық шақтың қалай тез өтіп кететінінде байқамай қалады. Өмірдегі басты мақсат өз орнын табу емес пе? Мен әлі мектеп табалдырығында оқып жүрген оқушымын, ата-анамның көзінде кішкентай қыз болсам да, өз болашағым жайлы көп ойланамын. Алдағы өмірім қандай болмақ? Болашақта мен кім боламын? Қандай мамандық иесі атанамын? деген сұрақтарға көп ойланамын. Жай ғана ойланудың аз екендігінде білемін. Сондықтанда қазірден бастап алдыма мақсат қойып, оған табанды түрде кірісіп, арманымның жетегіне еріп келемін.

Елбасымыз айтқандай «Болашақ-білімді жастардың қолында» демекші біздің болашағымыз өз қолымызда. Келешегімізді бүгіннен де нұрландыра түсу де өз қолымызда. Ал болашағымыз баянды да бақытты, нұрлы да шуақты болуы үшін менің ойымша ең алдымен өзіне лайық мамандық иесі атану. Ал өзім жайлы айтатын болсам, болашақта қандай салада жұмыс істейсің? деген сұраққа мен ойланбастан биология саласы дер едім. «Қазіргі заманда биология, химия, физика және математика салаларына жете көңіл бөлу керек» -деп ойлаймын. Атақты ғалымдар сияқты жаңалықтар ашу менің басты мақсатым. Әрине бұның барлығы да қазір арман болса да, жоғарыға көтерілу жолында қиындықтар туындайтынын білсем де, мен бұл мақсатыма жететініме сенімдімін. Және де бұл ойымды жүзеге асыру мақсатында қазіргі күннен бастап мен алға қарай қадам басудамын. Сондай-ақ, елімізде ғылым салалары өте көп, бірі адамзат үшін пайдалы. Бүгінгі күні жоғары білім ордасына түсу өте қиын, ҰБТ тапсыруда жоғары балл жинау керек.

Ол үшін:

А) мамандықты дұрыс тандап, өзіне қажетті пәнді білу

Ә) өзің қалаған оқу орны туралы ақпаратпен жақын танысу

Б) оқу орнының ақылы бөліміне түсу үшін, қаражат жинау

В) ақысыз бөліміне түсу үшін-білім, ізденіс, үзбей даярлық, үнемі қайталау керек

Қайталау-оқу айнасы !



**2-тапсырма барлығы орындай алады. Мәтін бойынша сөйлемді толықтырыңдар.**

1. Елбасымыз айтқандай

\_\_\_\_\_

2. Өмірдегі \_\_\_\_\_

3. Өзім

жайлы \_\_\_\_\_

4. Бүгінгі

күні \_\_\_\_\_

5. Ақысыз \_\_\_\_\_



**3-тапсырма көбі орындай алады. Мәтінге сұрақ қойыңдар.**

-----

---



**4-тапсырма кейбіреуі орындай алады. Сөйлесуді толықтырындар, осы үлгі бойынша екеуара сұхбаттасындар.**

- .....

-Менің ұлттық экономикалық университетке түскім келеді.

- .....

- Ол Тұрар Рысқұлов атында.

**5-тапсырма сәйкестендіреді. Мына сөздерді сәйкестендіріңдер.**

- Д
1. Адам жанының емшісі.
  2. Жан-жақты білім беруші.
  3. Сауда айналымын реттеуші.
  4. Заңмен айналысатын.
  5. Зәулім ғимарат салушы.
  6. Халықтың көңілін көтеруші.

- Әнші  
Сәулетші  
Дәрігер  
Экономист  
Заңгер

- Өз ойын толық жеткізе біледі.
- Сұхбаттаса, сөздер мен сөлемді сәйкестендіре алады.

**Мұғалімге көмек:** Жоғарыда берілген тапсырмаларды оқушыларға дұрыс орындатып үйретеді. Оқушыларға көптік жалғау ережелерін түсіндіреді. Қосымша материалдар қосуға болады. Сызбаларды пайдалануға болады, интернет көмегімен презентация жасай алады.

**Бөлім атауы:** 1 – бөлім. Еңбек нарығы және сұраныс. Балғабек Қыдырбекұлы «Теміржолшы» (үзінді)

**Сабақтың тақырыбы:** Еңбек нарығы

**Тыңдалым:** 10.1.1.1- мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, өз біліміне сүйініп тақырыпты жалғыстыру;

**Жазылым:** 10.4.6.1- мәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу

**Тыңдалым алды тапсырма**

**1-тасырма.** Термин сөздердің мағынасын түсіну, сұрақтарға жауап беру.

**Дескриптор**

- **Термин сөздердің мағынасын білу;**
- **Сұрақтарға жауап беру;**

1.Еңбек нарығы дегеніміз не?

2. Жұмыссыздар арасындағы бәсекелестік дегеніміз не?

3. Конъюктура –деген не?


1. **Еңбек нарығы**— бұл жұмыс күшін тауар ретінде сату – сатып алу туралы экономикалық қатынастардың жүйесі.

2. **Бәсекелестік** - жоғары квалификациялы жұмыскерлер мен мамандар да бір-бірімен бәсекелік сайыста болады.

3. **Конъюктура** — бір нәрсеге әсер ететін қандай да бір сыртқы жағдайлар мен жағдайларды қамтитын жалпы жағдай. Тар мағынада - қоршаған орта.

2-тапсырма .**"Суреттер галереясы" әдісі.**

**Тақырыпты сурет бойынша болжау**



-Суретте не бейнеленген?

-Еңбек дегеніміз не?

-Нарық дегеніміз не?

-Еңбек нарығы деген сөзді естідіңдер ме

-Ендеше бүгінгі сабақтың тақырыбы қандай болмақ?

**Тыңдалым тапсырмасы**

**1-тапсырма.** Мәтінді екі рет тыңдап, түсіну.

**Дескриптор**

- Мәтінді тыңдап, өзіндік көзқарасын білдіреді

### **Еңбек нарығы**

Еңбек нарығы - бұл жұмыс күшін тауар ретінде сату – сатып алу туралы экономикалық қатынастардың жүйесі. Еңбектің тікелей әсер етуінің арқасында жоғары біліктілікті еңбектің дәрежесі көтеріледі, әрбір жұмыс орнының бағасы өседі, жұмыскерге және оның еңбегіне талап күшейеді. Еңбек нарығында өте қабілетті және іскер жұмыскерлерге қатаң таңдау жүргізіледі. Нарық еңбекке қабілетсіздерді, жалқау, әлсіздерді ешқашан аямайды. Ол еңбектің жоғары шапшаңдығын қамтамасыз етіп, іскерлік пен біліктілікті талап етеді.


Еңбек нарығы — бұл бәсекелік нарық. Оның құрылымдық-функционалдық ұйымдастырылуының өте күрделі болғандығынан, қашан болмасын, жұмыс орындары мен еңбек ресурстарының арасында белгілі сәйкес келмеушілік болады. Өзін алмастыруға жоғары квалификация талап ететін, жұмыс орындарының бір бөлшегі бос болып қала береді, ал қажетті арнаулы дайындығы

жоқ адамдардың бір бөлшегі жұмыс таба алмайды. Осындай жағдайда, жұмыстың қандайын болмасын табу үшін жұмыссыздар арасында бәсекелестік пайда болады. Осымен бірге, өз еңбегімен жоғары табыс табуды көздеп ұнамды орналасу үшін, жоғары квалификациялы жұмыскерлер мен мамандар да бір-бірімен бәсекелік сайыста болады.

Мысалы американдықтар өмірінің еңбек еткен жылдарында жұмыс орындарын орташа 7,5 рет, Жапонияда 2,6 рет, ал Батыс Еуропада бұл көрсеткіш Жапонияға қарағанда жоғары. Дамыған елдердегі рынок өзінің өзгермелі конъюктурасына қарай, жұмыскерлердің үштен екісін үнемі оқуға итермелейді. Жапонияда мысалы, әрбір екінші жұмысшы әйтеуір бір жерде оқиды. Осы елде сапа үйірмелері, тәжірибемен алмасу тобы, жаңа технология және еңбек тәсілдерін игеру құбылыстары кең тараған. Швецияда еңбекке байланысты арнайы заң қабылданған. Заң талабына сай, әрбір жұмыскерге жұмыс уақытының есебінен кез келген курста оқуға құқылы және ешқашан жалақысын жоғалтпайды. Сондықтан да жұмыскердің оқуы мен білім дәрежесі жоғары бағаланды. Бұл процес – нарықтық принципке көшетін экономика үшін қажетті құбылыс. Финляндияда, мысалы осындай орташа мерзім кезінде мамандық та өзгертіледі немесе халық шаруашылығында айналысатындардың үштен бір бөлігі басқа жұмысқа ауысады.

<https://kopilkaurokov.ru/>

**2-тапсырма. Мәтіндегі 5 негізгі ақпаратты анықта. анықталған ақпаратты торлы диаграммаға түсір. (топпен жұмыс)**



**Тыңдалымнан кейінгі тапсырма**

## **1-тапсырма. Мәтінге сүйеніп, ойды жазбаша жалғастырыңдар. ( жеке жұмыс)**

- тыңдалым бойынша мәліметтерді жинақтау
- ақпараттарды жүйелеу;
- өз ойын жазу;

1. Еңбек нарығы - бұл жұмыс күшін тауар ретінде сату -...
2. Еңбек нарығында өте қабілетті және ...
3. Еңбек нарығы — бұл ...
4. Мысалы американдықтар ...

### **Дескриптор**

Мәтінге сүйеніп, ойын сауатты жаза жаза алады.

### **Кері байланыс**

- Сен бүгінгі сабақта не істей алдың?
- Саған не қиын болды?
- Саған нені жетілдіру қажет деп ойлайсың?

### **Мұғалімге көмек**

1 – бөлім. Еңбек нарығы және сұраныс. Балғабек Қыдырбекұлы «Теміржолшы» (үзінді) 1-2 сабағы «**Еңбек нарығы**»

Бұл сабақ бірнеше тапсырмалардан тұрады. Мысалы: сұрақтарға жауап беру, берілген суреттер бойынша тақырыпты болжау, мәтінді тыңдау, түсінген мәтінді диаграммаға түсіру, аяқталмаған сөйлемдер арқылы қысқаша мәтін жазып өз ойларын жеткізу сияқты тапсырмалардан тұрады. Мақсаттар:

**Тыңдалым:** 10.1.1.1- мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, өз біліміне сүйініп тақырыпты жалғыстыру;

**Жазылым:** 10.4.6.1- мәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу

Бұл тапсырмаларды оқушылар оңайдан қиынға жеңілден күрделіге өту бойынша орындайды. Тыңдалым тапсырмасында берілген сұрақтарға жауап береді, термин сөздерді жазып алады, суреттер бойынша сабақтың тақырыбын анықтайды.

Жазылым тапсырмасында тыңдаған мәтіні бойынша жазба жұмысын сауатты жазады.

**Бөлім атауы:** 1 – бөлім. Еңбек нарығы және сұраныс. Балғабек Қыдырбекұлы «Теміржолшы» (үзінді)

**Сабақтың тақырыбы:** Кәсіпкерлік –табыс көзі

**Айтылым:** 10.2.2.1- ғылыми- көпшілік және публицистикалық мәтіндерге сүйеніп, монолог және диалог құрау, сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданып, тыңдаушыға әсер ету;

**Айтылым алды тапсырма.**

**1-тапсырма. Суреттегі мамандықтың қандай түрін таңдар едің? Неліктен? өз ойыңды дәлелде.**

### **Дескриптор**

- Сұрақтарға жауап береді;
- Өзіне ұнаған мамадық түрі туралы айтады;
- Жұбымен мақал-мәтел мағынасын талқылайды;



## 2 тапсырма. Мақал –мәтелдердің бірін таңдап мағынасын жұбыңмен талқыла.

Табыстың бір ұшы білекте, Бір ұшы жүректе.

Танысыңа сенбе, Табысыңа сен.

Таңғы нәсіп табыстан, Түскі асым таныстан.

Табысы бардың ұзаққа шабысы бар, Танысы бардың билікке шансы бар.

**Айтылым тапсырмасы.**

**1- тапсырма. Үзіндіні қалай аяқтар едің, өз көз-қарасыңды айт. (жеке жұмыс)**

### Дескриптор

- Үзіндіге байланысты өз ойын жеткізу
- Топпен жұмыс жасайды

Өмірде шынайы табысқа жетудің алғашқы басты қадамы – сіздің өміріңіз үшін табыстың мәнін түсіну, сіз үшін табыс деген не екендігін білу. Біздің барлығымыз табысқа жеткіміз келеді. Өмірде табысты болғымыз келеді. Табыс – бұл қарым-қатынас және барынша күш пен уақытты талап ететін дүние. Табыс – бұл ішкі «МЕНнің», жан-дүниенің тыныштығы, жайлылығы. Әр адамға «Табыс деген не?» деген сұрақ қойсаңыз, сонша рет түрлі жауап аласыз. Себебі әр адамның өмірге көзқарасы әр түрлі, өмірдегі мақсаты бөлек. Сондықтан табыстың анықтамасы жоқ. Оны сіз өзіңіз қалыптастырасыз.

**2-тапсырма. «Табысқа жетудің ережесі жоқ, бірақ жолдары көп» –** бұл кезеңде сынып екі топқа бөлініп, табысқа жетудің он жолын айтады. Әрбір дұрыс жауапқа 10 - ұпай беріледі (топпен жұмыс)

**МЫСАЛЫ:** (ықтимал жауаптар)

***I топ***

1. Табыс жоспарын құрыңыз;
2. Өз түйсігіңізді тыңдаңыз;
3. Уақытыңыз шектеулі екенін түсініңіз;
4. Өзіңізді табысты адамдармен қоршаңыз;
5. Өзіңізге күнделікті кішігірім мақсаттарды қойып жүріңіз;
6. Тәуекелге барып көріңіз;
7. Өзіңізді табысқа жеткен адам ретінде елестетіңіз;
8. Жалған наным мен идеологияданаулақ болыңыз;
9. Сенімділікті дамытыңыз;
10. Ойлаудың жаңа түрлеріне көшіңіз;

***II топ***

1. Үнемі шындықты айтыңыз және адал болыңыз;
2. Өзіңізге және өз қабілеттеріңізге сеніңіз;
3. Уақытыңызды басқарыңыз;
4. Шыдамды, сабырлы және жинақы болыңыз;
5. Табысқа жетемін деген күшті құлшыныста болыңыз;
6. Әрдайым жаңа дүниелерге үйреніңіз;
7. Мүмкіндіктерге назар аударыңыз;
8. Ешқашан кедергілерге көңіл бөлмеңіз;
9. Басқалардан ерекшеленуге дайын болыңыз;
10. Белсенді және батыл болыңыз;

**Дескриптор**

- Жаңа сөздерді қатыстырып диалог құрастырады;
- Сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданып,

тыңдаушыға әсер ету;

**ЖЖ. «Сен және мен» әдісі.**

Берілген сөздерді қатыстырып жұбыңызбен диалог құрастырыңыз.

**(Табыс табу , кәсіпкерлік, тапсырыс, епті, іскер, тәуекелшілдік, демеушілік, жекеменшік, сын көзбен қарау)**

***Кері байланыс***





### **Мұғалімге көмек**

1 – бөлім. Еңбек нарығы және сұраныс. Балғабек Қыдырбекұлы «Теміржолшы» (үзінді) 3-4 сабағы «**Кәсіпкерлік-табыс көзі**» сабағы айтылым дағдысына негізделген бірнеше тапсырмалардан тұрады. 1-тапсырма.

**Суреттегі мамандықтың қандай түрін таңдар едің? Неліктен?** өз ойыңды дәлелде. Бұл тапсырманы орындаудың тиімділігі оқушының қандай мамандық таңдағаны туралы мәлімет аласыз. 2 тапсырма. Мақал –мәтелдердің бірін таңдап мағынасын жұбыңмен талқылап, оның өзектілігін дәлелдейді. «**Өмірде шынайы табысқа жетудің алғашқы басты қадамы**» -үзіндіде әр оқушы монолог ретінде сөйлейді өз ойын айтады. 10 қадам айту барысында оқушылардың арасында қызығушылығы оянады, бәскелестік қасеттері білінеді. Тыңдаушыға әсерін байқатады.

**ЖЖ. «Сен және мен» әдісі.** Оқушының жұппен жұмыс жасай алу қабілетін көрсететін әдіс.

**Айтылым:** 10.2.2.1- ғылыми- көпшілік және публицистикалық мәтіндерге сүйеніп, монолог және диалог құрау, сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданып, тыңдаушыға әсер ету;

**Бөлім атауы:** 1 – бөлім. Еңбек нарығы және сұраныс. Балғабек Қыдырбекұлы «Теміржолшы» (үзінді)

**Сабақтың тақырыбы:** Кәсіпкерлік –шеберлік

10.3.3.1- әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік- қоғамдық мәселені талдау және кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау

**Оқылым алды тапсырма**

**Дескриптор**

- Суреттер арқылы сабақтың тақырыбын болжайды.


- Мақсаттар туралы айтылады. Күтілетін нәтижелер белгіленеді.

**1-тапсырма.** Танымал кәсіпкерлердің сурет топтамалары беріледі, оқушылар сәйкестендіру кестесін толтырады.

Кәсіпкерлер суреттері (отандық, әлемдік)	Есімдері
	
	
	
	
	

**2- Тапсырма.** «Балық қаңқасы» әдісі арқылы өзіне ұнаған кәсіпкер туралы мәлімет жинақтайды. (Топпен жұмыс) постерге салып, жұмыстарын қорғайды.

**Графикалық органиайзер: «Балық қаңқасы» диаграммасы**



**Дескриптор**

- Мәтінді түсініп оқиды. Жұбымен талқылайды.
- Кейіпкердің жомарттығын үлгі етеді. Кестені толтырады.

**Оқылым.** Мәтінді түсініп оқып, өзіңе ұнаған жерлерін жұбынмен талқыла. (Жұптық жұмыс)

Болат Өтемұратов – қазақстандық жетекші кәсіпкер және меценат. «Верный капитал» инвестициялық тобының басқаруындағы жобалардың негізгі инвесторы және атаулы қайырымдылық қорының қызметіне жетекшілік етеді. Ол сондай-ақ Қазақстан теннис федерациясының президенті және Халықаралық теннис федерациясының (International Tennis Federation) вице-президенті болып табылады.

Меценаттыққа біржолата бет бұрған Өтемұратов мырза көмек көрсетудің және жүйелі шешімдерді іске асырудың озық халықаралық тәжірибесін мұқият зерделеді. 2014 жылы ол Болат Өтемұратов қорын құрып, Қордың денсаулық сақтау, білім беру, табиғи апаттардың салдарын жою, спорт, мәдениет және қала құрылысы салаларында көмек көрсету жөніндегі қызметіне жеке өзі қатысады. Қор іске асырған жобалардың жалпы құны 150 млн АҚШ долларынан асады. Қордың алғашқы ірі жобасы – Қазақстанның ірі қалаларында құрылған аутизм орталықтары, мұнда аутистік спектрі бұзылған балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар кәсіби көмек пен қолдау алады. Қор «Аутизм. Әлем бәрімізге бірдей» жобасын іске асыруға 15 млн АҚШ долларын бөлді. Тоғыз жыл ішінде 16 000-нан астам АСБ бала 13 «Асыл Мирас» аутизм орталығының қолдауын көрді.

2022 жылы Қор еліміздің әртүрлі аймақтарында 100 миллион АҚШ долларынан асатын сомаға мемлекетке өтеусіз берілетін бірқатар әлеуметтік инфрақұрылым жобаларын салуды бастады. 2023 жылдың қыркүйегінде Қосшы қаласында Қор қаражатына салынған жаңа мектеп ашылды. Ол «жайлы мектеп» ұлттық стандартының талаптарына сәйкес келетін алғашқы мектеп болды. Қазіргі уақытта Қызылорда әуежайы, Қосшыдағы қоғамдық орталық және Алматы облысындағы екі мектеп салынуда.

Болат Өтемұратов Қоры жастарды дамыту бойынша жобаларды жүзеге асыруда. Еліміздің 234 мектебінің бағдарламасына студенттерге сыни ойлау, көпшілік алдында сөйлеу және келіссөздер жүргізу дағдыларын дамытуға көмектесетін бірегей көшбасшылық бағдарламасы енгізілді. Сонымен қатар, тұрақты даму мәдениетін және командалық жұмысты қалыптастыру үшін Қор Алматы мен Астананың 36 мектебінде «Жасыл мектеп» («Зеленая школа») жобасына бастамашы болды. Бағдарлама шеңберінде балалар салауатты өмір салтын ұстану, өсімдіктерді отырғызу және өсіру дағдыларын үйренеді. Бүгінгі таңда екі бағдарламаға барлығы 40 000 оқушы қатысты.

**2-тапсырма. Кестені толтыр.**

**Мәтіндегі қатты әсер еткен тұстарды, үзінділерді жазады.**

**Сол әсер еткен үзінділер жайлы пікір жазады (сен кәсіпкер болсаң халыққа қандай жағдай жасар едің т.б.)**

### **Мұғалімге көмек**

1 – бөлім. Еңбек нарығы және сұраныс. Балғабек Қыдырбекұлы «Теміржолшы» (үзінді) 5-6 сабағы «**Кәсіпкерлік-шеберлік**» сабағы оқылым дағдысына негізделген бірнеше тапсырмалардан тұрады. 1-тапсырма. Танымал кәсіпкерлердің сурет топтамалары беріледі, оқушылар сәйкестендіру кестесін толтырады. (Топпен жұмыс) бұл тапсырманы орындау барысында оқушылардың қызығушылығы оянады. 2- Тапсырма. «Балық қаңқасы» әдісі арқылы өзіне ұнаған кәсіпкер туралы мәлімет жинақтайды. Топта жұмысты жасау тәртібін түсінеді, өздері жасаған жұмыстарын қорғайды. Оқылым тапсырмасында мәтінді түсініп оқиды, кестені толтырып, өз ойларын ортаға салады.

**Оқылым:** 10.3.3.1- әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік- қоғамдық мәселені талдау және кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау

**Бөлім атауы:** 1 – бөлім. Еңбек нарығы және сұраныс. Балғабек Қыдырбекұлы «Теміржолшы» (үзінді)

**Сабақтың тақырыбы:** Әлеуметтік сұраныс және отандық өнім

10.4.1.1- публицистикалық және ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, шағын мақала жазу;

**Жазылым алды тапсырма**

**Дескриптор**

- Кестені толтырады
- Мәтінді оқып, түсінеді

**1-тапсырма. Сөздердің аудармасын тауып жазады.**

<b>Сөз</b>	<b>Мен түсінген аударма нұсқасы</b>	<b>Сөздік бойынша аудармасы</b>
Сұраныс		
Экологиялық таза тағам		
Уағдаластық		
Өндіріс		

### **Оқылым**

Қазіргі таңда отандық тауарларға деген сұраныс артып келеді. Сондықтан еліміздің ауылшаруашылығын өркендетіп, 2021 жылға қарай азық-түлік тауарларының экспортын 40 %-ға көбейту жоспарланып отыр. Қазақстан

Республикасының Тұғыш Президенті Н. Назарбаевтың 2017 жылғы халыққа жолдауында: «Көптеген позиция бойынша біз әлемде ірі аграрлық экспортты өнім өндірушілердің бірі бола аламыз. Бұл әсіресе экологиялық таза тағамдарға қатысты. «Made in Kazakhstan» бренді сондай өнімдердің эталоны болуға тиіс», - деп көрсетті.

Отандық экологиялық таза өнім өндіруде шығысқазақстандық омарташылардың жетістігін атап өту қажет.

Сұранысқа қарай күніне 2 тонна бал тұтынушыларға жөнелтіледі. Бүгінде оны өңір тұрғындары ғана емес, күллі Қазақстан қадеге жаратып отыр. Келешекте Қытай нарығына шығару жоспары да бар. Осы аймақтағы белгілі кәсіпкер, кожалық басшысының орынбасары А. Қасымбаев былай дейді:

— Жоспарымыз өте көп. Болашақта өнімдерімізді Қытай нарығына шығарғымыз келеді. Бұл үшін кәсіпкерлер палатасымен келісім жасадық. Үлкен жермеңкелерде біздің тұтынушыларымыз табылатынына сенімдімін.

Қазақстандық ет пен ет өнімдері де шетелде сұранысқа ие. Мал мен құс еті Тәжікстан, Қытай, Өзбекстан, Біріккен Араб Әмірліктері, Иран елдеріне жеткізілуде. Енді олардың қатарына Израиль қосылып отыр. Осы айдың басында уағдаластыққа қол жеткізілді. Израиль жағы сиыр мен қой етін тасымалдауға қызығушылық танытып отыр. Қазір өнімнің бағасы бойынша келісімдер жасалып жатыр.

Атап өтетін болсақ, израильдіктер жылына 75 мың тонна сиыр етін импорттайды. Бұл бағыттағы жұмыстар жайында «Атамекен» ҰҚП басқарма төрағасының орынбасары Нұржан Әлтаев:

- Ол етті апару үшін Израильдің ветеринариялық талаптары бар. Сол талаптарға бізден шығып жатқан еттерді сәйкестендіріп, екі тарап келісімшарттарға қол қойды. Егер ветеринариялық жағынан мәселе шешілетін болса, ауылшаруашылық өнімдерімізді, әсіресе ет өнімдерін сол елдің нарығына апаруға дайынбыз.

Қазақстандық қымыз өндірушілер де шетелде танылып үлгерді. Сұраныстың артуына орай бие сүтінің құрғақ түрін өндіру алдағы жылы 2 есеге өсіп, 30 тоннаға жеткізіледі. Бұл жөнінде саумал ұнтақтарын шығаратын отандық жалғыз компания өкілдері мәлімдеді.

Аталған өнімге сұраныс күн өткен сайын артып келеді. Сондықтан компания өндіріс технологиясын жетілдіріп, оны еліміздің, түкпір-түкпіріне, алыс-жақын шетелдерге жылдам жеткізу жолдарын қарастырып жатыр. 95 пайыз табиғи өнімнен тұратын ұнтақтың денсаулыққа пайдасы зор. Компания өкілі Меруерт Өмірбекқызының айтуынша, «экспортқа ерекше қызығушылық танытып отырған мемлекеттер - Қытай, Корея, Жапония, Ресей және Еуропаның бірқатар мемлекеттері. Ұлттық өнімімізді ұлттық бренд ретінде бүкіл әлемге танытуға мүмкіндік бар. Сонда Қазақстан саумалдың отаны ретінде танылады».

Осылайша, қазақстандық өндірушілер шикізат өндірісінен сапалы өңделген өнім шығаруға ауысуда. Бірегей бренд қалыптастыру арқылы халықаралық нарықтардағы бәсекеге қабілеттілігімізді арттыру көзделіп отыр. Мұның барлығы азаматтардың Отан алдындағы парызын сезінуіне байланысты.

## **Жазылым**

### **Дескриптор**

1. Берілген сұрақтарға жауап береді.
2. Өз пікірін білдіреді.
3. Пікірін дәлелдеп қолданады.
4. Өмірмен байланыстыра алады.
5. Қорытынды шығарады.
6. Сауатты жазады.

### **Диалог құруға/шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер:**

#### **Талқылауға арналған сұрақтар:**

Менің ойымша...

Осылардың ішінде...

Статистика бойынша...

Отандық өнімге қарасақ...

Не себепті .... деп ойлайсыз?

Қандай өнімдерді көп алады ... деп ойлайсың?

Неліктен халықтың айтуынша . . . деп ойлайсың?

«Кәсіп, кәсіп түбі — нәсіп» дегенді қалай түсінесің?

#### **2-тапсырма. «ПОПС» формуласы әдісі. Бойынша шағын мақала**

**жаз.**

Мәтін мазмұнын «ПОПС» формуласына салып, 4 сөйлем жаз:

1. Өз пікіріңді жаз;
2. Пікіріңді дәлелде;
3. Өмірмен байланыстыр;
4. Қорытынды жаз.

#### **Мұғалімге көмек**

1 – бөлім. Еңбек нарығы және сұраныс. Балғабек Қыдырбекұлы «Теміржолшы» (үзінді) 7-8 сабағы «Әлеуметтік сұраныс және отандық өнім» сабағы жазылым дағдысына негізделген бірнеше тапсырмалардан тұрады. 1-тапсырма. Берілген кестеге сөздердің аудармасын жазады. 2 тапсырма. Сұрақтарға жауап береді. Сол бойынша өзінің ой пікірін білдіреді. «ПОПС» формуласы әдісі бойынша мақала жазады.

**Жазалым:** 10.4.1.1- публицистикалық және ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, шағын мақала жазу;

**Бөлім атауы:** 1 – бөлім. Еңбек нарығы және сұраныс. Балғабек Қыдырбекұлы «Теміржолшы» (үзінді)

**Сабақтың тақырыбы:** Балғабек Қыдырбекұлы- танымал жазушы

10.5.1.1- тәуелдік жалғауды (оңаша және ортақ тәуелдеу) дұрыс қолдану

#### **Дескриптор**

- Тәуелдік жалғау қосымшаларын қайталау.

- Сөйлемдегі көп нүктенің орнына оңаша және ортақ тәуелдеу жалғауларының қажеттісін қойып жазу.

**1-тапсырма.** Сөздікпен мұқият танысыңыз. Төмендегі сызба бойынша Сәбит пен Рабиғаның отбасы туралы әңгімелеңіз.

**Ата-ана үшін**

Немере – балаларының балалары

Келін – ұлының әйелі

Күйеу бала – қызының күйеуі


**Сен үшін**

Жезде – әпкеңнің күйеуі

Жеңге – ағаңның әйелі

Нағашы ата-әже – анаңның ата-

анасы



**2-тапсырма.** Сөйлемдегі көп нүктенің орнына оңаша немесе ортақ тәуелдеу жалғауларының қажеттісін қойып жаз.

1. Биыл отандық кәсіпкерлердің жиырма бес ... «Алтын сапа» белгісімен марапатталды. 2. Сіздің бизнес саласындағы өкіл... мектепке компьютер тарту етті. 3. Шетелдік инвесторлар мен Алматының кәсіпкерлер... бас қосты. 4. Айтулы кәсіпорындардың отандық тауарлар... берндке айналуға. 5. Қазіргі таңда жас мамандардың мақсат... –табысқа жету. 6. Олар мәжілісте өздер... нің жетістіктер... жайлы баяндама жасады. 7. Бәріміздің ойлаған ...- халықтың жағдай... .

**Дескриптор**

- Балғабек Қыдырбекұлының өмірбаянымен танысу
- Сұхбатты толықтырып жазу.

Балғабек Қыдырбекұлы (15.4.1929, Алматы облысы Жамбыл ауданы Таран ауылы — 25.6.1995, Алматы) — журналист, жазушы.

ҚазМУ-ді бітірген (1950). Қазіргі “Егемен Қазақстан” газетінде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, бас редактордың орынбасары қызметтерін атқарған (1960 — 73). 1983 — 1987 жылдары осы газеттің бас редакторы. Қазақстан журналистер одағы басқармасының төрағасы болды. Алғашқы фельетондар жинағы “Ешкімге айтпа” деген атпен 1962 жылы жарық көрген. “Шайтанның шатағы” (1966), “Қара сандық” (1969), “Маздаған шырақ” (1971), “Ұрының еншісі” (1972), “Ақпа құлақ” (1978),



“Алатау” (1—2 кітап, 1986, 1991), “Ақымақтың миы” (1993), “Түгел сөздің түбі бір” (1993), “Қым-қиғаш жылдар” (1993), “Қайран Ораз” (1999), т.б. кітаптары жарық көрген. Балғабек Қыдырбекұлы өз шығармаларында халық тарихын, ірі тұлғалар бейнесін сомдаған. Қазыбек бек Тауасарұлының жазбалары деп саналатын қолжазбаны (“Түп тұқияннан өзіме дейін”) тауып, кітап етіп шығарды. Қаз КСР Жоғ. Кеңесінің екі мәрте (1983, 1990) депутаты болып сайланды. Еңбек Қызыл Ту, Халықтар Достығы ордендерімен марапатталған.

**1-тапсырма.** Сұхбатты толықтырыңыз, қарайтылып берілген қосымшаға назар аударыңыз.

- А. \_\_\_\_\_ атым – Сәбит. Сенің \_\_\_\_\_ кім?  
Б. Менің атым \_\_\_\_\_ .  
А. Менің жасым он алтыда. Ал, сенің \_\_\_\_\_ нешеде?  
Б. Мен он жетідемін. Сенің отбасың бар ма?  
А. \_\_\_\_\_ отбасым бар. Отбасым үлкен. Ал, сенің отбасың қандай?  
Б. \_\_\_\_\_ отбасымда екі адам: мен және анам.  
А. Сен оқисың ба? Анаң қайда жұмыс істейді? \_\_\_\_\_ аты кім.  
Б. Иә, мен оқушымын. Мен \_\_\_\_\_ оқимын. Менің \_\_\_\_\_ жеке кәсіпкер. \_\_\_\_\_ Лена. Сен \_\_\_\_\_ туралы айтшы.  
А. Менің отбасымда бес адам бар. Олар: әке-шешем, екі қарындасым және мен.

### Мұғалімге көмек

1 – бөлім. Еңбек нарығы және сұраныс. Балғабек Қыдырбекұлы «Теміржолшы» (үзінді) 9-10 сабағы «**Балғабек Қыдырбекұлы-танымал жазушы**» сабағы тілдік нормаға негізделген бірнеше тапсырмалардан тұрады. **1-тапсырма.** Сөздікпен мұқият танысыңыз. Төмендегі сызба бойынша Сәбит пен Рабиғаның отбасы туралы әңгімелеңіз. Бұл тапсырмада оқушылар тәуелдік жалғауының жасалу жолдарын естеріне түсіреді, сауатты жазады. **2- тапсырмада** берілген сөйлемдердегі жалғаулардың ортақ және оңаша түрін ажыратады.

Сұхбатты толтыра отырып өз отбасы туралы сауатты жазып сұрақтарға жауап береді.

**Тілдік бағдар** 10.5.1.1- тәуелдік жалғауды (оңаша және ортақ тәуелдеу) дұрыс қолдану

**Бөлім атауы:** 1 – бөлім. Еңбек нарығы және сұраныс. Балғабек Қыдырбекұлы «Теміржолшы» (үзінді)

**Сабақтың тақырыбы:** Теміржолшы- тарихи оқиға шежіресі

10.3.3.1- әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік- қоғамдық мәселені талдау және кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау

### Дескриптор

- Сұрақтарға жауап береді
- Суреттер арқылы сөйлемдер айтады

**1-тапсырма.** Сұрақтар қою арқылы теориялық білімдерін еске түсіру, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру:

- Қазақ әдебиеті қандай пән?
- Қандай ақын-жазушыларды білесіздер?
- Қай ақынның өлеңінен үзінді айта аласыздар?
- Отандық өнім дегеніміз не?
- Қандай өндіріс орындары бар?
- Астана қаласындағы негізгі өндіріс ошақтары?
- Қандай отандық өнімді қолданасыз?

Суреттерді сөйлету:



**Оқылым.** Балғабек Қыдырбекұлы-танымал жазушы, дарынды журналист, фельетоншы, жазушы-романшы. 1929 жылы 15 сәуірде Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Таран ауылында дүниеге келген - 1995 жылы 25 шілдеде Алматы қаласында қайтыс болған. 1950 жылы - Қазақ Мемлекеттік Университетті бітірді. 1960 – 73 жылдары қазіргі “Егемен Қазақстан” газетінде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, бас редактордың орынбасары қызметтерін атқарған. 1983 — 1987 жылдары осы газеттің бас редакторы. Қазақстан журналистер одағы басқармасының төрағасы болды.

Алғашқы фельетондар жинағы “Ешкімге айтпа” деген атпен 1962 жылы жарық көрген. “Шайтанның шатағы” (1966), “Қара сандық” (1969), “Маздаған шырақ” (1971), “Ұрының еншісі” (1972), “Ақпа құлақ” (1978), “Алатау” (1—2 кітап, 1986, 1991), “Ақымақтың миы” (1993), “Түгел сөздің түбі бір” (1993), “Қым-қиғаш жылдар” (1993), “Қайран Ораз” (1999), т.б. кітаптары жарық көрген.

«Теміржолшы» шығармасы әдебиеттің проза жанрында жазылған туынды. Шығармада тарихи оқиға шежіресі баяндалады. 1930 жылдары қазақ жері Балқаш өңірінде ең алғаш салына бастаған теміржол құрылысының жұмыстары туралы, ауыл баласының теміржол құрылысына қалай келгені баяндалады. Жиырма жастағы Әліш теміржолда адал еңбек етеді. Әңгіме барысында халықтың қара жұмысқа араласуы, пойыз деген не, оны қалай қабылдағаны туралы кеңінен айтылады. Барлық оқиға әңгіменің бас кейіпкері Әліш Үмбеталов образы арқылы сипатталады. Соңында ол жақсы жетістіктерге жетеді. Үкімет оны Ление орденімен марапаттайды.

### Дескриптор

- Мәтінді түсініп оқиды
- Мәтіннен Б.Қыдырбекұлының лауазымдық қызметін көрсететін сөйлемдерді анықтайды
- Лауазымдық қызметті фактілермен дәлелдейтін сөйлемдерді анықтайды
- «Көп түкірсе - көл» дегенді қалай түсінесің?

**2 тапсырма .** Сөйлемдерді қажетті сөздермен толықтырыңыз.

А) Әліш \_\_\_\_\_ 20 жыл жұмыс істеп, үлкен бір іс бастады.

В) Түркісіб жұмысшылары Әліштің поездарды \_\_\_\_\_ жөнелту

идеясын қуанышпен қабылдады.

С) Әліш Үмбеталов теміржолдағы жиырма бес жыл

\_\_\_\_\_ сiңiрген еңбегі үшін орденмен марапатталды.

**3-тапсырма.** Кері байланыс «**Ыстық орындық**» орындық әдісі

(Бір оқушы алдыңғы жақта, орындықтар оны айнала қоршай орналастырылады.

Жаттығудың сипаттамасы:



Бір оқушы алға шығып өз пікірін айтып және тақырып бойынша сұрақтарға жауап береді. Сұрақты анағұрлым мазмұнды қылу үшін, оқушылар белгілі бір пікір бойынша бірлесіп алға шығып сөйлей алады.

☀ Адам баласына кітаптың пайдасы?

Қандай кітаптарды оқығанды ұнатасың?

### Мұғалімге көмек

1 – бөлім. Еңбек нарығы және сұраныс. Балғабек Қыдырбекұлы «Теміржолшы» (үзінді) 11-12 сабағы «Балғабек Қыдырбекұлы-танымал жазушы» сабағы тілдік нормаға негізделген бірнеше тапсырмалардан тұрады. **1-тапсырма.** Сұрақтар қою арқылы теориялық білімдерін еске түсіру, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру. Суреттерді пайдаланып сөйлемдер құрастыру, Отандық өнім тұтынасың? Олар қандай өнімдер деген тақырыпта оқушылардың тілін дамыту. 2- тапсырмада Б.Қыдырбекұлының өмірбаянымен танысып, «Теміржолшы» шығармасының қысқаша мазмұнымен танысады. Сөйлемдерді қажетті сөздермен толықтырады. Кері байланыс ретінде «Ыстық орындық» әдісі арқылы әр оқушының кітапқа деген шығармаға деген көзқарасын талқылау.

Сұхбатты толтыра отырып өз отбасы туралы сауатты жазып сұрақтарға жауап береді.

**Оқылым.** 10.3.3.1- әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік- қоғамдық мәселені талдау және кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау

**Бөлім атауы:** 2-бөлім. Отандық өнеркәсіп өнімі. F Мұстафин «Қарағанды» романынан үзінді.

**Сабактың тақырыбы:** Отандық өнімді пайдаланамыз.

**Тыңдалым:** 10.1.4.1- прозалық шығарманы тыңдау, шығармада көтерілген жалпыазаматтық мәселені айқындау; 10.1.6.1- көтерілген мәселені бойынша әртүрлі дереккөздерден алынған мәтіндерді тыңдау және салыстыру, өз көзқарасын аргументтер негізінде дәлелдеу;

#### Дескриптор

- Жаңа сөздердің мағыналарын түсіндіру. Жұппен жұмыс.
- Жаңа сөздерді тыңдайды, оқиды, мұғалім соңынан қайталайды.
- Оқушылар жаңа сөздермен сөз орамдарын, қарапайым сөйлем құрастырады.
- Жаңа сөздерді сөздік дәптерге жазады.

**1 тапсырма. Оқылым алды жұмыс.**

Жаңа сөздер	Мағынасын сөздіктен тауып жаз
Нарықты реттеушілер	
Мінсіз	
Кіріс	
Мүддесі	
Бәсекелестік	
Өгейлік	
Ұстанымы	
Игі	

**Тыңдалым.**

Бүгін біз нарық заманында өмір сүріп отырмыз. Отандық өнімдіміз сатылмаса, кіріс те болмайды, бұл талап барлық салаға тән. Өнеркәсіпке де, ауыл шаруашылығына да, бизнеске де қатысты. Нақты нәтиже болып, өнім сатылса, табыс түссе, жалақы да, әлеуметтік көмек те көтеріледі.

Кіріс болмаса, түсім де болмайды. Мінсіз әрі еркін экономика шындығында мүлдем жоқ, бірақ, нарықты реттеушілер бар. Оны қазіргі күні әр ел өз мүддесіне қарай қолдануда. Әрбір дамыған ел өзінің өнеркәсібін, ауыл шаруашылығын бизнесін тікелей қолдауда. Олар шетелдік өнімдерге тыйым салуда.

Қазақстан өзінің тауарларын 4%, Франция 25%, ал, америкалықтар одан да көп пайызға қолдайды. Қолдамау деген өзіміздің ауыл шаруашылығы тауарларымыздың бәсекелестікке қабілеттілігін төмендету деген сөз. Біз шетелден тауар ала береміз, ал өзіміздің өндіріс тоқтап қалады. Міне, еркін нарықтық экономика деген осы. Өзіміздің өнімге өгейлік танытпай -қолдау білдіру әрбір азаматтың ұстанымы болса игі.


### Дескриптор

☀ Мәтінді тыңдайды. Мәтін бойынша сұрақтар құрастырып, оны топпен ауысып жауап береді.



**1 тапсырма.** Әр топ мәтін бойынша билет түрінде 5 сұрақ дайындайды бір-бірінің билеттерін ауыстырып жауап береді.

**Тыңдалымнан кейінгі жұмыс. 2 –тапсырма «Отандық өнімді не үшін пайдаланасың? Диаграмманы толтыр.**



### Мұғалімге көмек

**Бөлім атауы:** 2-бөлім. Отандық өнеркәсіп өнімі. Ғ Мұстафин «Қарағанды» романынан үзінді.

**Сабақтың тақырыбы:** **Отандық өнімді пайдаланамыз 1-2 сабақтар**

**Тыңдалым:** 10.1.4.1- прозалық шығарманы тыңдау, шығармада көтерілген жалпыазаматтық мәселені айқындау; 10.1.6.1- көтерілген мәселені бойынша әртүрлі дереккөздерден алынған мәтіндерді тыңдау және салыстыру, өз көзқарасын аргументтер негізінде дәлелдеу;

Бұл сабақта оқушылар жұбымен жаңа сөздермен жұмыс жүргізеді, ол сөздерді пайдаланып мәтінді түсінеді. Мәтінді мұқият тыңдайды. Топқа бөлініп тыңдалым мәтіні бойынша бір-біріне билет әдісі бойынша сұрақтар дайындап, жауап береді. Мұғалім жеңіске жеткен оқушыларды анықтап, кері байланыс жүргізеді. Сабақтың соңында қорытынды ретінде әр оқушы отандық өнім туралы өз пікірлерін білдіреді.

**Бөлім атауы:** 2-бөлім. Отандық өнеркәсіп өнімі. Ғ Мұстафин «Қарағанды» романынан үзінді.

**Сабақтың тақырыбы:** Орталық Қазақстан- кенді аймақ

**Айтылым:** 10.2.6.1- әртүрлі графикалық мәтіндердегі (иллюстрация, фотосурет, сызба, шартты белгі) ақпараттарды салыстыру, негізгі идеясын түсіндіру

**Дескриптор**

- \* Төмендегі суреттер арқылы сабақтың тақырыбын болжау
- \* Сұрақтарға жауап беру
- \* Екі мәтінді салыстырады, алған мәліметтерін графика түрінде талқылап, айтады.



1. Қарағанды облысының қандай қалалары бар?
2. Орталық Қазақстанда не өндіріледі?
3. Алғашқы президент өз еңбек жолын қай қаладан бастаған?
4. Қарағанды облысында қандай атақты жазушы дүниеге келген?

**Айтылым.**

1- тапсырма. Мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты айтыңыз.

Теміртау – облысқа бағынышты қала. Ол Республикамыздың орта бөлігінде орналасқан. Бұрынғы Самарқанд кентінің базасында 1945 жылы 1 қазанда құрылған. Қала мен оның өнеркәсіптік нысандарын салу Қарағанды көмір бассейнін игеру кезеңімен байланысты. Жаңадан ашылған көмір өндірісі электр қуатына мұқтаж еді, сондықтан Қарағанды қаласынан 30 километр қашықтықта орналасқан, 200 тұрғыны бар Самарқанд кентінің жанында, Нұра өзенінің бойында гидроузелдің құрылысы басталды. Оның құрылысы 3 жылдан кейін аяқталды.

1942 жылы ҚарГРЭС-те бірінші турбогенератор пайдалануға берілді. Соғыстың қиын жылдарында, КСРО-ның көптеген өндірістік аудандары басып

алынған кезде Мемлекеттік Қорғаныс комитеті Қарағанды қаласының жанында металлургиялық завод салу туралы шешім қабылдады. 1944 жылы 31 желтоқсанда Қазақ металлургия заводы жұмыс істейтін кәсіпорындар қатарына қосылды.. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1945 жылғы 1 қазандағы Жарлығымен Самарқанд кенті Қарағанды қаласының қала маңындағы аймағынан шығарылып, Теміртау қаласы болып қайта құрылды. Қаланың аумағы 29610 га. Қала тұрғындарының саны – 2010 жылғы

1 желтоқсандағы мәлімет бойынша 178 723 адам.

Негізгі ақпарат	Қосымша ақпарат

2 - мәтін.

Орталық Қазақстан - республикамыздағы су жетіспейтін аймақтардың бірі, теңіздерден қашық жатуымен бірге ірі өзендері де жоқтың қасы. Бірақ минералды ресурстарға бай аймақтың бірі. Сарыарқа жері пайдалы қазбалардың көмбесі десе де болады. Мұнда- көмір, темір кені, мыс, марганец, алтын, күміс, мұнай және т.б. пайдалы қазбалар кездеседі.

Орталық Қазақстанның экономикалық-географиялық жағдайының қолайлылығы орталықта орналасуында, яғни барлық экономикалық аудандармен шектеседі. Пайдалы қазба кен орындарына жақын орналасқан, аумағы транзит жолының үстінде және көлік қатынасы жақсы дамыған. Аудан шекарасының басқа республикалармен шектеспеуі ауданның сыртқы байланысының дамуына, ал климатының қуаң болуы ауыл шаруашылығын өркендетуге қолайсыз әсер етеді.

Климаты шұғыл континенталды, қысы суық, боранды желдер жиі болып тұрады. Жылдық түсетін жауын-шашын мөлшері шамамен 250 мм. Вегетациялық кезеңнің ұзақтығы 160 күн. Осындай агроклиматтық жағдай ауыл шаруашылығының салаларын дамытуға кері әсерін тигізуде.

## 2- Тапсырма. Екі мәтіннің ерекшеліктеріне талдау жасау

Талдау	І мәтін	II мәтін
Көтерілген мәселе		
Стилі		
Ерекшелігі		

3- Тапсырма. Екі мәтіннің ұқсастығы мен айырмашылығын және ортақ белгілерін тауып айту.





### **Мұғалімге көмек**

**Бөлім атауы:** 2-бөлім. Отандық өнеркәсіп өнімі. Ғ Мұстафин «Қарағанды» романынан үзінді.

**Сабақтың тақырыбы:** Орталық Қазақстан- кенді аймақ 3-4 сабағы. Бұл сабақтың мақсаты айтылым дағдысына негіделгендіктен тапсырмалар түрлендіріп алынды. 1 тапсырмада оқушылар жаңа сабаққа шолу ретінде сұрақтарға жауап береді. Келесі тапсырмада мәтіннен негізі және қосымша ақпаратты табыды. 2 мәтінді салыстырып, стиль ерекшеліктерін атайды. 3 тапсырмада Венн диаграммасын толтырады.

**Айтылым:** 10.2.6.1- әртүрлі графикалық мәтіндердегі (иллюстрация, фотосурет, сызба, шартты белгі) ақпараттарды салыстыру, негізгі идеясын түсіндіру

**Бөлім атауы:** 2-бөлім. Отандық өнеркәсіп өнімі. Ғ Мұстафин «Қарағанды» романынан үзінді.

**Сабақтың тақырыбы:** Қарағанды- кеншілер қаласы

**Айтылым:** 10.2.1.1- ғылыми- көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндерден күрделі сөздердің жасалу жолын анықтау, ауызша мәтін құрауда орынды қолдану;

### **Дескриптор**

1. Мәтінді оқы. Тақырып қой
2. Кесте бойынша мәнінің мазмұнын айту

Қарағанды қаласы 1934 жылдың ақпан айында құрылған. Қарағандыда Сәкен Сейфуллин атындағы және Константин Станиславский атындағы драма театрлары, балаларға арналған «Буратино» қуыршақ театры, Қарағанды мемлекеттік циркі бар. Орталық мәдени және демалу паркінде балаларға арналған теміржол жұмыс істейді. «Шахтер даңқы» монументі — Қарағанды қаласының мақтанышы. Бұл ескерткіш 1974 жылы Қарағандының 2 миллион тонна көмірді өндіру құрметіне орнатылған. «Шахтер даңқы» монументінің

салмағы 20 тонна. Оны дайындау үшін, үлгілер мен құйма кезіндегі шығындарды есепке алғанда, 30 тонна қола жұмсалған. Шахтерлердің мүсіндері қоладан жасалған, металл асыл ақ алтынмен қапталған. Қарағандыда Бұқар жырау мен Абай Құнанбайұлының ескерткіштері бар.

Қарағанды танымал жерлестерімен де мақтанады. Қамал Смайылов, Төрегелді Шарманов, Ақселеу Сейдімбекұлы, Қайрат Байбосынов, Жүрсін Ерман, Қыдырәлі Болманов, Геннадий Головкин және т.б. атақты адамдар осы жақтан шыққан.

*Karagandatour.kz*

**1 тапсырма.**

Қала атауы	Көрікті жерлері	Нелер бар?	Танымал адамдар?

**2 –тапсырма.** Топпен жұмыс. Сөзжұмбақ құрастырып бір- бірімен алмасып шешу.

				<b>О</b>				
				<b>Р</b>				
				<b>Т</b>				
				<b>А</b>				
				<b>Л</b>				
				<b>Ы</b>				
				<b>Қ</b>				



**4- Тапсырма.** Мәтіннен күрделі сөздерді тауып, түрлерін ажыратыңдар.

Жан-жағынан темір арқандармен тартып тастаған түтінсіз темір труба биік дөңнің бетінде тұр. Оны төңіректей, ертеде салынған бес-алты тас барак тым аласа, қайсыбірі жарылып құлауға бейімделген, сыртынан тіреп қойыпты. Барак маңы жота-жота көмір күлдері, жел үп етсе қара боран тұрады.

Қарағандыға көктеммен бірге бір көш еніп келеді. Қазақ көшіне ұқсамайды: атқа жеккен төрт-бес бричка, легчанка, төбелерін брезентпен жауып шатырлаған, ішінде он бес-жиырма адам бар. Бәрі - орыс. Тек алдыңғы арбада жалаңбас, бурыл шаш, еңгезердей қара кісінің қасында жұдырықтай Қанабек отыр.

**Түсіндірме сөздікті пайдаланып сөздердің мағынасын айтыңдар.**

Барак –

Бричка –  
Легчанка-

**Кері байланыс.** Ой қорыту БББ кестесін толтыру. Тақырып бойынша түйген білімдерін жазады.

Білгенім	Білдім	Білгім келеді

**Мұғалімге көмек.**

**Бөлім атауы:** 2-бөлім. Отандық өнеркәсіп өнімі. Ғ Мұстафин «Қарағанды» романынан үзінді.

**Сабақтың тақырыбы:** Қарағанды-кеншілер қаласы 5-6 сабағы. 1-тапсырмада мәтінді оқиды, тақырып қояды. Кесте бойынша мәнінің мазмұнын айтады. Топпен сөзжұмбақ құрастырады, оны бір-бірімен алмастырып шешеді. Ғ. Мұстафиннің «Қарағанды» романынан үзінді беріледі, сол сөйлемдерден күрделі сөздерді табады. Таныс емес сөздері мұғалім оқушыларға түсіндіріп өтеді. Сабақты қорытындылайды оқушылармен кері байланыс жүргізеді.

**Айтылым:** 10.2.1.1- ғылыми- көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндерден күрделі сөздердің жасалу жолын анықтау, ауызша мәтін құрауда орынды қолдану;

**Бөлім атауы:** 2-бөлім. Отандық өнеркәсіп өнімі. Ғ Мұстафин «Қарағанды» романынан үзінді.

**Сабақтың тақырыбы:** Ғ. Мұстафин «Қарағанды» романынан үзінді

**Оқылым:** 10.3.1.1- мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды анықтай отырып, факті мен көзқарасты ажырату, мәтін идеясымен байланысын анықтау

**Дескриптор**

1. Мәтінді түсініп оқиды.
2. Мәліметтердің дұрыс бұрысын анықтайды.

### **1- Тапсырма. Оқылым**

Жан-жағынан темір арқандармен тартып тастаған түтінсіз темір труба биік деңнің бетінде тұр. Оны төңіректей, ертеде салынған бес-алты тас барак тым аласа, қайсыбірі жарылып құлауға бейімделген, сыртынан тіреп қойыпты. Барак маңы жота-жота көмір күлдері, жел үп етсе қара боран тұрады. Бірақ, жер әлі қызбаған, дымқыл, көктем жаңа басталды. Шаң-тозаң жоқ. Жалаңаш, байтақ жонның бетінде, беттегі меңдей боп қарауытқан осы Қарағандыға көктеммен бірге бір көш еніп келеді. Қазақ көшіне ұқсамайды: атқа жеккен төрт-бес бричка, легчанка, төбелерін брезентпен жауып шатырлаған, ішінде он бес-жиырма адам бар. Бәрі орыс. Тек, алдыңғы арбада жалаңбас, бурыл шаш, еңгезердей қара кісінің қасында жұдырықтай Қанабек отыр. Жол үстінде ескі қабырлар жататын, соған жеткенде көлік басын қайда бұрарын білмей, жолаушылар кідіріп қалды.

— Әй, кім де болсаң бері келші, — деп қол бұлғады Қанабек.

Төртбақ, қара мұртты жігіт «бұл кім өзі» дегендей шүйіле бір қарады да, барак алдынан бері аяңдады. Жай жүріп, аяғын нық басып келеді. Ол жеткенше Қанабек тықыршып тұр.

— Салмағынан жер майысады. Ауырын-ай!

Мұртты жігіт келе, естілер-естілмес қылып:

— Сәлеметсіз бе? — деді де, қол алыспай сұлық тұрды. Қанабек өзі барып ұстады оның қолын.

— Танысалық, шырақ. Мен — Тельман аудандық атқару комитетінің председателі Қанабекпін.

— Мен, осы Қарағандыны күзетіп қалған Ермек деген жұмысшымын.

— Бәрекелді! Издегеніміз сен едің. Мына кісілер сонау Донбастан, Москвадан келеді. Өлі Қарағандыға жан салмақ, бізбен біріге отырып, совет Қарағандысын жасамақ. Танысып қой, Сергей Петрович Щербаков, — деп зор денелі, бурыл бас кісіге нұсқады, — өзіңдей ескі шахтер, болашақ трест бастығы... Механик Козлов, слесарь Лапшин, мына кісі — инженер Орлов...

Ермек енді әрқайсысымен қол алысты. Суық, сұрғылт жүзіне қан жүгірген, көзі жайнап барады. Тұйық, ауыр мінез адамның аузынан әлі мардымды ештеме шықпаса ;да, өңіндегі өзгерістер қуанышын сездіріп тұр...

Бұлар танысып болғанша, алақандай Қарағанды хабарланып та болды. Жүгірген бала, жебелей басқан әйел-еркектер көрінеді. Маңайдағы колхоздардан көмір алуға келген колхозшылар да, өтіп бара жатқан бірен-саран аттылар да бұрылып қонақтардың маңына ирлді. Одан-бұдан жиыла-жиыла кішігірім топ құралды.

— Қарағандыны жүргізуге келіпті!

— Донбастың мастерлері, — дейді.

— Е, «осал деме көмірді, бұрқылдатар темірді!»

Көп ішінде сыбыр-күбір осылай жүріп жатты. Ермек қалтасынан бір шумақ кілт суырып, Щербаковқа ұсынды:

— Чайковтан естіген едім, күткен едім. Жақсы келдіңіздер, міне, завод кілтін енді өз қолыңызға алыңыз.

Щербаков кілтті алған соң тебінгідей жалпақ алақанына салып біраз ойланып тұрды да, кішірек көкшіл көзін төңірекке жіберді. Кең дала оның көңілін де кеңітіп жіберген тәрізді. Қолын көтере, сол далаға мегзей:

— Жолдастар! — деді жуан дауыспен. Күдістеу кең иықты, алып денелі адамның даусы да зор, салмақты шықты. — Осы далада Апақ Байжанов қой бағып жүріп, суыр інінен Қарағанды көмірін тапқалы жүзге жуық жылдар етіп барады. Содан бері орыс-ағылшын капиталистері қазақ жерінің байлығын, қазақ халқының арманын осы кілтпен жауып ұстағандай болса, біз енді осы кілтпен бәрін ашамыз. Коммунист партиясы, совет үкіметі жіберді бізді. Қазақ даласында бесжылдық жоспарды орындауға көмекке келдік. Бұл бесжылдықта мешеу Қарағанды Совет

Одағындағы ірі өндірістердің қатарына қосылады. Жұмыс көп, қиындықтар көп, бірақ халық күші одан да көп. Ол күшті ұйымдастыра білсек, біз алмайтын қамал жоқ...

Щербаков орыс тілінде сөйледі. Бұл қазақтардың ішінде орысша білетіні некен-саяқ. Алайда «партия, совет» деген сөздер бәріне түсінікті. Таяғына сүйеніп, аңыра қалған қазақ кемпірінің жаулығынан шыққан аппақ шаш, алысырақтан қарағанда, құрысқан қоңыр самайына ақ қызғалдақ қадап қойған ба дерсің. Құлағы мүкістеу екен, Ермекті таяғымен етігінен түртті:

— Партия жіберді дей ме?

Ермек басын изеді. Кемпір ыңырана бастады:

— А-а-а, бәсе!..

Қанабек Щербаковтың сөзін қазақшалап болысымен, кемпір Щербаковты жетелей қабірлерге жақындай түсті. Артына қайта-қайта қарап, әлдекімді ыммен шақырады. Көп ішінен зор денелі, алпы ауыз бала жігіт шықты. Ұялшақ екен, ыржия күліп, қызарандап азар келді. Кемпір әр қабірге нұсқай балп-балп сөйледі енді:

— ...Әкемнің қабірі, көкірек ауруынан кетті. Мынау күйеуімдікі, шахтада өлді. Мынау баламның қабірі, жанып тұрған от еді! Ағылшындармен жанжалдасты. Ағылшындарға урядник Кудря болысты. Кудрямен төбелесте қылыштан қаза тапты. Бұл жатқандардың кебі азап, шермен өткендер. Осылар үшін Лениннің талай шайқасқанын есіткенмін. Бүгін, міне, сені жіберіпті. Рақмет Ленинге! — деді де, кемпір жаңағы бала жігітті Щербаковқа қолынан ұстатты — жалғыз немерем, аты Әкім, жетім бала. Әуелі құдайға, сонан соң саған тапсырдым, шырағым. Адам қыл!

Кемпір сөзін Қанабек орысшалап жеткізді.

— Батагөй ана, бұл тілегіңізді қуанышпен қабылдаймын, — деді де Сергей Петрович кемпірді қолтығынан демей қабірден бері шықты. Ермек қонақтарды бастап, бос барактардың біріне беттеді. Желе шоқытып аттылар кетті жөніне. Көмірлерін тиеп, колхозшылар аулына қайтты. «Донбастан мастерлер келді, Қарағандыны жүргізгелі жатыр...» деген «ұзынқұлақ» желдей гулеп, жайыла бастады далаға.

Тапсырма	Дұрыс	Бұрыс
Оны төңіректей, ертеде салынған бес-алты тас барак тым аласа		
жер қызған, дымқыл, көктем жаңа басталды.		
Мен — Тельман аудандық атқару комитетінің председателі Қанабекпін.		
— Жолдастар! — деді жіңішке дауыспен.		
Щербаков қазақ тілінде сөйледі.		
— ...Әкемнің қабірі, көкірек ауруынан кетті.		
Кемпір сөзін Қанабек қазақшалап жеткізді.		

**Дескриптор:**

1. Әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені талдайды;
2. Мәселе арқылы көрініс тапқан кейіпкер үнін ұсынады;
3. Ұсынылған мәселенің қазіргі кездегі жайын салыстырады;
4. Мәселеге қатысты өз ұсыныстарын білдіреді.

**2-тапсырма.** Топтық жұмыс. «Пікір» әдісі. Оқушылар әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселе арқылы көрініс тапқан кейіпкер үнін талдайды.

Әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселе	Мәселе арқылы көрініс тапқан кейіпкер үні	Ұсынылған мәселенің қазіргі кездегі жайын салыстырады	Мұны қалай өзгертуге болады? Ұсыныстар

### 3- Тапсырма. Оқылымнан кейінгі тапсырма

Негізгі ақпарат	Қосымша ақпарат	Факті	Көзқарасы	Идеясы

### Дескриптор

1. Оқушылар мәтіннің тақырыбы мен идеясына талдау жасайды.
2. Шынайы өмірмен байланыстырады.



**Кері байланыс:** Мұғалім оқушылардың тұрған орны туралы пікірлерін сұрайды.

### Мұғалімге көмек

**Бөлім атауы:** 2-бөлім. Отандық өнеркәсіп өнімі. Ғ Мұстафин «Қарағанды» романынан үзінді. Бұл сабақ оқылым дағдысына негіздерген. Оқушылар «Қарағанды» романынан үзіндіні түсініп оқып, берілген тапсырмаларды орындайды.

**Оқылым:** 10.3.1.1- мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды анықтай отырып, факті мен көзқарасты ажырату, мәтін идеясымен байланысын анықтау

1 - тапсырмада мәтін бойынша дұрыс немесе бұрыс ақпаратты анықтайды. 2 - Топтық жұмыс. «**Пікір**» әдісі. Оқушылар әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселе арқылы көрініс тапқан кейіпкер үнін талдайды. (постер жасап қорғайды) 3- тапсырмада жеке жұмыс жасайды. Шығарманың идеясын анықтап, өз көзқарастарын білдіреді.

**Бөлім атауы:** 2-бөлім. Отандық өнеркәсіп өнімі. Ғ Мұстафин «Қарағанды» романынан үзінді

**Сабақтың тақырыбы:** Дауысы дәуірмен ұласқан

**Оқылым:** 10.3.2.1- ғылыми- көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндердің (интервью) құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық және тілдік ерекшеліктерін талдау;

### **Оқылым алды тапсырма**

1-тасырма.

#### **Дескриптор**

1-тапсырма Берілген сөздерді сәйкестендіру

1.роман	қаласы
2.Кітап	жазды
3.Бойына	оқу
4.Қарағанды	өнім
5.Отандық	қаласы
6. Орталық	өңір
7. Кеншілер	сіну

#### **Оқылым:**

Қаламгер Ғабиден Мұстафин 1902 жылы 29 қарашада Қарағанды облысының Бұқар жырау ауданында туған.

Жас кезінде ауылдағы молдалардан хат таныған, 1916 жылы Спасск зауытында табельщик болып істейтін Мауқымның Жүсібі дегеннен бір жыл орысша оқыды. Екінші жылы сол зауыттағы бес жылдық орыс-қазақ мектебінің төртінші бөліміне түскен. Алайда осы мектепті бітірген соң жазушының әрі қарай білім алуға мұршасы болмаған. Бұл сол заманда өмір сүрген балалардың бәріне дерлік ортақ жағдай.

#### **Тырнақалды туынды**

Ғабиден Мұстафиннің Қызылордадан шығатын "Еңбекші қазақ" газетінің бетінде тұңғыш рет жарық көрген еңбегі – "Таң келеді". Басты кейіпкері – шаруа.

1927-1928 жылдары "Жыл құсы" журналында Ғабен "Сәрсен мен Боқаш" деп аталатын алғашқы әңгімесін жариялады.

1929 жылы "Ер Шойын" әңгімелер жинағын баспадан шығарды.




Кеңестік дәуір әдебиетінде көрнекті шығармалардың біріне айналған **“Қарағанды” романы** (1952) – ел экономикасын көтерген өндіріс ошағы мен сол өңірдегі жұмыскерлер, зиялылар турасындағы кең тынысты, күрделі роман. Ғабиден Мұстафин бұл шығармасында “Өмір мен өлім” романының кейбір сюжеттік желісін пайдалана отырып, ұлттық зиялылар қауымының қалыптасу кезеңін нанымды бейнелейді. Кейіпкер тағдырын қайшылықты оқиғалар легі арқылы өткір, ұтымды көрсетіп, адамдар әрекетін уақыт тұрғысынан емес, адамгершілік ұстаным тұрғысынан тануға ұмтылды. Ғабиден Мұстафин шығармаларының негізгі тақырыбы – өндіріс өмірі мен ауыл тіршілігінің тынысы.

### **Қаламгердің мінезі**

"Әкем өте қарапайым адам болатын. Оның қарапайымдылығы көпшілікті таңғалдырды. Ол өзімен сөйлескісі келгендер үшін ашық болды, шопандармен, кенші, министр, академиктермен қызығушылықпен және тең дәрежеде сөйлесетін. Ол кездейсоқ жолыққан адамның өзін мың жылдан бері білетіндей сөйлесіп кететін. Бір грамм жасандылығы жоқ, сабырлы болатын. Ашықтық, адалдық және қарапайымдылық – оның мінезінің басты белгілері", - дейді қаламгердің қызы, белгілі офтальмолог, профессор Жанар Мұстафина.

### **Марапаттары**

Ғабиден Мұстафин шығармашылықпен қатар қоғамдық-саяси өмірге белсене араласты. Қазақстан коммунистік партиясы Орталық комитетінің мүшесі, алтыншы сайланған КСРО Жоғары кеңесінің депутаты, 4-5, 8-10 Қазақ КСП Жоғары кеңесінің депутаты болды. Екі рет Ленин орденімен, II дәрежелі Отан соғысы және Қызыл ту орденімен марапатталған.



**Дескриптор: 2 – 3 тапсырмалар** оқылым тапсырмаларын орындайды.

Мәтінді түсініп оқиды;

Мәтін бойынша диаграмманы толтырады;

Мәтіннің стилін дұрыс анықтай алады;

Ерекшеліктерін көрсете алады;

**3-тапсырма.** Оқылымнан кейінгі тапсырма: мәтіннің стильдік ерекшелігін анықтайды

<b>Талдау</b>			
<b>Көтерілген мәселе</b>			
<b>Стилі</b>			
<b>Жанры</b>			
<b>Ерекшелігі</b>			



**Кері байланыс.** Интервью әдісі бойынша жұппен жұмыс жасау.  
Тақырыбы: «Сен жазушы болсаң қандай шығарма жазар едің?»

### **Мұғалімге көмек**

**2-бөлім.** Отандық өнеркәсіп өнімі. Ғ Мұстафин «Қарағанды» романынан үзінді

Сабактың тақырыбы: **Дауысы дәуірмен ұласқан** (9-10 сабақтар)

Оқылым: 10.3.2.1- ғылыми- көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндердің (интервью) құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық және тілдік ерекшеліктерін талдау;

Бұл сабақ оқылым дағдысына негізделген. Ең бірінші оқушыларға Ғабиден Мұстафиннің өмірбаянын мұқият оқыту керек. (тізбектей оқу, іштей оқу, дауыстап оқу) **1-тапсырма** деңгейі қарапайым жеңіл сөздерді сәкестендіріп, сөз тіркесін, сөйлемдер құрастыруға болады. 2 -тапсырма жазушының өмірбаянын кестеге түсіру. 3- тапсырмада мәтіннің стильдік ерекшелігін анықтайды. Бұл тапсырма сәл қиынырақ, ал соңғы тапсырма бір-бірінен сұхбат алып сөйлесу. Бұл тапсырманы да орындайтын оқушылар болады, олардың тапсырманы орындау барысында журналистика мамандығына қызығушылықтары оянады.

**Бөлім атауы:** 3- бөлім. Қазақ киносы мен театрының қазіргі келбеті. Дулат Исабеков «Әпке» драмасы

**Сабактың тақырыбы:** Қазақ киносының атасы

**Тыңдалым:** 10.1.5.1- мәтіннен автордың көзқарасын (негізгі ойын) негіздейтін аргументтерді талдай отырып, астарлы ойды анықтау

**Тыңдалым алды тапсырма**

1-тасырма. «Серпілген сауал»

**Дескриптор**

**Сұрақтарға жауап береді.**

Қазақ киносының атасы деп кімді айтар едіңіз?

«Қазақфильм» киностудиясы туралы не білесіз?

## «Қазақфильм» киностудиясы түсірген қандай фильмдерді көрдіңдер?



**Мәтінді тыңдап, сызба арқылы мазмұндандар.**

### Кино өнері тарихынан

Кино өнері негізінен төрт салаға бөлінеді: көркем фильм, деректі фильм, мультипликациялық кино және ғылыми-көпшілік киноматография. Кино өнерінің дамуы төрт кезеңге бөлінеді. I кезеңі – тұңғыш киноның шығуы (ағайынды Л. Және О.Люмьерлер ойлап тапқан) 1895 – 1918 жылдар; II кезеңі – 20-шы жылдар; III кезең – 30 – 40 жылдары; 1945 жылдан бастап IV кезеңі басталды.

Қазақ жерінде алғашқы хроникалық фильмдер 1928 жылдан бастап түсірілді.

1941 жылы Алматыда көркем фильмдер шығаратын киностудия ұйымдастырылды. Қазақ киностудиясы 1975 жылға дейін 100-ден астам көркем фильм және 500-ге жуық деректі фильм шығарады.



**Тыңдалым. 2-тапсырма. Мәтінді тыңдап, тест тапсырмаларын орындайды.**

Шәкен (Шаһкерім) Айманов — актер, режиссер. Болашақ актер 1914 ж. 15 ақпанда қазіргі Павлодар облысының Баянауыл ауданында туған. Ауыл мектебін бітіріп, (1928), Семейдегі педагогикалық техникумға оқуға түскен. Семей мұғалімдер техникумында оқып жүргенде 1932 ж. Алматыдағы Қазақ драма театрына шақырылады.

Айманов 1932 – 33 жылғы маусымнан театрға жұмысқа қабылданды. Ол алғашында бірқатар рөлдерді ойнады. Көп ұзамай классикалық пьесалар бойынша қойылған спектакльдерде басты рөлдерді шебер орындауымен көпшілік көзіне түседі. Әсіресе оның орындауындағы Ақан сері, Қобыланды, Сатин, Петруччо, Отелло рөлдері ұлттық театр тарихында өшпес із қалдырды. Айманов актерлік өнерімен қатар режиссерлік шығармашылықпен де айналысып, спектакльдер қояды.

1947 – 51 ж. қазіргі Қазақтың академиялық драма театрының бас режиссері болды. «Абай әндері» (1945), «Жамбыл» (1947) көркем фильмдерінде күрделі экрандық бейнелерді сомдады. 1953 – 70 ж. «Қазақфильм» студиясының көркемдік жағын басқарып, қазақ кино өнерінің өркендеуіне үлкен үлес қосты. Оның қойған көркем фильмдері: «Махаббат туралы аңыз» (1953), «Алдар көсе» (1965), «Атамекен» (1966), «Найзатас баурайында» (1968). Көрермен қауымның ой-талғамынан шыққан «Біздің сүйікті дәрігер» (1958) мен «Тақиялы періште» (1969) фильмдері ұлттық кино өнерінде комедиялық жанрды дамытудағы соны ізденістерімен ерекшеленді. Оның соңғы қойған «Атаманның ақыры» (1970) фильмі режиссер Айманов шығармашылығының биік шыңына айналды.

Орталық зираттағы Шәкен Айман қабірі басындағы құлпытас.

Айманов Қазақстан Кинематографистер одағын ұйымдастыруға қатысып, одақ басқармасының 1-хатшысы (1958 – 70) қызметін атқарды. КСРО Мемлекеттік сыйлығының (1952) және Қазақ КСР-і Мемлекеттік сыйлығының (1968) лауреаты.

**1. «Қазақфильм» киностудиясы кімнің атында екенін белгілеңіз.** А) Е.Өмірзақов В) Ш.Айманов С) А.Жұбанов Д) Қ.Жандарбеков Е) Б.Римова

**2. Ш.Аймановтың туған жерін белгілеңіз.** А) ОңтүстікҚазақстан облысы В) Қарағанды облысы С) Талдықорған облысы Д) Павлодар облысы Е) Алматы облысы

**3. Ш. Аймановтың ойнаған рөлі.** А) Отелло В) Шыңғысхан С) Абылай хан Д) Октавиан Е) Oracle

**4. Шәкен Айманов кім?** А) әнші, актер В) суретші, мүсінші С) ақын, жазушы Д) қоғам қайраткері Е) әртіс, режиссер.

**5. Ш. Аймановтың есімімен не аталады?** А) спорт кешені

В) цирк аренасы С) драма театрлары D) балет театрлары E)  
киностудия

**3-тапсырма.** Мәтіннен 1 факті мен автор көзқарасы берілген 1 сөйлемді анықтаңыз.

**Факт** \_\_\_\_\_

**Көзқарас** \_\_\_\_\_

---

Екі мәтіннің негізінде «**Қазіргі қазақ кино әртістері**» тақырыбында өз ойларыңды білдіріңдер.

---

### Мұғалімге көмек

**Бөлім атауы:** 3- бөлім. Қазақ киносы мен театрының қазіргі келбеті.  
Дулат Исабеков «Әпке» драмасы

**Сабақтың тақырыбы:** Қазақ киносының атасы 1-2 сабақтар

**Тыңдалым:** 10.1.5.1- мәтіннен автордың көзқарасын (негізгі ойын) негіздейтін аргументтерді талдай отырып, астарлы ойды анықтау

Бұл сабақтың 1 - тапсырамсында сұрақ –жауаптан басталады, өйткені оқушыларды жаңа бөлімге көшіру мақсатында жаңа сабақпен байланыстыру. 2-тапсырмада берілген мәтіндерді тыңдау, сызба бойынша түсінгендерін тексеру, жалпы қазақ киносының тарихымен таныстыру. Келесі мәтін Ш.Аймановтың өмірбаянын тыңдату. Соңынан тест тапсырмаларын орындау қызығушылығын ояту. Сабақтың соңында тапсырма күрделенеді берілген екі мәтінге байланысты факт және көзқарастарын білдіреді.

**Бөлім атауы:** 3- бөлім. Қазақ киносы мен театрының қазіргі келбеті.  
Дулат Исабеков «Әпке» драмасы

**Сабақтың тақырыбы:** Қазақстанның мәдени өмірі

**Айтылым:** 10.2.2.1- ғылыми- көпшілік және публицистикалық мәтіндерге сүйеніп, монолог және диалог құрау, сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданып, тыңдаушыға әсер ету;

### Дескриптор

 **Мәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап бер.**

Қазақ жерінде алғашқы театрлар он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысында құрыла бастады. 1859 - 1890 жылдары Орал, Семей, Тараз қалаларында шағын драматургиялық труппалар жұмыс істеді. Жиырмамыншы ғасырдың басында татардың көшпелі труппасы болды, 1910 - 1915 жылдары қазақ өмірінен алынған қысқа драммалық суреттеулер мен сценарийлер жазылды. 1917 жылы Әуезов «Еңлік Кебек» трагедиясының бірінші нұсқасын жазды. 1918 - 1924 жылдар аралығында Ақмола, Тараз, Көкшетау, Орынбор, Ташкент, Түркістан, Шымкент, Қостанай, Петропавл қалаларында жаңа труппалар құрылды, онда Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов, Міржақып Дулатов, ҚошМұхаммед Кемеңгерұлы, Бейімбет Майлин, Сәкен Сейфуллиндердің пьесалары сахналанды.

### 1. Мәтін не туралы?

2. Мәтінде қазақтың Орал, Семей, Тараз қалаларында не болғаны айтылады?
3. XX ғасырдың басында қандай труппалар құрылған?
4. Қандай драматургтердің пьесалары сахнада қойылған?

## 2 тапсырма. Кестені толтыр.

Сөз	Мен түсінген аударма нұсқасы	Сөздік бойынша аудармасы
Қойылым		
Ұйымдастырушы		
Өнер қайраткерлері		
Танылды		
Сомдау		
Шеберлігі		
Биік белес		
Қалыптасты		
Тарихи шығарма		
Үрмелі аспап		

### Оқылым

Қазақстанның мәдени өмірі алуан түрлі. 1926 жылы М. Әуезов атындағы Қазақ Мемлекеттік академиялық драма театры алғаш қойылым көрсетті. Театрды алғаш ұйымдастырушылар: Ж. Шанин, драматург-жазушы М. Әуезов, әртістер Ә. Қашаубаев, С. Қожамқұлов, Ш. Айманов және т.б. қазақтың өнер қайраткерлері. Театрда алғаш қойылған спектакль Қ. Кемеңгерұлының «Алтын сақина» пьесасы. Н. Жантөрин, Ы. Ноғайбаев, А. Әшімов, Т. Жаманқұлов, Б. Римова және т. б. әртістер шеберлігімен елге танылды. Олардың образды сомдауы, ойнау шеберлігі театрды биік белестерге көтерді. Елімізде А. Тоқпанов, Ә. Мәмбетов, Ж. Хаджиевтердің режиссерлік мектебі қалыптасты.

1990 жылдары М. Байсеркеновтің «Абылай ханның ақырғы күндері», Б. Атабаевтың «Абылай хан» тарихи шығармалары қойылды.

Алматыдағы Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театры 1933 жылы ашылды. Содан бері оның сахнасында қазақтың өнер қайраткерлері көрермендерге қуаныш сыйлап келеді. Бүгінгі таңда опера әншілері Н. Үсенбаева, С. Байсұлтанов, Ж. Баспақова, М. Мұхамедқызы, С. Ишановалар өнер көрсетуде. 2001 жылы қазақтың елордасында Күләш Байсейітова атындағы Ұлттық опера және балет театры ашылды.

Қазақтың музыка өнері де жақсы дамуда. Жамбыл атындағы мемлекеттік филармония Алматы қаласында орналасқан. Оның құрамында «Отырар сазы» фольклорлық-этнографиялық ансамблі, симфониялық оркестр, хор копелласы, камералық оркестр, үрмелі аспаптар оркестрі жұмыс істейді. Нұр-Сұлтан қаласындағы «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театры 2013 жылы ашылды. Театрдың техникалық жабдықталуы әлемдік стандарттарға сай келеді.

2013 жылы 21 маусымда театрда алғаш рет қазақ музыкасының жауһары — М. Төлебаевтың «Біржан-Сара» операсы қойылды. Сол жылдың күзінде Дж. Вердидің «Атилла» операсы қойылды. Бүгінгі таңда «Астана Опера» репертуарында А. Жұбанов пен Л. Хамидидің «Абай», Е. Брусиловскийдің «Қыз Жібек» опералары және т. б. әлемдік опера және балет классикасының туындылары бар.

khabar.kz

### **Айтылым**

#### **3-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша жұбыңмен диалог құрастыр.**

1. М. Әуезов атында қандай театр бар? Ол қай жылы ашылды?
3. Театрда алғаш қай спектакль қойылды?
2. Оны кімдер ұйымдастырды?
4. Мәтінде шеберлігімен елге танылған қандай әртістер аталған?
5. 1990 жылдары қандай тарихи шығармалар қойылды?
6. 1933 жылы Алматыда қандай театр ашылды?
7. Оның сахнасында кімдер өнер көрсетіп келеді?
8. 2001 жылы қазақтың елордасы — Нұр-Сұлтанда қандай оқиға болды?
9. Қазақтың музыка өнері қалай дамуда?

### **Мұғалімге көмек**

**Бөлім атауы:** 3- бөлім. Қазақ киносы мен театрының қазіргі келбеті. Дулат Исабеков «Әпке» драмасы

**Сабақтың тақырыбы:** Қазақстанның мәдени өмірі (3-4 сабағы)

**Айтылым:** 10.2.2.1- ғылыми- көпшілік және публицистикалық мәтіндерге сүйеніп, монолог және диалог құрау, сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданып, тыңдаушыға әсер ету;

Бұл сабақтың 1 –тапсырмасында сабаққа кіріспе ретінде сұрақтарға жауап береді. Жаңа сөздерің мағынасын сөздіктен тауып айтады. Келесі мәтінді оқып, жұптасып диалог құрастырады.

## **11-сынып**

**Бөлімше тақырыбы:** Көші-қон тарихы

**Оқу мақсаты:**

11.3.1.1 мәтіннен детальді ақпараттарды, факті мен көзқарасты, астарлы ойды анықтау, берілген ақпараттың оқырманға әсерін және автор позициясын талқылау;

11.4.5.1 ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндерден басты лексикалық бірліктерді нақтылап, мәтіннің ақпараттық-маңызды фрагменттерін анықтап, (компрессия) жинақы мәтін құрастыру;

11.5.1.7 мәтін құрауда шылаудың мағыналық түрлерін стильдік қызметіне сай орынды қолдану.

**Сабақтың мақсаты:**



- мәтіннен детальді ақпараттарды, факті мен көзқарасты, астарлы ойды анықтайды, берілген ақпараттың оқырманға әсерін және автор позициясын талқылайды;
- ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндерден басты лексикалық бірліктерді нақтылап, мәтіннің ақпараттық-маңызды фрагменттерін анықтап, (компрессия) жинақы мәтін құрастырады;
- мәтін құрауда шылаудың мағыналық түрлерін стильдік қызметіне сай орынды қолданады.

## **Оқылым алды**

### **1-тапсырма. . «Ой қозғау» (brainstorming, «Ми шабуылы» деп те аталып жүр).**

1. Қазіргі Қазақстан территориясында 1465 жылы құрылған мемлекет қалай аталды?
2. Бұл жерде негізінен қай ұлт өкілдері тұрды?
3. Хандық құрылғанда қазақтардың саны шамамен қанша болды?

Дескриптор:

- 1) Өз ойын білдіреді - 1 балл
- 2) Сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолданады - 1 балл

### **Мәтінді оқып, төменде берілген тапсырмаларды орындаңыз.**

#### **Көші-қон тарихы**

Қазақстанның көп ұлтты құрамы өлкені үнемі әрі жүйелі түрде отарлау саясаты нәтижесінде қалыптасты. Қазақстанға басқа ұлт өкілдерінің келіп қоныстануы патшалық билік тұсында басталып, кейіннен кеңестік жүйе тұсында жалғасын тапты. Қоныстану түрлі жағдайларға байланысты мемлекет тарапынан қолдау арқылы ұйымдасқан түрде немесе шашыранды, өз күштерімен жүйесіз түрде, қоныс аударушылардың өз еркімен немесе оларды зорлап жер аудару арқылы жүргізді. Қазақстанның көп ұлтты құрамы жер аударылған кулактармен, сталиндік қуғын-сүргінге ұшыраған және тарихи мекенінен қуылған халықтармен, тың және тыңайған жерлерді игеруге келгендермен, одақтық ведомствоаралық биліктің ұйғаруымен және басқа келушілермен толығып отырды. Қазақстан жеріне басқа этникалық топтардың алғаш келіп қоныстануы XVI ғасырдан бастау алды. Сондай-ақ, 15 – 18 ғасырларда жоңғар шапқыншылығы кезінде қазақ халқы “ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламаға” ұшырап, ата мекенінен үдере көшіп, мәжбүрлікпен қоныс аударып отырған. 19 ғасырдың 2-жартысы – 20 ғасырдың басында Ресей империясының отарлау саясатымен қазақ жеріне қара шекпенді орыс қоныстанушылары көшіп келді. Ашаршылық, репрессия, Кеңес Өкіметінің орнауы салдарынан талай қазақтар қанды қырғын мен аштықтан бас сауғалап, жат жерге ауып кетті. 1928 – 30 жылдары бай-кулак ретінде тәркіленген ауқаттылар ата мекенінен аласталып, жер аударылды.

<https://kk.wikipedia.org/wiki/>

### **2-тапсырма. Айтылым. Мәтін бойынша келесі ақпаратты ажыратыңыз.**

Детальды ақпарат	Факт	Астарлы ой	Автор позициясы	Оқырманға әсері

Дескриптор:

- 1) детальды ақпаратты анықтайды - 1 балл
- 2) фактіні келтіреді - 1 балл
- 3) астарлы ойды ажыратады - 1 балл
- 4) автор позициясын айқындайды - 1 балл
- 5) оқырманға әсерін болжайды - 1 балл

**3-тапсырма.** Мәтіннен басты лексикалық бірліктерді нақтылап, мәтіннің ақпараттық-маңызды фрагменттерін анықтап, (компрессия) жинақы мәтін құрастырып жазыңыз, шылаудың мағыналық түрлерін стильдік қызметіне сай қолданыңыз.

---



---



---



---



---



---



---



---

Дескриптор:

- 1) Маңызды ақпаратты анықтайды- 1 балл
- 2) Жинақы мәтін құрастырады - 1 балл
- 3) Шылауларды орынды қолданады- 1 балл

**Бөлімше тақырыбы:** Қабдеш Жұмаділов - каламгер

**Оқу мақсаты:**

11.1.2.1 мәтінді тыңдай отырып, негізгі идеяларды (ақпараттарды) қысқаша түртіп жазу (конспектілеу) және берілген ақпараттарды жүйелеу;

11.4.6.1 мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу, мәтін деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу

**Сабақтың мақсаты:**

- мәтінді тыңдай отырып, негізгі идеяларды (ақпараттарды) қысқаша түртіп жазады (конспектілейді) және берілген ақпараттарды жүйелейді;

- мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу, мәтін деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу.

**Тыңдалым алды**

**1-тапсырма.** «Синквейн» әдісі.«Жазушы» сөзіне бес жолды өлең құрастырыңыз.

1. Бір зат есім

2. Екі сын есім
3. Үш етістік
4. Төрт сөзден тұратын сөйлем
5. Бірінші жолдағы зат есімге синоним

Дескриптор:

- 1) Бес жолды өлең құрастырады- 1 балл
- 2) Орфографиялық нормаға сай жазады- 1 балл
- 3) Тыныс белгілерін қолдана біледі- 1 балл

**Мәтінді тыңдап (мұғалім оқиды), төменде берілген тапсырмаларды орындаңыз.**

### **Қабдеш Жұмаділов – қаламгер**

Қабдеш Жұмаділов 1936 жылы 24 сәуірде Шыңжаң өлкесінің Тарбағатай аймағы, Малдыбай ауылында дүниеге келген. Ауылда бастауыш білім алып, кейін Шәуешек гимназиясын бітіреді. 1956 жылы Қытай үкіметінің жолдамасымен Алматыға келіп, Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетіне оқуға түседі. Алайда университеттің екінші курсынан кейін екі ел арасындағы саяси жағдайға байланысты кері шақырылып, 1958-1962 жылдар аралығында Қытайда қуғын-сүргінге ұшырады. 1962 жылы империя шекарасын бұзып өткен қазақ көшімен бірге атамекенге қайтып оралып, ҚазМУ-дегі аяқталмай қалған оқуын қайта жалғап, 1965 жылы бітіріп шығады. "Қазақ әдебиеті" газетінде (1965-1967), "Жазушы" баспасында (1967-1976), Мемлекеттік баспалар комитетінде (1976-1981) жауапты қызметтер атқарды. 1981 жылдан бірыңғай шығармашылық жұмыста болған.

Жазушының әдеби қызметі Шәуешек гимназиясында оқып жүргенде басталған. 1954 жылы "Шыңжаң газетінде" алғашқы өлеңдері жарық көрген. "Жамал" атты тырнақалды әңгімесі 1956 жылы "Шұғыла" журналында басылған.

Жастық шақта жазылған өлеңдері 1967 жылы "Жас дәурен" деген атпен жеке жинақ болып шыққан. Осыдан кейін жазушы бірыңғай проза жазуға ойысқан. "Қаздар қайтып барады" атты алғашқы әңгімелер жинағы 1968 жылы, "Көкейкесті" романы 1969 жылы жарық көрді. Романдарының дені тарихи тақырыпқа арналған. Оның екі кітаптан тұратын "Соңғы көш" (1974-1981), "Атамекен" (1985), "Тағдыр" (1988) романдары Шыңжаң қазақтарының өмірінен жазылған. "Соңғы көш" дилогиясына 1983 жылы М.Әуезов атындағы әдеби сыйлық, "Тағдыр" романына 1990 жылы Абай атындағы Мемлекеттік сыйлық берілген.

(<https://kk.wikipedia>)

**2-тапсырма. Мәтінді тыңдай отырып, негізгі идеяларды (ақпараттарды) қысқаша түртіп (конспектілеңіз) жазыңыз, жазған ақпаратты жүйелеңіз.**

---

---

---

---

---

Дескриптор:

- 1) Негізгі идеяларды жазады - 1 балл
- 2) Ақпаратты жүйелейді - 1 балл
- 3) Орфографиялық нормаға сай жазады - 1 балл
- 4) Тыныс белгілерін дұрыс қояды- 1 балл

**3-тапсырма. «Еркін пікір» әдісі** (барлық пікір, барлық идея қабылданады).Қалай ойлайсыз, тыңдалған мәтіннің көші-қон тақырыбымен қандай байланысы бар?

Дескриптор:

- 1) Пікірін білдіреді- 1 балл
- 2) Негізгі идеяларды айтады- 1 балл
- 3) Сенімді сөйлейді- 1 балл

**Бөлімше тақырыбы:** Қабдеш Жұмаділов.«Қаздар қайтып барады» повесі

**Оқу мақсаты:**

11.3.3.1 әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселеге баға беру және әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыру;

11.5.1.7 мәтін құрауда шылаудың мағыналық түрлерін стильдік қызметіне сай орынды қолдану.

**Сабақтың мақсаты:**

- әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселеге баға береді және әлем әдебиеті үлгілерімен салыстырады;

- мәтін құрауда шылаудың мағыналық түрлерін стильдік қызметіне сай орынды қолданады.

**Оқылым алды**

**1-тапсырма. «Қазына іздеу жолында».** Сабақ тақырыбына қатысты ақпаратты жасырыңыз.Оқушылар жасырылған ақпаратты табуы керек. Күрделілік деңгейін арттыру үшін, тақырыпқа қатысы жоқ ақпарат қосып, оқушылардан қажетті және қажетті емес ақпаратты ажыратуды сұрауыңызға болады.

**Суреттерге қарап, бүгінгі сабақта не туралы сөз болатынын болжаңыз.**



Дескриптор:

- 1) Жасырылған ақпаратты табады- 1 балл
- 2) Тақырыпты болжайды- 1 балл

**Мәтінді оқып, төменде берілген тапсырмаларды орындаңыз.**

### «Қаздар қайтып барады» (повестен үзінді)

«Шекараға дейін енді не бәрі қозы көш жер қалды, – деді ол қарсылдында жатқан аласа адырларға көз жіберіп. – Көз барда, мына Күргеистастан өтіп, сызықтың бойына жақындап алайын. Сонан соң, құдай бұйырса, бүгін сәрсенбінің сәтіне, қараңғы түсе арғы бетке өтешығармын»...

Қарттың есіне мына бір оқиға түсті. Бір жолы Төлеутайды таяу жердегі қарасуға үйрек атуға ертіп барған. Көктемгі құс келетін уақыт. Солмаңдағы шұқанақ көлдер мен Қарасуда шүрегей үйректер жыртылыпайырылады. Шал бара салып екі үйрек атып алды. Бір заматта қанаттары сартылдап, су жағасына жіпке тізген моншақтай бір топ қаз келіп қонды. Жол бастаушы көсемі қамшы салым бәрінің алдында жүр.

– Ата, мына қазды атайықшы, – деді Төлеутай қуанып. – Атшы анауалдында жүрген үлкенін.

– Жоқ, балам, бұл қаздарды атуға болмайды, – деді қарт басыншайқап. – Бұлар да жолаушы ғой, алысқа кетіп барады. Жолынан қалдырмайық.

– Алысқа дейсің бе? Қайда барады сонда? – деді Төлеутай таңырқап.

– Туған жеріне кетіп барады...

– Туған жері қайда?

– Алыста, сонау таудың ар жағында, – деп қарт, қазір өзі жатқанасуды нұсқап еді сонда...

Қарт ескіше аздап хат танығанымен, географиядан хабары жоқ еді. Дүние жүзінің саяси картасын да қолына алып көрген кісі емес. Әйтеуір ел мен елдің арасына осындай бір сызық бары көңіліне аян. Сол қаһарлы да қатал сызықты оқымаған надан шаруа тағы да таптапөте шықты. Мұның ақыры неге соғарын ойлап, бас қатырып жатпады.

Ол сызықтан өте салысымен бүкеңдеп жүгіріп отырып, екі-үш шақырымдай ұзап кетті. Тобылғылы құр сайға жеткенде, «уһ» деп демін бірақ алды. Тұла бойын тер басып кеткен екен, дереу омырауынағытып, терістіктен аңқылдай соққан самалға тосты. Әлдекімге мұңыншаққандай, еңкілдеп жылап жіберді. Сақалынан пара-пара жас ақты. Жер-ананы құшақтап сүйе берді. Біресе жылап, біресе күледі. «Айналайын, туған жер, сені де көретін күн болады екен-ау» деп тұншыға күбірлейді. Қалтыраған қолымен көңірсіген дымқыл топырақтың бір уысын алып, бетіне басады, танауына апарып қайта-қайта иіскей береді...

**2-тапсырма. Айтылым. «Баға беру» әдісі.** (Сен қалай ойлайсың? Не істер едің? деген сөздер тапсырма шартында болу керек. Бұл тапсырмалар оқушылардың жоғарыда алған білімін (теориясы бойынша) және бойында қалыптасқан біліктілігін (практикалық тапсырмалар арқылы) күнделікті өмірде қолдану).

- Үзіндіде қандай әлеуметтік-қоғамдық мәселе көтерілген?
- Қарт не себепті шет жерде тұрып жатыр?
- Қалай ойлайсың, шығарма неге «Қаздар қайтып барады» деп аталған?
- Бас кейіпкер мен қаздар арасында ұқсастық бар ма?


Дескриптор:

1) Мәтіндегі әлеуметтік-қоғамдық мәселені анықтайды- 1 балл

- 2) Пікірін білдіреді- 1 балл
- 3) Мәселеге баға береді- 1 балл
- 4) Сенімді сөйлейді- 1 балл

**3-тапсырма. Жазылым. «Венн диаграммасы» әдісі арқылы повестен үзінді мен М.Лермонтовтың «Тучи» өлеңін салыстырыңыз.**

Тучки небесные, вечные странники! Степью лазурною, цепью жемчужною Мчитесь вы, будто как я же, изгнанники С милого севера в сторону южную.	Кто же вас гонит: судьбы ли решение? Зависть ли тайная? злоба ль открытая? Или на вас тяготит преступление? Или друзей клевета ядовитая?
---	---



Дескриптор:

- 1) екі мәтіндегі әлеуметтік-қоғамдық мәселені анықтайды -1 балл
- 2) ұқсастықтарын жазады- 1 балл
- 3) айырмашылықтарын жазады- 1 балл
- 4) орфографиялық, пунктуациялық талаптарды сақтайды- 1 балл

**11-бөлім: Толеранттылық – ел бірлігі. Сайын Мұратбеков «Телі өскен ұл» повесі**

**Бөлімше тақырыбы: Ел бірлігін сақтау-бабалар аманаты.**

**Оқу мақсаты:**

11.1.4.1 көркем шығарманы тыңдау, басқа өнер туындыларымен (кино, театр, музыка, би, сурет-мүсін өнері, сәулет) салыстырып, тақырып ортақтығына сипаттама жасау;

11.2.2.1 ғылыми және кәсіби мәтіндерге сүйеніп, монологпен диалогті үйлестіре қолдану, сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданып, тыңдаушылармен қарым-қатынас орнату;

**Сабақ мақсаты:**

- көркем шығарманы тыңдайды, басқа өнер туындыларымен (кино, театр, музыка, би, сурет-мүсін өнері, сәулет) салыстырып, тақырып ортақтығына сипаттама жасайды;

- ғылыми және кәсіби мәтіндерге, сүйеніп, монологпен диалогті үйлестіре қолданады, сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданып, тыңдаушылармен қарым-қатынас орнатады;

**1-тапсырма.** Сөздіктермен жұмыс жасаңыз, тірек сөздердегі мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер, сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсініп алып, дәптеріңізге жазыңыз. («**Интерактивті дәріс**» әдісі бойынша оқушылар жұп, топ ішінде бір-біріне көмектесе отырып, сөздердің мағынасын түсінеді. Оқушылар өздеріне түсініксіз болған жағдайларға байланысты бір-біріне сұрақтар қоя алады. Сұрақтарға ешкім жауап бере алмаған жағдайда ғана мұғалімнен сұрауға рұқсат етеді )

**Тірек сөздер:** «Бірлік бар жерде – тірлік бар», ауызбіршілік пен түсіністік, қарапайым сыйластық, ұлттар тұтастығы мен халықтар достығы, «Халық айтса, қалып айтпайды», «Бірлік түбі – тірлік», асығы алшысынан түскен, ешкімнің ала жібін аттамау, көрші, ағайын-



жұртпен, тату-тәтті, сыйлас болуға үгіттеген, этнос өкілдері, тағдыр тауқыметін арқалап, солақай саясаттың құрбанына айналып, елімізге келіп қоныстанған этностар үшін қазақ жері киелі алтын бесік, ынтымақ, бірлік, келісім.

**Дескриптор:**

- 1) Сөздікпен жұмыс жасай алады -1 балл
- 2) Тұрақты тіркестердің мағынасын түсінеді-1 балл
- 3) Мақал-мәтелдерді орынды қолданады -1 балл

**2-тапсырма.** Тірек сөздер мен суреттерді пайдаланып «1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні» тақырыбында достарыңызбен полилогке түсіңіз. (**Полилог (грек, polyскөп, logosсөз, әңгіме)** — бірнеше адамның арасында болатын әңгіме. "Полилог" термині тілдің қарым-қатынастық қасиетін зерттеуде "диалог" терминіне қосымша қабылданған. Сөйлесушілердің саны екеу немесе одан көп болуы диалогтің сипатына қайшы келмейді, қайта олардың монологқа қарама-қарсы ортақ қасиетін аша түседі. Полилогсөйлеу тілінің формасы мен жанрына жатады).



**Дескриптор:**

- 1) Тірек сөздерді пайдаланады – 1балл
- 2) Суреттермен байланыстырады – 1балл
- 3) Сөйлеу этикетін сақтайды – 1балл
- 4) Сөз әдебін сақтайды – 1балл
- 5) Монолог пен диалогті үйлестіреді – 1балл
- 6) Ойын нақты жеткізе алады – 1балл
- 7) Тыңдаушылармен қарым-қатынас орнатады – 1балл

**Бөлімше тақырыбы: Сайын Мұратбеков «Телі өскен ұл» повесі**

**Оқу мақсаты:**

11.1.4.1 көркем шығарманы тыңдау, басқа өнер туындыларымен (кино, театр, музыка, би, сурет-мүсін өнері, сәулет) салыстырып, тақырып ортақтығына сипаттама жасау;

11.2.5.1 көпшілік алдында сөз сөйлеуде маңызды орын алатын тілдік (вербалдық) және бейвербалдық элементтерді қолданып, сенімді және еркін сөйлеу;

11.5.2.1 оқшау сөздердің қызметін білу, жазба жұмыстарында орынды қолдану **Сабақ мақсаты:**

- повестен үзіндіні тыңдап, басқа өнер туындысымен (сурет) салыстырып, тақырып ортақтығына сипаттама жасайды;
- көпшілік алдында сөз сөйлеуде маңызды орын алатын тілдік (вербалдық) және бейвербалдық элементтерді қолданып, сенімді және еркін сөйлейді;
- оқшау сөздердің қызметін біледі және жазба жұмыстарында орынды қолданады

**Мәтінді тыңдап (мұғалім өзі оқиды немесе алдын ала аудиомәтін дайындайды), берілген тапсырмаларды орындаңыз.**

**Тыңдалым мәтіні**

Әлден уақытта қақпаның есігі сықырлап ашылып, ішке қарай ақсаңдай басып егде тартқан ер адам енді, басындағы кепкісін алып:

— Сәлемет боларсыздар! — деп даңғырлай амандасты.

— Сәлеметсіз бе, Иван Петрович, — деді орнынан ұшып тұрған Евдокия жаны қалмай ебелек қағып, — Үйге кіріңіз, шәй ішіңіз.

— Рақмет, — деп кеп ол Сергейдің қасына баспалдаққа қатарласа отырды да қолын созып. — Ал танысып қоялық, Филиппов Иван Петрович — колхоз председателімін, — деді.

— Мейрамов Сергей Мейрамович!

— Ым, — деді Филиппов бұған бастан-аяқ қарап қойып. — Өз фамилияңды сақтамаған екенсің ғой.

— Өмірімді сақтады, — деді Сергей сабырлы.

— Дұрыс айтасың, өмірінді сақтады, — деп Филиппов іле қостады. — Тек мұның сенің дұрыс емес... туған жеріңе қайтып оралдың, демек колхоз басқармасына кіріп, бізбен танысып, жөн-жосығыңды айтуың керек еді. Міне, мен аяғымның ақсақтығына қарамастан өзім іздеп кеп сәлемдесуге мәжбүр болдым. Ертең кеңсеге кел, кең отырып әңгімелесейік.

— Қажеті қанша, — деген Сергей немқұрайды.

— Қой, неге олай дейсің? — деді Филиппов оның мына қылығына қайран қап.

— Біз екеуміз алыстан қосылсақ та аталас туыспыз... Және мен осы колхоздың басшысымын, ендеше басшы деп кіріп жөн-жосығыңды айтуың керек.

— Мен мұнда колхоздың басшысына емес, анама келдім, — деді Сергей түйіле сөйлеп. — Ал анамның тұрмысы қуанарлықтай емес екен. Міне, үйі құлауға жақын тұр. Колхоз тарапынан ең болмаса дұрыстап пенсия да бермепсіңдер. Ендеше, мен колхоз басшыларына немене деп барам, осыларың үшін рақмет дейін бе. Жоқ, аулақ жүріңдер, сендерсіз де бірдеңе істермін.

— Соғыстан кейінгі жылдарда бұл жерде не қиыншылықтың бастан кешкенін білсең сен. Шаруашылықты қалпына келтіргенше талай жылдар бойы сіңіріміз созылып аш-жалаңаш еңбек еттік. Қазір ғой, міне, жұрттың байлыққа кенелгені. Рас, бірлі-жарым жетім-жесірлердің әлі де жетімсіз тұратынын мойындаймын. Бірақ соны түзеуге бірден шама кеп жатыр ма. Соғыстан кейінгі Россияның жесірлері аз дейсің бе? Миллиондаған әйел жесір қалды ғой.

— Өзіңіз ғой байлыққа кенелдік дейсіз, — деді Сергей қарсы дау айтып. — Ендеше жесірлер қамын да ойлауға болатын еді. Соған кедей боп қалмас едік. — Оның да рас, — деді председатель келісіп. — Мақұл, сен мені жеңдің. Анаңның қамын ойлағаның әбден дұрыс. Мына үйді жөндеу керек. Мен саған құрылыстық ағаш берейін, тек көмекке беретін ағаш ұсталарым жоқ. Оны өзің іздеп тап.

**Повестің толық нұсқасының сілтемесі (мәтін үзіндісі осы жерден алынды)**

<https://bilim-all.kz/article/13697-Teli-osken-ul>



Константин Васильев, «Прощание Славянки», 1974

<https://rosuchebnik.ru/material/10-kartin-o-velikoy-otechestvennoy-voynе/>

**1-тапсырма.** Шығармадан үзіндіні тыңдап, берілген суретпен салыстырыңыз.

Сұрақтар:

- Сурет пен шығармаға не ортақ?
- Суретте бейнеленген әйел мен Евдокияда қандай ұқсастық бар?

Дескриптор:

- 1.Көркем шығарманы басқа өнер туындысымен салыстырады-1 б.
- 2.Тақырып ортақтығын сипаттайды -1б.

**2-тапсырма. АЙТЫЛЫМ.** Сұрақтарға жауап беріңіз.

- Иван Петрович кім?
- Оның Сергейге «Фамилияңды неге сақтамадың?» дегені орынды ма?
- Сергейдің «Анамның тұрмысы қуанарлықтай емес екен. Міне, үйі құлауға жақын тұр. Колхоз тарапынан ең болмаса дұрыстап пенсия да бермепсіндер» деп председательді айыптауы дұрыс па?
- Үзіндіде соғыстың қандай зардаптары туралы айтылған?

Дескриптор:

- 1.Вербалды элементтерді қолданады-1б.
- 2.Бейвербалды элементтерді қолданады-1б.
- 3.Сенімді сөйлейді-1б.

**ЖАЗЫЛЫМ.**Мәтіннен үзінді беріледі.

**3-тапсырма.** Көп нүктенің орнына тиісті көмекші сөздерді қойып жазыңыз, көмекші сөздің түрін анықтаңыз.

- 1) ..., соғыстан кейінгі жылдарда бұл жерде не қиыншылықтың бастан кешкенін білсең. 2) ..., шаруашылықты қалпына келтіргенше талай жылдар бойы аш-жалаңаш еңбек еттік. 3) Қазір ғой, ... , жұрттың байлыққа кенелгені.
- 4) ...! Байлыққа кенелдік дейсіз!
- 5) Ендеше жесірлер қамын да ойлауға болатын еді, ... ..
- 6) ... , сен мені жеңдің.

**Қажетті сөздер:** *Сергей, Иван Петрович, міне, біріншіден, екіншіден, піішту.*

Дескриптор:

- 1.Оқшау сөздердің қызметін біледі-1б.
- 2.Оқшау сөздерді орынды-1б. қолданады
- 3.Қаратпа сөзді ажыратады-1б.
- 4.Қыстырма сөзді ажыратады-1б.
- 5.Одағайды ажыратады-1б.

**Бөлімше тақырыбы:** **Ұлттық қауіпсіздік қызметкері болғым келеді.**

**Оқу мақсаты:**

11.3.6.1 мәтіндегі негізгі ойды анықтап, көтерілген мәселеге баға беру, өзіндік көзқарасын жүйелі, дәлелді жеткізу;

11.2.4.1 кәсіби бағыттағы түпнұсқа мәтіндерден қажетті ақпаратты (деректерді, сипаттамаларды, сандық көрсеткіштерді, сілтемелерді) анықтау, олардың қолданылу мақсатын талдау;

**Сабақ мақсаты:**

- **тұтас емес**мәтіндегі негізгі ойды анықтап, көтерілген мәселеге баға береді, өзіндік көзқарасын жүйелі, дәлелді жеткізеді;

- кәсіби бағыттағы (**тұтас емес**)түпнұсқа мәтіндерден қажетті ақпаратты (деректерді, сипаттамаларды, сандық көрсеткіштерді, сілтемелерді) анықтайды, олардың қолданылу мақсатын талдайды;

«**Білімдарлар**» әдісі бойынша ең алдымен, ойынның басында «білгірлер» анықталады, олар өздеріне топ құрады.Ойынға қатысушылар топтары бойынша парта басына отырады.Бір топ тақта жанында қалады.(Топтар тұтас емес мәтіннен ақпараттарды алып, жинақтайды, 3минут)Басқа топтардың өкілдері оларға оқылған тақырыптары ( тұтас емес мәтін ) бойынша сұрақтар қояды.Топтың сұрақты өз ішінде талдауы 20 секунд қана жүреді де, бір оқушы жауап береді (топтар кезекпен).Анық, толық жауап берген топ жеңеді. Жеңімпаз топ дұрыс жауаптар мөлшерімен анықталады.

**1-тапсырма.** Тобыңызбен ақылдасып,мәтіндегі ақпаратты жүйелеп алыңыз.Топтық жұмыста белсенді болыңыз. Қойылуы мүмкін сұрақтарға жауапты дайындап алуға болады.



Мысалы:

1. Ұлттық қауіпсіздік қызметкері болғың келеді ме? Неге?
2. Ұлттық қауіпсіздік қызметкерінің міндеттері қандай?
3. Ұлттық қауіпсіздік қызметкеріне тән мінез-құлықтарды атай аласыз ба?
4. Ұлттық қауіпсіздік қызметінің түрлері және олардың негізгі функциясын атаызы.
5. Ақпараттық қауіпсіздік дегенді қалай түсінесіз?
6. Экологиялық қауіпсіздік қалай жүзеге асырылады?
7. Тұтас емес мәтін бойынша өз көзқарасыңыз қандай, дәлелденіңізші?
8. Тұтас емес мәтінді пайдаланып көтерілген мәселеге баға беріңіз.
9. Әлеуметтік қауіпсіздік деген не?
10. Мәтіннің негізгі ойы қандай?

**Дескриптор :**

- 1) Тұтас емес мәтіннен негізгі ақпаратты анықтайды – 1 балл
- 2) Мәселеге баға береді– 1 балл
- 3) Өзінің көзқарасын айтады– 1 балл
- 4) Ойын жүйелі жеткізеді– 1 балл
- 5) Дәлел келтіреді– 1 балл
- 6) Ақпараттың қолданылу мақсатын түсінеді– 1 балл
- 7) Мәтіндегі негізгі ойды айқындайды– 1 балл
- 8) Мәтін бойынша сұрақтар қояды– 1 балл
- 9) Сұрақтарға толық жауап бере алады– 1 балл
- 10) Сенімді сөйлейді– 1 балл

**Бөлімше тақырыбы: Отан қорғау - парызым**

**Оқу мақсаты:**

11.3.6.1 мәтіндегі негізгі ойды анықтап, көтерілген мәселеге баға беру, өзіндік көзқарасын жүйелі, дәлелді жеткізу

11.4.2.1 қажетгі ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу («келісу, келіспеу» эссесі, дискуссивті эссе, аргументативті эссе);

### Сабақ мақсаты:

- мәтіндегі негізгі ойды анықтап, көтерілген мәселеге баға береді, өзіндік көзқарасын жүйелі, дәлелді жеткізеді;
- қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазады («келісу, келіспеу» эссесі, дискуссивті эссе, аргументативті эссе);

### 1-мәтін.

АСТАНА, 6 мамыр – Sputnik. Ұлттық статистика бюросы Отан қорғаушылар күні қарсаңында Қазақстандағы ер адамдардың статистикасын жариялады, деп хабарлайды Sputnik Қазақстан. 2023 жылдың басында Қазақстан халқының саны 19 766 мың адамды құраса, соның 9 647 мыңы – ер адамдар. 0-14 жас аралығындағы ер балалар - 3 млн; 15-62 жас аралығындағы ерлер саны – 5 876 мың; 63 жастан жоғары зейнеткер саны саны – 767 мың;"Өңірлер бөлінісінде ерлердің саны Түркістан облысында көп – 1 млн. 079 мың, ал ең азы Ұлытау облысында – 108 мың", - делінген ресми хабарламада. Қазақстанда ер азаматтардың көбісі өнеркәсіпте (16,8%), көтерме және бөлшек сауда, автожөндеу саласында (14%), ауыл, орман және балық шаруашылығында (14%) жұмыс істейді. Ерлердің өмір сүру ұзақтығы – 70,2 жыл. Орташа жасы – 30,5 жас. Некеге тұрған ерлердің орташа жасы – 28 жас.

### 2-мәтін. Тұтас емес мәтін.



**1-тапсырма. «Баға беру» әдісі бойынша («Қалай ойлайсыз? Сіздің пікіріңізше» деген сұрақтарға жауап беруі тиіс) мәтіндердегі негізгі ойды анықтап, көтерілген мәселеге баға беріңіз.**

**Проблемалық сұрақ:** Қалай ойлайсыз, ұлан-байтақ жерімізді, әлем бойынша құрлықтағы ең ұзын шекараны қорғауға біздің әскерилердің саны жеткілікті ме?

### Дескриптор:

- 1)Мәтіндердегі негізгі ойды анықтайды – 1 балл
- 2)Көтерілген мәселеге баға береді– 1 балл
- 3)Ойын дәлелді жеткізеді

**2-тапсырма. Жазылым:**Этникалық ұжымның (ру, тайпа, тайпалық одақ, елдің) байырғы ата-бабадан ұрпақтарына мирас болып қалған ежелден өсіп-өнген, өрбіген, ел болып қалыптасқан тарихи мекені-Атажұрт. «Отан қорғау – бәріміздің азаматтық парызымыз» тақырыбында мәтіндерден қажетті ақпараттарды орынды қолданып, мәтіннің негізгі ойын



анықтап,көтерілген мәселе бойынша өз ойыңды дәлелдеп эссе жазыңыз ( аргументативті эссе);

**Дескриптор:**

- 1) Оқылым ақпаратын орынды қолданады -1 балл
- 2) Мәселеге өз ойын білдіреді-1 балл
- 3) Аргумент келтіреді-1 балл
- 4) Эссе құрылымын сақтайды-1 балл
- 5) Орфографиялық нормаға сай жазады-1 балл
- 6) Пунктуация талаптарын орындайды-1 балл
- 7) Тақырыпты ашады-1 балл

**Бөлімше тақырыбы: Тыныштық - елге аманат**

**Оқу мақсаты:**

11.3.3.1 әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселеге баға беру және әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыру;

11.2.4.1 кәсіби бағыттағы түпнұсқа мәтіндерден қажетті ақпаратты (деректерді, сипаттамаларды, сандық көрсеткіштерді, сілтемелерді) анықтау, олардың қолданылу мақсатын талдау

**Сабақ мақсаты:**

- әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселеге баға береді және әлем әдебиеті үлгілерімен салыстырады;

- кәсіби бағыттағы түпнұсқа мәтіндерден қажетті ақпаратты (деректерді, сипаттамаларды, сандық көрсеткіштерді, сілтемелерді) анықтайды, олардың қолданылу мақсатын талдайды;

**1-тапсырма.**

Берілген нақыл сөздердің мағынасын анықтаңыз, сабақтың тақырыбын болжаңыз.

1. Алтау ала болса, ауыздағы кетеді;

Төртеу түгел болса, төбедегі келеді.

2. Бір жеңнен қол шығар,

Бір жағадан бас шығар

**Дескриптор:**

1) Нақыл сөздердің мағынасын түсіндіреді – 1 балл

2) Сабақтың тақырыбын болжайды – 1 балл

**Мәтін 1. Төле бидің даналығы**

Ел аузында Төле би туралы көптеген тарихи аңыздар сақталған. Оның атымен байланысты айтылатын нақыл сөздер, мақал-мәтелдер, билік кесімдер де ел арасына кеңінен тараған.

*Төле бала Әнет бабаға барыпты. Жасы жүзге келіп отырған Әнет баба ынтымақ, ел бірлігі жөнінде әңгіме айтып отырады. "Қалай еткенде бірлік болады, оның күші қандай болмақ" дегенді сұрайды. Сонда Әнет баба әуелі жауап айтпас бұрын бір бума солқылдақ шыбық алдырады.*

*- Балам, мынаны сындырып көрші?*

*Төле буылған шыбықты олай-бұлай иіп сындыра алмайды.*



- Енді сол шыбықты біртіндеп сындыршы? – Төле ортасынан буылған шыбықты шешіп, біртіндеп пырт-пырт еткізіп, оп-оңай сындырып береді.  
Әнет баба:

- Бұдан не түсіндің, балам? – дейді.

Сонда Төле бала:

- Түсіндім, баба, бұл мысалыңыздың мәнісі: ынтымағы, бірлігі мықты елді жау да, дау да ала алмайды. "Саяқ жүрген таяқ жейді" демекші, бірлігі, ынтымағы жоқты жау да, дау да оп-оңай алады дегеніңіз зой.

- Бәрекелді, балам, дұрыс таптың. Ел билеу үшін алдымен елді ауыз бірлікке, ынтымаққа шақыра біл. "Бақ қайда барасың, ынтымаққа барамын" дегеннің мәнісі осы, - депті

## **Мәтін 2. Евгений Евтушенко «Люди сильны друг другом»**

Люди сильны друг другом

В дружбе не надо пешек,  
в дружбе не надо ферзей,  
но танцевать, как от печек,  
надо всегда от друзей.

И безо всяких «надо»,  
просто, без ничего  
дружба — не чувство стада —  
чувство себя самого.

Люди сильны друг другом.  
Чтобы с друзьями срастись,  
не обязательно цугом  
холкою в холку плестись.


Люди сильны друг другом,  
так, словно Севером — Юг,  
так, словно пахарь — плугом,  
так, словно пахарем — плуг.

В битвах и перед казнью  
или на Млечном пути  
люди сильны боязнью  
в чем-то друзей подвести.

**2-тапсырма.** «Венн диаграммасы» бойынша екі мәтінді салыстырыңыз. Бір-бірімен айқасқан екі шеңбердің екі жағына салыстыруға берілген нысандардың сипаттамаларын жазыңыз. Ал айқасқан жерге екеуіне ортақ сипаттар тізіледі. Салыстыруға арналған тапсырмаларды қызыға толтырсаңыз, салыстыру сияқты күрделі ойлау операциясын меңгересіз.

1-мәтін

2-мәтін



**Дескриптор:**

1. Әдебиет үлгілерін салыстырады – 1 балл
2. Әлеуметтік-қоғамдық мәселеге баға береді – 1 балл
3. Мәтіндердің өзектілігін анықтайды – 1балл
4. Шығармалардың ұқсастығын табады – 1балл
5. Шығармалардың айырмашылығын ажыратады – 1 балл

**3-тапсырма.** Мәтіндерден қажетті ақпаратты анықтап, тақырып өзектілігіне баға беріп, талдау жасап пікір білдіріңіз.

**Дескриптор :**

1. Ақпаратты анықтайды – 1балл
2. Тақырып өзектілігіне баға береді – 1 балл
3. Талдау жасап, еркін сөйлейді – 1 балл

**Бөлімше тақырыбы: Бос уақытты жоспарлау және демалу мәдениеті**

**Оқу мақсаты:**

11.3.1.1 мәтіннен детальді ақпараттарды, факті мен көзқарасты, астарлы ойды анықтау, берілген ақпараттың оқырманға әсерін және автор позициясын талқылау;

11.2.3.1 сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану;

**Сабақтың мақсаты:**

- мәтіннен детальді ақпараттарды, факті мен көзқарасты, астарлы ойды анықтайды, берілген ақпараттың оқырманға әсерін және автор позициясын талқылайды;

- сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолданады;

**Оқылым. Мәтінді мұқият оқыңыз.**

**ТУРИЗМ**

Туризм – кез келген мемлекеттің экономикасымен әлеуметтік қоғамдық өмірінде ерекше орын алатын сала. Мемлекетімізде туризм саласын дамытуға ерекше көңіл бөлінуде. Елімізде ішкі және сыртқы туризм бірдей өркендеп келеді.

Ерсін достарымен ақылдаса келе биылғы кезекті еңбек демалысында отбасымен туристік сапарға шығуды жөн көрді. Туристік сапарға шықпас бұрын бағдарламамен танысу керек. Ол өзі тандаған «Саяхатшы» туристік

фирмасының бағдарламасымен танысу мақсатында фирмаға барды. Фирма қызметкерлері сыпайы, мәдениетті екен. Ерсінге қызмет көрсеткен Жанар өз ісінің нағыз білгірі екен. Ол бірден Ерсінді қызықтырған сауалдарға жауап беріп, еліміздегі демалыс орындары туралы толық мәлімет берді.

Ерсін ойлана келе Көкшетауға барып демалуды жөн көрді. Ол бала күннен Бурабай көлдерін, әйгілі Оқжетпес пен Жұмбақтасты көруге құмартушы еді. Көкшетауды «Қазақстанның Швейцариясы» деп атайды. Бұл – атына заты сай жер. Көкшенің биік таулары, тұнық мөлдір көлдері, хош иісті гүлдер мен жидекке толы ормандары көрген адамды тандандырады. Көкшетаудың солтүстік батысында «Алтын тоғай» атты туристік база бар. «Бурабайға» баратын жол орманның арасынан өтеді. Жолдың бойында өсіп тұрған ару ақ қайыңдар, қарағайлы ормандар, сылдырап ағып жатқан мөлдір бұлақтар көздің жауын алады. Бурабай – минералды суларымен, шипалы балшығымен белгілі аймақ. Көкшетаудың әсем табиғаты – барша қазақстандықтардың мақтанышы. Оның жұпар ауасы – дертке дауа.

Ерсін отбасы мүшелеріне, әсіресе, ұлымен қызына еліміздің көрікті аймағы Көкшені көрсетті.

**1-тапсырма. «Блум түймедағы» әдісі .** *Блум түймедағының алты күлтесі – сұрақтар типінің алты түрі.*

1. Қарапайым сұрақтар. Оларға жауап бере отырып, болған жайттар туралы әңгімелеп беруге болады. Дәстүрлі бақылау жұмыстарында, терминологиялық диктанттарда, т.б. қолданылады.

2. Анықтаушы сұрақ. Әдетте, «Сонда сіз солай демекшісіз ғой ..?», «Менің түсінуімше, сіз ...», «Менің қателесуім мүмкін, бірақ, меніңше, сіз былай айтқан сияқты болдыңыз...» деген сұрақтар болады. Бұл сұрақтар анықтау мақсатында жайдары көңілмен берілуі керек.

3. Интерпретациялық (түсіндіруші) сұрақ. «Неліктен жапырақтар күз мезгілінде сарғаяды?» - деген сұрақтың жауабын оқушылар білетін болса, ол сұрақ жай сұраққа «айналады».

4. Шығармашылық сұрақтар: «егер», «болса», «қалай болар еді» деген сияқты сөздермен келеді.

5. Бағалау сұрақтары. «Неліктен бұл жақсы, басқасы жаман деген баға алды?», «Бір нәрсе екінші нәрседен несімен ерекшеленеді?» - деген сұрақтар бағалау критерийлерін түсіндіруге бағытталған.

6. Тәжірибелік сұрақтар. «Күнделікті өмірде қай жерде байқайсыз?», «Кейіпкердің орында болсаңыз, не істер едіңіз?» - деген сипаттағы сұрақтар теория мен практиканы ұштастырады.

**«Блум түймедағы» әдісі бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.**

1. Біздің елімізде туризм бизнесі қалай дамуда?
2. Менің қателесуім мүмкін, бірақ сіз басқа жерде демалғыңыз келіп пе еді?
3. Менің түсінуімше сіз көп ойланған сияқтысыз?
4. Бурабай көлдерін, Оқжетпесті, Жұмбақтасты көру соншалықты арман ба? Неге?
5. Бұл жерлер туралы аңыздар, әңгімелер бар ма?

6. Егер Бурабай демалыс орындарының құны арзанырақ болса, қалай болар еді?
7. Сіз үшін бұл баға қымбат емес пе?
8. Бурабай несімен жақсы, неге көп адамдар осында демалғысы келеді?
9. Негізі біздің жерлестеріміз қай жерлерде демалғанды ұнатады?
10. Өзіңіз қай жерлерде демалдыңыз және Бурабайда демалу ұнады ма?

**Дескриптор:**

1. Сұрақтарға жылдам жауап бере алады -1 балл
2. Мәселенің шешімін ұсынады – 1 балл
3. Интерпретациялайды – 1 балл
4. Астарлы ойды анықтайды – 1 балл
5. Берілген ақпараттың оқырманға әсерін талқылайды – 1 балл
6. Автор позициясын айқындайды – 1 балл
7. Интонацияның құрамдас бөліктерін сақтайды – 1 балл
8. Детальді ақпаратты табады – 1 балл
9. Автор көзқарасын анықтайды – 1 балл
10. Оқырманға әсерін айқындайды – 1 балл

**Тақырып: Уақыт – сыншы.**

**Оқу мақсаты:**

- 11.1.1.1 мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, тиісті ақпаратты анықтай білу;
- 11.1.4.1 көркем шығарманы тыңдау, басқа өнер туындыларымен (кино, театр, музыка, би, сурет-мүсін өнері, сәулет) салыстырып, тақырып ортақтығына сипаттама жасау;
- 11.2.3.1 сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану;

**Сабақ мақсаты:**

- мәтін үзінділері бойынша болжам жасайды, тиісті ақпаратты анықтай біледі;
- көркем шығарманы тыңдап, басқа өнер туындыларымен (кино, театр, музыка, би, сурет-мүсін өнері, сәулет) салыстырып, тақырып ортақтығына сипаттама жасайды;
- сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолданады;

**1-тапсырма.**

Берілген өлең жолдарының мағынасын анықтаңыз, сабақтың тақырыбын болжаңыз.

Біреудің күні өтпейді,

Біреуге уақыт жетпейді.

Есептеп үйрен уақытты,

Еңбегің зая кетпейді. (Алмас Темірбай)

**Дескриптор:**

1. Өлең жолдарының мағынасын түсіндіреді – 1 балл
2. Сабақтың тақырыбын болжайды – 1 балл

**2-тапсырма.**

Сілтемедегі ақпараттарды салыстырып, ортақ мәселеге сипаттама жасаңыз.

1. <https://video-preview.s3.yandex.net/>
2. <https://video-preview.s3.yandex.net/>
3. <https://book24.kz/upload/iblock/>
4. <https://blagochinie.info/images/phocagallery/2014/20140527/021.jpg>

#### Дескриптор:

1. Ақпаратты анықтайды -1балл
2. Ақпаратты салыстырады -1 балл
3. Сипаттайды- 1балл
4. Сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай сөйлейді – 1 балл

**Уақыт – сыншы. (жалғасы, 2-сабақ)**

**3-тапсырма.** Мәтінді мұқият оқыңыз.

Уақыт – ұлы сыншы. Уақыт – беймәлім замандардан, тұманы мен күмәні қалың көне ғасырлардан бері жұмыр жерді сауалдар қорығына қамап келе жатқан құдіретті ұғым. Адам баласына берілген баға жетпес құндылықтардың бірі. Уақыт-адам баласына берілген нағыз сый.Бос уақыт жоқ, босқа кеткен уақыт бар.Ол ешкімді аямайды.

Уақыт адам баласының азына ие болып,көбіне мұқтаж болған нәрсесі.Барлығында 24 бар.Бірақ баршасы мұны ұтымды қолданбайды. Уақыт қордаланып жиналмайды, кері қайтарылмайды, қарызға алуға немесе беруге болмайды,сыйға тартылмайды,мирас ретінде қалдырылмайды. Уақыт-біздің өміріміз.

**4-тапсырма.** Тақырып бойынша SWOT сараптамасын жасаңыз. Сараптамада даналық сөздерге мән беріңіз.

	<p><b>Күшті жақтары</b> Ең қиын үш нәрсе: Сыр сақтау, қорлықтарды ұмыту және уақытты дұрыс пайдалану. <b>Саади Ширази</b></p> <p><b>Осал тұстары</b> Арзан әңгімеге құмар адам, қымбат уақытын жоғалтады. <b>Халық даналығы</b></p> <p><b>Қауіп</b> Уақытты тоқтатар шамаң бар ма? Бәрі өтеді: дәуірлер, замандар да. Менің жаным ашиды мына өмірді, Өтпейтіндей көретін адамдарға!<b>Мұқағали Мақатаев</b></p> <p><b>Мүмкіндіктер</b> Ақша қымбат, адам өмірі одан қымбат, ал уақыт бәрінен қымбат.<b>Александр Суворов.</b></p>
---	---

#### Дескриптор:

1. «Уақыт» ұғымының күшті жақтарын айтады – 1 балл
2. Осал тұстарын анықтайды -1 балл

3. Қауіптерді болжайды -1 балл
4. Мүмкіндіктерді айқындайды -1 балл

**5-тапсырма.** Тірек сөздерді пайдаланып сұрақтарға жауап беріңіз, өмірмен байланыстырыңыз.

**Тірек сөздер:** *уақыт, жыл, гасыр, еңбек, іс, қадірлеу, зымырайды, апта, сағат, мүшел жас, кеше, ертең, биыл, былтыр, өткізу, өткізбеу, үнемдеу, сақтау, тиімді пайдалану...*

**Тақырып бойынша сұрақтар.**

Мәтінде қандай мәселе көтерілді, ол туралы сіз не айтасыз?

Уақытты тиімді пайдалану дегеніміз не?

Уақытыңызды қалай пайдаланасыз?

Өзіңнен –өзің есеп алу дегенді қалай түсінесіз?

Тайм-менеджмент деген не?

**Дескриптор:**

1. Сұрақтарға толық әрі мазмұнды жауап береді – 1 балл
2. Тірек сөздерді пайдаланады – 1 балл
3. Өмірмен байланыстырады – 1 балл
4. Интонацияның құрамдас бөліктерін сақтап, еркін сөйлейді – 1 балл
5. Өз ойын еркін жеткізе алады – 2 балл

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі заманғы техникалық тізбекті технологияның үздіксіз өзгерістеріне бейімделе алатын орындаушының тұлғасын қалыптастыру. ХХ ғасырдағы білім беру жүйесі қандай? деген мәселе американдық мұғалімдер ассоциациясының вице – президенті Альфред Уртански білім берудің болашақ мұратын былайша сипаттады: «Оқыту ойлауға, үйретуге негізделуі тиіс. Осыған байланысты оқу үрдісіндегі өте маңызды кезең – рефлексі емес, басымдылықтан ойлау әдістері мен амалдарын саналы түрде шешуге көшу».

Қазіргі уақытта Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасуда. Бұл процес білім парадигмасының өзгеруімен қатар жүреді. Жаңа білім парадигмасы бірінші орында баланың білім білігі мен дағдысын емес, оның тұлғасын білім алу арқылы дамуын қойып отыр. Қазіргі педагогиканың ерекшелігі – баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылу.

Қазақстанның қоғамдағы түбірлі өзгерістеріне сай үздіксіз білім берудің бастауыш білім беру жүйелерінде елеулі жаңарулар туындауда.

Білім беру дамыта отырып, деңгейін анықтау және оны саралау мүмкіндіктерін туғызуға бағытталған. Осы заманғы білім берудің стратегиялық мақсаты өз жауапкершілігін сезіне алатын, өздігінен әрекет етуге және әрекеттің шешімін таба білуге қабілетті барлық істе сауатты (іскер) тұлғаны тәрбиелеуді қамтамасыз ету болып табылады. Ал осы мәселелерді шешуде бастауышта білім беру, оқытудың және әлемдік тәжірибеде қалыптасып өз қызметін жаңаша атқарып келе жатқан білім мазмұнының негізгі құрылымын, жобасын жүзеге асыруда қолданылатын педагогикалық технологиялар арқылы жету көзделеді.

Қазіргі Қазақстан бастауыш мектептері жаңа өзгерістерді әлемдік білім беру тәжірибелерін пайдалана отырып, баланың жеке дара күшінің дамуын қамтамасыз етеді. Жаңа педагогикалық іздену және оларды қолдануға бағытталған жеке тұлғаның қалыптасу деңгейінің сапасына, үнемі өсіп отыруына сәйкес, педагогикалық құралдарды да тұрақты жаңарту қажет деп есептейді. Бүгіндері мұндай жаңарту педагогикалық ғылым мен мектеп тәжірибесінің үздіксіз сабақтастығы арқылы көрінуде. Мұнда педагогикалық технологиялар көмегімен күнделікті оқытуда педагогикалық жағдайларды оқу – тәрбиені үздіксіз алдын – ала жобалау жолына ауыстыру, оларды күнделікті сыныпта қолдану көзделеді. Мұғалім үшін жазылатын дәстүрлі сабақ жоспарларынан өзгеше жұмыс ретінде педагогикалық технологияда оқушылардың оқу танымдық әрекетінің құрылымы мен мазмұнын ашатындай оқу – тәрбие үрдісінің жобасы жасалынды. Бұдан әрбір тұлғаның деңгейіне сәйкес деңгей тиімділігі мен оқытудың маңыздылығының қажеттілігі байқаймыз.

Білім берудің жаңа мазмұнын оқу үрдісіне енгізуде Қазақстандық ғалым Ж.А. Қараевтың «Деңгейлеп оқыту технологиясына» сүйеніп, сыныптағы әрбір тұлғаның танымдық қабілетін дамытуға деңгейлік тапсырмалар дайындап, шығармашылық деңгейге дейін жетелеуге болатын оқушыларды



анықтауға болатындығына көз жеткіздік. Деңгейлік тапсырмалар барлық оқушыларға жеңілден ауырға , қарапайымнан күрделіге қарай әзірленіп, «қабілетті», «қабілетсіз» деген ұғымдардан арылуға көмектесіп, өзіне де өзгеге де пайдасын тигізетін тұлғаны тәрбиелеуге әсерін тигізді. Оған қоса, оқушылардың оқуға деген ынтасын арттыру , білім дәрежесінің жоғарылауына септігін тигізді.Сыныпта үздік оқитын оқушылар терең білім алып , үлгермеушілерге көмектесіп мүмкіндік жасауы ізгіленген тұлғаның кейбір қажеттерінің пайда болғандығын байқатты.

Қорыта келе жаңа оқыту технологиясы материал сипаттамалы түрде емес , шынайы проблема негізінде берілуі тиіс . Қазіргі заманғы ғылым мен техниканың даму кезеңі оқу – ағарту саласын техникалық жаңа әдістерді кең көлемде қолдануды қажет етеді.

Әрбір сабақ тақырыбын меңгерту барысында жеке тұлғаның қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне сай білім беріліп , ол орталарға көмектесіп , қабілетті жоғарыларға ерекше назар аударылуы керек . Мұнда деңгейлік технологиясының маңызы ерекше. Адам бойындағы қабілетті шыңдауға оның деңгейі ескеріліп, сараланып , дараланып отыруы тиіс. Қазақтың асқан жұлдызы Ш. Уәлиханов «Халықтың кемеліне келіп , өркендеуі үшін ең алдымен азаттық пен білім керек » деуі өте көрегендікпен айтылған. Осынау асыл сөздің мәні мен мағынасы бүгінгі күнмен үндесіп – ақ тұр.

Оқушының ой - өрісі мен дүниетанымын кеңейтіп , білім аясының мейлінше өсуіне оқушылардың қабілетіне қарай деңгейленіп, сараланып оқытудың ықпалы зор.

Педагогика ғылымының докторы , профессор Ж.Қараевтың әдістемесі негізінде деңгейлеп оқыту технологиясының мақсаты - өз бетімен дами алатын , әр түрлі өмірдің қиыншылықтарына төзе білетін , белсенді , білімді тұлға тәрбиелеу. Мұнда аладымен , дамыта оқыту идеясын жүзеге асыруға мүмкіндік берсе , ол оқушының ойлауын , елестету мен есте сақтауын ынтасын, белсенділігін дамытып, білім сапасының артуына көмектеседі. Әр тұлғаның мемлекеттік – стандартты деңгейінен көтерілуіне кепілдік береді. Оған қоса мұғалімнің де ,оқушының да шығармашылық қызметін дамытуға бағытталған.

Қорыта айтқанда, деңгейлеп оқыту технологиясының тиімділігі осы тәжірибе барысында байқалып, оқушылардың оқуға деген қызығушылығы мен қатар шығармашылық деңгейі де көтерілді. Әр оқушы өзінің деңгейіне , білім дәрежесіне байланысты тапсырмалар орындай отырып , әлсіздер білім алуға ұмтыла түседі , мықтылардың өзіне тән деген сенімділіктері арта түсті. Нәтижесінде: жан – жақты шығармашылық іс - әрекеті бар тұлға болып қалыптаса алады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы. // Қ.М, 2/6 шілде , 1999ж.
2. Қазақстан Республикасы «Білім» мемлекеттік бағдарламасы. // Қ.М,28 қазан , 2000ж.
3. Қазақстан Республикасының 20158 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. //Қ.М, №1, 2004 ж.
4. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологий. – М.: «Педагогика»,1989ж. 21-38 бет.
5. Жанпейісова М.М. Технология модульного обучения. – Ақтөбе : РИПК:СО, 1999ж.
6. Таубаева Ш. Т. , Лактмонова С.Н. , Педагогическая инновация как теория и практика нововведений в системе образования : научный фонд и перспективы развитие . /Книга 1/- Алматы: Научно – издательский центр «Ғылым » 2001.
7. Мұхамбетов С.Қ. Педагогика .Ақтөбе, 2001.
8. Педагогика . Дәріс құралы . Алматы: «Нұрлы әлем », 2003, /Абай атындағы қазақ ұлттық Педагогикалық Университеті/ .
- 9.Әбиев Ж . , Бабаев с. , Құдиярова А. Педагогика . – Алматы : Дарын , 2004.
10. Қоянбаев Ж. Б. , Қоянбаев Р. М. Педагогика , -Алматы ,2000.
- 11.Бұзаубақова К.Ж. Жаңа педагогикалық технология . Тараз : ТарМу , 2003.
12. Ахметова А. К. Принципы технологий и содержание образовательной программы . – Алматы , 1995.
13. Инновационное обучение : Стратегия и практика . / Под . ред.В.Я. Ляудие. – М. , 1994.
14. Керимбаева М. Р. Инновационные процесс в школе: проблемы, перспективы , поиск, - Алматы, 1995.
- 15.Сабыров Т.А Оқушылардың өз белсенділіктерін арттыру жолдары. Алматы «Мектеп»,1978ж. 110-бет.
16. В.А.Рахматшаева . Психология взаимоотношений. Алматы,Оқу әдебиеті.1996ж.
- 17.Шаталов В.Ф. Эксперимент продолжается. М «Педагогика » 1989.
- 18.Лысенко. С.Н. Методика дифференцированного обучения. М, «Просвещения»,1988.
- 19.Қараев Ж.А. Педагогическая технология дифференцированного обучения.Алматы, 1999.5-17 бет , 17-21 бет.
- 20.Кларин М.В. Технология обучения :идеал и реальность. Рига, Эксперимент , 1999,180-бет.
21. Кобдикова Ж.У. Педагогическое технология уровневой дифференциаций обучения в средней школе. Алматы, 2001.
- 22.Пидкасистый П.И. Самостоятельная деятельность школьника в обучении. М, 1980.

23. Кобдикова Ж.У. Оқыту процесін технологияландыру . Алматы, 2000, 11-156
24. Мейрманқұлова Т. Білім берудегі инновациялық технологиялар – Алматы, «Үш Қиян», 2005 , 12-бет.
25. Баймаханова С. Деңгейлеп саралап оқыту. //Қазақстан мектебі. №10, 2004, 63-67 бет.
26. Кемелжанова М. Деңгейлеп оқыту . //Бастауыш мектеп .№9 , 2005, 45-46 бет.
27. Мұханмедина Ж. Деңгейлеп саралап оқыту .(тест) //Қазақстан мектебі. №9 ,2005, 70-бет.
28. Мұхитанова С. Деңгейлеп оқыту тәсілімен // Қазақстан мектебі . № 12, 2004 ,51-52 бет.
29. Ахметова Г. Мониторинг және бағалау. // Қазақстан мектебі. № 2 ,2005 ,38-45 бет.
30. Дьяченко В.К. Новая педагогической технологии. М : Педагогика .- 1989.
31. Әбдіғалиева Қ. Осы заманғы педагогикалық технология. //Қазақстан мектебі – 2001 №2 8-13 бет.
32. Фирсов В.В Дифференциация обучения на основе обязательных результатов обучения.-М: -1984.
33. Таубаева Ш.Т. Барсай.Б.Т. Оқытудың қазіргі технологиялары . //Бастауыш мектеп №3-4 ,1999.
34. Оқытудың жаңа технологиялары.//Халық тәлімі арнайы басылым. №1 2002 , 3-7 бет.
35. Кобдикова Ж.У . Оқытудың жаңа технологиясы . //Бастауыш мектеп №3 2000 , 25-30 бет.
36. Амоношвили Ш.А. Воспитательная и образовательная функция оценки учения школьников. М;- 1984.
37. Уәйісова Г.И.; Балақаева М.Б.; Жұмабаева Ә.Е.; Қазақ тілі : / Жалпы білім беретін мектептің 3- сыныбына арналған оқулық /. – Алматы : Атамұра , 2003.- 192 бет.